Теоретический анализ показал, что одним из наиболее перспективных механизмов развития института директорства выступает коллаборация «университет – школа». Данная модель обеспечивает интеграцию научных исследований, современных теорий образовательного лидерства и практического опыта управления школой. Университеты становятся не только организациями подготовки кадров, но и центрами научно-методического сопровождения директоров, площадками для формирования профессиональных сообществ, развития наставничества, коучинга и исследовательской культуры руководителей образования.

Установлено, что коллаборация «университет – школа» способствует созданию непрерывной системы профессионального развития директоров, основанной на принципах практико-ориентированного обучения, рефлексии, обмена опытом и совместного решения управленческих задач. Особое значение приобретают модульные образовательные программы, наставнические практики, анализ управленческих кейсов и интеграция цифровых технологий в процессы подготовки руководителей.

Разработанная в ходе исследования модульная программа «Директор – лидер новой формации» подтверждает возможность практической реализации концепции университетско-школьного партнёрства в подготовке современных руководителей образования. Включение модулей по образовательному лидерству, управлению инновациями, цифровой трансформации и профессиональному развитию педагогов позволяет формировать комплекс компетенций, необходимых директору для эффективной деятельности в условиях современных образовательных реформ.

Развитие института директорства напрямую связано с укреплением коллаборации «университет – школа», внедрением международного опыта образовательного лидерства и созданием целостной системы подготовки и сопровождения руководителей школ.

Исследование подготовлено в рамках грантового финансирования Комитета МНВО РК ИРН AP 23488334

Список использованной литературы:

1. *Fullan Michael. The New Meaning of Educational Change. – New York: Teachers College Press, 2001. – 320 p. https://archive.org/details/newmeaningofeduc0004edfull*

2. *Kenneth Leithwood, Karen Seashore Louis, Stephen Anderson and Kyla Wahlstrom. Review of research. How leadership influences student learning. – New York: Wallace Foundation, 2004. – 90 p. https://www.researchgate.net/publication/246390375_How_Leadership_Influences_Student_Learning*

3. *Spillane James. Distributed Leadership. – San Francisco: Jossey-Bass, 2006. – 160 p.*

4. *Elmore Richard. Building a New Structure for School Leadership. – Washington: Albert Shanker Institute, 2000. – 40 p.*

5. *Hargreaves Andy., Fullan Michael. Professional Capital: Transforming Teaching in Every School. – New York: Teachers College Press, 2012. – 240 p.*

6. *Шамшидинова К.К. Менеджмент в образовании: теория и практика. – Астана, 2018. – 256 с.*

7. *Нургалиева Г.К. Информатизация образования и цифровые образовательные технологии. – Алматы: Ғылым, 2015. – 280 с.*

8. *Искалиева О.Б. Современные подходы к управлению образовательной организацией// Актуальные исследования 2023. №23 (153). – с.88-92 file:///D:/Downloads/e838fa3a_2988_47c9_853e_fc8bce903d58_cfb9a8339a.pdf*

9. *Darling-Hammond Linda. The Flat World and Education. – New York: Teachers College Press, 2010. – 394 p.*

10. *DuFour Richard. What Is a Professional Learning Community? // Educational Leadership. – 2004. – Vol. 61(8). – P. 6–11. https://www.researchgate.net/publication/255653596*

11. *Oplatka I. The principalship in developing countries: Context, characteristicsand reality //Comparative education. –2004. –T. 40. –No. 3. –P. 427-448 https://doi.org/10.1080/0305006042000274872*

12. *Hargreaves A., O'Connor M. Collaborative Professionalism. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2018.- 176 p. ISBN: 9781506328157*

13. *Bush T. Theories of Educational Leadership and Management. – London: Sage Publications, 2020.*

14. *Leithwood K., Harris A., Hopkins D. Seven Strong Claims about Successful School Leadership // School Leadership & Management. – 2020. – Vol. 40(1). – P. 5–22.*

15. *Improving School Leadership : Executive Summaries, 2008 / The Organisation for Economic Cooperation and Development, OECD [Электронный ресурс]. - URL: http://www.oecd.org/dataoecdZ6 /52/40545479.pdf (дата обращения: 02.05.2026)*

16. *Fullan M. Leading in a Culture of Change. – San Francisco: Jossey-Bass, 2016. https://archive.org/details/leadinginculture0000full*

17. *https://www.researchgate.net/publication/362352272_Reimagining_our_futures_together_a_new_social_contract_for_education_by_UNESCO_Paris_UNESCO_2021_186_pages_ISBN_978-92-3-100478-0*

18. *Hallinger P. Bringing Context Out of the Shadows of Leadership // Educational Management Administration & Leadership. – 2018. – Vol. 46(1). – P. 5–24.*

19. *Нурланов Ш.Н., Абсатова М.А., Колумбаева Ш.Ж. Международный опыт лучших практик и успешных моделей директорства как лидеров новой формации // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы № 3. 2024 -с.186-201 https://doi.org/10.48081/MFZH4602*

20. Концепция развития образования РК на 2022–2026 годы утверждена Постановлением Правительства РК от 24 ноября 2022 года №941. https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-bilim/documents/details/443743?lang=ru

21. Абсатова М.А., Ногаева А.К., Косшыгулова А.С. Цифрландыру жағдайында «Директор - жаңа формация көшбасшысы» бағдарламасын курстан кейінгі сүйемелдеу жүйесі// Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, No1(89), 2026 ж- 18-25 бб https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.002

References:

1. Fullan Michael. The New Meaning of Educational Change. – New York: Teachers College Press, 2001. – 320 p. https://archive.org/details/newmeaningofeduc0004edfull

2. Kenneth Leithwood, Karen Seashore Louis, Stephen Anderson and Kyla Wahlstrom. Review of research. How leadership influences student learning. – New York: Wallace Foundation, 2004. – 90 p. https://www.researchgate.net/publication/246390375_How_Leadership_Influences_Student_Learning

3. Spillane James. Distributed Leadership. – San Francisco: Jossey-Bass, 2006. – 160 p.

4. Elmore Richard. Building a New Structure for School Leadership. – Washington: Albert Shanker Institute, 2000. – 40 p.

5. Hargreaves Andy., Fullan Michael. Professional Capital: Transforming Teaching in Every School. – New York: Teachers College Press, 2012. – 240 p.

6. Shamshidinova K.K. Menedzhment v obrazovanii: teoriya i praktika. – Astana, 2018. – 256 s.

7. Nurgalieva G.K. Informatizaciya obrazovaniya i cifrovye obrazovatel'nye tekhnologii. – Almaty: Fylym, 2015. – 280 s.

8. Iskalieva O.B. Sovremennye podhody k upravleniyu obrazovatel'noj organizaciej// Aktual'nye issledovaniya 2023. №23 (153). – s.88-92 file:///D:/Downloads/e838fa3a_2988_47c9_853e_fc8bce903d58_cfb9a8339a.pdf

9. Darling-Hammond Linda. The Flat World and Education. – New York: Teachers College Press, 2010. – 394 p.

10. DuFour Richard. What Is a Professional Learning Community? // Educational Leadership. – 2004. – Vol. 61(8). – P. 6–11. https://www.researchgate.net/publication/255653596

11. Oplatka I. The principalship in developing countries: Context, characteristicsand reality //Comparative education. –2004. –T. 40. –No. 3. –R. 427-448 https://doi.org/10.1080/0305006042000274872

12. Hargreaves A., O'Connor M. Collaborative Professionalism. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2018.- 176 r. ISBN: 9781506328157

13. Bush T. Theories of Educational Leadership and Management. – London: Sage Publications, 2020.

14. Leithwood K., Harris A., Hopkins D. Seven Strong Claims about Successful School Leadership // School Leadership & Management. – 2020. – Vol. 40(1). – P. 5–22.

15. Improving School Leadership : Executive Summaries, 2008 / The Organisation for Economic Cooperation and Development, OECD [Elektronnyj resurs]. - URL: http://www.oecd.org/dataoecdZ6 /52/40545479.pdf (data obrashcheniya: 02.05.2026)

16. Fullan M. Leading in a Culture of Change. – San Francisco: Jossey-Bass, 2016. https://archive.org/details/leadinginculture0000full

17.https://www.researchgate.net/publication/362352272_Reimagining_our_futures_together_a_new_social_contract_for_education_by_UNESCO_Paris_UNESCO_2021_186_pages_ISBN_978-92-3-100478-0

18. Hallinger P. Bringing Context Out of the Shadows of Leadership // Educational Management Administration & Leadership. – 2018. – Vol. 46(1). – P. 5–24.

19. Nurlanov Sh.N., Absatova M.A., Kolumbayeva Sh.Zh. Mezhdunarodnyj opyt luchshih praktik i uspeshnyh modelej direktorstva kak liderov novoj formacii // Torajғyrov universitetinің Habarshysy, Pedagogikalyқ seriyasy № 3. 2024 -s.186-201 https://doi.org/10.48081/MFZH4602

20. Koncepciya razvitiya obrazovaniya RK na 2022–2026 gody utverzhdena Postanovleniem Pravitel'stva RK ot 24 noyabrya 2022 goda №941. https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-bilim/documents/details/443743?lang=ru

21. Absatova M.A., Nogaeva A.K., Kosshygulova A.S. Cifrlandyru zhaғdajynda «Direktor -zhaңa formaciya kөshbasshysy» baғdarlamasyn kurstan kejingi syjemeldeu zhyjesi// Abaj atyndaғy ҚazҰPU-ң HABARShYSY «Pedagogika ғylymdary» seriyasy, No1(89), 2026 zh- 18-25 bb https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.002

ҒТАХР 14.15.51 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.005

Г.К.Мырзабекова,[1] *I.Ulutas,*[2] *Г.П. Мейрбекова,*[3*] *К.Т.Тукенова*[4]

[1]*Астана Халықаралаық университет, Астана қ., Қазақстан*
[2] *Гази Университет, Анкара қ., Түркия*
[3] *Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ -Түрік университет Түркістан қ., Қазақстан*
[4] *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет Алматы қ., Қазақстан*

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ БАСШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ» ҰҒЫМЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кездегі мектепке дейінгі ұйым басшыларынан күтілетін басшылық құзыреттіліктердің негізгі компоненті көшбасшылық дағдылары екендігіне тоқталып, осыған байланысты ғылыми әдебиеттерді зерттеу арқылы көшбасшылық және көшбасшылық құзыреттілік теорияларының тарихи эволюциясына талдау жасай отырып, басшының кәсіби-тұлғалық қасиеттері мен басқарушылық дағдыларының өзара байланысын негіздейді.

Авторлар ғылыми-педагогикалық, психологиялық және арнайы әдебиеттерді зерделей отырып, «көшбасшылық құзыреттілік» ұғымының мәнін мектепке дейінгі ұйымдармен байланыстыра түсіндіріп, басшы-көшбасшыны барлық өзгерістердің маңызды стратегиялық ресурсы ретінде сипаттайды. Ол инновацияларды тудыруға және қабылдауға қабілетті, белсенділік пен шығармашылық танытуға дайын тұлға болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде көшбасшылық құзыреттіліктің тұлғалық, кәсіби және ұйымдық деңгейлерді біріктіретін үш сатылы иерархиялық моделі ұсынылған. Мақалада бұл модельдің алты негізгі компоненті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу мақсатына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының көшбасшылық құзыреттілігінің мазмұнын анықтауға арналған түрлі көзқарастар мен ұстанымдар сараланды.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі ұйым, көшбасшылық құзыреттілік, басқару моделі, педагогикалық көшбасшылық, стратегиялық ойлау, инновациялық басқару.

Мырзабекова Г.К.,[1] *Ulutas I.,*[2] *Мейрбекова Г.П.,*[3*] *Тукенова К.Т.*[4]
[1] *Международный Университет Астана, г.Астана, Казахстан*
[2] *Университет Гази, г.Анкара, Туркия*
[3] *Казахско-Турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссауи, г.Туркестан, Казахстан*
[4]*Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан*

ХАРАКТЕРИСТИКА ПОНЯТИЯ «ЛИДЕРСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ»

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы развития лидерской компетентности руководителей дошкольных организаций в условиях реформ современной системы образования. Цель данного исследования — раскрытие сущности понятия «лидерская компетентность» и определение его содержательных характеристик в сфере дошкольного воспитания и обучения. Авторы, анализируя историческую эволюцию теорий лидерства обосновывают взаимосвязь профессионально-личностных качеств и управленческих навыков руководителя.

В результате исследования предложена трехступенчатая иерархическая модель и лидерской компетентности, объединяющая личностный, профессиональный и организационный уровни. В статье подробно описаны шесть основных компонентов этой модели: личностные качества, стратегическо-познавательный, организационно-управленческий и инновационно-изменчивый, коммуникативно-социальный и организационно-психологический компоненты. Выводы имеют практическую значимость для формирования эффективной среды управления в дошкольных организациях и повышения качества образования.

Ключевые слова: дошкольная организация, лидерская компетентность, модель управления, педагогическое лидерство, стратегическое мышление, инновационное управление.

Myrzabekova G.,[1] Ulutas I.[2] Meirbekova G.,[3] Tukenova K.[4]*
[1] Astana International University, Astana, Kazakhstan
[2] Gazi University, Ankara, Turkiye
[3]Khoja Ahmed Yasawi Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
[4]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

CHARACTERISTICS OF THE CONCEPT OF "LEADERSHIP COMPETENCE OF HEADS OF PRESCHOOL ORGANIZATIONS"

Abstract

The article examines the development of leadership competence of preschool organization heads in the context of modern educational system reforms. The purpose of the study is to reveal the essence of the "leadership competence" concept and define its substantive characteristics within the field of early childhood education and care. By analyzing the historical evolution of leadership theories, the author substantiates the interconnection between a leader's professional-personal qualities and management skills. As a result of the research, a three-stage hierarchical model of leadership competence is proposed, integrating personal, professional, and organizational levels. The article provides a detailed description of the model's six core components: personal qualities, strategic-cognitive, organizational-managerial, innovative-change, communicative-social, and organizational-psychological components. The findings hold practical significance for establishing an effective management environment in preschool organizations and improving the quality of education.

Keywords: preschool organization, leadership competence, management model, pedagogical leadership, strategic thinking, innovative management.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілгендей, мектепке дейінгі білім беру жүйесі үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы кезеңі болып табылады, ол мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру жүйесін анықтайды және тәрбие мен оқытудың стандарттарын белгілейді [1]. Мектепке дейінгі ұйымда басшының кәсіби құзыреттілігі мекеменің тиімді жұмысының кілті болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге тез бейімделуді талап етеді. Бұл талап білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі білім беру саласына тікелей қатысты: білім сапасын арттыру, тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру және кешенді даму нәтижелерін қамтамасыз ету қажеттілігі үнемі күн тәртібінде. Осы контексте мектепке дейінгі ұйым басшыларының көшбасшылық құзыреттілігі өзекті ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылуда, себебі ұйым басшымы ол тек әкімшілік басқарушы емес, ұйымның тұрақтылығы мен педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін дамытатын, білім мен тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететін және оң өзгерістерді ұйымдастыратын көшбасшы тұлға. Басшының көшбасшылық құзыреттілігі ұйымның даму стратегиясын анықтау, ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдыру, инновациялық үдерістерді енгізу және педагогикалық процестің сапасын тұрақты бақылау міндеттерімен тікелей байланысты. Осыған тұста «көшбасшылық құзыреттілік» ұғымын ғылыми тұрғыда нақтылау және оның мектепке дейінгі ұйым контекстіндегі мазмұнын сипаттау өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесі соңғы бесжылдықта елеулі реформалардан өтті. 2020-2025 жылдар бойында Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың саны 9%-ға өсті. Ал мектепке дейінгі ұйымға баратын бала саны 100 000-ға артты. 2025 жылы 2-6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі ұйыммен қамтылуы 93%-ды құрады. Ал меншік тұрғысынан мемлекеттік ұйымдардың саны азайып, керісінше жекеменшік ұйымдардың саны 26%-ға көбейді [2]. Мұндай қарқынды өсу мектепке дейінгі ұйымдардың басқарылуына жаңа серпінмен, жаңа бағыттарда ұйымдастыруды талап етеді. Ұйымдардың кадрлық құрамының ұрпақтар теориясы контекстінде өзгеруі, жаңа оқыту стандарттарының енгізілуі және ата-аналар тарапынан жаңаша сипаттағы талаптардың көбейуі жағдайында тиімді басқару көшбасшылық құзыреттер арқылы іске асады.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігіне сипаттама беруде ежелгі дәуірден қазіргі кезге дейінгі көшбасшылық ұғымының түрленуіне және ғылым мен технологиядың шарықтаған кезеңінде менджмент мектебінің өрісі кеңейген уақыттағы ғылыми түсініктемелерге назар аударылды. Көшбасшылық түсінігінің тарихи эволюциясына терең үңілген F.E. Fiedler, B.M. Bass секілді іргелі зерттеушілердің еңбектері мен Scopus базасында жарияланған әлемдік деңгейдегі ғалымдардың зерттеулеріне, көрші Ресейдің мектепке дейінгі білім беруді басқаруды кеңінен зерттеп жүрген К.Белая мен Л.Поздняктың, Отандық білім берудегі менеджмен бағытында жұмыс істейтін Ш. Таубаева, Ф.Жұмабекова, Б.Жетпісбаева секілді ғалымдар мен соңғы жылдарда осы тақырып аясында докторлық диссертация қорғаған А.Рамазанова, М.Ушатов сынды жас зерттеушілерге, сондай-ақ Ұлттық статистикалық мәліметтер мен, еурокоммиссия есептеріне жүгіндік.

Негізгі ережелер:

Көшбасшылық құзыреттілік - тұлғаның жеке қасиеттерін, кәсіби дайындық деңгейін және басқару тәжірибесін біріктіретін күрделі интегративті құрылым.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігінің сипаттамасы: ұжымға тиімді басшылық ету, ұйымның дамуын және мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттер, басқарушылық білімдер, біліктер мен мінез-құлық модельдерінің жиынтығы.

Білім беру ұйымы жетекшісінің көшбасшылық құзыреттілігін айқындайтын тұлғалық дағдылардың иерархиялық моделі құрылды. Модель үш сатылы, алты компоненттен тұратын, интегративті тәсілге негізделген және көшбасшылық құзыреттілікті тұлғалық, кәсіби және ұйымдық деңгейлердің өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық және шетелдік менеджмент, педагогика, психология саласындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, нормативтік құжаттар, интернет көздері, ғылыми жарияланымдарды зерделеу, талдау; көшбасшылық теориясының дамуы, білім берудегі көшбасшылық және мектепке дейінгі ұйым басшыларының көшбасшылық құзыреттілігі ұғымын туралы теориялық және тәжірибелік материалдарды жалпылау және жүйелеу әдістері пайдаланды. Әдебиеттерге шолу жасау арқылы мектепке дейінгі ұйым басшыларының көшбасшылық құзыреттілігіне берілген ғылыми анықтамалар, құрылымдық компоненттер және мазмұндық белгілер жүйеленді.

Нәтижелер және талқылау. Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, көшбасшылық — басқару ғылымындағы ең көп зерттелген, бірақ әлі де күрделі ұғымдардың бірі. «Көшбасшы» ұғымы белгілі бір әлеуметтік топтың, ұйымның немесе қоғамның мақсаттарына жетуі үшін ықпал ету қабілетіне ие, стратегиялық бағыт-бағдар ұсына алатын және топ мүшелерін ортақ мүддеге жұмылдыра алатын тұлға ретінде анықталады. Көшбасшылық туралы көзқарастардың тарихи дамуы адамзат қоғамының әлеуметтік, экономикалық және мәдени трансформацияларымен тығыз байланысты. Ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейін көшбасшылық туралы түсініктер бірте-бірте эволюцияға ұшырап, биліктің сипаты, көшбасшының рөлі және оның қоғаммен өзара әрекеттесу тәсілдері түбегейлі өзгерді.

Көшбасшылық Мысыр, Месопотамия секілді ежелгі өркениеттерде теократиялық-патшалық модель арқылы фараондар, патшалар және императорлардың құдайдың жердегі өкілдері ретінде абсолютті билікке ие болуынан көрінді. Теориялық тұжырымдамалар әлі қалыптаспағанымен, практикалық басқару тәжірибесі қалыптасты. Ежелгі Қытайда Конфуций моральдық және этикалық көшбасшылық идеясын дамытты, көшбасшының ізгілікке және әділеттілікке негізделуі тиіс екенін атап көрсетті.

Антикалық Грекияда Платонның «Мемлекет» еңбегінен «философ-патша» идеясын көруге болады: көшбасшы білімді, әділетті және моральдық жағынан жетілген тұлға болуы керек. Аристотель монархия, аристократия, полития секілді көшбасшылық формаларын жіктеді және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдады. Рим республикасында «коллегиалды

билік» моделі консулдар мен сенат кейпінде қалыптасып, билікті бөлу және тепе-теңдік принциптері пайда болды, бұл кейінгі демократиялық көшбасшылықтың негізін қалады. Орта ғасырларда «феодалдық иерархия» басым болып, вассалитет пен сюзеренитет принциптеріне негізделген жүйе жеке адалдық пен әскери көшбасшылыққа сүйенді. Христиандық дәстүр көшбасшыны «Құдайдың қызметшісі» ретінде қарастырып, моральдық жауапкершілік пен халыққа қызмет ету идеясын дамытты.

Қайта өрлеу дәуірінде Никколо Макиавеллидің «Князь» еңбегі көшбасшылықтың «прагматикалық және реалистік» көзқарасын қалыптастырды: мақсат құралды ақтайды деген принцип саяси тиімділік пен стратегиялық ойлауды алдыңғы орынға шығарды. Абсолютизм дәуірінде XIV Людовикпен орталықтандырылған билік және бюрократиялық аппарат дамыды. Ағартушылық дәуірінде Монтескьенің билікті бөлу, Руссоның қоғамдық келісім және Локк айтқан табиғи құқықтар теориялары халық егемендігі, шектелген үкімет және жеке бостандықты қорғау принциптерін қалыптастырды.

XIX ғасырдағы индустриялық революция көшбасшылыққа жаңа талаптар қойды: үлкен ұйымдарды басқару, технологиялық инновациялар және жұмысшыларды мотивациялау қажет болды. Осы кезеңде Генри Форд, Эндрю Карнеги негізін қалаған кәсіпкерлік көшбасшылық моделі дамыды.

XX ғасырдың басында ғылыми басқару мектебінің қалыптасуымен Фредерик Тейлордың жұмыс процестерін ғылыми талдау және стандарттау арқылы тиімділікті арттыру ұсынысы, Анри Файольдің басқарудың 14 принципі, Макс Вебердің рационалды-заңды бюрократия моделі көшбасшылыққа жаңа көзқарастың құрылуына себеп болды. 1920-1930 жылдары Элтон Мэйоның Хоторн тәжірибелері әлеуметтік және психологиялық факторлардың өнімділікке әсерін анықтады. Бұл адами қатынастар мектебінің пайда болуына әкелді: көшбасшы тек техникалық сарапшы емес, адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алатын тұлға ретінде қарастырылды. 1940-1960 жылдары Огайо және Мичиган университеттерінің зерттеулері көшбасшылық мінез-құлқының екі өлшемін анықтады: құрылымға бағытталу және қарым-қатынасқа бағытталу. Тиімді көшбасшылар екі бағытты теңдестіре алатын болды. 1960-1970 жылдары Фидлер, Херси-Бланшар секілді зерттеушілердің жағдайлық теориялары дамыды, мұнда көшбасшылық стилі жағдайға, қызметкерлердің дайындық деңгейіне және тапсырманың сипатына байланысты директивті, қолдаушы, қатысушы, делегациялаушы ретінде таңдалуы тиіс. 1980 жылдары Джеймс Макгрегор Бернс пен Бернард Басс «трансформациялық көшбасшылық» теориясын ұсынды. Ол көшбасшыны шабыттандырушы, өзгеріске жетелейтін тұлға ретінде қарастырады. Негізгі компоненттері:

- идеализацияланған әсер;
- шабыттандырушы мотивация;
- интеллектуалдық ынталандыру;
- жеке қарым-қатынас [3].

XXI ғасырда «сертификаттық», «аутентті», «адаптивті» көшбасшылық теориялары кең тарады. Цифрлық трансформация, жаһандану, пандемия және тұрақты даму сын-тегеуріндері көшбасшыдан икемділік, эмпатия, мәдени сезімталдық және эмоционалдық интеллектті талап етеді. Көшбасшылық ұғымының эволюциясы табиғатынан көшбасшы болып туудан жүре келе қалыптасатын көшбасшыға, одан әрі адамдарды өзгертетін және қоғамдық пайдаға бағытталған көшбасшыға қарай жылжыды. Болашақта жасанды интеллект, VUCA ортасы және инклюзивтілік жағдайында көшбасшылар деректерге негізделген шешім қабылдау, жүйелік ойлау, үздіксіз үйрену және эмоционалдық интеллектті дамытуға мәжбүр болады. Көшбасшылық – тарихи дамудың нәтижесі және болашаққа бағытталған үздіксіз процесс ретінде қарастырылады [4].

Көшбасшылықта жеке бастың рөлі және этикалық негіздері де үлкен рөль ойнайды. Көшбасшының құзыреттілігі оның жеке кәсібилігімен тығыз байланысты. Өздерін көшбасшы

деп санайтын мұғалімдер кәсіби дамуға көбірек қатысады және өз беделін кеңейтеді. Көне философиядан бастау алған көшбасшылықтың этикалық негізі бүгінде бейімделгіш көшбасшылық тұжырымдамасында көрініс табады, мұнда этика мен альтруизм ұйымдастырушылық дағдарыс кезеңдерінде «тірек» қызметін атқарады. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы көшбасшы балалардың әл-ауқатына мүдделі шешімдер қабылдау үшін «практикалық даналыққа» (фронезге) ие болуы керек. Көшбасшылық құзыреттіліктерінің маңыздылығын негіздейтін орталық теориялардың бірі - параллельді процесс теориясы. Ол көшбасшының қызметкерлермен өзара әрекеттесуінің құрмет, қолдау, сенім бейнесіндегі сипаты мұғалімдер мен балалар арасындағы өзара әрекеттесуде көрініс табады деп тұжырымдайды. Осылайша, көшбасшының оң ұйымдастырушылық климат құрудағы құзыреттілігі «процестің сапасына» тікелей әсер етеді - ересек пен бала арасындағы қарым-қатынастың тереңдігі мен жылылығы, бұл баланың табысты дамуы мен оқуының негізгі болжаушысы болып табылады.

Ресейлік зерттеушілер мектепке дейінгі ұйымды басқару бағытындағы әлемнің ең іргелі мектептерінің бірін қалыптастырды. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың моделін жасаған К.Белая басшының негізгі құзыреттілігін инновациялық үдерістерді ғылыми негізде ұйымдастыра алуында деп санайды [5]. Ал П.Третьяков К.Белаямен бірге жүргізген нәтижеге бағытталған басқару саласындағы зерттеуінде мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігі педагогикалық талдау негізінде ұйымның болашақ жетістігін болжай білуінде деп көрсеткен [6].

Л.Поздняк болса функционалдық-рольдік тәсілге назар аударып, көшбасшылық құзыреттілікті педагогикалық заңдылықтарды басқару технологияларымен ұштастыру шеберлігінде көруге болатынын айтады, Н.Микляева көшбасшылықты дәстүр мен жаңашылдық арасындағы тепе-теңдікті сақтауға байланыстырады. Зерттеушілер өз еңбектерінде педагогика мен менеджменттің тоғысында инновациялық басқарудың көшбасшылықтағы ролін айқындап, психология мен педагогикалық әрекеттестік тұрғысынан басшыны көшбасшылық құзыреттілігі ұжымдағы эмоционалды ахуалдың әр педагогтің кәсіби өсуіне детерминант болатынын атап өтеді. Этикалық нормаларға көңіл аударып, мектепке дейінгі ұйым басшының көшбасшылығын педагогикалық құндылық пен эстетикалық мәдениет призмасы арқылы басқаруында деп санайды. Сонымен қатар, білім беруде сапаны стандартқа айналдыруға назар аударып, басшының педагогты кәсіби өсуге ынталандыруы арқылы көшбасшылық құзыреттілігін көрсете алатынына, басшының өзінің кәсіби дамуы арқылы басқаларды дамытуға бағытталға рузани-педагогикалық ұстанымы болатынын басып айтады [7]. Жалпы Ресей ғылыми мектебі мектепке дейінгі ұйым басшының көшбасшылығын инновациялық, нәтижелі маркетингтік, сондай-ақ психологиялық- мәдени бағытта зерттегенін көруге болады.

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен басқару жүйесі білім беруді модернизациялау жағдайында өзекті бағыттардың бірі. Отандық зерттеушілер мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігін кәсіби, педагогикалық, экономикалық, инновациялық, ұлттық құндылық, экологиялық, мәдени ерекшеліктер мен сапаны көтеру секілді көп бағытта қарастырады. Г.Меңлібекова өз еңбегінде мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылығы жеке тұлғалық қасиеттер жиынтығы мен кәсіби білімнің интеграциясы деп көрсетсе, Ф.Жұмабекова заманауи мектепке дейінгі ұйым басшысын ұжымының әлеуетін аша білетін, рухани көшбасшы ретінде қарастырады [8].

Ал Ш.Таубаева басшының көшбасшылық құзыреттілігін оның зерттеушілік мәдениетімен байланыстырады. Ол «зерттеуші-басшы» моделін ұсынып, мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық процестерді басқарудың ғылыми алгоритмдерін жасады [9]. Б.Жетпісбаева көпмәдениетті және көптілді білім беру жағдайында мектепке дейінгі ұйым басшысының жаһандық және ұлттық құндылықтарды үйлестіру қабілетіне назар аударады [10].

Ал А.Рамазанова басшының негізгі құзыреттілігін оқу- тәрбие процесінің нәтижесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру арқыры сапаны арттыру деп санаған [11].

М.Ушатов болса өзінің ғылыми зерттеу диссертациясында көшбасшылықты қарапайым басқару ұғымынан ажыратып, оның аксиологиялық, когнитивтік, коммуникативтік дағдылардан құралатын күрделі психологиялық құрылым деп сипаттайды [12].

Заңнамалық-нормативтік құжаттарды зерделей келе, мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігіне инновацияға икемділік, оның ішінде цифрлық технологияларды меңгеру, этикалық көшбасшылық, яғни ұжымда сенім мен эмоционалды интеллектіні орнату және ұйымның академиялық, басқарушылық еркіндігі жағдайында шешім қабылдай алу шеберлігі бағаланатынын көруге болады. Жүргізілген теориялық және контент-талдау нәтижелері мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігі күрделі интегративті феномен екенін көрсетті. Ол тек басқару тиімділігін ғана емес, ұйымның тұрақты дамуын, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды және мектепке дейінгі білім беру сапасының артуын қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйым басшыларының кәсіби дамуы жүйесінде көшбасшылық құзыреттілікті мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін негіздейді, кесте-1.

Кесте-1 Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі көшбасшылық идеясының дамуы

Тұжырымдама	Анықтама	Авторлары
Шетелдік		
Педагогикалық көшбасшылық	Басшының педагогикалық білімі балалардың оқу жетістігіне тікелей әсер етеді.	И. Сирадж-Блатчфорд, Дж. Родд, Л. Муииес
Үлестірілген (ұжымдық) көшбасшылық	Жауапкершілік ұжым арасында бөлінеді; қатаң иерархиядан өзара әрекеттесуге көшу.	Дж. Хеикка
Мәдени-контекстік бағыт	Көшбасшылық ұйымның құндылықтарынан басталады және адамдар арасындағы қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.	М. Ваниганаяке, В. Хуяла
Психологиялық және қорғаушылық бағыт	Мұғалімдердің жұмысқа қанағаттануы; балалар мен ата-аналардың мүддесін (адвокация) қорғау.	П.Дж. Блум, С. Стамополоус
Ресейлік		
Инновациялық басқару	Инновациялық үдерістерді ғылыми негізде ұйымдастыру және педагогика мен менеджменттің ұштасуы.	К.Белая, В.Демурова, В. Васильев, И. Ковалева
Нәтижеге бағытталған талдау	Педагогикалық талдау негізінде болашақты болжау және білім сапасын стандартқа айналдыру.	П. Третьяков, М. Поташник
Технологиялық және функционалдық	Педагогикалық заңдылықтарды басқару технологияларымен ұштастыру және ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Н. Поздняк, И. Езопова
Психологиялық-педагогикалық әрекеттестік	Ұжымдағы эмоционалды ахуал, педагог-тарды ынталандыру және басшының өз дамуы арқылы өзгелерді дамытуы.	В. Дуброва, Т. Шамова, В. Сластенин
Құндылықтар мен мәдениет	Дәстүр мен жаңашылдық тепе-теңдігі, педагогикалық құндылықтар мен эстетикалық мәдениет.	Н. Микляева, Ю. Бахтурова, Т. Комарова
Қазақстандық		
Тұлғалық даму	Басшының жеке қасиеттері, кәсіби білімі және ұжымның ішкі әлеуетін аша білуі. Тұл-ғалық дағдыларын дамыту арқылы басқару.	Г.Ж. Меңлібекова, Ф.Н. Жұмабекова, М.Ә. Ушатов.
Ғылыми-инновациялық басқару	Басшыны «зерттеуші» ретінде қарастыру және балабақшадағы жаңашыл үдерістерді ғылыми алгоритммен реттеу.	Ш.Таубаева
Стратегиялық сапа мен құндылық	Ұлттық тәрбие құндылықтарын жаһандық трендтермен және халықаралық сапа стандарттарымен үйлестіру	Б.А. Жетпісбаева, А. Рамазанова

Сонымен, кестедегіні түйіндей келе, мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігінің келесі мазмұнда сипаттауға болады: ұжымға тиімді басшылық етуді, ұйымның дамуын және мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттердің, басқарушылық білімдердің, біліктер мен мінез-құлық модельдерінің жиынтығы.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігі бірнеше маңызды педагогикалық көрсеткіштерге оң әсер етеді. Біріншіден, көшбасшылық стилі мен стратегиясы педагогикалық ұжымның кәсіби дамуын ынталандырады. Мысалы, трансформациялық көшбасшылық модельдерін қолдану мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтердің ішкі мотивациясын және кәсіби белсенділігін арттырады. Екіншіден, көшбасшылық құзыреттіліктің жоғары деңгейі ұйым ішіндегі оң психологиялық ахуалды қалыптастырып, конфликтілерді азайтады және қызметкерлер арасындағы коммуникацияны жақсартады . Бұл факторлар мектепке дейінгі ұйымда жайлы әрі түсінікті орта қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде баланың дамуы үшін өте маңызды [13].

Ғылымда құзыреттілік ұғымы латын тілінде «competens», нақты бір сала бойынша жан-жақты хабардар болу, білгір деген мағынаны қамтып, белгілі бір проблема төңірегінде тиімді шешім шығара алу дегенді білдіреді. «Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н. Хомский бастапқыда ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілет деген анықтамамен енгізсе, 90-жылдар мен XXI ғасырдың басында құзыреттілік тәсіл адамның білімділігін сипаттаудың белгілі бір жүйелік тұжырымдамасы ретінде Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы білім беру жүйелері модельдерінің, оның ішінде Болон процесінің ықпалымен дамыды. Ал еліміздегі білім беру жүйесінде құзыреттіліктердің бірыңғай шеңберінде барлық мамандардың кәсіби дамуын жаңа бағытта зерттеп қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу барысында «көшбасшылық» және «құзыреттілік» ұғымдарын бөліп қарастырылғаннан кейін «көшбасшылық құзыреттілігі» термині де жан-жақты зерттелді. Тиісті бағыттағы әдебиеттерді талдау көшбасшылық құзыреттіліктің бір ғана сипаттамамен шектелмейтінін көрсетті. Ол тұлғаның жеке қасиеттерін, кәсіби дайындық деңгейін және басқару тәжірибесін біріктіретін күрделі интегративті құрылым болып табылады.

1988 жылдары Маккол бастаған ғалымдар көшбасшылық құзыреттілікті көшбасшылық рөлін тиімді орындау үшін қажетті білім, дағдылар мен қабілеттер жиынтығы ретінде анықтаған. Холленбектің айтуынша, контекстке қарамастан көшбасшылық мінез-құлық пен дағдылардан айырмашылығы, көшбасшылық құзыреттілік нақты көшбасшылық рөлінің міндеттері мен мақсаттарына өте тәуелді. Драгонимен басқа ғалымдардың зерттеуінде осы пікірді нақты дағдыларды талдай отырып өрбітеді. Мысалы, стратегиялық ойлау қабылеті белгілі ұйымдық өсуге және ұзақ уақыт тұрақтылыққа жетелейтін ұйымдастыру мәселелелерін шешу үшін өте қажет. Көшбасшылық құзыреттілік ұғымы денсаулық сақтау, білім беру, жобаларды басқару секілді түрлі салалар мен түрлі мекемелер шеңберінде зерттелу арқылы ұйымдардағы, тәжірибелік салалар мен мәдениетаралық құзыреттілік секілді көптеген бағыттарды тұжырымдалып, тиісті рольдер мен арналарға қарай түрлі модельдер арқылы дамытуға болатын дағды ретінде қарастырылған. Коэн мен Битцер көшбасшылық құзыреттілік – бұл адамдар арасындағы сенімге, міндеттемеге, міндеттемеге, жауапкершілікке және өркендеудің ортақ көзқарасына негізделген күрделі қарым-қатынас деп анықтаған.

Көшбасшылық туралы әдебиеттердегі зерттеулер көшбасшылық құзыреттілігін «жоғары өнімділікке ықпал ететін көшбасшының дағдылары» деп анықтады. Мохамад пен Абдулланың айтуынша көшбасшылық құзыреттіліктерін дамыту арқылы ұйымдар өздерінің келесі буын көшбасшыларын жақсы анықтап, дамыта алады. Смит, Уолвертон, Тричи секілді бірқатар зерттеушілер көшбасшылық құзыреттілікті түсіндірмесі көшбасшының діттеген ұйымдастырушылық нәтижелерге жетуі үшін ие болуы керек негізгі білімі, дағдылары және мінез-құлықты білдіреді. Көшбасшылық құзыреттілігі бағытындағы зерттеулер мінез-құлық, мәмілелер, ықпал, билік, сондай-ақ жағдаяттық және трансформациялық қабілеттер сияқты

қасиеттерді қамтыды көшбасшылық құзыреттілігін ұйымдық және тұлғалық тұрғыдан бөліп қарастырды, біріншіден, бұл ұйымды қолдау, өсіру және өзгерту мүмкіндігін беретін жеке және кәсіби өсуге қатысты болса, келесісі қызметіне қатысты дағдылар мен біліктілігін өсіретін әрекеттер мен тәжірибелерге қатысты [14].

«Құзыреттілік» ұғымын көшбасшылық пен менеджментке алғаш байланыстыра зерттеген Боятцис көшбасшылық құзыреттілікті «жұмыс нәтижесіне әсер ететін ішкі қасиеттердің жиынтығы» деп анықтаса, ерлі-зайыпты зерттеуші Спенсерлер «Мұздық» деп атаған көшбасшылық құзыреттілік моделін жасады. Онда білім мен дағдылар көрінетін бөлік болса, мотивтер мен қасиеттер көрінбейтін жағы деп түсіндірілді. Халлингер «Нұсқаулық көшбасшылық» моделімен басшының құзыреттілігін ұйым миссиясын анықтау, оқу бағдарламасын басқару және оқу климатын жақсарту деп үш бағытқа бөліп қарастырды. Канадалық ғалым Лейтвуд Трансформациялық көшбасшылық бағытындағы зерттеулері «Сәтті мектеп көшбасшыларының жеті қасиеті» деген атпен кітап түрінде жарияланды. Ол жүйелілік, жаңашылдық және дербестік арқылы ұйым сапасын арттыру жолдарын ұсынды [15].

Көшбасшылық құзыреттілік туралы түрлі анықтамалар мен модельдерді жан-жақты зерделеу және жинақтау нәтижесінде көшбасшылық құзыреттілікті айқындайтын тұлғалық дағдылардың иерархиялық моделі құрылды, сурет -1.



Сурет 1- Білім беру ұйымы жетекшісінің көшбасшылық құзыреттілігінің иерархиялық моделі

Модель үш сатылы, алты компоненттен тұратын, интегративті тәсілге негізделген және көшбасшылық құзыреттілікті тұлғалық, кәсіби және ұйымдық деңгейлердің өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырады.

Бірінші саты – «ішкі ядро» деп аталатын бірінші деңгей тұлғалық қасиеттерден тұратын компонентке негізделген. Бұл деңгей көшбасшылық құзыреттіліктің іргетасы болып табылады.

Компонент құрамы: жауапкершілік; дербестік; көшбасшылық позиция; кәсіби құндылықтар; ішкі мотивация; эмоционалдық тұрақтылық; этикалық ұстанымдар.

Екінші саты кәсіби басқару құзыреттерін қамтитын практикалық әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Бұл деңгей екі компоненттен тұрады.

1. Стратегиялық-танымдық компонент: стратегиялық ойлау; болжау; шешім қабылдау; тәуекелдерді басқару; миссия мен даму бағытын анықтау.

2. Ұйымдық-басқарушылық компонент: ішкі ұйымдастырушылық процесті жүргізу; кадрлық басқару; ресурстарды тиімді пайдалану; нәтижеге бағытталған менеджмент; сапаны мониторингтеу.

Үшінші сатыда ұйымдық-даму бағытындағы көшбасшылық құзыреттіліктің қоғамда елеулі көрініс табатын компонеттері қамтылған. Бұл деңгей ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

1. Инновациялық-өзгерістік компонент: өзгерістерді басқару; инновация енгізу; жаңартуларды қолдау; реформаларды бейімдеу; цифрлық трансформация.

2. Коммуникативтік-әлеуметтік компонент: ұжымға ықпал ету; ортақ мақсатқа жұмылдыру; әлеуметтік серіктестік; ата-аналармен тиімді байланыс; конфликтіні басқару.

3. Ұйымдық-психологиялық компонент: жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру; сенім мәдениетін құру; ынталандыру; кәсіби қолдау жүйесі; командалық жұмыс.

Білім беру ұйымдарында көшбасшылықтың дамуы мен зерттелуі соңғы онжылдықтарда күшейіп, білім сапасын арттырудың негізгі басқарушылық факторы ретінде қарастырылады. Бұл үрдіс білім беру көшбасшылығының дамуын көрсететін библиометриялық зерттеулерде де расталады .

Білім берудегі көшбасшылық теориясы классикалық менеджменттен бастау алып, уақыт өте келе педагогикалық бағытқа бейімделді. XX ғасырдың ортасында Стогдил көшбасшылықты интеллект, сенімділік секілді тұлғалық қасиеттер жиынтығы ретінде қарастырды. Білім беруде бұл «басшының туа біткен қабілеттері» ретінде бағаланды. Ал 80 жылдары трансформациялық көшбасшылық теориясы білім беру реформаларында негізгі роль атқарды. Басс өз еңбегінде басшыны мұғалімдерді шабыттандырушы және өзгеріс енгізуші тұлға ретінде сипаттады. Халлингердің нұсқаулық көшбасшы теориясы бойынша мектеп директоры тек әкімші емес, оқу процесінің сапасына да жауапты бас маман деп көрсетілді. Ол оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесін дамытуға мүдделі болуы керек. XXI ғасырдың басында Спиллейн мен Гронн үлестірілген көшбасшылық теориясы шеңберінде көшбасшылық бір адамда ғана емес, ұжым ішінде бөлінуі арқылы мектеп мәдениетін демократияландыруға негіз болады деп санады. Мектепке дейінгі білім берудегі көшбасшылықта эмоционалды интеллект пен педагогикалық этиканы алға шығаратынын көруге болады. Род мектепке дейінгі ұйымдарда көшбасшылықтың өзіндік моделін жасап, басшының коммуникативтік және команда құру біліктілігіне назар аударды. Ол «Көшбасшылық — бұл лауазым емес, баланың дамуына бағытталған әрекет» деген тұжырымдама жасады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мектепке дейінгі білім берудегі көшбасшылық білім беру жүйелерінің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды фактор ретінде қарастырылады. Ол ұйымның немесе жүйенің жалпы мақсаттарына жету үшін өзгерістер мен әрекеттерге әсер ету мүмкіндігі ретінде анықталады. Мектепке дейінгі білім беру басшысы (орталық жетекші) - әкімшілік, басқарушылық және педагогикалық көшбасшылық үшін түпкілікті жауапты жеке тұлға. Ерекшелігі қатаң иерархиялық құрылымдардан таратылған немесе ұжымдық көшбасшылық модельдеріне көшу, мұнда жауапкершілік қызметкерлер арасында бөлінеді, ал көшбасшы кәсіби автономияның мотиваторы ретінде әрекет етеді. Ирам Сирадж-Блатчфорд мектепке дейінгі ұйымға «Педагогикалық көшбасшылық» терминін енгізді. Оның зерттеулері бойынша, басшының педагогикалық білімі балалардың оқу жетістігіне тікелей әсер етеді. Ал Родд көшбасшылықтың лауазым емес, бала дамуы мен мұғалімдердің өсуіне бағытталған әрекет екеніне назар аударады. Хеикка үлестірілген көшбасшылыққа басымдық беріп, ұжым мүшелерінің өзара әректтесуі үдерісі деп санайды. Қарым-қатынасқа негізделген көшбасшылықты зерттеуші Ваниганаяке Көшбасшылық контекстке байланысты және ол ұжымдағы адамдардың қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады десе, Хуяла көшбасшылық ұйымның мәдениеті мен құндылықтарынан бастау алатынын айтады. Блум көшбасшы педагогтердің өз жұмысына қанағаттануына жағдай жасайтынына көңіл бөлсе, Стамополоус басшы балалар мен ата-аналарының мүддесін қорғаушы дегенді ұсынады. Дуглас көшбасшылықты үздіксіз оқу мен инновацияға ашық болу деп санаса, Муииес көшбасшылықты балалардың жетістігі мен нәтижесіне бағытталған жұмысқа балады [16].

Зерттеушілер көшбасшы құзыретті болуы керек бірнеше негізгі салаларды анықтайды. Атап айтқанда Хоган мен Уорренфельтцтің 2003 жылы жарияланған құзыреттіліктің классикалық моделі ұйымдық табысқа жету үшін қажетті көшбасшылық қасиеттерді жіктеуге және түсінуге арналған кешенді құрылым. Ол қолданыстағы тәсілдерді төрт негізгі салаға бөлінген бірыңғай жүйеге біріктіреді. Интротұлғалық, интертұлғалық, іскерлік және көшбасшылық құзыреттіліктен тұратын бұл модельдің Хоган мен Кайзен 2005 жылы 3 маңызды ерекшелігіне назар аударды:

Дамытушылық жағы: Дағдылар статикалық емес; олар адамның өмірі бойынша дами береді.

Үйрену иерархиясы: Дағдылар дамытуға икемділігімен бөлінеді. Жеке тұлғаішілік дағдылар ең негізгі және өзгерту қиын, ал іскерлік дағдыларды оқыту арқылы оңай игеруге болады.

Кешенділігі: Модель жасалу кезіндегі бар болған барлық негізгі көшбасшылық құзыреттілік модельдерін қамтуға арналған.

Соңғы жылдары зерттеушілер бұл модельді мектепке дейінгі ұйым көшбасшылығына бейімдеп бес негізгі сала ретінде анықтады:

1. Интротұлғалық немесе жеке тұлғалық құзыреттіліктер: Басшының ішкі этикасы және өзін-өзі реттеуі.

2. Интертұлғалық немесе тұлғааралық: Қызметкерлермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу.

3. Іскерлік: Орталықты операциялық басқару.

4. Басқару: Сектордың стандарттарын, саясатын, заңды талаптарын білу.

5. Қоғам: Жергілікті қауымдастықпен және сыртқы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу [17].

Еуропалық Комиссияның 2025 жылғы есебінде мектепке дейінгі ұйым басшысы тек әкімшілік лауазым ғана емес, ортақ мақсаттарға жету үшін өзгерістерге әсер ете алатын ұйымдастырушылық қабілет иесі ретінде қарастырылады. Бұл жерде мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігін педагогикалық үдерістерді ұйымдастыру, командалық басқару, инклюзивтілік және кәсіби этика сияқты кеңейтілген профильде ұсынады. Мектепке дейінгі білім берудегі көшбасшылық теориясы функционалдығы жағынан түбегейлі ажыратылған екі бағытты ұсынады.

1. Әкімшілік көшбасшылық: адам ресурстары, қаржы сынды операциялық басқаруды, стратегиялық жоспарлауды, есеп беруді және оны қамтамасыз етуді қамтиды.

2. Педагогикалық көшбасшылық: оқыту және оқу процестерін қолдауға, мұғалімдердің кәсіби қауымдастығын дамытуға, оқу бағдарламаларын енгізуге және балалардың дамуын бағалауға бағытталған. Зерттеулер көрсеткендей, көшбасшылар көбінесе қарама-қайшы басымдықтарға тап болады, уақыттарының үштен бір бөлігін әкімшілік бақылау мен сәйкестікке жұмсайды, бұл олардың мұғалімдерге тәлімгерлік ету мүмкіндігін шектейді [18].

Қорытынды. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорыта келе, мектепке дейінгі ұйым басшысының көшбасшылық құзыреттілігі ұғымы ғылымда ауқымды түрде зерттелген тақырып болса да, көшбасшылық құзыреттілік деңгейін анықтау, тұрақты түрде дамыту мәселелері әлі де терең қарастыруды қажет етеді. Оған дәлел, көшбасшылықтың маңыздылығын мойындағанына қарамастан, көптеген елдерде құзыреттілік талаптары мен көшбасшылардың нақты дайындығы арасында алшақтық бар.

Көшбасшылық әлеуетін жүзеге асырудағы қиындықтар мен кедергілерге шамадан тыс әкімшілік ауыртпалық және бюрократия, көптеген директорлардың қызметке басқару саласына дайындықсыз, мұғалімдіктен бірден өтіп кетуі, әлеуметтік және қаржылық жағынан бір табан төмен сатыда болуын көрсетуге болады. Бұл кедергілерді жеңу үшін жүйелі тәсіл мен мақсатты үздіксіз кәсіби даму бағдарламалары, тәлімгерлік және кәсіби қолдау желілерін құру ұсынылады. Білім беруді реформалау және жаңғырту жағдайында қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары кеңейтілген міндеттерге жауапты болғандықтан, кәсіби нұсқаулық кешенін дайындау, басшылардың көшбасшылық құзыреттіліктерін бағалау құралдары мен

әдістемелерін құрастыру және болашақ басшыларға арналған таңлдау, іріктеу жүйелерінің таланттарды анықтау, кәсібилікті өлшеу мүмкіндігін қамтитындай болуы, сондай-ақ, әрбір басшының өзіндік даму траекториясын анықтап, іске асыру моделін жасау, бұл бағыттағы әлі де жұмыс істеуді қажет ететін мәселелер болып табылады.

Аталған проблемаларды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйым басшыларының көшбасшылығы тақырыбын зерттеуде келесі ұсыныстар дайындалды:

- Мектепке дейінгі ұйым басшыларының көшбасшылық құзыреттілігін бағалау және дамыту жүйесін жетілдіру қажеттілігін айқындау, бұл валидті диагностикалық құралдарды әзірлеуді, үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларын ғылыми негіздеуді және жеке даму траекторияларын құруды қамтиды.

- Басшыларды даярлау, іріктеу және кәсіби қалыптастыру жүйесін жетілдіру, атап айтқанда басқарушылық қызметке кезеңдік даярлықты енгізу, тәжірибеге бағдарланған оқытуды күшейту және таланттарды ерте анықтау тетіктерін дамыту.

- Көшбасшылық әлеуетті жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторларды азайту мен қолдау ортасын қалыптастыру, соның ішінде әкімшілік жүктемені оңтайландыру, тәлімгерлік пен кәсіби қолдау желілерін дамыту, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында тиімді көшбасшылық модельдерін енгізу қажеттілігін негіздеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы; 2007 жыл, 27 шілде N319 бұйрық. 4-тарау, 15- бап.

2. «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы. АҚ «Қазақстаннның білім статистикасы» Ұлттық жинағы. Астана, 2025 -65б.

3. Clawson J.G. Leadership Theories. SSRN Electronic Journal. 2008. https://doi.org/10.2139/ssrn.910388.

4. Fiedler F.E. A theory of leadership effectiveness. New York: McGraw-Hill. 1967-87p.

5. Белая К.Ю. Руководство современным дошкольным образовательным учреждением. Москва: Планета 2005, -130с.

6. Третьяков П.И., Белая К.Ю. Дошкольное образовательное учреждение: управление по результатам. Москва: Новая школа. 2003,-120с.

7. Поздняк Л.В., Микляева Н.В. Управление дошкольным образованием: учебник и практикум для вузов. Москва. AkademiA 1999. с. 30-31

8. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтердің жаңаша ойлауын қалыптастыру жолдары, 2025. http://repository.enu.kz/handle/enu/27297.

9. Таубаева Ш. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті: теориядан практикаға, Монография Алматы. 2016,-230 б.

10. Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования. Монография,Караганда. 2008. -135с.

11. Рамазанова А. Construction of the quality of early childhood education in Kazakhstan & a two sited ethnography. PhD thesis Nazarbayev University Graduate School of Education 2025.-135p.

12. Ушатов М. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуеттерін дамыту. дисс... PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ 2016 ж.-125б.

13. Bass B.M. Leadership and performance beyond expectations. New York: Free Press, 1985. P. 20-25

14. Heikka J., Distributed Pedagogical Leadership and Quality in Early Childhood Education. Journal of Early Childhood Research. 2025,DOI: 10.30828/real.1620071.

15. Leithwood K., Day C., Sammons P., Harris A,. Hopkins D. Seven Strong Claims About Successful School Leadership. National College for School Leadership 2007,-76p

16. Secareanu G., Buhus S., Bolojan G. A Bibliometric Analysis of International Publications. 18th International Conference on Business Excellence 2024, pp. 2433-2452, ISSN 2558-9652. DOI: 10.2478/picbe-2024-0206

17. Cross E., Dobson M., Brooks J. Leadership competencies in early childhood education: Design and validation of a survey tool. Australasian Journal of Early Childhood 2024, DOI: 10.1177/18369391241282679 journals.sagepub.com/home/aec.

18. European Commission: Leadership in early childhood education and care (ECEC): competences and training 2025,-124p.

References:

1. Respublikasynyn Bilim turaly Zany; 2007 zhyl, 27 shilde N319 bujryq. 4-tarau, 15- bap

2.«Taldau» ulttyq zertteuler zhane bilimdi bagalau ortalygy. AQ «Qazaqstannnyn bilim statistikasy» Ulttyq zhinagy. Astana, 2025 -65б.

3.Clawson J.G. Leadership Theories. SSRN Electronic Journal. 2008. https://doi.org/10.2139/ssrn.910388.
4. Fiedler F.E. A theory of leadership effectiveness. New York: McGraw-Hill. 1967-87p.
5. Belaya K.Yu. Rukovodstvo sovremennym doshkolnym obrazovatelnym uchrezhdeniem. Moskva: Planeta 2005,-130p.
6. Tretyakov P.I., Belaya K.Yu. Doshkolnoe obrazovatelnoe uchrezhdenie: upravlenie po rezultatam. Moskva: Novaya shkola. 2003.-120p.
7. Pozdnyak L.V., Miklyaeva N.V. Upravlenie doshkolnym obrazovaniem: uchebnik i praktikum dlya vuzov. Moskva. AkademiA 1999. p. 30-31
8. Zhumabekova F.N. Mektepke dejingi ujymdarda pedagogterdin zhanasha ojlauyn qalyptastyru zholdary. 2025, http://repository.enu.kz/handle/enu/27297
In our bibliometric analysis on teacher education research during and post COVID-19 pandemic (2020–2023), we observed that the number of articles was high in 2021 and 2022 years than 2020 and 2023 years. It means that authors studied teacher education during the COVID-19 but not post COVID-19 pandemic times. Research article titled "Education and the COVID-19 pandemic" by Daniel, 2020 was the first among the top ten most cited documents on this topic. The mean citation has been decreasing slowly which is most likely due to the fact that older publications are cited more than newly published papers from the same year. Our findings indicate that 70% of the contributing countries on this topic are Europe countries with the USA being at the top of the list. USA spends more on teacher education research during and post COVID-19 pandemic than other countries as well as among Asian countries; China, India and Indonesia are at the top ten list of productivity on teacher education research during and post COVID-19 pandemic times. During and post the COVID-19 pandemic, the University of California emerged as the most productive institution, contributing to approximately 14% of the global output in the field of teacher education research. Following closely behind, Monash University accounted for a substantial 12% of the research output. This highlights the substantial contributions of these universities to the field, both during the pandemic and in its aftermath. Furthermore, utilizing the leading eigenvalues clustering algorithm, we identified major collaborative networks among institutions. These collaborative networks offer insights into the global landscape of teacher education research. The identification of these collaborative networks sheds light on the global nature of teacher education research. It reflects the willingness of universities to work together across borders, sharing expertise and knowledge to address the challenges posed by the pandemic and to advance the field of teacher education. This collaborative spirit is crucial for the development and improvement of teacher education programs, which in turn, has a direct impact on the quality of education and the preparation of educators for the future. In addition, 50% of journals publishing papers on teacher education research during and post COVID-19 pandemic times are from Switzerland. In conclusion, the landscape of teacher education research has witnessed significant fluctuations in publication and citation trends during and post the COVID-19 pandemic. While publication output experienced a remarkable surge in 2022, citations per article demonstrated a somewhat irregular pattern. The prominence of keywords such as "COVID-19," "education," and "human" further reflects the central role of digitalization and global transformation processes in shaping contemporary research trends. Understanding these dynamics is critical for educators and researchers as they navigate the challenges and opportunities of digital transformation, ultimately contributing to the resilience and effectiveness of education systems in a rapidly evolving world.

Conclusion. In our comprehensive bibliometric analysis of teacher education research during and post the COVID-19 pandemic (2020–2023), several key findings emerged. The substantial increase in the number of articles in 2021 and 2022, compared to 2020 and 2023, reveals a strong focus on teacher education during the pandemic itself, rather than its aftermath. The research article "Education and the COVID-19 pandemic" by Daniel (2020) played a pivotal role, emerging as the most cited document, showcasing the field's collective interest in addressing the pandemic's educational challenges. The gradual decrease in mean citations can be attributed to the inherent preference for citing older publications. This underscores the relevance of keeping research up-to-date and accessible. Europe, with the USA at the forefront, contributed significantly to this research. This regional concentration underscores the global implications of the pandemic on teacher education. Notably, the University of California and Monash University played vital roles, contributing to 14% and 12% of the global research output, respectively. Their significant contributions reflect their dedication to advancing the

field. Major collaborative networks, identified through eigenvalues clustering, highlight the global nature of teacher education research. These networks demonstrate the willingness of institutions to work across borders, sharing knowledge and expertise to address pandemic challenges. A significant portion of journals publishing research in this area were based in Switzerland.

In conclusion, the landscape of teacher education research has undergone notable fluctuations during and post the COVID-19 pandemic. The global COVID-19 crisis may have a long-lasting influence upon education worldwide, calling for institutional efforts to provide prompt technical support and sufficient learning resources to develop teachers' technology literacy for their future online and offline teaching [24]. Also, the landscape of teacher education research has experienced significant transformation during and following the COVID-19 pandemic. While the pandemic initially triggered emergency responses in educational systems, it subsequently accelerated long-term digital transformation and strengthened the focus on resilience within teacher education. The global crisis highlighted the necessity of institutional support, sustainable technological infrastructure, and the development of teachers' digital competencies for both online and blended learning environments.

The bibliometric findings demonstrate a clear shift from short-term emergency remote teaching toward broader themes such as digital innovation, resilience, sustainability, and systemic adaptability. The prominence of keywords related not only to COVID-19 but also to digitalization, teacher competencies, and educational reform indicates that the pandemic functioned as a catalyst for deeper structural and pedagogical changes.

Understanding these evolving research trends is crucial for policymakers, educators, and researchers seeking to enhance the resilience, adaptability, and long-term effectiveness of teacher education systems in an era characterized by continuous technological advancement and global uncertainty.

References:

1. Uyen B.P., D.H. Tong, and L.K Ngan, Online project-based learning for teacher education during the COVID-19 pandemic: A systematic review. Contemporary Educational Technology, 2023. 15(3): p. ep433.

2. Kennedy T. and D. Gill Lessons learned through crisis: the effect of Covid-19 on pre-service Technology Education teacher development. International Journal of Technology and Design Education, 2023: p. 1-16.

3. Biberman-Shalev L., O. Broza, and N. Chamo, Contextual Changes and Shifts in Pedagogical Paradigms: Post-COVID-19 Blended Learning as a Negotiation Space in Teacher Education. Education Sciences, 2023. 13(3): p. 275.

4. Ivanov A., et al., Teachers' digital competencies before, during, and after the COVID-19 pandemic. Sustainability, 2025. 17(5): p. 2309.

5. Pozas M. and V.Letzel "Do you think you have what it takes?"–exploring predictors of pre-service teachers' prospective ICT use. Technology, Knowledge and Learning, 2023. 28(2): p. 823-841.

6. Akram H., et al., The challenges of online teaching in COVID-19 pandemic: A case study of public universities in Karachi, Pakistan. Journal of Information Technology Education: Research, 2021. 20: p. 263-282.

7. Alawamleh M., COVID-19 and higher education economics. Journal of Economics and Economic Education Research, 2020. 21(2): p. 1-2.

8. Rapanta C., et al., Online university teaching during and after the Covid-19 crisis: Refocusing teacher presence and learning activity. Postdigital science and education, 2020. 2(3): p. 923-945.

9. Ng T.K., et al., Business (teaching) as usual amid the COVID-19 pandemic: A case study of online teaching practice in Hong Kong. Journal of Information Technology Education: Research, 2020. 19: p. 775-802.

10. Sartika F., et al., Online learning in the low internet area, planning, strategies and problems faced by students during the Covid-19 period, in Artificial intelligence for COVID-19. 2021, Springer. p. 413-421.

11. Whalley B., et al., Towards flexible personalized learning and the future educational system in the fourth industrial revolution in the wake of Covid-19. Higher Education Pedagogies, 2021. 6(1): p. 79-99.

12. Qiao P., et al., The development and adoption of online learning in pre-and post-COVID-19: Combination of technological system evolution theory and unified theory of acceptance and use of technology. Journal of Risk and Financial Management, 2021. 14(4): p. 162.

13. Imran M., N. Almusharraf, and M.Y. Abbasova, Digital learning transformation: A study of teachers' post-Covid-19 experiences. Social Sciences & Humanities Open, 2025. 11: p. 101228.

14. Bjeki´c, D.V.c., Development and Mental Health. Faculty of Philosophy, University of Nis: Nis, Serbia, (In Serbian), 2013. 1st edition: p. 119–127.

15. Noyons E., Bibliometric mapping of science in a policy context. Scientometrics, 2001. 50: p. 83-98.

16. Gokhale A., et al., A bibliometric analysis of digital image forensics. Science & technology libraries, 2020. 39(1): p. 96-113.

17. Pritchard A., Statistical bibliography or bibliometrics. Journal of documentation, 1969. 25: p. 348.

18. Hallinger P. and J.Kovačević, Science mapping the knowledge base in educational leadership and management: A longitudinal bibliometric analysis, 1960 to 2018. Educational Management Administration & Leadership, 2019. 49(1): p. 5-30.

19. Small H., Visualizing science by citation mapping. Journal of the American society for Information Science, 1999. 50(9): p. 799-813.

20. Van Eck N.J. and L.Waltman, Citation-based clustering of publications using CitNetExplorer and VOSviewer. Scientometrics, 2017. 111: p. 1053-1070.

21. Han J., et al., Mapping the intellectual structure of research on surgery with mixed reality: Bibliometric network analysis (2000–2019). Journal of Biomedical Informatics, 2020. 109: p. 103516.

22. Koo M., Systemic lupus erythematosus research: a bibliometric analysis over a 50-year period. International Journal of Environmental Research and Public Health, 2021. 18(13): p. 7095.

23. Sugimoto C.R., et al., Factors affecting sex-related reporting in medical research: a cross-disciplinary bibliometric analysis. The Lancet, 2019. 393(10171): p. 550-559.

24. Gao Y. and Y.Cui English as a foreign language teachers' pedagogical beliefs about teacher roles and their agentic actions amid and after COVID-19: A case study. Relc Journal, 2022: p. 00336882221074110

ҒТАХР 14.15.01 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.009

С.Н.Баймахан, [1] Н.П.Албытова,[1] Г.Қ. Баймаханова[2]*

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана қ., Қазақстан
[2]Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университет, Ақтөбе қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орындарына жасанды интеллект құралдарын енгізу мәселесі және студенттердің оқу мотивациясына ықпалы қарастырылады. Цифрлық жаңғыру академиялық кеңістіктің мазмұнын өзгеше пайымдауға, дәстүрлі оқыту тәсілдерін заманауи интеллектуалды жүйелермен ұштастыруға жол ашып отыр. Аталмыш бағытта жасанды интеллект білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеретін, тапсырманы бейімдейтін, жедел кері байланыс беретін әрі пәнге қызығушылықты күшейтетін пәрменді құрал ретінде айрықша маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты – студенттердің оқу мотивациясын қалыптастырудағы жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуетін ашу және оны жоғары мектеп тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін бағалау. Осынау мақсатта отандық және шетелдік ғылыми еңбектер сараланып, интеллектуалды жүйелердің академиялық ортадағы қызметі, қолданылу аясы, студент белсенділігіне әсер ететін тетіктері талданып қарастырылды. Ғылыми деректерді зерделеу студентті дайын мәліметті қабылдаушы деңгейінде қалдырмай, дербес ізденіске жетелейтінін, нәтижені саналы бағалауға және пән мазмұнымен терең байланыс орнатуға әсер ететінін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект мүмкіндіктерін жоғары білім кеңістігінде ұтымды әрі жауапты қолдану қажеттігін айқындайды. Жұмыста ұсынылған түйінді тұжырымдар педагогикалық мәнін нақтылауға, оқу тәжірибесіндегі орнын байыпты бағалауға және кейінгі ғылыми ізденістерге бағыт беруге негіз қалайды.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, оқу мотивациясы, жоғары білім беру, цифрландыру үдерісі, инновациялық оқыту.

Баймахан С.Н.,[1] Албытова Н.П.,[1] Баймаханова Г.К.[2]*
[1]Еуразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан
[2] Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

ПОТЕНЦИАЛ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В РАЗВИТИИ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ И НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Аннотация

В статье рассматривается проблема внедрения технологий искусственного интеллекта в систему высшего образования и их влияние на развитие учебной мотивации студентов. Сегодня сфера образования тесно связана с цифровыми изменениями, что обусловливает необходимость нового осмысления учебного процесса и сочетания традиционных методов с современными технологическими решениями. В данном контексте технологии искусственного интеллекта становятся важной частью содержания образования. В условиях этих преобразований искусственный интеллект приобретает особую значимость как действенный инструмент, способный учитывать индивидуальный темп обучения студента, адаптировать задания, предоставлять оперативную обратную связь и пробуждать познавательный интерес.

Основная направленность исследования заключается в раскрытии педагогического потенциала искусственного интеллекта в формировании учебной мотивации студентов и оценке возможностей его применения в процессе высшего образования. С этой целью проанализированы отечественные и зарубежные научные труды, осмыслены функции искусственного интеллекта в образовательной среде, направления его применения, а также эффективные механизмы влияния на учебную активность. Анализ научных данных показал, что данная технология не оставляет студента на уровне пассивного получателя готовой информации, а побуждает его к самостоятельному поиску, осознанной оценке учебных результатов и более глубокому взаимодействию с содержанием изучаемой дисциплины.

Результаты исследования определяют необходимость рационального и ответственного использования возможностей искусственного интеллекта в системе высшего образования. Научные выводы работы создают основу для уточнения педагогической значимости искусственного интеллекта, более глубокого осмысления его места в учебной практике и определения ориентиров для дальнейших исследований.

Ключевые слова: искусственный интеллект, учебная мотивация, высшее образование, процесс цифровизации, инновационное обучение.

Baimakhan S.,[1] Albytova N.,[1] Baimakhanova G.[2]*
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2] K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DEVELOPING STUDENTS' LEARNING MOTIVATION ANALYSIS OF CONTEMPORARY RESEARCH

Abstract

The article examines the issue of introducing artificial intelligence technologies into the higher education system and their influence on the development of students' learning motivation. Today, the field of education is closely intertwined with digital transformation, which creates a need to rethink the learning process and combine traditional methods with innovative technological solutions. In this context, artificial intelligence technologies are becoming an important component of educational content. Within these changes, artificial intelligence gains particular significance as an effective tool that can take into account each student's individual learning pace, adapt assignments, provide prompt feedback, and awaken cognitive interest.

The main focus of the study is to reveal the pedagogical potential of artificial intelligence in shaping students' learning motivation and to assess the possibilities of its application in higher education. For this purpose, domestic and foreign scientific works were analyzed, and the functions of artificial intelligence in the educational environment, its areas of application, and effective mechanisms of influence on learning activity were examined. The analysis of scientific data showed that this technology does not leave students at the level of passive recipients of ready-made information, but encourages them toward independent inquiry, conscious evaluation of learning outcomes, and deeper engagement with the content of the discipline.

The results of the study highlight the need for the rational and responsible use of artificial intelligence in the higher education system. The scientific conclusions of the work provide a basis for clarifying the pedagogical significance of artificial intelligence, for a deeper assessment of its place in educational practice, and for identifying directions for future research.

Keywords: artificial intelligence, learning motivation, higher education, the process of digitalization, innovative learning.

Кіріспе. Жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі цифрлық жаңғырудың айқын әсерін сезініп отыр. Оқу кеңістігі технологиялық серпілістермен сабақтасқан жаңа арнаға бет бұрды. Өзгерістер аясында жасанды интеллект әлеуетін жоғары білім беру үдерісіне кіріктіру маңызды орын алады.

Аталмыш технология студенттердің қабілет-қарымын, оқу қарқынын, танымдық ерекшеліктерін ескеріп, білім сапасын арттыруға жағдай жасайды. Жасанды интеллект білім беру әдістерін жетілдіретін техникалық құрал шегінде қалмай, білім алушылардың оқуға деген мотивациясын дамытатын педагогикалық құралға айналды.

Президент Қасым жомарт Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдететіні жайлы қадап айтты [1]. Мемлекет басшысының қолдауымен жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Нормативтік құжат цифрлық өзгерісті мемлекеттік міндеттермен байланыстырады және құқықтық реттеу, деректерді қауіпсіз пайдалану, инфрақұрылымды жаңарту, адами капиталды нығайту мәселелері келелі бағыттар ретінде нақтыланған [2].

Еліміздегі жоғары білім беретін оқу ордалары сандық құралды сауатты пайдаланатын, ақпаратты тексеретін, жауапкершілігі бар маман даярлау ісіне ден қойып келеді. Жетекші университеттердің білім беру үдерісін оңтайландыру, цифрландыру мақсатында, пилоттық негізде AI-Sana бағдарламасы сәтті енгізілді. Бағдарлама тиімділігі оқу жоспарларын жаңарту, ЖИ саласындағы стартаптарға қолдау көрсету, оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмыстарын бір мезгілде қатар атқаруында [3].

Ғылым және жоғары білім министрі С. Нұрбек жасанды интеллектті оқу бағдарламасына міндетті пән деп енгізу жөніндегі ұсынысын ортаға салған болатын. Жаңа пән ChatGPT немесе басқа жүйелерді механикалық қолданудан бөлек, сыни ойлау, талдау жасау, ізденушілік дағдыларын кіріктіре дамытуды көздейтіні көрсетілген.

Студенттің оқу мотивациясы – білім беру бағдарламасының нәтижелі жүзеге асуына ықпал ететін негізгі психологиялық-педагогикалық көрсеткіштердің бірі әрі бірегейі. Ынтасы мол білім алушы мақсатын айқынырақ белгілейді, тапсырмаға саналы кіріседі, өз нәтижесіне жауапкершілікпен қарайды. Академиялық мотивация оқу сапасына, сабақтағы белсенділікке, жетістікке және болашақ кәсіби бағдардың орнығуына жауап береді.

Білім беру мен психология саласындағы ғылыми жұмыстарда ізденуге шынайы қызығатын студент тапсырмаға белсендірек кірісетіні дәлелденген. Сондықтан да, ішкі мотвация академиялық табыстың маңызды алғышарты деп бағаланады.

Дейтұрғанмен, ақпарат тасқыны, оқу бағдарламаларының қиындауы және стандартталған тапсырмалардың молаюы кей кезде білім алушының қызығушылығын бәсеңдетері сөзсіз. Студенттің танымдық ынтасын сақтайтын, оқу іс-әрекетін жандандыратын, жеке қажеттілігіне икемделетін тәсілдерге деген сұраныс күннен күнге артып отқан жайы бар.

Жоғары білім жүйесіне ЖИ құралдарының енуі аталмыш мәселені тың қырынан зерделеуге жол ашты. Интеллектуалды жүйелер білім алушыға қажетті мәліметті тез іріктеуге, ұғым мәнін ашуға, материалдарды жинақтауға жәрдем береді. Сауатты қолданылған жағдайда білім алушының ой-өрісін, ізденісін бағдарлайтын ресурсқа айналады.

«Жасанды интеллект» терминін 1956 жылы Джон Маккарти ғылыми айналымға қосты. Кейінірек А. Тьюрингтің алгоритмдік машиналар жөніндегі теориялық пайымдары зерттеулердің тереңдей түсуіне арқау болды [4]. Отандық және шетелдік ғалымдар назарын жасанды интеллект пен мотивация арақатынасы мәселесіне аударып отыр. Дж. Френсис оқу технологияларының студент белсенділігіне әсерін айшықтаса [5], Калифорния университетінің профессоры Кайлин К. Уиляьмс аталмыш ұғымды бес компонент студент, оқытушы, мазмұн, әдіс және оқу ортасы арқылы өрістейтін күрделі жүйе деп бағамдайды [6]. Осынау еңбектердің ортақ өзегі білім алушының ішкі талабымен ұштастыра білуінде жатыр.

Е.Р.Нұртаев магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі мотивациялық ерекшеліктерді арнайы талдап, кәсіби қалыптасуға әсер ететін тұрақты құрамдарды саралайды [7]. Автор әртүрлі теориялық ұстанымдарды салыстыра отырып, жас зерттеушінің ұмтылысы бір ғана қызығушылықпен шектелмейтінін аңғартады. Ғылыми ізденіске бейімдік, мамандыққа қажеттілік, кәсіби көзқарас, құндылық бағдар, танымдық белсендік бір-бірімен астасып, болашақ маманның даму арнасын түзеді. Магистрант құлшынысын сыртқы талап деп емес, кәсіби мағынамен байланыстырғанда нәтижелі болмақ.

Инновациялық оқыту тәсілдерінің кәсіби мотивацияға ықпалы А.К.Мыңбаева мен З.С.Садвакасова еңбектерінде кеңірек ашылған [8]. Жұмыстарында оқытушы қолданатын жаңашыл әдіс студенттің кәсіби құзыретін жетілдіретін пәрменді тетік екенін алға тартады. Әсіресе болашақ мамандыққа қажет дағдыларды қалыптастыруға негізделген тапсырмалар оқу әрекетіне шынайы мән береді. Заманауи технологиялармен жұмыс істеу, бағдарламалық өнімдерді игеру теориядан практикаға жақындатады.

Г.Б.Лекерова педагогикалық мамандықта оқитын ЖОО студенттерінің оқу іс-әрекетіндегі мотвациялық динамиканы қарастырды [9]. Зерттеу нәтижелерінен құлшынысты оятуға көзделген шаралардың құрылымы, мазмұны, түрлері білім алушының әрқайсысына әртүрлі деңгейде әсер ететінін байқадық. Яғни, мотивация бірқалыпты күйде тұрмайды. Мәселен, автор мамандық таңдау ынтасына кәсіби даярлық кезеңінде жеке құндылықбағдаррлардың орныңуына ықпалдасады дейді.

Г.Б.Капбасова білім беру үдерісін ұйымдастырудың психологиялық негізін таразылап, студенттің дара ерекшелігін ескеретін құрылымдық модель ұсынды [10]. Қашықтықтан оқыту жағдайында құлшыныстың мазмұны мен табиғаты бөлек сипат алатынын анықтаған. Экран арқылы білім алу еркіндік бергенімен, өзін-өзі басқару, жауапкершілік, уақытты реттеу сынды талаптар жүктейтіні бар.

К.Т.Бименов, Н.К.Токсанбаева, Н.С.Жубаназарова және А.Т.Абдрахманова мотивацияны психологиядағы көпқырлы ұғымдар қатарында бағамдайды [11]. Ғалымдар студент ынтасын түсіну үшін оқу мақсатына, жеке қажеттіліктері мен тқызығушылығына үңілу қажет екенін көрсетеді.

П.Б.Дауткалиева студент мінез-құлқына әсер ететін жағымды және жағымсыз факторларды саралап, аталмыш құбылыстың құрылымдық моделін ұсынды [12]. Автордың пайымында білім алушы әрекеті ішкі ниетке де, сыртқы жағдайға да тәуелді. Эмоционалдық күй, оқу ортасындағы қолдау, тапсырманың мағынасы, жетістікке сенім және сәтсіздіктен қорқу сынды белгілер студенттің сабаққа қатысу қарқынын айқындайды. Бір деректер ішкі мотивацияның оқу әрекетіне серпін беретінін көрсетсе, келесі тұжырымдар мінез-құлықпен, өзіндік бағамен, академиялық табандылықпен байланысын ашады.

Н.Жиенбаева мен О.Тапалова цифрландырудың мәнін нақтылай отырып, жасанды интеллект арқылы білім беруді дербестендіру мәселесін қарастырады. Зерттеушілер Altitude Learning, Gradescope және Knewton Alta тәрізді білім беру платформаларының мүмкіндіктерін талдап, оқу үдерісіндегі әлеуетін бағалаған [13]. С.Қ.Құдайбергенова мен С.Қ.Әбілдина Қазақстанның білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізудің келешегін саралап, оқыту сапасын жақсартатын қырларын зерделейді.

V.Kuleto студенттердің машиналық оқыту технологиялары мен жасанды интеллектіні оқу үдерісінде қолдануға даярлығын тәжірибеде талдап, таразылаған. Белград қаласындағы ақпараттық технологиялар мектебінің 83 студенті қатысқан эксперимент нәтижесінде зерттеуші цифрлық сауаттылықты арттыру, білім алушыларды зияткерлік жүйелермен жұмыс істеуге бейімдеу аса маңызды екенін тұжырымдады [14].

Білім беру үдерісі мен жасанды интеллекттің тоғысуы, студент мотивациясын дамытудағы мүмкіндіктеріне шолу жасағанда M.Hmoud жетекшілігімен жүргізілген зерттеуді айналып өте алмаймыз. Автор ChatGPT құралы арқылы оқу тапсырмаларын орындау барысындағы студент

мотивациясына кешенді сипаттама береді. Эмпирикалық жұмысқа қатысқан білім алушылар жасанды интеллектпен жұмыс істеу оқу процесіне қызығушылықты арттырғанын, қанағат сезімін күшейткенін, белсенді қатысуға дем бергенін, уақытты үнемдеуге және өзіне деген сенімді бекемдеуге көмектескенін жеткізген [15].

Fadi Bani Ahmad жүргізген зерттеу жасанды интеллектке негізделген ойын элементтерін жаратылыстану пәндерін оқытуда қолданудың мотивациялық әсерін пайымдауға бағытталған. Нәтижесінде жасанды интеллект пен геймификация әдісі оқу үдерісіндегі абстрактілі ұғымдарды қабылдауды жеңілдететінін сипаттайды [16].

Huang, Lu және Yang «flipped classroom» әдісін қолдану, іске асыру барысында жасанды интеллект негізінде әзірленген жеке бейнесабақтардың тиімділігін зерттеген. Ғалымдар экспериментке дейін оқу мотивациясы орташа деңгейде болған студенттердің кейінгі көрсеткіштері едәуір жоғарылағанын анықтаған [17].

Samreen Rizvi студенттердің арнайы кәсіби даярлығы кезінде оқу мотивациясын дамытудағы жасанды интеллект мүмкіндіктерін қарастырып, интеллектуалды оқыту жүйелері, виртуалды ассистенттер, адаптивті оқыту алгоритмдері студенттің қызығушылығы мен танымдық қажеттілігіне икемделген оқу ортасын қалыптастыруға қолайлы деп танылды. Зерттеуші білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын қолдану кезінде туындайтын этикалық өлшемдерге де баса назар аударып, жауапты әрі тиімді пайдаланудың маңызын алға тартады [18].

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектер жасанды интеллекттің студент мотивациясына әсері біржақты құбылыс емес екенін аңғартып тұр. Зияткерлік технология оқу үдерісіне енген кезде студенттің ақпаратпен жұмыс істеу мәдениеті өзгеріп, дербес шешім қабылдау дағдысы беки түспек. Әсіресе тапсырманы жеке деңгейге бейімдеу, жедел кері байланыс беру, күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру, оқу қарқынын білім алушының мүмкіндігіне қарай икемдеу мотивациялық серпіннің басты арнасына айналады.

Жасанды интеллекттің тиімділігі технологиялық қуатымен қатар, педагогикалық мақсатқа сай қолдану мәдениетімен де таразыланатынын айта өту керек. Мәселен, студент дайын жауапқа тәуелді болып, өз ой еңбегін әлсіретсе, сандық құрал күткен нәтижеге жеткізбейді. Оқытушы жасанды интеллектті бағыт-бағдар беретін, ізденісті ұштайтын, ғылыми пайымды тереңдететін көмекші арнаға айналдырса, оқу мотивациясы табиғи түрде толығады.

Негізгі ережелер. Жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллектті пайдалану және студенттердің оқу мотивациясына ықпалы зерттеудің басты бағдары. Әдеби шолу жасау нәтижесінде қазіргі таңда жоғары білім беру үдерісінде жасанды интеллекттің атқаратын рөлі анықталды. Зерттеу жұмыстарын талдау барысында жасанды интеллекттің оқу іс-әрекеті мен мотивацияны дамытудағы артықшылықтары зерделенді. Жасанды интеллектіні этикалық қағидаларға сәйкес қолдану білім беру үдерісіне тиімді интеграциялануының негізгі шарттарының өзектісі деп білеміз.

Материалдар мен әдістер. Берілген мақала тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде теориялық және эмпирикалық әдістерді біріктірген кешенді әдіс пайдаланылды.

Ғылыми жұмыстың валидтілігі мен сенімділігін арттыру мақсатында сандық және сапалық деректерді жинақталып, нәтижесіне талдау жасалды. Білім беру саласындағы жасанды интеллекттің оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігі жайлы зерттеулерге жүйелі әдеби шолу жүргізілді. Шолу барысында Scopus, Web of Science т.б. сынды танымал халықаралық дерекқор базаларына шыққан жарияланымдар мен отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды.

Деректерді жинақтау үшін зерттеу мәселесі бойынша арнайы сауалнама әзірленіп пайдаланылды. Сауалнаманың мазмұны 4 блоктан тұрды. Сұрақтар студенттердің жасанды интеллектті қаншалықты жиі қолдану деңгейін, ықтимал тәуекелдер мен кездесетін қиындықтарды анықтауға бағытталды. Сауалнамада Лайкерт шкаласы негізінде құрылған жабық сұрақтардан

тұрды. Сапалық деректерді алуға мүмкіндік беретін ашық сұрақтар да енгізілді. Тәжірибе зерттеу базалары деп бекітілген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жүргізілді. Сауалнамаға педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқитын барлығы 318 студент қатысты. Респонденттерге сауалнама сілтемесі онлайн форматта жіберіліп, «GoogIe Forms» платформасы арқылы жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау. Сауалнама деректері студенттердің жоғары білім беру үдерісіне жасанды интеллект жүйелерін енгізуге қатысты ұстанымын айқындауға мүмкіндік берді.

Жауаптарды статистикалық тұрғыдан саралау респонденттердің едәуір бөлігінде аталмыш технология жөнінде бастапқы түсінік қалыптасқанын аңғартты. Байқауымызша студенттер ЖИ-ді күнделікті оқу әрекетіне біртіндеп кірігіп үлгерген көмекші құрал деп таниды.



Сурет 1. Студенттердің жасанды интеллектті қолдану деңгейін анықтау

1-суреттегі көрсеткіштер білім алушылардың ЖИ құралдарын оқу барысында әртүрлі жиілікпен пайдаланатынын аңғартады. Респонденттердің 47,8%-ы технологияға жиі жүгінетінін көрсеткен. Қалған 29,2%-ы қажет сәттерде қолданатынын белгілесе, 22,6%-ы тұрақты пайдалану тәжірибесі бар екенін білдірген. ЖИ жүйелерін мүлде қолданбайтындар үлесі 1%-дан аспайды.

Көрсеткіштерді жинақтай қарағанда, студенттердің басым бөлігі ЖИ мүмкіндіктерін ақпарат іздеу, мәтін құрастыру, ұғымды түсіну, тапсырманы жүйелеу, идеяны нақтылау сияқты әрекеттермен байланыстырады. Әсіресе тұрақты қолданатын респонденттер үлесінің жоғары болуы технологиялық құралдардың оқу үдерісіндегі орны күшейіп келе жатқанын білдіреді. Дей тұра, мүлде қолданбайтын шағын топтың болуы да назардан тыс қалмауы тиіс.

ЖИ-дің сабақты қызықты ету ықпалына қатысты жауаптар да оң бағытта. Сауалнамаға қатысқандардың 64,2%-ы жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісімен ұштастыру сабаққа деген қызығушылықты арттырады деген пікірге қосылған.

Респонденттердің 14,4%-ы бейтарап жауап берген. Пікірді қолдамаған респонденттер үлесі 3% шамасында ғана. Аз көрсеткіш болғанымен, маңызды белгі. Себебі кез келген технологияны білім беру жүйесіне енгізу кезінде барлық студент бірдей қабылдай бермейді. Бірі оны уақыт үнемдейтін мүмкіндік деп таныса, енді бірі ойлану қабілетін әлсіретететін дайын шешім көзі деп ойлауы ықтимал. Сауалнама бойынша талдау нәтижелері студенттердің басым көпшілігі жасанды интеллектті оқу үдерісінде көмекші құрал деп санайтынын дәлелдеп тұр.



Сурет 2. Жасанды интеллекттің оқу үдерісіндегі мүмкіндіктерін бағалауы


Жасанды интеллектінің білім беру сапасын арттырудағы ықпалына қатысты сауалда респонденттердің басым бөлігі оң көзқарас білдірген. 3-суретте қатысушылардың көпшілігі (62%) технологияның оқу үдерісімен интеграциясын қолдаса, қалған 30% «бейтарап» нұсқасын таңдаған. Дей тұра пікірмен келіспейтін респонденттер де болды, көрсеткіші 5% құрады. Сауалнамада студенттердің көпшілігі жасанды интеллектіні оқу үдерісіне қажет, тиімді көмекші құрал деп толығымен келіскен.



Сурет 3. Жасанды интеллекттің оқу үдерісінде қолдануды бағалауы

Респонденттердің жауаптарын талдау, жүйелеу барысында басым көпшілігі жасанды интеллект құралдарына жиі жүгінетіндігін білдірді. Әсіресе, студенттер арасында пайдалану бойынша аса танымал ChatGPT, Gamma ai, Gemini, CopiIot, DeepSeek, Slides ai, GrammarIy аталған.

4-суретте берілген жасанды интеллектіні қолдану мақсатына байланысты сауалда респонденттердің 77% ақпарат іздеуде қажет дегенді таңдаса, 10% әлеуметтік желіге контент жасау үшін, 6% бағдарламалауда тиімді ресурс екендігін жеткізді. Респонденттердің қалған 5% мәтіндерді өзге тілге аударуда маңызды деп санаса, 1% аталған технологияны практикалық тұрғыдан мүлдем қолданбайтындығын байқатты. Сауалнамадағы «Жасанды интеллект күрделі тақырыптарды тереңірек түсінуге көмектеседі» деп есептеген респонденттердің 60,8% пікірмен келіскен.



Сурет 4. Жасанды интеллектті пайдалану мақсатына қатысты талдау нәтижесі

Сауалнама нәтижелері студенттердің оқу үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізуге қатысты көзқарастарын айқындауға мүмкіндік берді. 5-суреттегі респонденттердің берген жауаптарын талдай келе, 1-ден 10-ға дейінгі баллдық шкала бойынша бағалауда білім беру үдерісіндегі жасанды интеллект құралдарының маңыздылығы орта есеппен 8,28 балл құрады. Зерттеу нәтижелері студенттердің білім беру процесіне жасанды интеллект технологияларын интеграциялауға деген оң көзқарасын нақтылады.



Сурет 5. Жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі рөлін бағалау.

Зерттеу барысында алынған сауалнама деректері респонденттердің жасанды интеллектіні білім беру кеңістігіне енгізуге негізінен оң ниет танытатынын аңғартты. Дегенмен жауаптарда үмітпен қатар сақтық та сезіледі. Қатысушылар жасанды интеллектінің оқу үдерісін жеңілдететін, ақпаратқа жылдам қол жеткіздіретін, зерттеу жұмысын жүйелеуге жәрдемдесетін қырларын жоғары бағалаған. Сонымен бірге технологияны шектен тыс пайдалану тұлғаның дайын жауапқа сүйену дағдысын күшейтіп, дербес ойлау машығын әлсіретуі мүмкін екені де назардан тыс қалған жоқ. Әсіресе ақпараттың шынайылығы, дереккөздердің сенімділігі, академиялық адалдық және сыни пайым мәселелері респонденттер тарапынан жиі көтерілген.

Сауалнама қорытындылары жасанды интеллектінің жоғары білім жүйесінде сұранысқа ие құралға айналғанын танытады. Бүгінгі студент үшін жасанды интеллект ақпарат іздеудің, мәтінмен жұмыс істеудің, идеяны нақтылаудың және оқу тапсырмаларын орындаудың қосымша тетігі. Десек те технологияның пайдалы әсері саналы, жауапты әрі ғылыми мәдениетке сай қолданғанда ғана айқындала түседі. Цифрлық сауаттылық, академиялық этика, дерекпен жұмыс істеу мәдениеті және сыни ойлау қабілеті жасанды интеллектіні пайдаланудың негізгі тірек-

теріне айналуы тиіс. Технологиялық мүмкіндік білім алушының ой еңбегін алмастырмай, қайта ізденісін тереңдететін бағытта қолданылғаны жөн.

Жасанды интеллект оқу материалын түсінуге, ғылыми ақпаратты іріктеуге, ойды жүйелеуге серпін бергенімен, білім алушының жеке пайымы, дәлел құру қабілеті, дерекке күмәнмен қарау дағдысы басты орында қалуға тиісті. Университет қабырғасында технологияны игеру үшін студентке ақпаратты салыстыру, тексеру, өңдеу, өз ұстанымымен байланыстыру мәдениеті қажет.

Қорытынды. Жоғары білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын енгізу оқыту мен ғылыми ізденістің жаңа өрісін, тың тынысын ашады. Сауалнама нәтижелері студенттердің басым бөлігі жасанды интеллектіні білім алу үдерісіндегі маңызды көмекші құрал санайтынын дәлелдейді. Әсіресе ақпарат іздеу, материалды жүйелеу, күрделі ұғымдарды түсіндіру және зерттеу бағытын нақтылау барысында тиімділігі жоғары бағаланған. Десек те жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу біржақты үдеріс деп қаралмауы керек. Технологиямен бірге келетін тәуекелдер, дайын мәтінге тәуелділік, білім алушының өз бетінше сыни ойлау қабілетінің әлсіреуі және жалған ақпаратқа сүйену қаупі мұқият ескерілуі қажетті шарт.

Жалпы зерттеу отандық білім беру кеңістігінде жасанды интеллектіні қолдануға қатысты оң бағыт қалыптасып келе жатқанын байқатады. Жоғары білім жүйесінде жасанды интеллектіні қолданудың келешегі кең. Саналы игерілген технологиялық әлеует білім беру сапасын биік сатыға көтеруге, жаңаруына айырықша серпін береді.

Жасанды интеллектіні жоғары білім беру аясында тиімді пайдалану үшін студенттердің цифрлық сауаттылығын арттырумен қатар, академиялық адалдық мәдениетін орнықтыру ісі маңызды. Білім алушы интеллектуалды жүйелер ұсынған жауапты тексеріп, салыстырып, ғылыми дереккөздермен негіздей алуы қажет-ақ. Жасанды интеллект студенттің ізденіс бағытын кеңейтетін, талдау қабілетін шыңдайтын және зерттеу мәдениетін тереңдететін қосымша мүмкіндік ретінде қарастырылуға тиіс. Болашақта аталған технологияны білім беру үдерісіне енгізу оқытушының кәсіби рөлін де жаңаша пайымдауды талап етеді. Оқытушы ақпарат жеткізуші тұлға деңгейімен шектелмей, білім алушының дербес ойлауын, шығармашылық ізденісін және жауапты шешім қабылдау қабілетін бағыттайтын ғылыми-әдістемелік жетекшіге айналады. Ендеше, жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесі педагогикалық мақсатпен, этикалық ұстаныммен және сапалы білім беру талабымен ұштасқанда ғана нақты нәтиже береді. Осынау үйлесімділік жоғары мектептің жаңаруын, оқу мазмұнының тереңдеуін және студенттің танымдық әлеуетінің ашылуын ғылыми тұрғыда негіздейді.

Сайып келгенде, білім алушы ЖИ ұсынған мәліметті дайын нәтиже деп қабылдамай, ой елегінен өткізіп, мазмұнын саралап, ғылыми дереккөздермен салыстырып, жеке пайымымен толықтырған жағдайда технология оқу сапасына нақты үлес қоса алады. Жасанды интеллект жауапты тез береді. Жауаптың дұрыстығын бағалау, қисынын тексеру, мазмұндық салмағын анықтау студенттің өзіне жүктеледі. ЖИ білім беру кеңістігінде көмекші құрал деп бағалануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Послание Главы государства народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» [Электронный ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly_sheshu-881957 (дата обращения: 20.09.2025).

2. Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлығы. – 2024. – 24 шілде. – № 592. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (қаралған күні: 20.09.2025).

3. Брифинг: ғылым мен жоғары білім беруді цифрландыру, Ai-Sana инновациялық бағдарламасы [Электрондық ресурс].– 2025. – 24 ақпан. – Кіру режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/944443?lang=kk (қаралған күні: 20.07.2025).

4. Асқаркызы С., & Жунусбекова А. XXI ғасырдың білім беру жүйесінде жасанды интеллектісі:SWOT–талдау// ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, 2024. 79(2), 26–35Б.URL:https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/2170 /826/7807

5. Francis James. The Effects of Technology on Student Motivation and Engagement in Classroom-Based Learning // All Theses and Dissertations. – 2017. – № 121. – С. 10–12. – URL: https://dune.une.edu/theses/121/

6. Williams Kaylene C., Williams Caro. Five Key Ingredients for Improving Student Motivation –2011.–URL: https://www.researchgate.net/publication/ 264840387

7. Нуртаев Е. Особенности мотивации учебно-исследовательской деятельности магистрантов: дис. … PhD. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2013. – 168 с.

8. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие. – 11-е изд. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 462 с.

9. Лекерова Г.Ж., Муротмусаев К.Б. Психологическое сопровождение студентов в контексте развития мотивации педагогической деятельности // CARJIS. – 2022. – № Special Issue 1. Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskoe-soprovozhdenie-studentov-v-kontekste-razvitiya-motivatsii-pedagogicheskoy-deyatelnosti

10. Капбасова Г.Б. Мотивы учебной деятельности студентов //Сб.материалов Международной научно-практической конференции «Валихановские чтения - 17». - Т.II. - Кокшетау: Изд-во КГУ им. Ш. Уалиханова, 2013. - С. 325-335

11. Бименов Қ.Т., Тоқсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С., Абдрахманова А.Т. Студенттердің әлеуметтенуіне оқу мотивациясының әсерін психологиялық тұрғыда талдау // Вестник КазНПУ им. Абая. Сер. «Психология». – 2019. – №4(61).–С.100–103 URL:https://sp.kaznpu. kz/docs/jurnal_file/ file20200419 013601. pdf

12. Дауткалиева П.Б., Черникова Т.В., Садреймова А.Ж. Искусственный интеллект в сфере образования Казахстана: возможности и перспективы// ҚазҰУ хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы,2022.81(2),23-32Б. URL:https://ysj.yu.edu.kz/ru/akademik-m-a-h-asylbekovty%d2%a2-%d2%9aaza%d2%9a-tarihyn-zertteuge-%d2%9aos%d2%9aan-%d2%aelesi/

13. Tapalova O., Zhiyenbayeva N. Artificial Intelligence in Education: AIEd for Personalised Learning Pathways // Electronic Journal of E-Learning. – 2022. – Vol. 20, № 5. – P. 639–653. – DOI: https://doi.org/10.34190/ejel.20.5.2597

14. Kuleto V., Ilić M., Dedić V., Raketić K. Application of Artificial Intelligence and Machine Learning in Higher Education, Available Platforms and Examining Students' Awareness // EdTech Journal. – 2021. – Vol. 1. – P. 24–28. – DOI: 10.18485/edtech.2021.1.1.2

15. Hmoud M., Swaity H., Hamad N., Karram O., Daher W. Higher Education Students' Task Motivation in the Generative Artificial Intelligence Context: The Case of ChatGPT // Information. – 2024. – Т. 15, № 1. – С. 33. – DOI: https://doi.org/10.3390/info15010033

16. Bani Ahmad F. The Impact of the Use of Artificial Intelligence-Based Gamification on the Development of the Motivation of Students of the Basic Stage Towards Education // Proceedings of ICRES 2024 – International Conference on Research in Education and Science. –Antalya,Turkiye:ISTES, 2024.–P.1391–1401. URL:https://files.eric.ed. gov/fulltext /ED673 124.pdf

17. Siau K., Yang Y. Impact of artificial intelligence, robotics, and machine learning on education // Education and Information Technologies. – 2017. – Vol. 22, No 2.– P. 747 – 768. – Access modeURL:https://www.researchgate.net/publication /317241468_Impact_of_Artificial_Intelligence_Robotics_and_Automation_on_Higher_Education

18. Rizvi S. Revolutionizing Student Engagement: Artificial Intelligence's Impact on Specialized Learning Motivation. International Journal of Advanced Engineering Research and Science, 10(9),2023, 27–31. https://dx.doi.org/10.22161/ijaers.109.4

References:

1. Poslanie Glavy` gosudarstva narodu Kazaxstana «Kazaxstan v e`poxu iskusstvennogo intellekta: aktual`ny`e zadachi i ix resheniya cherez cifrovuyu transformaciyu» [Kazakhstan in the era of artificial intelligence: current challenges and their solutions through digital transformation] [E`lektronny`j resurs]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (accessed: 20.09.2025).

2. Zhasandy` intellektti damy`tudy`ң 2024 – 2029 zhy`ldarға arnalған tұzhy`ry`mdamasy`n bekitu turaly`[On approval of the concept for the development of artificial intelligence for 2024-2029] «Ədilet» AҚZh [E`lektronny`j resurs]. URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (accessed: 20.09. 2025)

3. Briefing: Digitalization of Science and Higher Education, Ai-Sana Innovative Program [Electronic resource]. – 2025. – February 24. – Access mode: https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/944443?lang=kk (accessed: 20.07.2025).

4. Askarkyzy S., & Zhunusbekova A. Artificial Intelligence in the Education System of the 21st Century: SWOT Analysis // KazNU Bulletin. Pedagogical Series. 2024. Vol. 79, No. 2. P. 26–35. URL: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/2170/826/7807

5. Francis, James. The Effects of Technology on Student Motivation and Engagement in Classroom-Based Learning // All Theses and Dissertations. – 2017. – № 121. – С. 10–12. – URL: https://dune.une.edu/theses/121/

6. Williams, Kaylene C.; Williams, Caro. Five Key Ingredients for Improving Student Motivation –2011.–URL: https://www.researchgate.net/publication/ 264840387

7. Nurtaev E. Osobennosti motivacii uchebno-issledovatel'skoj dejatel'nosti magistrantov [Characteristics of Motivation in Master's Students' Academic and Research Activities]: dis. … PhD. – Almaty: KazNPU im. Abaja, 2013. – 168 s.

8. Mynbaeva A. K., Sadvakasova Z. M. Innovacionnye metody obuchenija, ili kak interesno prepodavat' [Innovative teaching methods, or how to make teaching engaging]: uchebnoe posobie. – 11-e izd. – Almaty: Қazaқ universiteti, 2019. – 462 s.

9. Lekerova G. Zh., Murotmusaev K. B. Psihologicheskoe soprovozhdenie studentov v kontekste razvitija motivacii pedagogicheskoj dejatel'nosti [Psychological Support for Students in the Context of Developing Motivation for Teaching] // CARJIS. – 2022. – № Special Issue 1.– Rezhim dostupa: https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskoe-soprovozhdenie-studentov-v-kontekste-razvitiya-motivatsii-pedagogicheskoy-deyatelnosti

10. Kapbasova G.B. Motivy uchebnoj dejatel'nosti studentov //Sb.materialov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii «Valihanovskie chtenija - 17».[Motivations for Students' Academic Activities //Proceedings of the International Scientific and Practical Conference "Valikhanov Readings – 17"]. - T.II. - Kokshetau: Izd-vo KGU im. III. Ualihanova, 2013. - S. 325-335

11. Bimenov Q.T., Toqsanbaeva N.Q., Jubanazarova N.S., Abdrahmanova A.T. Studentterdıñ äleumettenuıne oqu motivasiasynyñ äserın psihologialyq tūrğyda taldau [A Psychological Analysis of the Effect of Academic Motivation on Students' Socialization] // Vestnik KazNPU im. Abaia. Ser. «Psihologia». – 2019. – №4(61).–S.100–103 URL:https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/ file20200419 013601.pdf

12. Dautkalieva P.B., Chernikova T.V., Sadrejmova A.Zh. Iskusstvennyj intellekt v sfere obrazovanija Kazahstana: vozmozhnosti i perspektivy [Artificial Intelligence in Kazakhstan's Education Sector: Opportunities and Prospects]// ҚazҰU habarshysy. Psihologija zhəne əleumettanu serijasy,2022.81(2),23-32B.URL:https://ysj.yu.edu.kz/ru/akademik-m-a-h-asylbekovty%d2%a2-%d2%9aaza%d2%9a-tarihyn-zertteuge-%d2%9aos%d2%9aan-%d2%aelesi/

13. Tapalova O., Zhiyenbayeva N. Artificial Intelligence in Education: AIEd for Personalised Learning Pathways // Electronic Journal of E-Learning. – 2022. – Vol. 20, № 5. – P. 639–653. – DOI: https://doi.org/10.34190/ejel.20.5.2597

14. Kuleto V., Ilić M., Dedić V., Raketić K. Application of Artificial Intelligence and Machine Learning in Higher Education, Available Platforms and Examining Students' Awareness // EdTech Journal. – 2021. – Vol. 1. – P. 24–28. – DOI:10.18485/edtech.2021.1.1.2

15. Hmoud M., Swaity H., Hamad N., Karram O., Daher W. Higher Education Students' Task Motivation in the Generative Artificial Intelligence Context: The Case of ChatGPT // Information. – 2024. – Т. 15, № 1. – С. 33. – DOI: https://doi.org/10.3390/info15010033

16. Bani Ahmad, F. The Impact of the Use of Artificial Intelligence-Based Gamification on the Development of the Motivation of Students of the Basic Stage Towards Education // Proceedings of ICRES 2024 – International Conference on Research in Education and Science. –Antalya,Turkiye:ISTES, 2024.–P.1391–1401.URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/ ED673124. pdf

17. Siau K., Yang Y. Impact of artificial intelligence, robotics, and machine learning on education // Education and Information Technologies. – 2017. – Vol. 22, No 2.– P. 747 – 768. – Access mode URL:https://www.researchgate.net/publication /317241468 Impact of Artificial Intelligence Robotics and Automation on Higher Education

18. Rizvi S. Revolutionizing Student Engagement: Artificial Intelligence's Impact on Specialized Learning Motivation. International Journal of Advanced Engineering Research and Science, 10(9),2023. 27–31. https://dx.doi.org/10.22161/ijaers.109.4

ҒТАХР 14.07.07

https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.010

Д.С.Сабитова,[1] К.О.Оразбаева,[1] Б.Айдархан [2]*

[1]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университет, Көкшетау қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

ІСТ МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада университет студенттерінің академиялық дайындық кезеңіндегі ғылыми-зерттеуге деген қызығушылықтарының деңгейін зерттеу ұсынылған. Осы тақырып бойынша отандық және шетелдік басылымдарға аналитикалық шолу жүргізілді. Әдістемелік негіз ретінде зерттеу мотивациясының құрылымдық тәсіліне негізделген ІСТ моделі пайдаланылды. Теориялық негізі ғылыми қызығушылық психологиялық құбылыс ретіндегі идеялардан, студенттердің ғылыми білімді меңгерудегі қажеттіліктерінен, сондай-ақ білім беру ортасындағы зерттеу мотивациясын жан-жақты талдау мүмкіндіктерінен тұрады. Қызығушылық деңгейі Г.Хекхаузеннің мотивация теориясы негізінде бағаланды, ол үш негізгі құрылымды анықтайды: мотивациялық, мазмұндық және технологиялық. Осылардың негізінде студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін саралауға мүмкіндік беретін бес деңгейлі зерттеушілік қызығушылық шкаласы әзірленді. Эмпирикалық зерттеу Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 379 бакалавриат студенттерінің іріктеуімен жүргізілді (студенттердің жалпы санынан 5%). Мәліметтерді жинау және өңдеу сипаттамалық және салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Визуализация және статистикалық өңдеу үшін MS Excel, Power BI, Statistica және R пайдаланылды.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу, бағалау, қызығушылық, мотивациялық, мазмұндық, технологиялық, құрылымдық тәсіл.

Сабитова Д.С.,[1] Оразбаева К.О.,[1] Айдархан Б.[2]*

[1]Кокшетауский университет им. Ш.Уайханова, г.Кокшетау, Казахстан
[2]Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ИНТЕРЕСОВ СТУДЕНТОВ ВУЗА НА ОСНОВЕ МОДЕЛИ ІСТ

Аннотация

Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ-құзыреттілігінің метапәндік құраушысын тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда зерттеген В.А.Матвеева жұмысы цифрлық құралдар арқылы метапәндік компонентті қалыптастыру логикасын нақтылайды [8].

Л.А.Мзокованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін метапәндік құзыреттерді қалыптастыруға даярлау» тақырыбында кандидаттық диссертация деңгейінде де жүйелі зерттеген еңбегінде - дайындық моделі, кезеңдері, педагогикалық шарттар және диагностика блоктары сипатталады [9].

Шетел әдебиеттерінде «метапәндік» термині әр елде әртүрлі аталғанымен (transversal, interdisciplinary, integrated learning), мазмұны ұқсас: пәннен жоғары құзыреттерді қалыптастыру және мұғалім даярлау бағдарламаларын осыған бейімдеу. Финляндиядағы оқу мазмұны мен мұғалім даярлау реформаларын XXI ғасыр құзыреттерімен байланыстыра талдаған зерттеу осы бағыттағы тұжырымдарды негіздейді [10].

Сонымен қатар мұғалімдерді оқыту бағдарламалары құзыреттерді арттыруға әсер ететінін көрсеткен мета/эмпирикалық зерттеу нәтижелері мұғалім даярлау жүйесінде құзыреттілікке бағдарланған әдістемелерді негіздеуге мүмкіндік береді [11].

Зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған әдістемені теориялық негіздеу және оны педагогикалық эксперимент арқылы апробациялау (кезеңдері, құралдары, өлшемдері мен көрсеткіштері).

Зерттеудің маңыздылығы – алынған нәтижелер педагогикалық ЖОО-ларда пәндерді, практикаларды және әдістемелік дайындықты метапәндік нәтижелер логикасымен құрастыруға, сондай-ақ бастауыш білім мазмұнындағы интегративті нәтижелерге жұмыс істеудің әдістемелік құралдарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер:

1. Метапәндік құзыреттіліктер болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығында пәндік білімнен жоғары деңгейдегі нәтижелерді (ақпаратпен жұмыс, оқу міндетін қою/шешу, рефлексия, коммуникация, зерттеушілік әрекет) біріктіретін интегративті нәтиже ретінде қарастырылады; оны қалыптастыру оқу үдерісін тұтас (интеграциялық) жобалауды талап етеді [12].

2. Болашақ мұғалімдердің метапәндік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістемесі бағалау - кері байланыс жүйесімен бірге жүруі тиіс: метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін диагностикалау, критерийлер арқылы бағалау және деректерге сүйеніп оқыту траекториясын түзету қажет [7].

3. Қазақстандық білім беру тәжірибесінде метапәндік құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін пәрменді құралдардың бірі - жағдаяттық тапсырмалар мен проблемалық оқу; олар пән мазмұнын өмірлік жағдаяттармен байланыстырып, оқушылардың (және оны ұйымдастыратын мұғалімнің) метапәндік дағдыларын жүйелі дамытуға мүмкіндік береді [13].

4. Әдістемелік жүйенің өзегі - болашақ мұғалімнің метатану/метакогнитивтік (өз оқуын жоспарлау, бақылау, бағалау) құзыреттерін қалыптастыру: бұл компоненттерсіз метапәндік нәтижелер тұрақты қалыптаспайды және тәжірибеде тасымалдануы әлсіз болады [14].

5. Метапәндік құзыреттіліктердің қазіргі құрамы цифрлық ортаға бейімделген педагогикалық әрекеттермен толықтырылады: цифрлық құзыреттілік, оқу үдерісіне технологияны саналы кіріктіру, деректермен жұмыс істеу сияқты дағдылар болашақ мұғалім даярлаудың міндетті «мета-қабаты» ретінде айқындалып отыр [15].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеу құзыреттілікке негізделген**,** метапәндік және әрекеттік тәсілдерге сүйеніп жүргізілді. Әдіснамалық негіз ретінде болашақ мұғалімдердің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруды оқу әрекетін жоспарлау, интеграциялау, рефлексиялау және бағалау арқылы жүзеге асыруды көздейтін заманауи педагогикалық тұжырымдамалар алынды [16; 17; 7, с.211-232.].

Зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігі төрт негізгі компонент арқылы қарастырылды:

1. Когнитивтік компонент – ақпаратпен жұмыс істеу, оны талдау және дәлелдеу, пәнаралық мазмұнды түсіну және оқу міндеттерін шешуде қолдану қабілеттерін қамтиды.

2. Іс-әрекеттік (жобалаушы) компонент – оқу тапсырмаларын интеграциялау, пәнаралық сабақтарды жобалау, оқыту үдерісін мақсатқа сай жоспарлау және ұйымдастыру іскерліктерімен сипатталады.

3. Коммуникативтік компонент – ынтымақтастықта жұмыс істеу, кәсіби қарым-қатынас орнату, пікір алмасу және бірлескен оқу әрекетін ұйымдастыру дағдыларын қамтиды.

4. Рефлексивтік компонент – өз оқу және кәсіби әрекетін бағалау, нәтижелерді талдау, кемшіліктерді түзету және өзін-өзі дамытуға бағытталған рефлексиялық іскерліктерді білдіреді.

Бұл құрылым экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) оқу компасы 2030 құжаттарында ұсынылған трансверсал құзыреттер жүйесімен және ресейлік педагогикалық зерттеулердегі метапәндік нәтижелер логикасымен үйлеседі [16**;** 6].

Зерттеу базасы мен қатысушылар

Эксперименттік зерттеу І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы аясында жүргізілді.

Эксперименттік зерттеуге барлығы 110 студент қатысты, оның ішінде:

- эксперименттік топ (ЭТ) – 54 студент**;**
- бақылау тобы (БТ) – 56 студент**.**

Эксперименттік және бақылау топтары студенттердің оқу бағыты, жас ерекшелігі, оқу үлгерімі және метапәндік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі бойынша шамалас болып іріктелді. Бұл шарт эксперимент нәтижелерінің объективтілігі мен топаралық салыстырудың дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Компоненттерді эксперименттік бағалауға сәйкестендіру

Аталған төрт компонент эксперимент барысында диагностикалық және бағалау өлшемдері ретінде қолданылды:

- когнитивтік компонент – метапәндік тапсырмалар мен проблемалық жағдаяттарды шешу нәтижелері арқылы;
- іс-әрекеттік (жобалаушы) компонент – сабақ жобалары мен интеграцияланған тапсырмаларды әзірлеу сапасы арқылы;
- коммуникативтік компонент – топтық жұмыс, microteaching және өзара бағалау нәтижелері арқылы;
- рефлексивтік компонент – рефлексиялық күнделік, эссе және өзін-өзі бағалау материалдары арқылы анықталды.

Бұл тәсіл эксперименттік (n = 54) және бақылау (n = 56) топтарындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін кешенді түрде зерделеу мақсатында үш кезеңде жүзеге асырылды.

1) Дайындық-диагностикалық кезең (семестрдің басында)

Бұл кезеңде зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланды. Атап айтқанда, метапәндік құзыреттілік ұғымының мазмұны, құрылымы және компоненттері заманауи педагогикалық зерттеулер негізінде жүйеленді [17, p.21-30; 18].

Сонымен қатар, метапәндік құзыреттіліктерді бағалауға арналған диагностикалық құралдар кешені іріктеліп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы контексіне бейімделді. Осы кезеңнің қорытындысында экспериментке қатысқан студенттердің метапәндік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі анықталып, алдын ала диагностика (pre-test) жүргізілді.

2) Қалыптастырушы кезең (8 апта)

Қалыптастырушы кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін мақсатты түрде дамытуға бағытталған әдістемелік модель іске асырылды. Аталған модель келесі педагогикалық ықпалдарды қамтыды:

- оқу мазмұнын пәнаралық тұрғыда біріктіретін интеграцияланған оқу тапсырмаларын жобалау;
- проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқу міндеттерін шешу;
- микрооқыту (microteaching) технологиясы негізінде шағын сабақтар өткізу;
- студенттердің кәсіби рефлексиясын дамыту мақсатында рефлексиялық күнделік жүргізу;
- өзара және өзін-өзі бағалау элементтерін жүйелі қолдану.

Бұл кезеңде эксперименттік топта арнайы әзірленген метапәндік тапсырмалар жүйесі қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі оқыту тәсілдері сақталды. Мұндай салыстырмалы ұйымдастыру қолданылған әдістемелік ықпалдың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

3) Қорытынды-бақылау кезеңі (семестр соңында)

Қорытынды кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін қайта анықтау мақсатында қорытынды диагностика (post-test) жүргізілді.

Алынған нәтижелер эксперименттік және бақылау топтары арасында салыстырылып, метапәндік құзыреттіліктердің жеке компоненттері бойынша өзгерістер талданды. Осы кезеңде зерттеу нәтижелері жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Зерттеуде қолданылған әдістер мен әдістеме (интегративті-рефлексивтік әдістеме)

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін жан-жақты зерделеу мақсатында теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістер кешені қолданылды.

Зерттеудің теориялық бөлімінде келесі әдістер пайдаланылды:

Ғылыми әдебиеттерді талдау әдісі – метапәндік құзыреттілік ұғымының мазмұнын, құрылымын және компоненттерін айқындау үшін қолданылды. Бұл әдіс қазақстандық, ресейлік және шетелдік авторлардың соңғы жылдардағы еңбектерін [17; 18; **16**] жүйелеуге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы-педагогикалық талдау – болашақ мұғалімдердің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған әртүрлі әдістемелік тәсілдерді салыстыру мақсатында пайдаланылды.

Жүйелеу және жалпылау әдісі – метапәндік құзыреттіліктердің когнитивтік, іс-әрекеттік, коммуникативтік және рефлексивтік компоненттерін біртұтас құрылым ретінде негіздеу үшін қолданылды.

Модельдеу әдісі – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған әдістемелік модельді (мақсат, мазмұн, әдістер, нәтиже) әзірлеуге бағытталды.

Зерттеудің эксперименттік бөлігінде келесі *эмпирикалық әдістер* қолданылды:

Педагогикалық эксперимент – арнайы әзірленген әдістемелік модельдің тиімділігін анықтау мақсатында ұйымдастырылды (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдер).

Диагностикалық әдістер – болашақ мұғалімдердің метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қолданылды. Олар метапәндік тапсырмалар, жобалау тапсырмалары, рефлексиялық жұмыстар арқылы жүзеге асырылды.

Бақылау әдісі – студенттердің оқу әрекетіне қатысу белсенділігін, ынтымақтастық деңгейін және кәсіби қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сауалнама және өзін-өзі бағалау әдісі – студенттердің өз әрекетіне рефлексия жасауын және метапәндік құзыреттіліктерін субъективті бағалауын анықтау үшін пайдаланылды.

Оқу өнімдерін талдау – студенттердің әзірлеген сабақ жоспарлары, интеграцияланған тапсырмалар, рефлексиялық күнделіктері мен эсселері талданды.

Статистикалық әдістер.

Алынған эмпирикалық деректерді өңдеу барысында:

- сипаттамалық статистика әдістері (орташа арифметикалық мән – M);
- пайыздық өсім көрсеткіштері (%);
- эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы талдауы қолданылды. Бұл әдістер метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу динамикасын айқындауға мүмкіндік берді.

Әдістерді кезеңдермен байланыстыру

Дайындық-диагностикалық кезеңде – әдебиеттерді талдау, диагностикалық әдістер, бақылау, сауалнама;

Қалыптастырушы кезеңде – педагогикалық эксперимент, модельдеу, оқу өнімдерін талдау;

Қорытынды кезеңде – қайта диагностика, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің алгоритмі. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған интегративті-рефлексивтік әдістеме кезең-кезеңмен жүзеге асырылды. Әдістеме оқу мазмұнын пәнаралық біріктіру, кәсіби әрекетті модельдеу және рефлексия арқылы ұйымдастыруға негізделді.

1-қадам. Мақсатты-бағдарлау кезеңі. Бұл кезеңде студенттерге метапәндік құзыреттіліктердің мәні, құрылымы және болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметіндегі рөлі түсіндірілді. Негізгі міндеті – студенттердің оқу әрекетіне саналы кәсіби бағдар қалыптастыру. *Қалыптасатын компоненттер:* когнитивтік, рефлексивтік.

2-қадам. Пәнаралық-интеграциялық кезең. Студенттер бастауыш білім беру пәндерінің мазмұнын біріктіре отырып, оқу мақсаттарын метапәндік тұрғыда жобалады. Бұл кезеңде:

- интеграцияланған тапсырмалар;
- пәнаралық сабақ үлгілері;
- оқу нәтижелерін метапәндік форматта жоспарлау жүзеге асырылды.

Қалыптасатын компоненттер: когнитивтік, іс-әрекеттік (жобалаушы).

3-қадам. Проблемалық-әрекеттік кезең. Бұл кезеңде болашақ мұғалімдер нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау арқылы кәсіби шешім қабылдауға үйренді. Проблемалық тапсырмалар мен жағдаяттық кейстер қолданылды. *Қалыптасатын компоненттер:* іс-әрекеттік, коммуникативтік.

4-қадам. Практикалық-рефлексивтік кезең (Microteaching). Микрооқыту технологиясы арқылы студенттер шағын форматта сабақ өткізіп, өздерінің кәсіби әрекеттерін тәжірибеде сынақтан өткізді. Әр сабақтан кейін:

- өзара кері байланыс;
- өзін-өзі бағалау;
- рефлексиялық талдау жүргізілді.

Қалыптасатын компоненттер: коммуникативтік, рефлексивтік.

5-қадам. Бағалау-қорытындылау кезеңі. Бұл кезеңде студенттердің метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі (жоғары, орта, жеткілікті, төмен) анықталып, алынған нәтижелер талданды. Әдістеменің тиімділігі эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру арқылы бағаланды. *Қалыптасатын компоненттер:*рефлексивтік, когнитивтік.

Әдістемелік модельдің құрылымдық сипаттамасы (мәтіндік схема)

Мақсат → болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру

Мазмұн → пәнаралық білім, кәсіби жағдаяттар, педагогикалық практика

Әдістер → пәнаралық оқыту, проблемалық оқыту, microteaching, рефлексия

Құралдар → интеграцияланған тапсырмалар, кейстер, рефлексиялық күнделік, бағалау рубрикалары

Нәтиже → метапәндік құзыреттіліктердің жоғары және орта деңгейде қалыптасуы.

Осылайша, зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған интегративті-рефлексивтік әдістеме кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Әдістеме пәнаралық интеграция, проблемалық оқыту, microteaching және рефлексиялық бағалау элементтерінің бірлігінде іске асырылып, студенттердің метапәндік құзыреттіліктерін кешенді дамытуға мүмкіндік берді.

Диагностикалық құралдар. Метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында зерттеу барысында кешенді диагностикалық құралдар жүйесі пайдаланылды. Олардың қатарына:

- ақпаратты талдау, дәлелдеу және пәнаралық мәселелерді шешуге бағытталған метапәндік тапсырмалар кешені;
- оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруға арналған оқу әрекетін жобалау тапсырмалары;
- кәсіби рефлексияны анықтауға бағытталған рефлексиялық эссе мен күнделік;
- ынтымақтастық пен кәсіби қарым-қатынас дағдыларын бағалауға арналған коммуникативтік рубрика енгізілді.

Диагностикалық құралдарды таңдау ресейлік және қазақстандық ғылыми зерттеулерде ұсынылған метапәндік нәтижелерді бағалау тәсілдеріне сүйене отырып жүзеге асырылды [7; 6].

Деректерді өңдеу және статистикалық талдау. Эксперимент барысында алынған эмпирикалық деректерді өңдеу және талдау үшін сипаттамалық статистикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда:

- орташа арифметикалық мән (M);
- метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу динамикасын анықтайтын пайыздық өсім көрсеткіші (%);
- эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдау тәсілдері пайдаланылды.

Осылайша, зерттеудің материалдары мен әдістері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыруға, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Эксперименттік зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасын эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарында салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді. Нәтижелер когнитивтік, іс-әрекеттік (жобалаушы), коммуникативтік және рефлексивтік компоненттер бойынша анықталды. Метапәндік құзыреттіліктердің бастапқы және қорытынды көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы метапәндік құзыреттіліктердің динамикасы (бастапқы және қорытынды, балл)

Компонент	*Топ*	*Бастапқы (M±SD)*	*Қорытынды (M±SD)*	*Өсім (Δ)*	*Өсім, %*
Когнитивтік	ЭТ (n=54)	54,3±7,8	69,8±7,1	+15,5	**28,5%**
	БТ (n=56)	55,1±8,0	60,2±7,9	+5,1	9,3%
Іс-әрекеттік (жобалаушы)	ЭТ	52,6±7,5	68,4±6,9	+15,8	**30,0%**
	БТ	53,0±7,7	58,4±7,5	+5,4	10,2%
Коммуникативтік	ЭТ	56,1±8,1	71,2±7,3	+15,1	**26,9%**
	БТ	55,7±8,2	61,0±8,0	+5,3	9,5%
Рефлексивтік	ЭТ	51,9±7,4	67,6±6,8	+15,7	**30,3%**
	БТ	52,4±7,6	57,6±7,4	+5,2	9,9%
Жалпы метапәндік индекс	ЭТ	53,7±7,7	69,3±7,0	+15,6	**29,0%**
	БТ	54,1±7,9	59,3±7,8	+5,2	9,6%

1-кестеге сәйкес пайыздық өсімнің салыстырмалы талдауы. Алынған деректер эксперименттік топта метапәндік құзыреттіліктердің барлық компоненттері бойынша айқын оң

динамика байқалғанын көрсетті. ЭТ-та көрсеткіштердің орташа пайыздық өсімі 26,9–30,3% аралығында болса, бақылау тобында бұл өсім 9,3–10,2% шамасында болды.

Ең жоғары өсім:

- рефлексивтік компонентте (30,3%) – бұл студенттердің өз оқу әрекетін бағалау және түзету қабілеттерінің артқанын көрсетеді;

- іс-әрекеттік (жобалаушы) компонентте (30,0%) – болашақ мұғалімдердің сабақ пен оқу тапсырмаларын интеграциялап жобалау іскерлігінің айтарлықтай дамығанын дәлелдейді.

Бұл нәтижелер қалыптастырушы кезеңде қолданылған рефлексиялық күнделік, мирооқыту (microteaching) және жобалау тапсырмаларының тиімділігін айқындайды.

Бастапқы және қалыптастыру эксперименті бойынша метапәндік құзыреттіліктердің деңгейлік көрсеткіштері (бастапқы және қорытынды) 2-кесте мен 1-суретте көрсетілген.

Кесте 2 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы метапәндік құзыреттіліктердің деңгейлік динамикасы (%)

Деңгей	*Топ*	*Бастапқы, %*	*Қорытынды, %*	*Өзгеріс*
Жоғары	ЭТ (n=54)	11,1	35,2	**+24,1**
	БТ (n=56)	10,7	17,9	+7,2
Орта	ЭТ	27,8	42,6	**+14,8**
	БТ	28,6	33,9	+5,3
Жеткілікті	ЭТ	38,9	17,6	−21,3
	БТ	39,3	32,1	−7,2
Төмен	ЭТ	22,2	4,6	**−17,6**
	БТ	21,4	16,1	−5,3

2-кестеге сәйкес алынған деректер эксперименттік топта метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі бойынша айқын оң динамика байқалғанын көрсетті.


Жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі эксперименттік топта 11,1%-дан 35,2%-ға дейін артты, бұл 24,1 пайыздық өсімді құрайды.

Орта деңгей көрсеткіші 27,8%-дан 42,6%-ға дейін өсті, бұл студенттердің көпшілігінде метапәндік құзыреттіліктердің тұрақты қалыптаса бастағанын білдіреді.

Жеткілікті деңгейдегі студенттер санының азаюы олардың жоғары немесе орта деңгейге ауысуымен түсіндіріледі.

Төмен деңгейдің 22,2%-дан 4,6%-ға дейін қысқаруы қолданылған әдістемелік ықпалдың тиімділігін айқын дәлелдейді.

Бақылау тобында да белгілі бір оң өзгерістер байқалғанымен, ол эксперименттік топтағыдай қарқынды емес екені анықталды.



Сурет 1 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы метапәндік құзыреттіліктердің деңгейлік көрсеткіштері (%)

1-суретте студенттердің төмен және жеткілікті деңгейден жоғары және орта деңгейлерге айқын ауысқанын көрсетеді.

Эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған арнайы әдістемелік модельдің тиімді екенін дәлелдеді. Эксперименттік топтағы студенттерде оқу әрекетін жоспарлау, пәнаралық интеграция, кәсіби қарым-қатынас және рефлексия жасау қабілеттері айтарлықтай артты.

Алынған деректер ұсынылған әдістеменің педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісіне енгізуге ғылыми негіз бола алатынын көрсетеді.

Талқылау. Жүргізілген эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған интегративті-рефлексивтік әдістеменің тиімділігін дәлелдеді. Эксперименттік топта метапәндік құзыреттіліктердің барлық компоненттері бойынша жоғары және орта деңгейдегі көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі байқалды, ал төмен деңгейдің едәуір қысқаруы әдістемелік ықпалдың жүйелілігін көрсетеді.

Қазақстандық зерттеулермен салыстыру.

Қазақстандық педагогикалық зерттеулерде метапәндік нәтижелерді қалыптастыру мәселесі көбіне бастауыш білім мазмұнын жаңарту, пәнаралық байланыстарды күшейту және болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру контексінде қарастырылады.

Мәселен, Ж.Жұмабаева педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда метапәндік тәсілді қолдану оқу әрекетін жоспарлау, рефлексия және интеграцияланған тапсырмалар арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Біздің зерттеу нәтижелері де осы тұжырымды растайды, себебі эксперименттік топта іс-әрекеттік (жобалаушы) және рефлексивтік компоненттердің жоғары деңгейге өсуі айқын байқалды.

Сонымен қатар, Қазақстандық білім беру бағдарламаларында (Оқу-ағарту министрлігінің стандарттары мен біліктілікті арттыру курстары) метапәндік нәтижелерді дамытуға қойылатын талаптар білім алушылардың оқу әрекетін саналы ұйымдастыруымен тікелей байланыстырылады. Эксперимент барысында қолданылған интеграцияланған тапсырмалар мен microteaching элементтері осы талаптардың практикалық іске асуын қамтамасыз етті.

Ресейлік зерттеулермен салыстыру.

Ресейлік педагогикада метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселесі ФГОС талаптарымен және педагогикалық практиканың рөлімен тығыз байланысты қарастырылады. Е.А.Байкина оқу практикасы мен кәсіби әрекетті модельдеу болашақ педагогтардың метапәндік құзыреттілігін дамытудың негізгі құралы екенін атап өтеді. Бұл біздің зерттеуіміздегі microteaching және проблемалық-жағдаяттық тапсырмаларды қолдану нәтижелерімен сәйкес келеді.

М.М.Бетильмерзаева метапәндік құзыреттіліктерді бағалауда деңгейлік (жоғары, орта, жеткілікті, төмен) тәсілдің тиімділігін көрсетеді. Біздің зерттеуде де дәл осы деңгейлік бағалау жүйесі қолданылып, эксперименттік топта төмен деңгейдің 22,2%-дан 4,6%-ға дейін қысқаруы ресейлік авторлардың қорытындыларын эмпирикалық тұрғыда растайды.

Шетелдік зерттеулермен салыстыру.

Халықаралық зерттеулерде метапәндік құзыреттіліктер «көлденең құзыреттер» немесе «21 ғасыр дағдылары» ұғымдары арқылы сипатталады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) оқу компасы 2030 құжаттарында мұғалімдерді даярлау үдерісінде рефлексия, ынтымақтастық және интеграцияланған оқыту негізгі механизмдер ретінде айқындалады [16].

Біздің зерттеуде қолданылған интегративті-рефлексивтік әдістеме дәл осы механизмдерге сәйкес келеді және эксперименттік топтағы жоғары деңгей көрсеткіштерінің артуы бұл сәйкестікті дәлелдейді.

Сонымен қатар, Жанадилова Қ. және т.б. зерттеушілер мұғалімдерді даярлауда метатанымдық және рефлексивтік компоненттердің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Эксперименттік топта рефлексивтік компоненттің ең жоғары өсім көрсетуі (жоғары деңгейге ауысу) аталған авторлардың тұжырымдарын қолдайды.

Алгоритм тиімділігінің ғылыми түсіндірмесі.

Интегративті-рефлексивтік әдістеменің тиімділігі оның құрылымдық логикасымен түсіндіріледі. Әдістеме:

- метапәндік құзыреттіліктердің барлық компоненттерін (когнитивтік, іс-әрекеттік, коммуникативтік, рефлексивтік) біртұтас жүйеде дамытады;
- теория мен практиканы ұштастырады;
- студенттердің кәсіби әрекетін модельдеу арқылы нәтижелердің тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, алынған нәтижелер ұсынылған алгоритмнің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ғылыми негізделген және педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесінің қазіргі педагогикалық теория мен практика үшін өзекті екенін көрсетті. Эксперимент нәтижелері оқу үдерісін пәнаралық интеграция, кәсіби әрекетті модельдеу және жүйелі рефлексия негізінде ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының сапасын арттыратынын дәлелдеді.

Зерттеу барысында ұсынылған интегративті-рефлексивтік әдістеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің когнитивтік, іс-әрекеттік (жобалаушы), коммуникативтік және рефлексивтік компоненттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік берді. Эксперименттік топтағы студенттердің жоғары және орта деңгейге ауысуы, сондай-ақ төмен деңгей көрсеткіштерінің едәуір қысқаруы қолданылған әдістеменің тиімділігін айқын көрсетеді.

Алынған нәтижелер метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруда оқу тапсырмаларын интеграциялау, проблемалық-жағдаяттық оқыту, microteaching және рефлексиялық бағалау элементтерін бірлікте қолданудың педагогикалық әлеуетін негіздейді. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісін метапәндік нәтижелерге бағыттап ұйымдастыруға кәсіби дайындығын күшейтеді.

Зерттеу қорытындылары педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жетілдіруде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мазмұнын жаңартуда және метапәндік нәтижелерге бағдарланған оқыту әдістемелерін енгізуде пайдалануға болады. Сонымен қатар, алынған тұжырымдар метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселесін одан әрі тереңдетіп зерттеуге және педагогикалық эксперимент аясын кеңейтуге негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=37756847

2. Zhumabayeva Z. Meta-subject methodology approach in the training of future primary school teachers // World Journal on Educational Technology: Current Issues. — 2021. — Vol. 13, Issue 1. — P. 21–30. https://eric.ed.gov/?id=EJ1288943

3. Оракова А.Ш., Жумабаева А.Е. Образовательная программа курса повышения квалификации «Совершенствование метапредметных компетенций учителей начальных классов» (80 часов). - Алматы: КазНПУ имени Абая, 2024. - 18 с. https://www.kaznpu.kz/ docs/docs/92024/ru/3.pdf

4. Yesnazar A. STEM education impact on the development of primary school students' meta-subject skills: an experimental study in Kazakhstan // Frontiers in Education. - 2025. - Article. https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/feduc.2025.1669765/full

5. Daribayeva Z. Methodology of readiness of future primary school teachers to work on the intellectual development of children // Multidisciplinary scientific journal of Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly. "3i: intellect, idea, innovation". - 2024, No 2, p.112-120 . https://ojs.ksu.edu.kz/index.php/3i/article/view/720

6. Байкина Е.А. Учебная практика как средство формирования метапредметной компетентности будущих педагогов //Педагогика. Вопросы теории и практики. - 2025. Том 10. Выпуск 7. С.881-888. https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-sredstvo-formirovaniya-metapredmetnoy-kompetentnosti-buduschih-pedagogov

7. Бетильмерзаева М.М., Автаева Т.А., Лечиева М.И. Метапредметные компетенции и оценка их сформированности в условиях организации образовательного процесса в педагогических колледжах. //Перспективы науки и образования. 2024. № 5(71). С.211-232. doi:10.32744/pse.2024.5.13 https://cyberleninka.ru/article/n/metapredmetnye-kompetentsii-i-otsenka-ih-sformirovannosti-v-usloviyah-organizatsii-obrazovatelnogo-protsessa-v-pedagogicheskih

8. Матвеева В.А. Методика формирования метапредметной составляющей ИКТ-компетентности будущих учителей начальных классов: результаты опытно-экспериментальной работы // Педагогическая информатика. - 2021. - № 2. - С. 58-65. https://www.mgpu.ru/wp-content/uploads/2022/04/Avtoreferat-Matveevoj-V.A .pdf

9. Мзокова Л.А. Подготовка будущих учителей начальных классов к формированию метапредметных компетенций у младших школьников: дис. … канд. пед. наук. - 2020. - с.150. https://www.dissercat.com/content/podgotovka-budushchikh-uchitelei-nachalnykh-klassov-k-formirovaniyu-metapredmetnykh-kompeten

10. Jari Lavonen Curriculum and Teacher Education Reforms in Finland That Support the Development of Competences for the Twenty-First Centur. /Audacious Education Purposes 2020. pp.65-80 https://www.researchgate.net/publication/340865666

11. Yanan Zhang, Shenji Zhou, Xi Wu, lan C.K. Cheung. The effect of teacher training programs on pre-service and in-service teachers' global competence: A meta-analysis.// Educational Research Review Volume 45, November 2024, 100627 https://www.sciencedirect.com/science/ article/abs/ pii/S1747938X24000368?utmsource

12. Ospanbekova M., Turikpenova S., Ryskulbekova A., Zhumabayeva Z., Rysbayeva A. Pedagogical conditions of teaching primary education subjects through a meta-subject approach. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2023, 403(3), 114–130. https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.497

13. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б.

14. Dafna Fono, Anat Zohar. Metacognitive instruction: central aspects of pre-service andnovice in-service teachers' knowledge and professionaldevelopment. Professional development in education. 2024. https://doi.org/10.1080/19415257.2024.2409779

15. Łukasz Tomczyk. Digital competence among pre-service teachers: A global perspective on curriculum change as viewed by experts from 33 countries./ Evaluation and Program Planning . Elsevier. Volume 105, August 2024. https://doi.org/10.1016/j.evalprogplan.2024.102449

16. Organisation for Economic Co-operation and Development. OECD Learning Compass 2030. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 28 p. – URL: https://www.oecd.org/education/2030-project

17. Zhumabayeva Z., Uaisova G., Hasanova I., Jetpisbayeva, S. Meta-subject methodology approach in the training of future primary school teachers. World Journal on Educational Technology: Current Issues. 2021. 13(1), 21–30. https://doi.org/10.18844/wjet.v13i1.5406

18. Zhanadilova K., Zhumabayeva A., Arenova A., Ospanbekova M., Zhanazarova Z., Zhankushkov B. Developing metacompetence in future primary school teachers. Cypriot Journal of Educational Science. 2022. 17(1), 284-295. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6709

References:

1. Qazaqstan Respublikasynda mektepke deiıngı, orta, tehnikalyq jäne käsıptık bılım berudı damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly: QR Ükımetınıñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy №249 qaulysy.. https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=37756847

2. Zhumabayeva Z. Meta-subject methodology approach in the training of future primary school teachers // World Journal on Educational Technology: Current Issues. — 2021. — Vol. 13, Issue 1. — P. 21–30. https://eric.ed.gov/?id=EJ1288943

3. Orakova A.Sh., Zhumabaeva A.E. Obrazovatel'naja programma kursa povyshenija kvalifikacii «Sovershenstvovanie metapredmetnyh kompetencij uchitelej nachal'nyh klassov» (80 chasov). - Almaty: KazNPU imeni Abaja, 2024. - 18 s. https://www.kaznpu.kz/ docs/docs/92024/ru/3.pdf

4. Yesnazar A. STEM education impact on the development of primary school students' meta-subject skills: an experimental study in Kazakhstan // Frontiers in Education. - 2025. - Article. https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/feduc.2025.1669765/full

5. Daribayeva Z. Methodology of readiness of future primary school teachers to work on the intellectual development of children // Multidisciplinary scientific journal of Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly. "3i: intellect, idea, innovation". - 2024, No 2, p.112-120 . https://ojs.ksu.edu.kz/index.php/3i/article/view/720

6. Bajkina E.A. Uchebnaja praktika kak sredstvo formirovanija metapredmetnoj kompetentnosti budushhih pedagogov //Pedagogika. Voprosy teorii i praktiki. - 2025. Tom 10. Vypusk 7. S.881-888. https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-sredstvo-formirovaniya-metapredmet noy-kompetentnosti-buduschih-pedagogov

7. Betil'merzaeva M.M., Avtaeva T.A., Lechieva M.I. Metapredmetnye kompetencii i ocenka ih sformirovannosti v uslovijah organizacii obrazovatel'nogo processa v pedagogicheskih kolledzhah. //Perspektivy nauki i obrazovanija. 2024. № 5(71). S.211-232. doi:10.32744/pse.2024.5.13 https://cyberleninka.ru/article/n/metapredmetnye-kompetentsii-i-otsenka-ih-sformirovannosti-v-usloviyah-organizatsii-obrazovatelnogo-protsessa-v-pedagogicheskih

8. Matveeva V.A. Metodika formirovanija metapredmetnoj sostavljajushhej IKT-kompetentnosti budushhih uchitelej nachal'nyh klassov: rezul'taty opytno-jeksperimental'noj raboty // Pedagogicheskaja informatika. - 2021. - № 2. - S. 58-65. https://www.mgpu.ru/wp-content/ uploads/2022/04/Avtoreferat-Matveevoj-V.A_.pdf

9. Mzokova L.A. Podgotovka budushhih uchitelej nachal'nyh klassov k formirovaniju metapredmetnyh kompetencij u mladshih shkol'nikov: dis. … kand. ped. nauk. - 2020. - s.150. https://www.dissercat.com/content/podgotovka-budushchikh-uchitelei-nachalnykh-klassov-k-formirovaniyu-metapredmetnykh-kompeten

10. Jari Lavonen Curriculum and Teacher Education Reforms in Finland That Support the Development of Competences for the Twenty-First Centur. /Audacious Education Purposes 2020. pp.65-80 https://www.researchgate.net/publication/340865666

11. Yanan Zhang, Shenji Zhou, Xi Wu, lan C.K. Cheung. The effect of teacher training programs on pre-service and in-service teachers' global competence: A meta-analysis.// Educational Research Review Volume 45, November 2024, 100627 https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/ pii/S1747938X24000368?utmsource

12. Ospanbekova M., Turikpenova S., Ryskulbekova A., Zhumabayeva Z., Rysbayeva A. Pedagogical conditions of teaching primary education subjects through a meta-subject approach. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2023, 403(3), 114–130. https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.497

13. «2025-2026 oqu jylynda Qazaqstan Respublikasynyñ jalpy bılım beretın mektepterınde bılım beru prosesın ūiymdastyrudyñ erekşelikterı turaly» ädıstemelık nūsqau hat. – Astana: Y.Altynsarin atyndağy ŪBA, 2025. – 172 b.

14. Dafna Fono, Anat Zohar. Metacognitive instruction: central aspects of pre-service andnovice in-service teachers' knowledge and professionaldevelopment. Professional development in education. 2024. https://doi.org/10.1080/19415257.2024.2409779

15. Łukasz Tomczyk. Digital competence among pre-service teachers: A global perspective on curriculum change as viewed by experts from 33 countries./ Evaluation and Program Planning . Elsevier. Volume 105, August 2024. https://doi.org/10.1016/j.evalprogplan.2024.102449

16. Organisation for Economic Co-operation and Development. OECD Learning Compass 2030. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 28 p. – URL: https://www.oecd.org/education/2030-project

17. Zhumabayeva Z., Uaisova G., Hasanova I., Jetpisbayeva, S. Meta-subject methodology approach in the training of future primary school teachers. World Journal on Educational Technology: Current Issues. 2021. 13(1), 21–30. https://doi.org/10.18844/wjet.v13i1.5406

18. Zhanadilova K., Zhumabayeva A., Arenova A., Ospanbekova M., Zhanazarova Z., Zhankushkov B Developing metacompetence in future primary school teachers. Cypriot Journal of Educational Science. 2022. 17(1), 284-295. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6709

ҒТАХР 14.25.09 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.013

М.М.Зұлпыхарова, [1*] *А.Т.Туралбаева* [1] *Қ.Берікқызы,* [2]
Ғ.И.Исаев, [3] *А.Т.Махамбетжанова* [4]

[1] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет*
Алматы қ., Қазақстан
[2] *Халықаралық туризм және меймандостық университет*
Түркістан қ., Қазақстан
[3] *Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет*
Түркістан қ., Қазақстан
[4] *Азаматтық авиация академия, Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудың теориялық негіздері мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті, зерттеушілік қабілеті жоғары, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті дамыған мұғалімдерді даярлау қажеттілігімен анықталады. Академиялық дарындылық болашақ педагогтің ғылыми-танымдық белсенділігімен, кәсіби білімді терең меңгеруімен, шығармашылық ойлауымен және педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігімен сипатталатын кешенді қасиет ретінде қарастырылған.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Эмпирикалық бөлімде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 135 студенті қамтылып, эксперименттік және бақылау топтары бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Академиялық дарындылықтың когнитивті-әдістемелік, креативтілік, тұлғалық-мотивациялық және кәсіби білім компоненттері негізінде диагностикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижелері Манн–Уитни критерийі арқылы статистикалық өңделіп, эксперименттік топтағы оң өзгерістердің мәнділігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері арнайы әзірленген білім беру бағдарламаларының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытуға тиімді ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топта кәсіби білім, мотивация, шығармашылық қабілет және педагогикалық рефлексия көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылаған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде «академиялық дарындылық» ұғымына авторлық анықтама беріліп, оны дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар дайындалды. Мақала педагогикалық жоғары оқу орындарында дарынды студенттерді анықтау, қолдау және кәсіби тұрғыдан дамыту жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік негіздерді ұсынады.

Түйін сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, академиялық дарындылық, тәсілдеме, дарындылық, академиялық білім, эмпирикалық зерттеулер.

Зулпыхарова М.М.,[1] *Туралбаева А.Т.,*[1] *Бериккызы К.,*[2]
Исаев Г.И.,[3] *Махамбетжанова А.Т.*[4]
[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*
[2]*Международный университет туризма и гостеприимства*
г.Туркестан, Казахстан
[3]*Международный казахско-турецкий университет имени Кожа Ахмеда Ясави*
г.Туркестан, Казахстан
Академия гражданской авиации, *г.Алматы, Казахстан*

ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В РАЗВИТИИ АКАДЕМИЧЕСКИХ ТАЛАНТОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические основы развития академической одаренности будущих учителей начальных классов и результаты эмпирического исследования. Актуальность исследования обусловлена необходимостью подготовки в современной системе высшего педагогического образования педагогов, обладающих профессиональной компетентностью, высокими исследовательскими способностями, развитым творческим и интеллектуальным потенциалом. Академическая одаренность рассматривается как комплексная черта будущего педагога, характеризующаяся научно-познавательной активностью, глубоким усвоением профессиональных знаний, творческим мышлением и самостоятельностью в решении педагогических проблем.

В ходе исследования были использованы теоретические и эмпирические методы. В эмпирическом разделе приняли участие 135 студентов Казахского национального педагогического университета имени Абая, проведен сравнительный анализ по экспериментальной и контрольной группам. Были организованы диагностические работы на основе когнитивно-методических, креативных, личностно-мотивационных и профессиональных компонентов академической одаренности. Результаты исследования были статистически обработаны с использованием критерия Манна–Уитни и доказали значимость положительных изменений в экспериментальной группе.

Результаты исследования показали, что специально разработанные образовательные программы эффективно способствуют развитию академических талантов будущих учителей начальных классов. В экспериментальной группе значительно повышены показатели профессиональных знаний, мотивации, творческих способностей и педагогической рефлексии. Кроме того, в результате исследования было дано авторское определение понятия «академическая одаренность» и подготовлены методические рекомендации, направленные на его развитие. В статье представлены научно-методические основы, направленные на совершенствование системы выявления, поддержки и профессионального развития одаренных студентов в педагогических вузах.

Ключевые слова: будущие учителя начальных классов, академическая одаренность, подход, одаренность, академическое образование, эмпирические исследования.

Zulpykharova M.,[1] *Turalbayeva A.,*[1] *Berikkyzy K.,*[2]
Issayev G.[3] *Makhambetzhanova A.*[4]
[1]*Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan*
[3]*Khoja Akmed Yassawi International Kazakh Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*
[4]Civil aviation academy, *Almaty, Kazakhstan*

EMPIRICAL RESEARCH IN THE DEVELOPMENT OF ACADEMIC TALENTS OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstrac

This article examines the theoretical foundations of the development of academic giftedness of future primary school teachers and the results of empirical research. The relevance of the research is determined by the need to train teachers with professional competence, high research abilities, and developed creative and intellectual potential in the modern system of higher pedagogical education. Academic giftedness is considered as a complex trait of a future teacher, characterized by scientific and cognitive activity, deep assimilation of professional knowledge, creative thinking and independence in solving pedagogical problems.

Theoretical and empirical methods were used in the course of the research. 135 students of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai took part in the empirical section, a comparative analysis was carried out by experimental and control groups. Diagnostic work was organized on the basis of cognitive, methodological, creative, personal, motivational and professional components of academic giftedness. The results of the study were statistically processed using the Mann–Whitney criterion and proved the significance of positive changes in the experimental group.

The results of the study showed that specially designed educational programs effectively contribute to the development of academic talents of future primary school teachers. In the experimental group, the indicators of professional knowledge, motivation, creative abilities and pedagogical reflection were significantly increased. In addition, as a result of the research, the author's definition of the concept of "academic talent" was given and methodological recommendations aimed at its development were prepared. The article presents scientific and methodological foundations aimed at improving the system of identification, support and professional development of gifted students in pedagogical universities.

Keywords: future primary school teachers, academic giftedness, approach, giftedness, academic education, empirical research.

Кіріспе. Болашақ мұғалімдердің академиялық дарындылығын дамыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында ерекше өзектілікке ие. Жас таланттарды анықтау мен қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат білім алушылардың қабілеттерін олардың әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жеріне немесе отбасының материалдық мүмкіндіктеріне қарамастан дамытуға жағдай жасауды көздейді. Бұл бағыт жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дарынды жастарды анықтау, оларды кәсіби тұрғыдан қолдау және педагогикалық қызметке бейімдеу мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. [1]

Қазіргі кезеңде жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту үдерісі болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұны мен құрылымына жаңа талаптар қоюда. Әсіресе бастауыш білім беру саласында кәсіби құзыретті, шығармашылық ойлайтын, зерттеушілік қабілеті жоғары және академиялық әлеуеті қалыптасқан педагогтерді даярлау қажеттілігі артып отыр. Осы ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын жүйелі түрде дамытуға бағытталған педагогикалық жағдайларды ұйымдастырудың маңызын күшейтеді.

Академиялық дарындылық болашақ мұғалімнің интеллектуалдық әлеуетін, ғылыми-танымдық белсенділігін, талдау және зерттеу қабілетін, кәсіби мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу мүмкіндігін сипаттайтын маңызды сапалардың бірі болып табылады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің академиялық әлеуетін ерте кезеңнен анықтау, олардың ғылыми қызығушылықтарын қолдау, зерттеушілік әрекетке тарту және кәсіби мотивациясын дамыту білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады [2].

Қазіргі білім беру саясаты педагогикалық мамандықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, кәсіби дайындықтың сапасын жетілдіруді және білім беру жүйесіне жоғары мотивациясы бар жастарды тартуды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындайды. Осыған сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту – педагогикалық кадрларды сапалы даярлаудың, кәсіби әлеуетті қалыптастырудың және білім беру жүйесінің интеллектуалдық ресурсын күшейтудің маңызды шарты болып табылады.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәртебесінің артуы, жоғары оқу орындарына қабілетті талапкерлердің келуі және білім беру сапасына қойылатын халықаралық талаптардың күшеюі болашақ мұғалімдердің академиялық мүмкіндіктерін дамыту мәселесін өзекті етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, академиялық дарындылықты дамыту тек жеке қабілетті жетілдіру ғана емес, сонымен қатар кәсіби педагогикалық ортада табысты әрекет етуге, үздіксіз білім алуға және инновациялық шешімдер қабылдауға даярлықты қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту мәселесі педагогикалық білім беру жүйесінде дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындауды талап етеді. Бұл бағыт болашақ педагогтердің

интеллектуалдық әлеуетін ашуға, олардың ғылыми-зерттеушілік белсенділігін арттыруға және кәсіби өсуінің тұрақты траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық дарынды жастарды қолдаудың формалары мен әдістерін талдау мен қайта ойлаудың қажеттілігі, сонымен бірге педагогикалық дарынды жастарды анықтаудың, іріктеудің және сүйемелдеудің тұжырымдамалық негіздерін анықтаудың қажеттілігі айқын көрінеді.

Дарындылық мәселелерінің кең спектрін зерттеу қазіргі психологияның өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Аталған мәселе отандық және шетелдік ғылымда жеткілікті кең зерттелген. Дарындылықтың аса беделді шетелдік тұжырымдамалары ретінде Д.Рензуллидің дарындылықтың үшжақты теориясы [3], Ф.Ганье, К.А.Хеллердің және бірқатар басқа зерттеушілердің дарындылықтың көпшамалы модельдерін [4] атауға болады, сонымен бірге, дарындылықтың әртүрлі аспектілерін зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Д.Рензуллидің тұжырымдамасына сәйкес, дарындылық үш негізгі факторлардың үйлесімінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі: орташа деңгейден асатын интеллектуалды қабілеттер; шығармашылық тұғыр және табандылық. Ф.Ганьенің моделінде дарындылық интеллектуалды, креативті, әлеуметтік-аффективті, сенсомоторлы және бірқатар басқа қабілеттердің қолданудың әртүрлі салаларына қатысты жиынтығы ретінде қарастырылады (өнер, спорт, техника, тәрбие және т.б.).

Дарындылықтың, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының құрамдасы ретінде шығармашылықтың психологиялық және педагогикалық аспектілері терең және жан-жақты зерттелген (Л.С.Выготский, Т.Лубарт, А.М.Матюшкин, Д.Б.Богоявленская, П.Торренс, С.Л.Рубинштейн, Б.М.Кедров, О.К.Тихомиров, А.В.Брушлинский, В.И.Кабрин және т.б.). Жеке-дара және стильдік айырмашылықтар психологиясы балалар дарындылығын зерттеуге маңызды үлес қосты (Г.В.Залевский, Э.А.Голубева, В.Е.Клочко, В.Г.Леонтьев, Б.М.Теплов, Х.Холлингворт және т.б.). Жеке-дара айырмашылықтардың генетикалық алғышарттарын И.В.Равич-Щербо, Р.Пломин және т.б. авторлар анықтаған және белгілеген. Дарындылықтың құрылымындағы интеллектуалды компонентті М.А.Холодная, Д.Айзенк т.б. ғалымдар зерттеді. Қазіргі білім беру мекемесі жағдайында депривация мәселелері саласындағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер Т.А.Араканцева, И.В.Дубровина, А.М.Прихожанның еңбектерінде анықталған.

Алайда, отандық және батыс психологиясы мен педагогикасында тұлғаның дарындылық феноменін зерттеудегі күрделі еңбекке қарамастан, қазірге дейін педагогтің дарынды балалармен өзара әрекеттесінің практикалық-бағдарланған аспектілерін әзірлеумен, баланың дарындылығының және оның ерекшеліктерінің болуын дер кезінде диагностикалау тәсілдерін әзірлеумен байланысты мәселелер зерттеудің аясынан тыс қалып отыр [5]. Осы уақытқа дейін өзіндік педагогикалық дарындылық феноменінің мәнін анықтау, оның көрінуінің жас, әлеуметтік-демографиялық және гендерлік ерекшеліктері, педагог мамандығының өмірлік циклінің сипатына әсер ететін педагогикалық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеу әдістерін анықтау жекеленген және шешілмеген мәселе күйінде қалып отыр.

Негізгі ережелер: -

- педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің әзірленген моделінің (жобасының) тиімділігі ғылыми және эмпирикалық тұрғыдан негізделді;

- оны іске асыруға арналған әдістемелермен бірге, педагогикалық ЖОО-да академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеу практикасына енгізуге ұсынылады;

- *«академиялық дарындылық* – тұлғаның білімді терең әрі жылдам меңгеруге, ғылыми-танымдық әрекетке белсенді қатысуға, ақпаратты талдап, жүйелеуге, логикалық және сыни ойлау негізінде жаңа білім өндіруге қабілеттілігін сипаттайтын кешенді интеллектуалдық-педагогикалық қасиет»;

- *«болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту»* – жоғары педагогикалық білім беру жағдайында студенттердің ғылыми-танымдық белсенділігін, интеллектуалдық әлеуетін, зерттеушілік қабілетін, кәсіби-педагогикалық ойлауын және оқу-

ғылыми әрекеттегі шығармашылық дербестігін жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс».

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің жетекші теориялық әдістерінің ішінде - отандық және шетелдік психологтар мен педагогтардың еңбектеріндегі жалпы және педагогикалық дарындылықты зерттеу нәтижелерін және тұжырымдамалық қағидаларды талдау бар. Педагогикалық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеудің тұжырымдамалық негіздерін, сонымен бірге оның моделін әрі қарай әзірлеу мақсатында педагогикалық жобалау, мониторингілеу, анкеталау әдістері қолданылды. Бұл зерттеуде қолданылған педагогикалық жобалау, мониторингілеу және сауалнама әдістерінің нәтижелері кешенді болып табылады және әдетте үш негізгі бағытта көрініс табады: модельдеу және педагогикалық жобалау және мониторингілеу, анкеталау әдістерінің нәтижелері. Зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын білім берудың тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық жағдайларды, әдістерді және бағдарламаны әзірлеу, оны тәжірибеде сынау арқылы оның нәтижелілігін эмпирикалық жолмен дәлелдеу.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту мәселесін негіздеуде педагогикалық дарындылық туралы ғылыми тұжырымдамалар маңызды әдіснамалық база болып табылады. Педагогикалық дарындылық тұлғаның кәсіби педагогикалық әрекетте табысқа жетуін қамтамасыз ететін интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік және тұлғалық қабілеттердің кешенді жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан академиялық дарындылық болашақ мұғалімнің танымдық белсенділігімен, ғылыми ізденіске бейімділігімен, кәсіби білімді терең меңгеруімен және педагогикалық мәселелерді шығармашылықпен шеше алу қабілетімен сипатталады [6].

Академиялық дарындылықты дамытуда тұлғалық, іс-әрекеттік және жүйелік тұғырлардың өзара байланысы ерекше маңызға ие. Жеке-тұлғалық тұғыр болашақ мұғалімнің дара ерекшеліктерін, қызығушылығын, кәсіби ұстанымын және өзіндік даму әлеуетін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің академиялық қабілетін сыртқы талаптарға бейімдеу емес, оның ішкі мүмкіндіктерін ашуға бағытталған педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Іс-әрекеттік тұғыр академиялық дарындылықтың оқу әрекеті барысында қалыптасатынын негіздейді. Болашақ педагог ғылыми-зерттеу жұмыстары, жобалық тапсырмалар, талдау, рефлексия және кәсіби жағдаяттарды шешу арқылы академиялық әлеуетін дамытады. Яғни академиялық дарындылық дайын қасиет ретінде емес, белсенді танымдық әрекет нәтижесінде қалыптасатын динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. [7]

Жүйелік тұғыр академиялық дарындылықты өзара байланысқан компоненттердің бірлігі ретінде түсіндіреді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің академиялық дарындылығы келесі құрамдастар арқылы дамиды:

- когнитивтік компонент – кәсіби білімнің тереңдігі мен ғылыми ойлау деңгейі;
- мотивациялық компонент – педагогикалық қызметке қызығушылық пен кәсіби ұмтылыс;
- шығармашылық компонент – инновациялық шешім қабылдау қабілеті;
- рефлексиялық компонент – өзіндік кәсіби әрекетін бағалау және дамыту қабілеті [8].

Академиялық дарындылықты дамытуда жүйелілік, функционалдылық, мақсаттылық және теория мен практиканың бірлігі принциптері маңызды рөл атқарады. Бұл принциптер болашақ мұғалімнің кәсіби дамуын үздіксіз процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе теориялық білім мен практикалық тәжірибенің үйлесуі студенттің академиялық әлеуетін кәсіби құзыреттілікке айналдырады.

Сонымен қатар, позитивті болжам принципі әрбір студенттің академиялық мүмкіндігін дамытуға болатын әлеует ретінде қарастыруды көздейді. Бұл болашақ мұғалімдердің қабілеттерін ерте анықтап, қолдау көрсетудің қажеттілігін дәлелдейді. Академиялық дарындылықты

дамыту тек жоғары үлгерімді студенттерге бағытталмай, әрбір білім алушының ғылыми және кәсіби мүмкіндігін ашуға бағытталған педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту – кәсіби педагогикалық әлеуетті қалыптастырудың, ғылыми ойлау мәдениетін дамытудың және жоғары мотивацияланған, зерттеушілік қабілеті жоғары педагог даярлаудың маңызды шарты болып табылады.

Енді біз, зерттеудің эмпирикалық бөліміндегі талдауларды ұсынамыз. Зерттеу нысанына 1-ші тәуелсіз таңдау тобы ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ПжПИ-ның «Бастауыш білім беру» кафедрасының білім беру бағдарламаларының 3 курс 4-жылдық студенттері эксперименттік топ ретінде 67 студент қатысты**:** әзірленген бастауыш білім беру бағдарламалары осы топқа енгізіледі, 2-ші бақылау тобына осы аталмыш университеттің осы мамандықтарының студенттерінен 68 студентке бағдарлама енгізілмейді, бірақ ЭТ-мен бірдей диагностикадан өтеді, барлығы 135 зерттелушілер қатысты. Екі тәуелсіз таңдау тобы (болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мамандықтары) айырмашылықтарды Манна-Уитни критерийі арқылы SPSS бағдарламасы бойынша зерттелді. Академиялық дарындылықтың дамуын бағалаудың *критерийлері, көрсеткіштері және деңгейлері* жүйеленді және диагностикалық құралдар кешені (Манн-Уитни U-критерийін қолданумен) эмпирикалық тексеруден өткізілді [9].

Эмпирикалық зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту болғандықтан, бағдарламаның мазмұны *когнитивті (білім), креативті (шығармашылық) және мотивациялық-тұлғалық* компоненттерді қамтуы керек.

Кесте 1 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудың когнитивті (білім), креативті (шығармашылық) және мотивациялық-тұлғалық компоненттері, мақсаты мен қолданылатын әдіс-тәсілдері

Компонент	Мақсаты	Қолданылатын әдіс-тәсілдер
Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету)	Педагогикалық мәселелерді шешудегі білімнің тереңдігін, жүйелілігін және жылдамдығын арттыру	Кейс-стади әдісі: күрделі педагогикалық жағдаяттарды талдау.
Креативті-шығармашылық (Кәсіби икемділік)	Стандартты емес оқыту әдістерін әзірлеу, оқу процесінде креативтілікті қолдану	Оқытудың жаңа формаларын (ойын, жоба) әзірлеу. Синектика әдісі: жаңа идеялар генерациялау
Тұлғалық-мотивациялық (өзін-өзі реттеу)	Өзін-өзі дамытуға деген ішкі мотивация, табандылық	Тренингтер: өзін-өзі дамыту бойынша
Кәсіби білім компоненті (рефлексия, өз іс - әрекетін бағалау)	Кәсіби рефлексияны күшейту	Кәсіби портфолио: жетістіктерді жүйелі түрде тіркеу және өзін-өзі бағалау

Зерттеудің пәні: Осы студенттердің *академиялық дарындылығын* арттырудағы *педагогикалық әсер* және оның *нәтижесі.*

Статистикалық болжамдар:

Нөлдік болжам (H_0): Эксперименттік және бақылау топтары арасында академиялық дарындылықтың бастапқы деңгейі бойынша статистикалық маңызды айырмашылық жоқ.

Жұмыс болжамы (H_1): Эксперименттік және бақылау топтары арасында академиялық дарындылықтың бастапқы деңгейі бойынша статистикалық маңыздылық арасында айырмашылық бар.

Зерттеу мақсатын шешуде келесі әдістер қолданылды:

- *модельдеу әдісі (Педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің құрылымдық-функционалдық моделі.* Бұл модель дарынды студентті анықтау, іріктеу, оқыту және сүйемелдеу

кезеңдерін, олардың арасындағы байланыстарды және күтілетін нәтижелерді көрсететін нақты сұлба (схема) болып табылады;

- *педагогикалық жобалау, модельді іске асыруға арналған нақты мазмұн мен әдістемелер.* Бұл нәтижеге академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеуге арналған *арнайы оқу бағдарламалары, курстар* оқыту әдістемелері және оларға арналған *сабақ жоспарлары* кіреді;

- *анкеталау/ тестілеу*. Бұл әдістердің нәтижесі – эмпирикалық деректер және олардың талдамасы беріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Эксперименттік зерттеудің алғашқы кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің академиялық дарындылық деңгейлерінің статистикалық зерттеу мәліметтері алынды. 2024-2025 оқу жылында біздің нақтыланған зерттеу топтарымыздың санына (ЭТ-67 және БТ-68) сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің *академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық мәліметтерінің* динамикасын көрсететін кестесін ұсынамыз. Төмендегі кестелер мен суреттерде екі таңдау топтары бойынша зерттеу барысында алынған мәліметтер әзірленген білім беру бағдарламаларының тиімділігін көрсету үшін анықтаушы және бақылаушы кезеңдердегі пайыздық көрсеткіштері және сандық өсімді (динамиканы) көрсетеді (Кесте 2, 3, 4), (Сурет 1,2).

Кесте 2- Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштері бойынша эксперимент тобынан алынған салыстырмалы тексеру нәтижелері

Таңдау тобы ЭТ n=67	жоғары	n	орташа	n	төмен	n
Эксперименттің басындағы нәтиже	14,9%	10	55,2%	37	29,9	20
Эксперименттің соңындағы нәтиже	41,8%	28	63,3%	31	11,9	8



Сурет 1 – Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент тобы бойынша диагностика нәтижелері

Кесте 2-де когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті бойынша эксперименттік топтағы (ЭТ, n=67) академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент басындағы және соңындағы сандық көрсеткіштері берілген. Алынған нәтижелер оқушылардың академиялық дарындылық деңгейінде оң өзгерістердің болғанын көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 10 адамды құрап, жалпы топтың 14,9%-ын көрсетті. Орташа деңгейде 37 білім алушы (55,2%), ал төмен деңгейде 20 білім алушы (29,9%) анықталды. Бұл бастапқы кезеңде зерттелушілердің басым бөлігі орта деңгейде болғанын және когнитивті-әдістемелік даярлықтың жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді.

Эксперимент соңындағы нәтижелерде айтарлықтай өзгеріс байқалды. Жоғары деңгейдегі қатысушылар саны 28 адамға дейін өсіп, 41,8%-ды құрады. Мұндағы көрсеткіштер бастапқы нәтижемен салыстырғанда 26,9%-ға артқанын көрсетеді. Жоғары деңгейдегі білім алушылар

санының 10-нан 28-ге дейін өсуі когнитивті-әдістемелік компоненттің тиімді қалыптасқанын дәлелдейді.


Орташа деңгейдегі білім алушылар саны 37-ден 31-ге азайғанымен, жалпы құрылымда бұл деңгей сақталған. Пайыздық көрсеткіш бойынша орта деңгейдің үлесі тұрақты сипатта қалып, білім алушылардың бір бөлігі жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді. Бұл динамика когнитивті білімнің тереңдеуі мен әдістемелік даярлықтың жетілуіне байланысты.

Төмен деңгейдегі білім алушылар саны 20-дан 8-ге дейін азайып, 29,9%-дан 11,9%-ға төмендеген. Бұл 18%-дық оң айырмашылықты көрсетеді. Төмен деңгейдің қысқаруы зерттеу барысында енгізілген педагогикалық ықпалдардың тиімді болғанын және академиялық дарындылықты дамытуға бағытталған әдістемелік жұмыстардың нәтижелілігін дәлелдейді.

Математикалық статистикалық тұрғыдан қарағанда, жоғары және орта деңгейдегі көрсеткіштердің жиынтық үлесі эксперимент басында 70,1%-ды құраса, эксперимент соңында 88,1%-ға дейін артқан. Сондай-ақ, 18%-дық өсімді көрсетеді және когнитивті-әдістемелік компоненттің даму динамикасының оң бағытта жүргенін дәлелдейді.

Кесте -3 Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштері бойынша бақылау тобынан алынған салыстырмалы тексеру нәтижелері

Таңдау тобы БТ n=68	жоғары	n	орташа	n	төмен	n
Эксперименттің басындағы нәтиже	14,7%	10	57,4%	39	27,9	19
Эксперименттің соңындағы нәтиже	19,1%	13	58,8%	40	22,1	15



Сурет 2 – Академиялық дарындылық деңгейлерінің бақылау тобы бойынша диагностика нәтижелері

Кестеде бақылау тобының (БТ, n=68) когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті бойынша академиялық дарындылық деңгейлерінің эксперимент басындағы және соңындағы көрсеткіштері берілген. Нәтижелер бақылау тобында белгілі бір оң өзгерістер болғанымен, олардың динамикасы эксперименттік топпен салыстырғанда баяу және тұрақты сипатта екенін көрсетеді.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 10 адамды құрап, жалпы топтың 14,7%-ын көрсетті. Орташа деңгейде 39 білім алушы (57,4%), ал төмен деңгейде 19 білім алушы (27,9%) анықталды. Бұл нәтижелер бақылау тобындағы оқушылардың басым бөлігі орта деңгейде екенін және когнитивті-әдістемелік даярлықтың қалыптасуында тұрақты, бірақ жеткілікті жоғары емес деңгейді көрсетеді.

Эксперимент соңындағы нәтижелерде жоғары деңгейдегі білім алушылар саны 13 адамға дейін өсіп, 19,1%-ды құрады. Бұл бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда 4,4%-дық өсімді көрсетеді. Сандық тұрғыдан жоғары деңгейдегі қатысушылар саны 3 оқушыға артқан. Алайда

бұл өзгеріс айтарлықтай қарқынды емес және табиғи оқу үдерісіндегі қалыпты даму динамикасын сипаттайды.

Кесте 4 - Екі таңдау тобы бойынша білім алушылардан алынған когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті негізінде академиялық дарындылық деңгейлерінің сандық көрсеткіштерінің динамикасы

Когнитивті-әдістемелік (білімді тереңдету) компоненті	*Топ*	*Бастапқы кезең (Анықтаушы)*	*Соңғы кезең (Бақылаушы)*	*Өсім/Төмендеу (Пайызбен)*	*p-мәні (Манн-Уитни*
Жоғары	ЭТ (n=67)	14.9 % (n=10)	41.8 % (n=28)	+ 26.9 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	14.7 % (n=10)	19.1 % (n=13)	+ 4.4 %	$p > 0.05$
Орташа	ЭТ ((n=67)	55.2 % (n=37)	46.3 % (n=31)	- 8.9 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	57.4 % (n=39)	58.8 % (n=40)	+ 1.4 %	$p > 0.05$
Төмен	ЭТ ((n=67)	29.9 % (n=20)	11.9 % (n=8)	- 18.0 %	$p \leq 0.01$
	БТ (n=68)	27.9 % (n=19)	22.1 % (n=15)	- 5.8 %	$p > 0.05$

Осы эмпирикалық әдістерге сәйкес жүргізілген анықтаушы эксперименттің басы мен бақылау эксперимент соңы нәтижелері көрсеткендей: Бастапқы анықташы кезеңде екі топтың да академиялық дарындылық деңгейлері бірдей (жоғары деңгей: ЭТ – 14.9%, БТ – 14.7%). Бұл Манн-Уитни U-критерийі арқылы статистикалық маңызды айырмашылық жоқ ($p > 0.05$) екенін дәлелдейді.

ЭТ-дағы біршама өзгерістерді байқауға болады, атап айтқанда жоғары деңгей көрсеткіші 26.9%-ға айтарлықтай өсті (14.9%-дан 41.8%-ға дейін). Төмен деңгейдегі студенттердің саны 18.0%-ға төмендеді. Бұл деректер әзірленген білім беру бағдарламаларының студенттердің академиялық дарындылығын қалыптастыруға оң әсер еткенін білдіреді.

Бақылау тобындағы өзгерістер табиғи даму шеңберінде болды (жоғары деңгейдің өсуі +4.4%), бұл ЭТ-дағы өзгерістердің білім беру бағдарламаларының тікелей әсерінен болғанын айғақтайды. Бақылаушы кезеңдегі ЭТ мен БТ нәтижелері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.05$немесе $p \leq 0.01$). Бұл сандық мәіметтер "Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының жоғары тиімділігін және оны оқу процесіне енгізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Екінші зерттеу кезеңі бойынша креативтілік (Шығармашылық) компонентінің динамикасы: *Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы бағаланады, онда негізгі көрсеткіштер – ойлаудың икемділігі, өзгешелігі және жылдамдығы алынды. Нәтижелер 5-балдық шкаламен бағаланған орташа ұпайлармен берілген.*

Төмендегі кестелерде креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштері ұсынылды (Кесте-5,6 және Сурет 3).

Кесте 5- Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштері

Креативтілік көрсеткіші	*Топ*	*Бастапқы нәтиже*	*Соңғы нәтиже*
Ойлаудың икемділігі	ЭТ (67)	3.25	4.60
	БТ (68)	3.30	3.45
Ойлаудың өзгешелігі	ЭТ (67)	3.10	4.55
	БТ (68)	3.15	3.30
Педагогикалық креативтілік (Жалпы)	ЭТ (67)	3.18	4.58
	БТ (68)	3.22	3.40



Сурет-3 - Креативтілік компоненті бойынша П.Торренс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Кесте 6- Креативтілік компоненті бойынша Торранс тесттері немесе Гильфорд тесттері арқылы алынған пайздық көрсеткіштері мен динамикасы

Креативтілік көрсеткіші	*Топ*	*Бастапқы ұпай* (x^-_1)	*Соңғы ұпай* (x^-_2)	*Өсім (Айырма)*	*Динамика (%)*	*p-мәні*
Ойлаудың икемділігі	ЭТ (67)	3.25	4.60	+1.35	+ 41.5%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.30	3.45	+0.15	+ 4.5%	$p > 0.05$
Ойлаудың өзгешелігі	ЭТ (67)	3.10	4.55	+1.45	+ 46.8%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.15	3.30	+0.15	+ 4.8%	$p > 0.05$
Педагогикалық Креативтілік (Жалпы)	ЭТ (67)	3.18	4.58	+1.40	+ 44.0%	$p \leq 0.01$
	БТ (68)	3.22	3.40	+0.18	+ 5.6%	$p > 0.05$


ЭТ-да креативтілік көрсеткіштерінің (41%-46% өсім) статистикалық тұрғыдан маңызды түрде жоғарылауы әзірленген бағдарламаның шығармашылық шеберханалар мен жобалық әдістер арқылы студенттердің креативтілік әлеуетін ашуға тиімді болғанын дәлелдейді.

Үшінші эмпирикалық зерттеу кезеңінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасын келтіру үшін, біздің зерттеулерміздің логикасына сәйкес, *мотивациялық-тұлғалық компонентке* қатысты *бастапқы (анықтаушы) және соңғы (бақылаушы)* диагностика нәтижелерін салыстыруды қажет етеді. Бұл динамика *эксперименттік топта (ЭТ) әзірленген білім беру бағдарламаларының әсерінен оң бағытталған өзгерістерін* көрсетеді.

Төмендегі кестеде тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының негізгі көрсеткіштері бойынша *ЭТ және БТ топтарының нәтижелерін* салыстырмалы түрде көрсетіліп берілген (Кесте 7,8; Сурет 4). Бұл нәтижелер арнайы сауалнамалар (мотивация, кәсіби бағыттылық, өзін-өзі реттеу, кәсіби рефлексия) арқылы жиналып, орташа ұпай түрінде берілген.

Кесте 7 - Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының ЭТ және БТ топтары бойынша сауалнама әдістерінен алынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Компоненттер	*Топ*	*Бастапқы нәтиже*	*Соңғы нәтиже*
Ішкі мотивация (Оқуға деген қызығушылық)	ЭТ	3.66	4.73
	БТ	3.59	3.76
Кәсіби бағыттылық (Мұғалім мамандығының құндылығы)	ЭТ	3.83	4.86
	БТ	3.79	3.90
Өзін-өзі Реттеу/Табандылық (Мақсатқа жетудегі табандылық)	ЭТ	3.40	4.55
	БТ	3.35	3.50
Кәсіби рефлексия (Өз іс-әрекетін талдау қабілеті)	ЭТ	3.50	4.60
	БТ	3.45	3.55



Сурет 4 - Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының ЭТ және БТ топтары бойынша сауалнама әдістерінен алынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің гистограммасы

Кесте 7-де тұлғалық-мотивациялық компонент негізінде студенттердің оқуға және болашақ мамандығына деген көзқарасының эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары бойынша сауалнама нәтижелері көрсетілген. Мәліметтер ішкі мотивация, кәсіби бағыттылық, өзін-өзі реттеу/табандылық және кәсіби рефлексия көрсеткіштері арқылы бағаланды. Алынған нәтижелер эксперименттік топта тұлғалық-мотивациялық өзгерістердің айқын динамикасын көрсетеді.

Ішкі мотивация (оқуға деген қызығушылық) көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы нәтиже 3,66 болса, соңғы нәтиже 4,73-ке жеткен. Бұл көрсеткіштің өсімі *1,07 баллды* құрайды. Бақылау тобында көрсеткіш 3,59-дан 3,76-ға өсіп, өзгеріс көлемі *0,17 балл* болды. Салыстырмалы түрде эксперименттік топтағы өсім бақылау тобынан шамамен *6,3 есе жоғары***.** Бұл эксперименттік ықпалдың студенттердің оқу әрекетіне қызығушылығын арттыруға әсер еткенін көрсетеді.

Кәсіби бағыттылық (мұғалім мамандығының құндылығы) көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы деңгей 3,83-тен 4,86-ға дейін көтерілген. Өсу айырмашылығы *1,03 баллды* құрайды. Бақылау тобында бұл көрсеткіш 3,79-дан 3,90-ға дейін ғана өсіп, өзгеріс *0,11 балл* болды. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің педагогикалық мамандықтың әлеуметтік және кәсіби маңызын тереңірек түсіне бастағанын дәлелдейді.

Өзін-өзі реттеу және табандылық көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы нәтиже 3,40 болса, соңғы нәтиже 4,55-ке жеткен. Яғни өсім *1,15 баллды* құрады. Бақылау тобында көрсеткіш 3,35-тен 3,50-ге дейін ғана өсіп, айырмашылық *0,15 балл* болды. Бұл нәтижелер эксперименттік ықпал студенттердің мақсатқа жетудегі тұрақтылығын, жауапкершілігін және оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетін күшейткенін көрсетеді.

Кәсіби рефлексия көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы деңгей 3,50 болса, соңғы кезеңде 4,60-қа жеткен. Өсім көлемі *1,10 балл* болды. Бақылау тобында көрсеткіш 3,45-тен 3,55-ке дейін өзгеріп, тек *0,10 балл* айырмашылық көрсетті. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің өз кәсіби әрекетін талдау, өзін бағалау және кәсіби даму бағытын айқындау қабілетінің артқанын білдіреді.

Математикалық-статистикалық тұрғыдан барлық көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта оң динамика байқалады. Эксперименттік топтағы орташа өсім көрсеткіші:

- ішкі мотивация – *+1,07;*
- кәсіби бағыттылық – *+1,03;*
- өзін-өзі реттеу – *+1,15;*
- кәсіби рефлексия – *+1,10.*

Ал бақылау тобында өсім мөлшері барлық көрсеткіштер бойынша *0,10–0,17 балл аралығында* ғана болды.

Кесте 8- Тұлғалық-мотивациялық компоненті негізінде студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының негізгі көрсеткіштері бойынша ЭТ және БТ топтарының нәтижелерінің динамикасы

Компоненттер	*Топ*	*Бастапқы ұпай ($\bar{x}_1$)*	*Соңғы ұпай ($\bar{x}_2$)*	*Өсім (Айырма)*	*Динамика (%)*	*p-мәні (Манн-Уитни*
1. Ішкі мотивация (Оқуға деген қызығушылық)	ЭТ	3.66	4.73	+1.07	+30.0%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.59	3.76	+0.18	+4.8%	$p > 0.05$
2. Кәсіби бағыттылық (Мұғалім мамандығының құндылығы)	ЭТ	3.83	4.86	+1.05	+27.4%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.79	3.90	+0.11	+2.9%	$p > 0.05$
3.Өзін-өзі Реттеу/Табандылық (Мақсатқа жетудегі табандылық)	ЭТ	3.40	4.55	+1.15	+33.8%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.35	3.50	+0.15	+4.5%	$p > 0.05$
4. Кәсіби рефлексия (Өз іс-әрекетін талдау қабілеті)	ЭТ	3.50	4.60	+1.10	+31.4%	$p \leq 0.01$
	БТ	3.45	3.55	+0.10	+2.9%	$p > 0.05$

Эмпирикалық зерттеулерден алынған мәліметтерді талдайтын болсақ, ЭТ-дағы оң динамика: эксперименттік топта (ЭТ) барлық көрсеткіштер бойынша орташа ұпайлардың айтарлықтай өскені байқалады (орташа 27%-33% пайыз аралығында). Бұл білім беру бағдарламаларының студенттердің ішкі мотивациясы, мамандыққа деген құндылықты көзқарасы және жеке тұлғалық реттеу қабілетіне тікелей әсер еткенін көрсетеді.

Бақылау тобында (БТ) өзгерістер өте аз (2%-4% аралығында), бұл табиғи оқу үрдісіндегі минималды өсуді көрсетеді. ЭТ және БТ топтарының соңғы нәтижелері арасындағы айырмашылық $p \leq 0.01$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылды.

Әзірленген білім беру бағдарламалары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығының мотивациялық-тұлғалық компонентін тиімді дамытып, олардың оқуға және кәсіби мамандыққа деген оң көзқарасының динамикасын қалыптастырды.

Студенттердің академиялық, мотивациялық, креативтілік қабілеттерінің *бастапқы (анықтаушы)* және *соңғы (бақылау)* деңгейлері де анықталды.

Мониторингілеу нәтижелері. Әзірленген модельдің тиімділігі туралы статистикалық деректерге келетін болақ, эксперименттік топтағы (ЭТ) студенттердің академиялық дарындылық көрсеткіштерінің (оқу үлгерімі, креативтілік ұпайы) қалыптастырушы эксперименттен кейін *статистикалық маңызды өскені* дәлелденді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын жан-жақты дәлелдеу үшін, креативтілік (шығармашылық) компоненті және кәсіби білім компоненті бойынша да динамиканы ұсыну өте маңызды. Бұл екі компонент бойынша да эксперименттік топта (ЭТ-67) ББ бағдарламаларының әсерінен айтарлықтай оң өзгерістер алынды.

Төртінші зерттеу кезеңі бойынша кәсіби білім компонентінің динамикасын интерпретатциялайтын болсақ, кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер арқылы бағаланады. Нәтижелер 100-балдық шкала бойынша пайызбен көрсетілген. Төмендегі кестелер мен суреттерде көрсетілген (Кесте9;10, Сурет 5).

Кесте 9 - Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер диагностикасының нәтижелерінің көрсеткіштері

Кәсіби білім көрсеткіші	*Топ*	*Бастапқы нәтиже орташа мәні*	*Соңғы нәтиже орташа мәні*
Әдістемелік құзыреттілік	ЭТ (67)	71.5%	91.0%
(Оқыту технологияларын қолдану)	БТ (68)	70.8%	75.5%
Педагогикалық мәселені шешу	ЭТ (67)	68.0%	88.5%
(Практикалық жағдайдағы шешім)	БТ (68)	67.5%	72.0%
Жалпы академиялық жетістік	ЭТ (67)	69.7%	89.7%
	БТ (68)	69.1%	73.7%

Кесте 9-де кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде жүргізілген күрделі тест диагностикасының нәтижелері берілген. Нәтижелер эксперименттік (ЭТ, n=67) және бақылау (БТ, n=68) топтарының бастапқы және соңғы кезеңдегі кәсіби білім деңгейінің өзгерісін салыстыруға мүмкіндік береді. Диагностика әдістемелік құзыреттілік, педагогикалық мәселені шешу және жалпы академиялық жетістік көрсеткіштері арқылы бағаланды.

Әдістемелік құзыреттілік көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа мән 71,5%-ды құраса, соңғы нәтижеде 91,0%-ға дейін жоғарылаған. Бұл көрсеткіштің өсімі *19,5 пайыздық пунктті* құрайды. Бақылау тобында бастапқы нәтиже 70,8%-дан 75,5%-ға дейін өсіп, өзгеріс көлемі *4,7 пайыздық пункт* болды. Салыстырмалы түрде эксперименттік топтағы өсім бақылау тобымен салыстырғанда шамамен *4 есе жоғары***.** Бұл нәтижелер арнайы ұйымдастырылған әдістемелік ықпалдың студенттердің оқыту технологияларын меңгеру деңгейін едәуір арттырғанын көрсетеді.

Педагогикалық мәселені шешу көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа нәтиже 68,0%-дан 88,5%-ға дейін көтерілген. Өсім көлемі *20,5 пайыздық пунктті* құрады.

Бақылау тобында бұл көрсеткіш 67,5%-дан 72,0%-ға дейін жоғарылап, өзгеріс *4,5 пайыздық пунктпен* шектелді. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің педагогикалық жағдаяттарды шешу, кәсіби шешім қабылдау және практикалық әрекетке бейімделу қабілетінің жоғарылағанын көрсетеді.

Жалпы академиялық жетістік көрсеткіші бойынша эксперименттік топта бастапқы орташа мән 69,7%-ды құрап, соңғы кезеңде 89,7%-ға жетті. Бұл көрсеткіштің өсімі *20,0 пайыздық пунктті* көрсетті. Бақылау тобында 69,1%-дан 73,7%-ға дейін өзгеріп, өсім мөлшері *4,6 пайыздық пунктті* құрады. Жалпы академиялық жетістік динамикасы эксперименттік топтағы кәсіби білім сапасының едәуір жоғарылағанын дәлелдейді.

Математикалық-статистикалық салыстыру нәтижесінде эксперименттік топтағы барлық көрсеткіштердің айқын өсімі байқалады:

- әдістемелік құзыреттілік – *+19,5%;*
- педагогикалық мәселені шешу – *+20,5%;*
- жалпы академиялық жетістік – *+20,0%.*

Бақылау тобында өсім көрсеткіштері:

- әдістемелік құзыреттілік – *+4,7%;*
- педагогикалық мәселені шешу – *+4,5%;*
- жалпы академиялық жетістік – *+4,6%.*

Орташа өсім деңгейін салыстырғанда эксперименттік топта кәсіби білім компонентінің дамуы бақылау тобынан шамамен *4–4,5 есе жоғары* болғаны анықталды.



Сурет 5 – Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер диагностикасының нәтижелерінің гистограммасы

Кесте -10 Кәсіби білім компоненті бойынша «Педагогикалық зерттеулер» және «Оқытуды даралау» пәндері негізінде алынған күрделі тесттер арқылы алынған пайыздық көрсеткіштерінің динамикасы

Кәсіби білім көрсеткіші	*Топ*	*Бастапқы нәтиже орташа мәні (X_1)*	*Соңғы нәтиже орташа мәні (X_2)*	*Айырма*	*Динамика (%)*	*p-мәні*
Әдістемелік құзыреттілік	ЭТ (67)	71.5%	91.0%	+ 19.5%	+ 27.3%	p 0.01
(Оқыту технологияларын қолдану)	БТ (68)	70.8%	75.5%	+ 4.7%	+ 6.6%	p > 0.05
Педагогикалық мәселені шешу	ЭТ (67)	68.0%	88.5%	+ 20.5%	+ 30.1%	p ≤ 0.01
(Практикалық жағдайдағы шешім)	БТ (68)	67.5%	72.0%	+ 4.5%	+ 6.7%	p > 0.05
Жалпы академиялық жетістік	ЭТ (67)	69.7%	89.7%	+ 20.0%	+ 28.7%	p ≤ 0.01
	БТ (68)	69.1%	73.7%	+ 4.6%	+ 6.7%	p > 0.05

ЭТ-да кәсіби білімнің және мәселе шешу құзыреттілігінің 27%-30% аралығында өсуі тіркелді. Бұл зерттеуде қолданылған когнитивті-әдістемелік компонентке бағытталған оқыту әдістері (мысалы, күрделі кейс-стади) студенттердің терең білім мен оны қолдану қабілетін айтарлықтай арттырғанын көрсетеді.

Үш компонент (мотивациялық, креативтілік, кәсіби білім) бойынша да ЭТ нәтижелерінің статистикалық маңызды өсуі әзірленген ББ бағдарламасының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамытудағы кешенді және жоғары тиімділігін дәлелдейді.

Студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасын интерпретациялайтын болсақ, студенттердің мотивациясының, өзін-өзі реттеу қабілетінің және мамандыққа деген қызығушылығының жақсарғаны туралы мәліметтер алынды. Нәтижесінде академиялық дарындылық деңгейінің (жоғары, орташа, төмен) студенттер арасындағы таралу пайызын алдық. Сонымен қатар, студенттердің оқуға және мамандыққа деген көзқарасының динамикасы келтірілді. Студенттердің мотивациясының, өзін-өзі реттеу қабілетінің және мамандыққа деген қызығушылығының жақсарғаны туралы деректер жинақталды.

Жоғарыда аталған әдістерді кешенді қолданудың түпкі нәтижесі:

-педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеудің әзірленген моделінің (жобасының) тиімділігі ғылыми және эмпирикалық тұрғыдан негізделді;

-оны іске асыруға арналған әдістемелермен бірге, педагогикалық ЖОО-да академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеу практикасына енгізуге ұсынылады.

Бұл әдістердің нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты: модельдеу арқылы теориялық негіз құрылады, педагогикалық жобалау арқылы оның мазмұны жасалады, ал анкеталау мен мониторингілеу осы құрылған жүйенің нақты өмірде қаншалықты *тиімді* екенін бағалайды.

Жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, зерттеу жұмысымыздағы баыты ұғым, түсініктерге нақтылау жүргіздік. Біз, «*академиялық дарындылық – тұлғаның білімді терең әрі жылдам меңгеруге, ғылыми-танымдық әрекетке белсенді қатысуға, ақпаратты талдап, жүйелеуге, логикалық және сыни ойлау негізінде жаңа білім өндіруге қабілеттілігін сипаттайтын кешенді интеллектуалдық-педагогикалық қасиет*» деп нақтыладық, академиялық дарындылық жоғары танымдық мотивацияны, зерттеушілік бейімділікті, оқу әрекетіндегі дербестікті, шығармашылық ойлауды және кәсіби білімді тиімді қолдану мүмкіндігін қамтиды. Академиялық дарындылық білім алушының оқу жетістіктерімен ғана емес, оның ғылыми ізденіске қызығушылығымен, теориялық білімді практикамен ұштастыру қабілетімен және үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысымен анықталады.

Сонымен қатар, «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық дарындылығын дамыту» – жоғары педагогикалық білім беру жағдайында студенттердің ғылыми-танымдық белсенділігін, интеллектуалдық әлеуетін, зерттеушілік қабілетін, кәсіби-педагогикалық ойлауын және оқу-ғылыми әрекеттегі шығармашылық дербестігін жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс»* Мұндағы педагогикалық үдеріс болашақ мұғалімнің кәсіби білімді терең меңгеруін, ғылыми ақпаратты талдау мен жүйелеуін, педагогикалық мәселелерді теориялық және практикалық тұрғыдан шешу қабілетін, сондай-ақ үздіксіз өзін-өзі дамыту мен академиялық жетістікке ұмтылысын қалыптастыруды қамтиды. Академиялық дарындылықты дамыту болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін, ғылыми мәдениетін және педагогикалық қызметке интеллектуалдық даярлығын қамтамасыз ететін кешенді білім беру үдерісі ретінде қарастырылады.

Қорытынды. Академиялық дарындылық феноменінің қарастырылған контекстерінің жоғары пікірталастық құрамдастары бар, ол дарындылықтың туындауының алғышарттарын, мазмұнын анықтаудан (генетикалық негізделген ерекшелік немесе тұлғаның қалыптасатын сапасы), педагогикалық дарындылықтың құрылымынан (тұлғаның когнитивті (пәндік) қабілеттерінің педагогикалық дарындылықтың әмбебап қабілеттерінің құрылымындағы орны), педагогикалық дарындылықты диагностикалаудың мүмкіндіктері мен инструменттерінен, педагогикалық дарынды жастармен жұмыс бойынша теориялық, әдістемелік және практикалық шешімдерді жобалаудан, элитизмнің әртүрлі, оның ішінде этикалық аспектілерімен жастармен жұмыстың және мамандықтың және педагогикалық білім берудің көпшілік сипатымен байланысынан тұрады. Қазіргі әлемнің екіұштылығы және өзгермелілігі қазіргі ресей мектептері үшін жоғары білікті кадрларды даярлау құралдары мен тәсілдерін іздеудің қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Барлық деңгейлерде жаһандық білім берудің күн тәртібіндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін, қазіргі уақытта педагогикалық дарынды жастарды зерттеу шараларын және кәсіпалды және кәсіби педагогикалық іс-әрекет кеңістігінде жастарды білім беру және сүйемелдеу бағдарламаларын жүзеге асыру шараларын қабылдау қажет. Осы орайда ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар берілді:

- *болашақ педагогтердің академиялық дарындылығын ерте анықтауға бағытталған диагностикалық жүйені енгізу ұсынылады;*

- *педагогикалық дарынды жастарды сүйемелдеуге арналған тұлғалық-бағдарлы және тәжірибеге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады* (мысалы, **б**ағдарламалар ғылыми-зерттеу жұмыстары, жобалық оқыту, педагогикалық практика, тәлімгерлік (менторинг), тьюторлық қолдау және кәсіби рефлексия элементтерімен толықтырылуы);

- *академиялық дарындылықты дамытуға бағытталған интеграцияланған білім беру ортасын қалыптастыру ұсынылады.*

Мұнда мектеп, жоғары оқу орны, ғылыми қауымдастық және кәсіби педагогикалық орта арасындағы өзара байланысты күшейту маңызды. Мұндай орта студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауына, педагогикалық қабілеттерін тәжірибеде дамытуына және білім беру жүйесіне сапалы

Академиялық дарынды жастарды анықтау, іріктеу және сүйемелдеу процестерін ұйымдастырудың аталған әдіснамалық тұғырлары мен принциптерінің үйлесімі дарындылықпен жұмыстың теориясы мен практикасының жетістіктерін жүйелеу және жалпылау негізінде біздің еліміздің білім беру жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің тиімді тәсілдері туралы жаңа түсінікті қалыптастыруға, баланың өз болашағымен кездесу жүзеге асырылатын білім беру кеңістігін гуманистік құндылықтар аясында трансформациялауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы президенті Тоқаев Қ.Ж. Білім келешегі – адал азамат, кәсіби маман. *Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. - 2025* https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-

zhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340 (қаралған күні 04.09.2025)

2. Жарықбаев Қ.Б.және т.б. Психологиялық энциклопедиялық сөздік. - Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 152 б.

3. Юркевич С.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. – М.: Просвещение, 2000. – 136 с.

4. Рафикова В. М. Педагогические условия формирования академической одаренности школьников: автореферат дис. канд. пед. наук: 13. 00.01./Венера Мунировна Рафикова. −Удмуртский гос.ун-т, Ижевск, 2003. − 15 с.

5. Буров А.Ю. Критерии и модель академической одаренности / Буров Александр Юрьевич // Интеллектуальная, академическая и творческая одаренность: общее и отличное. Материалы круглого стола 20 января 2012 г., м. Киев. − К.: ООО «Информационные системы», 2012. − С. 6 – 8

6. Богояленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Одаренность: природа и диагностика. – М.: АНО «ЦНПРО», 2013. – 208 с.

7. Онацкий В.М. Академическая одаренность и методы ее диагностики //Одаренный ребенок. − 2002, № 2. − С. 51 – 56.

8. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебное пособие для студентов вузов. — М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2000. — 624 с.

9. Зулпыхарова М.М., Садуакас Г.Т., Сұлтанбек М.Ж. Академиялық дарындылық» ңұғымының теориялық аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 4(68),2020 ж. 30 б.

Reference:

1. Qazaqstan Respýblıkasy prezıdenti Toqaev Q.J. Bilim keleshegi – adal azamat, kásibı maman. .Tamyz konferensıasynyń plenarlyq otyrysynda sóılegen sózi. – 2025. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340 (qaralǵan kúni 04.09.2025)

2. Jaryqbaev Q.B. jáne t.b. Psıhologıalyq ensıklopedıalyq sózdik. - Almaty:Qazaq ensıklopedıasy, 2011. – 152 b.

3. Iýrkevıch S.S. Odarennyı rebenok: ıllúzıı ı realnos. – M.: Prosveshenıe, 2000. – 136 s.

4. Rafikova V.M. Pedagogıcheskıe ýslovıa formırovanıa akademıcheskoı odarennostı shkolnıkov: avtoreferat dıs. kand. ped. naýk: 13. 00.01. / Venera Mýnırovna Rafikova. −Ýdmýrtskıı gos.ýn-t, Ijevsk, 2003. − 15 s.

5. Býrov A. Iý. Krıterıı ı model akademıcheskoı odarennostı / Býrov Aleksandr Iýrevıch // Intellektýalnaıa, akademıcheskaıa ı tvorcheskaıa odarennos: obshee ı otlıchnoe. Materıaly krýglogo stola 20 ıanvará 2012 g., m. Kıev. − K.: OOO "Informasıonnye sıstemy", 2012. − S. 6 – 8

6. Bogoıalenskaıa D. B., Bogoıavlenskaıa M. E. Odarennos: prıroda ı dıagnostıka. – M.: ANO "SNPRO", 2013. – 208 s.

7. Onaskıı V. M. Akademıcheskaıa odarennos ı metody ee dıagnostıkı //Odarennyı rebenok. −2002, № 2.− S.51 – 56.

8. Abramova G.S. Vozrastnaıa psıhologıa: Ýchebnoe posobıe dlá stýdentov výzov. — M.: Akademıcheskıı Proekt; Ekaterınbýrg: Delovaıa knıga, 2000. — 624 s.

9. Zýlpyharova M.M., Sadýakas G.T., Sultanbek M.J. Akademıalyq daryndylyq" ңǵymynyń teorıalyq aspektileri // Abaı atyndaǵy Qazıpý-ń Habarshysy "Pedagogıka ǵylymdary" serıasy, № 4 (68), 2020 j.. 30 b.

МРНТИ 14.35.07

https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.014

Т.Е.Какарова, [1*] *М.У.Тусеев,* [2] *С.Ю.Трапицын,* [3]
И.А.Токбергенова, [2] *У.Ж.Туякова* [4]

[1]*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет, Шымкент қ., Қазақстан*
[2] *Орталық Азия инновациялық университет, Шымкент қ., Қазақстан*
[3]*А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университет, Санкт-Петербург қ. Ресей Федерациясы*
[4]*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Инклюзивті білім беру білім алушылардың әртүрлілігінің құндылығына, олардың оқу қабілеттерін тануға және әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыруға баса назар аударады. Болашақ педагог-психологтардың бірлескен, ерекше ұйымдастырылған диагностикалық қызметі зерттелетін санаттағы балалардағы психоәлеуметтік дамудың типтік бұзылыстары, оларды түзету және дамудың қайталама бұзылыстарының алдын алу мүмкіндіктері туралы теориялық білім мен идеяларды неғұрлым берік және мағыналы меңгеруге ықпал етуі мүмкін. Кез-келген модель зерттеу тақырыбының функцияларын, оның байланыстарын сипаттайтын құрылымдық элементтер жүйесін ұсынуға мүмкіндік береді. Құрылымдық-мазмұндық және құрылымдық-функционалдық модельдер жоғары кәсіптік білім беру стандарттарының талаптарына, қоғамның әлеуметтік тапсырысын және еңбек нарығында нақты мамандардың сұранысын ескеруге негізделуі керек. Сондықтан, инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін сипаттау үшін зерттеу міндеттеріне жауап беретін құрылымдық-мазмұндық модельді таңдадық. Модельдің құрамдас бөліктері модельдеу пәнінің, модельдеу субъектінің және педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларының білім беру ортасының өзара әрекеттесу логикасын сипаттауы керек. Инклюзивті білім беру жүйесінде болашақ педагогтар-психологтардың даярлау мемлекет пен қоғам деңгейіндегі объективті сұраныстарды теориялық және практикалық тұрғыдан айқындайды. Бұл мақсатты жүзеге асыру инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаудың қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: модель, инклюзивті білім беру, диагностикалық құзыреттілік, диагностика, педагогикалық диагностика.

Какарова Т.Е., [1*] *Тусеев М.У.,* [2] *Трапицын С.Ю.,* [3]
Токбергенова И.А.,[2] *Туякова У.Ж.* [4]

[1]*Южно-Казахстанский университет им.М.Ауезова, г.Шымкент, Казахстан*
[2] *Центрально-Азиатский инновационный университет, г.Шымкент, Казахстан*
[3]*Российский государственний педагогический университет им. А.И.Герцена, г.Санкт-Петербург, Российская Федерация*
[4]*Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан*

СТРУКТУРНО-СОДЕРЖАТЕЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ДИАГНОСТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Инклюзивное образование подчеркивает ценность разнообразия обучающихся, признание их учебных способностей и организацию образовательного процесса с учетом индивидуальных особенностей каждого ребенка. Совместная, особо организованная диагностическая деятельность будущих педагогов-психологов может способствовать более прочному и осмысленному усвоению теоретических знаний и представлений о типичных

нарушениях психосоциального развития у исследуемой категории детей, возможности их коррекции и профилактики вторичных нарушений развития. Любая модель позволяет представить систему структурных элементов, характеризующих функции субъекта исследования, его связи. Структурно-содержательная и структурно-функциональная модели должны основываться на требованиях стандартов высшего профессионального образования, учитывать социальный заказ общества и спрос конкретных специалистов на рынке труда. Следовательно, для описания процесса формирования диагностической компетентности будущих педагогов-психологов в условиях инклюзивного образования мы выбрали структурно-содержательную модель, отвечающую задачам исследования. Составные части модели должны характеризовать логику взаимодействия субъекта моделирования, субъекта моделирования и образовательной среды всех участников педагогического процесса. Подготовка будущих педагогов-психологов в системе инклюзивного образования теоретически и на практике определяет объективные запросы на уровне государства и общества. Реализация данной цели свидетельствует о необходимости разработки структурно-содержательной модели формирования диагностической компетентности будущих педагогов-психологов в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: модель, инклюзивное образование, диагностическая компетентность, диагностика, педагогическая диагностика.

Kakarova T.,[1] Tuseev M.,[2] Trapitsyn S.,[3] Tokbergenova I.,[2] Tuyakova U.[4]*
[1]Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan
[2]Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan
[3]Herze State Pedagogical University of Russia, St.Petersburg, Russian Federation
[4]Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

A STRUCTURAL AND SUBSTANTIVE MODEL FOR THE FORMATION OF DIAGNOSTIC COMPETENCE OF FUTURE PSYCHOLOGICAL EDUCATORS IN INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

Inclusive education emphasizes the value of student diversity, recognition of their learning abilities, and organization of the educational process taking into account the individual characteristics of each child. Joint, specially organized diagnostic activities of future educational psychologists can contribute to a more solid and meaningful assimilation of theoretical knowledge and ideas about typical disorders of psychosocial development in the studied category of children, the possibility of their correction and prevention of secondary developmental disorders. Any model allows us to present a system of structural elements characterizing the functions of the research subject and its connections. Structural-substantive and structural-functional models should be based on the requirements of higher professional education standards, take into account the social order of society and the demand of specific specialists in the labor market. Therefore, to describe the process of forming the diagnostic competence of future psychological educators in inclusive education, we have chosen a structural and meaningful model that meets the objectives of the study. The components of the model should characterize the logic of interaction between the modeling subject, the modeling subject and the educational environment of all participants in the pedagogical process. Theoretically and in practice, the training of future psychological educators in the inclusive education system determines objective demands at the level of the state and society. The realization of this goal indicates the need to develop a structural and substantive model for the formation of diagnostic competence of future psychological educators in inclusive education.

Keywords: model, inclusive education, diagnostic competence, diagnostics, pedagogical diagnostics.

Кіріспе. Заманауи білім беру саласында инклюзивті білім беруді дамытудың мақсаты барлық категориядағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқығын жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс деп анықталады, сонымен бірге мемлекет инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға білім алу, білім берудің барлық деңгейлерінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді», – делінген [1].

«Инклюзивті білім беру» ерекшеліктерін және оны оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, цифрлық технологияларын білетін кәсіби қызметінде өте өзекті және ғылыми-педагогикалық зерттеу нысанына айналуда. Елімізде бұл мәселеге 1990 жылдан бастап арнайы зерттеулер жүргізілді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің теориялық негізін ғалымдар (Р.А.Сулейменова, З.А.Мовкебаева, И.Оралканова, А.М.Ерсарина, А.К.Жалмухамедова, А.А.Байтұрсынова, И.Г.Елисеева, Г.З.Закаева, Г.А.Абаева, А.Т.Ысқақова, С.С.Жақыпбекова және т.б.) қарастырады.

Соның ішінде, Р.А.Сүлейменова алғашқылардың бірі болып зерттелініп отырылған мәселені қарастырып, «инклюзивті білім беру» ұғымына келесідей анықтама береді: «инклюзивті білім беру – бұл жалпы білім беру үдерісіне барлық балаларды толық енгізу және олардың жасына, жынысына, этникалық және діни ерекшеліктеріне, дамудың артта қалуына немесе экономикалық мәртебесіне қарамастан, отбасының белсенді қатысуын, баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік атаулы қолдау және баланы емес, қоршаған ортаны балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу, балаларды бір-бірінен ажырататын кедергілерді жою. Автор «инклюзивті білім беруде тиісті білім беру жағдайларын жасау арқылы түзету-педагогикалық және әлеуметтік бейімделуіне бағытталған мемлекеттік саясат қажет», – деп тұжырымдайды [2].

Осы орайда алыс және жақын шет елдік ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау зерттелініп отырылған мәселенің көпжақтылығын, бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді:

- инклюзияның даму тарихы мен интеграциялық оқытудың маңыздылығы (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, В.В. Лебединский және т.б.);
- инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен оны педагогикалық практикада жүзеге асыру мүмкіндіктері, инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби даярлық негіздері (Л.И.Аксенова, Е.Г.Самарцева, В.В.Хитрюк, J.Brandon, K.Scorgie және т.б.);
- инклюзивті білім берудің философиялық-әдіснамалық негіздері (A-C.Armstrong, D.Armstrong, E.Spandagou, D.Goodley, K.Runswick-Cole, N.L.Waldron, Н.М.Назарова, Е.И.Пургина, М.М.Семаго және т.б.);
- инклюзивті білім беруді сүйемелдеу стратегиялары (C.Forlin, D.Chambers; S.-K.Williams, C.Johnson, D.G.Sukhodolsky, A.Broderick, H.Mehta-Parekh, D.Kim Reid және т.б.);
- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандар даярлаудың жалпы және әдістемелік негіздері (B.M.Allen, P.Lacey, Н.С.Морозова, Н.Н.Малофеев, М.И.Никитина және т.б.). Бұл ғалымдар еңбектерінде инклюзивті білім беру әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Барлық білім алушылардың қажеттіліктерін ескеретін мұндай икемді жүйе оқытудың жаңа тәсілдері мен нысандарын қолдануды талап етеді.

З.А.Мовкебаеваның пікірінше, инклюзивті білім беру жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы білім беру үдерісіне қосуға кәсіби және физиологиялық дайындығының негізгі параметрлеріне сипаттама береді: инновациялық тұжырымдамалық ойлау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің жеке және әлеуметтік құндылығын түсіну қабілеті, үздіксіз білім алуға және өзін-өзі дамытуға дайындық [3, p. 4680]

В.В.Хитрюк «инклюзивті дайындықты» педагогтың инклюзивті мәдениетін қалыптастырудың алғашқы кезеңі ретінде қарастырады және бұл құбылысты «инклюзивті білім берудің құндылықтары мен технологияларын құруға және игеруге ықпал ететін, білім, білік, әлеуметтік-жеке және кәсіби құзыреттілік жүйесін біріктіретін, оған инклюзивті білім беру жағдайында тиімді жұмыс істеуге, дамудың тиімді шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін интегративті және тұлғалық сапа», – деп анықтайды [4, с. 54].

Бірқатар зерттеулерде (Г.Ногайбаева, С.Жумажанова, Е.Коротких) инклюзивті білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби дамуы тұлғалық талаптарды қалыптастыруды және оны ұйымдастырудың әлеуметтік маңыздылығын көздейтін педагогикалық құндылықтарға негізделуі тиіс дей отырып, жалпы білім беру мектептері үдерісінде инклюзивті білім беруге тиімді әдістер мен технологияларды бейімдеудің әдістемелік ұсынымдарын береді [5].

Инклюзивті білім беру ортасындағы бағалау дәстүрлі арнайы білім беру модельдерімен салыстырғанда түбегейлі өзгеше тәсілді қажет ететін күрделі пәнаралық процесс (Michalík, 2020; Hendrawati, 2023) [6].

Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде диагностикалық үдерістің негізгі агентінің өкілі болып табылатын педагог-психолог ерекше рөл атқарады. Инклюзивті жағдайдағы педагог-психологтардың кәсіби қызметі диагностикалық әдістемелердің кең спектрін меңгеруді және бағалау нәтижелерін жан-жақты талдау мүмкіндігін талап етеді. Білім беру психологтары дифференциалды бағалау саласында құзыреттілікке ие болуы керек, бұл олардың дамуындағы ауытқулардың әртүрлі түрлерін ажыратуға және әр баланың оқуының оңтайлы жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді (Ashton, 2006) [7].

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің мәртебесі мен функционалдық міндеттері мәселесін (М.Р.Битянова, Р.С.Немов, Р.В.Овчарова, Е.И.Рогов және т.б.); педагогикалық диагностиканы педагогикалық процесстің дамуының қозғаушы күші, оны оңтайландыру тәсілдерінің бірі ретінде (Ю.К.Бабанский, Л.В.Байбородова, В.П.Беспалько, Б.П.Битинас, Н.М.Борытко, П.Е.Решетников, М.И.Рожков және т.б.) қарастырады.

Педагогика ғылымында педагогикалық диагностиканың әртүрлі аспектілеріне қатысты ғылыми зерттеулер саны өсуде, соның ішінде, педагогикалық қызметтің өнімділігін, оқыту сапасын диагностикалау (Л.И.Гущина, Л.Н.Захарова, В.П.Смирнова, О.А.Фадеева және т.б.); болашақ педагогтердің диагностикалық дағдыларын (Н.С.Глуханюк, А.А.Бодалев, Л.Ф.Бурлачук және т.б.); оқу-тәрбие үдерісінің сапасын диагностикалау мәселесін (Ю.З.Гильбух, К.Ингекамп, А.И.Кочетов және т.б.); диагностиканы оқыту сапасын арттыру факторы ретінде (Е.В.Бондаревская, М.И.Шилова, З.В.Васильева және т.б.); педагогикалық диагностиканың теориялық негіздерін (В.Н.Дружинин, Е.Н.Михайлычев және т.б.) қарастырады.

Сонымен қатар болашақ мамандарды диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындау мәселесін (Н.М.Назарова, Е.К.Осипова, Л.Ф.Сербина, С.Д.Шаховская және т.б.) қарастырады. Ғалымдар (Ю.К.Бабанский, Л.В.Байбородова, В.П.Беспалько, Н.М.Борытко, М.И.Рожков және т.б.) еңбектерінде педагогикалық диагностика педагогикалық үдерістің дамуының қозғаушы күші, оны оңтайландырудың бір әдісі ретінде қарастырылады.

Инклюзивті білім берудегі педагогикалық диагностика – бұл оңтайлы білім беру бағытын құру, оқытудың барабар әдістерін таңдау және әртүрлі мүмкіндіктері бар балаларды бірлесіп оқыту жағдайында оқу үдерісін уақтылы түзету мақсатында әрбір баланың жеке ерекшеліктерін, оның білім беру қажеттіліктері мен даму динамикасын анықтауға бағытталған бақылау және бағалау жүйесі. Сондықтан педагогикалық диагностика ЕБҚ бар білім алушылардың және қалыпты балалардың мәселелерін (оқу, тәрбие және даму үдерістерін бағалауға, ықтимал ауытқуларды болжауға, анықталған бұзылуларды жеңу жолдарын) айқындауға мүмкіндік береді.

«Диагностикалық құзыреттілік» ұғымының мәні алыс және жақын шет елдік ғалымдардың (Г.У.Солдатова, Е.И.Рассказова, С.В.Гайсина, Т.А.Селеменева, P.Gilster, C.Lankshear, M.Knobel, A.Ferrari және т.б.) еңбектерінде қарастырылады.

О.И.Дорофеева қосымша кәсіптік білім беру үдерісінде диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, оны маманның кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдаяттарында туындаған кәсіби міндеттерді дұрыс шешуге бағытталған диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде қарастырады. Автор диагностикалық құзыреттілік мамандарға білім алушылардың кейбір мәселелерін (жеке дамуы, біліміндегі олқылықтар және олардың себеп-салдары, осыларға сәйкес оқыту әдістерін іріктеу) көмектесетінін атап өтеді [8, с.27].

А.В.Сеничкинаның пікірінше, «диагностикалық құзыреттілік – бұл педагогтың білім берудің әртүрлі кезеңдеріндегі диагностикалық іс-әрекетте белгіленген диагностикалық міндеттерді шешуге бағытталған диагностикалық білімінен, біліктілігі мен дағдыларынан, тұлғалық сапалары мен саналы оң көзқарастарынан байқалатын қабілеттілігі» [9, б. 20].

Г.С.Саволайнен «диагностикалық құзыреттілікті болашақ мамандардың психологиялық-педагогикалық диагностика саласындағы білім жүйесін меңгеруі, олардың білім беру үдерісіндегі маңызын түсінуі немесе түсіндіруі, диагностикалық әдістер мен әдістемелерді тиімді қолдануы және білім беру үдерісіндегі диагностика элементтерін қолдана алуды үйрететін өзінің диагностикалық қызметінің оң тәжірибесінің болуы», – деп түсіндіреді [10, с. 94].

П.Т.Абдуллаева психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық шолу жүргізе отырып, білім беру саласындағы мамандардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Болашақ педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігінің мәнін, мазмұны және құрылымын, оны қалыптастыру үдерісін, білім беру ортасын ашып көрсетеді. Зерттеу барысында әртүрлі авторлардың пікірлерін ескере отырып, «болашақ педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігі» ұғымын жоғары оқу орнында оқу үдерісінде қалыптасатын, диагностикалық іс-шараларды орындауға жоғары мотивацияны, диагностикалық әдістермен, тапсырмалармен жұмыс істеуге ұмтылысты және қабілеттерді қамтитын жеке қасиеттердің тұтас жүйесі деп нақтылайды[11, б.303].

«Диагностикалық құзыреттілік» ұғымының мәнін, құрылымы мен мазмұнын нақтылау мақсатында алдымен «құзыреттілік» және «педагогикалық диагностика» ұғымдарына берілген ғалымдар анықтамаларына салыстырмалы талдау жасалады. Сондықтан диагностикалық құзыреттілік нақты жағдаяттардағы туындаған кәсіби міндеттерді орындауда диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін маманның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі деген жалпыға ортақ мағынасы нақтыланады, ал педагогикалық диагностика жекелендіріп оқытуға байланысты педагогикалық үдерістің нәтижелерін жетілдіруге бағытталған кешенді ғылыми-практикалық іс-әрекет болып табылады.

Бүгінде педагогикалық диагностика инклюзивті білім беруді дамыту жағдайында ерекше өзекті қызметке айналады, ол әртүрлі инклюзивті нұсқаларды қамтиды. Жоғарыдағы белгіленген міндеттер инклюзивті білім беру жағдайында өзара іс-әрекеттесу түрлерін, формасын, мазмұнын және оларды ұйымдастырудың әдістерін зерттеуді талап етеді.

Негізгі ережелер. Зерттеуіміздің мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің мотивациялық компонентінің қалыптасуын зерттеу. Жалпы алғанда педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттарына психодиагностика, психологиялық оңалту, психологиялық кеңес беру, дамыту және психокоррекциялық жұмысты жатқызуға болады. Аталған бағыттардың ішінде, психодиагностика келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: білім беру үдерісіне қатысушылар тұлғасының жеке дара психикалық ерекшеліктерін (дамуын, қасиеттерін, қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін, мінез-құлқын) зерттеу; білім беру үдерісінің басқа қатысушыларымен қарым-қатынасын, топтағы психологиялық климат; білім алушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқытудағы бұзушылықтардың себептерін анықтау, ұсынымдар әзірлеу. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда бұл бағыттар кәсіби құзыреттіліктерді, соның ішінде диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Өйткені, диагностикалық құзыреттілік негізгі кәсіби және тұлғалық сипаттаманың біріне саналады, ол өнімді диагностикалық іс-әрекеттің ерекшеліктеріне негізделеді.

Зерттеудің мақсатына сәйкес инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу барысында жасалған құрылымдық-мазмұндық моделіміз бір жағынан, мемлекеттің құзыретті және кәсіби табысты мамандарға (азаматтық жетілу, әлеуметтік жауапкершілік және т.б.), сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық құндылықты білдіретін кәсіптік білім беру саласындағы сұраныстарды қанағаттандырудың икемді жүйесін құруға деген қажеттіліктерге негізделген; екінші жағынан, студенттердің кәсіп талаптарына сәйкес құқықтық өріс шеңберіндегі іс-әркетке қажеттілігі, бұл жеке құндылықты білдіреді.

Осы орайда К.Замфирдің «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А.Реанның модификациясындағы) әдістемесі арқылы ұсынылған моделдің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейі анықталады, алынған нәтижелерге талдау жасалады.

Материалдар мен әдістер. Жалпы ғылыми білім саласындағы кез келген зерттеу мәселелерін шешуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі модель әдісі болып табылады. Сондықтан моделдеу үдерісі «мақсат қою – шешу құралдарын анықтау – нәтижелерді түсіндіру» тізбесі арқылы жүзеге асырылады. Ғылыми әдебиеттерде модель (француз сөзі «modele» үлгі деген мағынаны білдіреді) зерттелінетін объектінің (немесе құбылыстың) бастапқы нұсқасына сәйкес оның құрылымы мен сапаларын, оны құрайтын элементтердің арасын өзара байланыстыратын қарапайым үлгі деп анықталады [12, б. 90].

Модель жобаланған құрылымдарды, мамандарды даярлаудың құрамы мен мазмұнын және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды көрсететін немесе қайта шығаратын жүйе деп түсіндіріледі. В.В.Краевскийдің пікірінше, модель зерттелетін объектілердің ойша бейнелерін көрсететін жалпы идеяны анықтайды, нәтижеге қол жеткізу үшін педагогикалық шынайылықты түрлендірудің қажеттілігін көрсетеді [13, б.214].

А.М.Новиков пен Д.А.Новиков құрастырылған модель мақсатына қол жеткізу үшін оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарға сай болуы және келесі сипаттамаларды қамтуы қажет екенін атап өтеді: тәуелділік (құрылған модель мен ол жұмыс істейтін орта арасындағы сәйкестіктің жеткілікті дәрежесінің қажеттілігі); ортаға табиғи құрамдас ретінде енуі; қарапайымдылық (сипатталған үдерістің ең маңызды қасиеттерін немесе сипаттамаларын үлгі мазмұнына енгізу); адекваттылық (толықтығы, дәлдігі, ақиқаттығы және оның көмегімен мақсатқа жету мүмкіндігі)[14, б.120].

Педагогикалық зерттеулерде модельдеудің әртүрлі аспектілерін ғалымдар (Н.Д.Хмель, Ә.П.Сейтешев, Г.А.Уманов, В.П.Беспалько, А.Н.Дахин, Ю.К. Бабанский, Ю.З. Кушнер және т.б.) зерттеді. Ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау модельдің мазмұндық/құрылымдық-мазмұндық, функционалдық/ құрылымдық-функционалдық, дидактикалық/ рефлексивтік, теориялық/тұжырымдамалық, ұйымдастырушылық/басқарушылық, нормативтік-құқықтық түрлеріне назар аударады. Ю.К. Бабанский педагогикада сипаттамалық (визуалдық-бейнелік) модельдеу кеңінен қолданылды деп санайды. Педагогика ғылымында құрылымдық-мазмұнды және құрылымдық-функционалдық модель түрлері кеңінен қолданылады [15, б.217].

Осы орайда жалпы ғылыми түсіндірмеге сүйене отырып, модельдеу үдерісін кез келген жүйені ұйымдастыру қағидаларының өзгертілген аналогтарын (модельді) арнайы құрастыру арқылы нақты жағдаятқа сәйкестендіру деп сипаттауға болады.

Сонымен қатар зерттеу барысында кәсіби іс-әрекеттің мотивация деңгейін диагностикалау және анықтау үшін К. Замфирдің «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А.Реанның модификациясындағы) әдістемесі қолданылады. Әдістеменің негізгі мазмұнын сипаттайтын болсақ, К.Замфир мотивацияның келесі түрлерінің тиімділігін анықтады: 1) ақшалай табыс; 2) мансаптық өсуге ұмтылу; 3) көшбасшы мен әріптестер сынға түспеу ниеті; 4) мүмкін жазалардан немесе қиындықтардан аулақ болу; 5) басқалардың беделі мен құрметіне бағдарлану; 6) жақсы орындалған жұмыстан қанағат алу; 7) еңбектің қоғамдық пайдалылығы. Әдістеме бойынша алынған мәліметтерді, яғни студенттердің жауаптарын талдау үшін келесі шкалалар қолданылады: 1 балл – «өте аз шамалы», 2 балл – «шамалы дәрежеде», 3 балл – «көп емес, бірақ аз да емес», 4 балл – «жеткілікті дәрежеде», 5 балл – «өте үлкен деңгейде». Алынған мәліметтер негізінде мотивациялық кешендер есептелді: ІМ > ІОМ > СТМ және ІМ=ІОМ>СТМ мотивтерінің оңтайлы тепе-теңдігі, онда ішкі мотивация (ІМ) – жоғары; сыртқы оң мотивация (СОМ) – ішкі мотивацияға тең немесе төмен, бірақ салыстырмалы түрде жоғары; сыртқы теріс мотивация (СТМ) – өте төмен [16, с. 288].

Сондықтан бұл әдістеме кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдайларында пайда болатын диагностикалық құзыреттілік өлшемдерін анықтау тұлғаның теориялық дайындығы

мен педагогикалық диагностика саласындағы теориялық және әдіснамалық білімінен, педагогикалық ойлаудың жалпыланған қабілетінен, ал практикалық дайындық өлшемі диагностикалық және педагогикалық міндеттерді орындау қабілетінен көрінетінін айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Экспериментке жалпы саны 170 студент қатыстырылды. Оның ішінде, Орталық Азия Инновациялық Университеті, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент Университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері эксперименттік топта болды, яғни 73 студент. Бақылау тобында «Ташенов» Университетінің 97 студенті болды.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерін анықтауға мүмкіндік беретін компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштер сипаттамасы ұсынылады (1-кесте).

Кесте 1 – Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	**Өлшемдері**	**Көрсеткіштері**
Мотивациялық компонент	Кәсіби бейімділік	- инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға ұмтылысы мен мотивациясы; - инклюзивті білім беру теориясын білуі; - психологиялық-педагогикалық даигностиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеруі; - диагностикалық іс-әрекеттің мақсатын, міндеттері мен функцияларын білуі; - психологиялық-педагогикалық диагноз қою алгоритмін білуі
Танымдық компонент	Диагностикалық ұстаным	- инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті диагностикалық білім, білік мен дағдылар жүйесін меңгеруі; - инклюзивті білім беру құндылықтарын қабылдауы және интеграциялау тетіктерін қолдануы; - диагностика нәтижелері мен психодиагностикалық ақпаратты талдауы; - жеке білім беру маршруттары мен сүйемелдеу/адаптивті/қолдау бағдарламаларын құру үшін диагностикалық деректерді тиімді пайдалануы; - инклюзивті білім беру үдерісінде психологиялық-педагогикалық диагностиканың рөлін түсінуі
Іс-әрекеттік компонент	Инклюзивті дайындық	- инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруы, кәсіби міндеттерді шешуі; - диагностикалық іс-әрекетте инклюзивті білім беру теориясы мен интеграциялау тетіктерін бағалауы, сыни талдауы; - психологиялық-педагогикалық диагностика мәселелерін бағалауы және диагностикалық болжамдар жасауы; - диагностикалық әдістемелермен жұмыс істей білуі, диагностикалық құралдарды қолдануы; - диагностикалық іс-әрекетте заманауи технологияларды/ жасанды интеллектті қолдана білуі

Кестеде көрсетілгендей, инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігі қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштеріне сәйкес деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталады және олардың мазмұнына сипаттама беріледі.


Жоғары деңгей: Болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалықіс-әрекетті жүзеге асыруға ұмтылысы мен мотивациясы, инклюзивті білім беру жағдайына кәсіби бейімділігі жоғары, инклюзивті білім теориясынтолық біледі, психологиялық-педагогикалық даигностиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін толық меңгерген, диагности-

калық іс-әрекеттің мақсатын, міндеттері мен функцияларын нақты біледі, психологиялық-педагогикалық диагноз қою алгоритмін біледі; инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті диагностикалық білім, білік және дағдылар жүйесін меңгерген, диагностикалық ұстанымы жоғары қалыптасқан, инклюзивті білім беру құндылықтарын қабылдайды және интеграциялау тетіктерін қолданады, диагностика нәтижелерін және психодиагностикалық ақпаратты талдайды.

Орта деңгей: Болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға ұмтылысы мен мотивациясы орташа, инклюзивті білім беру жағдайына кәсіби бейімділігі орташа, инклюзивті білім беру теориясын толық біле бермейді, психологиялық-педагогикалық диагностиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін орташа меңгерген, диагностикалық іс-әрекеттің мақсатын, міндеттері мен функцияларын нақты біле бермейді, психологиялық-педагогикалық диагноз қою алгоритмін орташа біледі; инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті диагностикалық білімі, біліктілігі мен дағдылардің жүйесін толық меңгермеген, диагностикалық ұстанымы орташа қалыптасқан, инклюзивті білім беру құндылықтарын қабылдау/интеграциялау тетіктерін қолдануда, диагностика нәтижелерін және психодиагностикалық ақпараттарды талдауда кейде қиындықтарға кездеседі.

Төмен деңгей: Болашақ педагог-психологтардың инклюзивтібілім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруғаұмтылысы мен мотивациясы төмен, инклюзивті білім беружағдайына кәсібибейімділігі төмен, инклюзивті білім теориясын меңгермеген, психопедагогикалық диагностиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін төмен меңгерген, диагностикалық іс-әрекеттің мақсатын, міндеттері мен функцияларын білмейді, психологиялық-педагогикалық диагноз қою алгоритмін төмен біледі; инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті диагностикалық білім, білік және дағдылар жүйесін меңгермеген, диагностикалық ұстанымы төмен қалыптасқан, инклюзивті білім беру құндылықтарын қабылдауда және интеграциялау тетіктерін қолдануда, диагностиканың нәтижелерін талдауда қиындықтарға кездеседі.

К.Замфирдің «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А.Реанның модификациясындағы) әдістемесінің нәтижелері бойынша әрбір студент тұлғасының мотивациялық кешенін мотивацияның үш түрінің арақатынасында анықтауға болады: ішкі мотивация (ІМ), сыртқы оң мотивация (СОМ) және сыртқы теріс мотивация (СТМ). Жүргізілген сауалнама болашақ педагог-психологтарда ІМ (ішкі мотивация) кәсіби іс-әрекетте басымдылық көрсететінін анықтауға мүмкіндік береді, орташа балл 3,27 балл (БТ), ал 3,29 балл (ЭТ) құрайды. Сыртқы мотивация әрекетті бастайтын және реттейтін факторлар субъектісінен тыс болатын жағдайларда белсенділікті анықтауды сипаттауға арналған құрылым. СОМ (сыртқы оң мотивация) келетін болсақ, ол адамның басқалармен қарым-қатынасына қаншалықты тәуелді екенін көрсетеді, яғни оның жасаған жұмысы үшін ынталандыруға деген ұмтылысы немесе, керісінше кез-келген жазадан немесе сөгістен бас тарту мүмкіндігі. Бұл көрсеткіш психологиялық немесе материалдық еңбек жағдайларымен реттеледі. Мысал ретінде, егер үдерістің өзі жұмыста негізгі қызығушылық болса, онда жұмыс үдерісі үшін ақша табу фактісі еңбек қызметінің сыртқы оң себебі болып табылады. Диагностиканың нәтижелері бойынша сыртқы оң мотивацияның көрсеткіштері 3,8 балл (БТ), ал 4,0 балл (ЭТ) құрайды, бұл жалпы ішкі мотивация көрсеткішінен сәл аз болып келеді. СТМ (сыртқы теріс мотивация) өлшемі бойынша орташа балл 1,98 балл (БТ), ал 2 балл (БТ) құрайды. Сыртқы теріс мотивацияның негізгі қозғаушы күші жазадан аулақ болу болып табылады. Мотивация адамды белгілі бір мақсатқа тарту күші немесе қажеттілік. Мотив сыртқы болып табылады. «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А.Реан модификациясындағы К. Замфир) әдістемесі бойынша талдау нәтижесі студент тұлғасының мотивациялық кешенінің орташа баллын айқындауға мүмкіндік туғызады (1-сурет).



Сурет 1. «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А. Реанның модификациясындағы К. Замфир) әдістемесі бойынша тұлғаның мотивациялық кешенінің орташа баллы

Сондықтан, мотивациясы студенттердің белсенділігінен, оның болашақ педагог-психолог ретіндегі кәсіптік білімінен, қол жткізген құзыреттілік деңгейлерінен, болашақ кәсіби іс-әрекетті меңгеру ұмтылысынан көрінеді. Кәсіби іс-әрекетте басымдылық көрсететін ішкі мотивация адамның негізгі белгілерін реттеу факторлары болып табылады. Ішкі мотивация адамның ішкі сезімдері мен көңіл күйінен туындайды. Оған қиялы, мақсат-арманы, шығармашылық талпысыны, қызығушылығы жатқызылады.

Әдістемені қолданудың нәтижесінде алынған нәтижелерді талдау болашақ педагог-психологтардың таңдаған білім беру бағдарламаларына біршама қанағаттанатынын көрсетеді (2-кесте).

Кесте 2 – «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» (А.А.Реанның модификациясындағы К.Замфир) әдістемесі бойынша диагностика нәтижелері

№	Үйлестіру/үйлесімділік типтері	БТ (студент саны, %)	ЭТ (студент саны, %)
1	ІМ>СОМ>СТМ немесе ІМ=СОМ>СТМ (ерекше немесе оңтайлы үйлесімділік)	58,7% (57ст.)	61,7% (45 ст.)
2	СТМ>СОМ>ІМ (нашар немесе тиімсіз үйлесімділік)	5,2% (5 ст.)	5,5% (4 ст.)
3	ІМ Аралық үйлесімділік (тиімді үйлесімділік)	36,1% (35 ст.)	32,8% (24 ст.)

Ескерту: БТ – Бақылау тобы. ЭТ – Эксперимент тобы.


Алынған нәтижелерге сүйене отырып, болашақ педагог-психологтардың мотивациялық кешендердің ең жақсы немесе оңтайлы комбинациясы басым. Бұл БТ 58,7% (57 студент) ал ЭТ 61,6% (45 студент) құрайды деп қорытынды жасауға болады. Бұл мотивация кешенінің тиімділік тұрғысынан оңтайлы болуымен сипатталатын сыртқы оң мотивация (СОМ) болып табылады.

Сыртқы теріс мотивация (СТМ) аз дәрежеде көрінеді, сондай-ақ минималды орынды сыртқы теріс мотивация алады. Ол көрсеткіш БТ 5,2% (5 студент) болса, ЭТ 5,5% (4 студент).

Мотивация кешені сыртқы мотивацияның басым болуымен сипатталады, ол болашақ педагог-психолог ретінде 63,9% құрады (58,7% сыртқы жағымды мотивациямен және 5,2% сыртқы жағымсыз мотивтермен) (БТ бойынша).

Болашақ педагог-психологтардың мотивация кешені сыртқы мотивацияның басым болуымен сипатталатын респонденттердің 67,2% құрады (61,7% сыртқы жағымды мотивациямен және 5,5% сыртқы жағымсыз мотивтермен) (ЭТ бойынша).

Бұл мотивация кешенінде басымдық ішкі мотивацияға берілгенін көрсетеді. Демек, тиімділік тұрғысынан студенттердің БТ 36,1% аралық комбинацияға жатқызылады, бұл 30 студент. ЭТ аралық комбинацияны 32,8% құрайды, бұл 20 студент. Бұл көрсеткіштер аралық үйлесімділікті (тиімді үйлесімділік) қамтамасыз етеді (2-сурет).



Сурет 2 – «Кәсіби іс-әрекет мотивациясы» әдістемесі (К. Замфир) бойынша үйлесімділік түрлерінің нәтижелері (%). Ескерту: БТ – Бақылау тобы. ЭТ – Эксперименттік топ

Кәсіби мотивация кәсіби іс-әрекет субъектісінің ішкі құрылымының көрінісі, атап айтқанда, кез келген кәсіби қажеттіліктерді қанағаттандыру және мақсаттарға жетуге ұмтылысы мен дайындығы.

Біздің зерттеуімізде болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім беру жағдайында диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға мотивациясының болуы оның инклюзивті білім беру жағдайына кәсіби бейімділігін, диагностикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті диагностикалық білім, білік және дағдылар жүйесін меңгеруін, диагностикалық ұстанымының болуын айқындауға мүмкіндік береді.

Талқылау. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін зерттеу оның мәнін тереңірек түсінуге бағытталған.

Зерттеуімізде ұсынылып отырылған инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі көпдеңгейлі жүйе ретінде қарастырылады, ол өзара байланысты үш блоктан тұрады:

- *мақсатты блок* мақсаттың бірлігімен және болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігімен және оған қол жеткізуді қамтамасыз ететін міндеттерді дайындау кезеңдерімен ұсынылады. Бұл блок маңызды әдістемелік және әдіснамалық функцияларды орындайтын мақсат қоюды білдіреді: «мақсат – қол жеткізу құралы және іс-әрекет нәтижесі» жүйесіндегі әртүрлі іс-әрекеттердің интеграторы ретінде әрекет етеді; іс-әрекетті анықтаудың барлық факторларының белсенді жұмыс істеуін болжайды: қажеттіліктер, ынталандырулар, мотивтер. Бұл басқа блоктарды тұтас бірлікке біріктіру, оларды мақсатты түрде таңдау және дамыту үшін алғышарттарды жасайды, сонымен қатар әдіснамалық тұғырлары (жүйелік, аксиологиялық, құзыреттілік, іс-әрекеттік, тұлғалық бағдарлық, орта) сипатталады;

- *мазмұндық блок* қоғамның әлеуметтік тапсырысына, нормативтік құжаттарға, іс жүзінде құқық нормаларына сәйкес іске асырылады және құндылықтарды дамытуды, болашақ педагог-психологтардың кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуды, диагностикалық іске асырудың әртүрлі технологияларын, нысандары мен әдістерін меңгеруді қамтиды. ЖОО-да оқи отырып, дамудың әр кезеңінде студенттер әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қосылады. Бұл блогта сонымен бірге әдістері мен формалары нақтыланады;

- *нәтижелік блок* болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін сапалы бағалаудың алғышарттарын жасайды. Бұл блок компоненттерін

(мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік), өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін қамтиды.

Сонымен диагностикалық құзыреттілік негізгі дағдылардың бірі ретінде дербес іс-әрекеттердің жүйелі реттілігіне және құзыреттілікке негізделеді. Бұл тұғыр болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне жан-жақты ғылыми талдау жүргізу, осы үдерістің өзіндік маңызын теориялық тұрғыдан түсіндіру, педагогикалық шарттарын нақтылау, тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтайды.

Диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру үшін жаңа стратегиялар мен инновациялық тәсілдер қажет. Жаңа стратегиялар оқыту бағдарламаларын қайта қарауды, диагностиалық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемелерін интеграциялауды, нақты салалардың өкілдерімен бірлесіп бағдарламаларды әзірлеу арқылы болашақ педагог-психологтарды даярлауды айқындайды.

Демек, диагностикалық құзыреттілік диагностикалық қызметтің барлық кезеңдерінде кәсіби іс-әрекет объектілері туралы терең және толық ақпарат алу үдерісінде болашақ педагог-психологтардың жеке тұлғасының тұрақты көзқарастарының, сенімдерінің, ұстанымдарының жүйесі болып табылады.

Қорытынды. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық моделдің блоктары (мақсатты, мазмұндық және нәтижелік), компоненттері (мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік), өлшемдері (инклюзивті білім беру жағдайына кәсіби бейімділігі, диагностикалық ұстанымы, инклюзивті дайындығы) мен көрсеткіштері инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін сипаттайды.

Сонымен қатар «болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігі» ұғымына жұмыстық анықтамызды ұсынамыз. Біздің пікірімізше, «болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігі – бұл инклюзивті білім беру жағдайында барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуде диагностикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдаяттарында туындайтын мәселелер мен міндеттерді шешу, диагноз қою, диагностикалық болжамдар жасау, өз қызметіне үнемі тиісті түзетулер енгізу қабілетін қамтитын тұлғаның интегративтік сапасы».

Сондықтан болашақ педагог-психологтар әрбір нақты жағдаятта белгілі бір мәселелерді шешуіне байланысты диагностикалық іс-әрекетінің бағытын, қолданатын әдістемелері мен диагностикалық құралдарын өзгертеді. Бұл болашақ педагог-психологтардан диагностикалық іс-әрекетті орындауға жоғары мотивациясының болуын, қажетті диагностикалық білімді, біліктілік және дағдыларды меңгеруін, нақты міндеттерді қоюды және оларды шешудің барысы мен нәтижелерін талдау, диагностикалық әдістемелермен жұмыс істеуге ұмтылысы мен қабілетін талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

2. Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан // Открытая школа. – 2012. - №7 (118). – С.20-24.

3. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование в Республике Казахстан: проблемы и перспективы. – Монография. – 2 – е изд. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2019. – 190 с.

4. Хитрюк В.В. Готовность педагогов к работе в условиях инклюзивного образования//Вестник Чувашского государственного педагогического университета имени И.Я. Яковлева. 2013. № 3 (79). – С. 189-194.

5. Michalik J., Baslerová P., Hrubešová I., Haiclová Z., & Jurkovičová P. School environment diagnostics as a part of special pedagogical diagnostics. In ICERI2020 Proceedings ,2020 (pp. 2383-2388).

6. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан /Г.Ногайбаева, С.Жумажанова, Е.Коротких. – Астана: АО «ИАЦ», 2017. – 185с.

7. Ashton R., & Roberts E. (2006). What is valuable and unique about the educational psychologist?. Educational Psychology in Practice, 22(02),2006. p.111-123

8. Дорофеева О.И. Формирование диагностической компетентности педагогов в процессе дополнительного профессионального образования: автореф. канд. пед. наук. – Ярославль, 2007. - 27с.

9. Senichkina A.V. Implementation of the principle of continuity in the development of diagnostic competence of the subject of continuing education: autoref....candidate of pedagogical Sciences.Vologda, 2006. - 20p.

10. Саволайнен Г.С. Формирование социокультурной компетентности студентов – будущих учителей в образовательном процессе вуза//Вестник Красноярского государственного университета. Гуманитарные науки. 2006. - №3. с.94-101.

11. Abdullayeva P.T., Abdullayeva Zh.T. Problem sofformation of diagnostic competence of specialists in educationin psychological and pedagogical literature// «Bulletin KazNPU named after Abai» Series «Psychology» №1(62), 2020. – S. 303-309.

12. Штоф В.А. Моделирование и философия: монография. – М.:Наука, 1966. – 301с.

13. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап/В.В.Краевский, Е.В.Бережнова. – М.:Академия, 2006. – 400 с.

14. Новиков А.М., Новиков Д.А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. – М.: Эгвес, 2004. – 120 с.

15. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: дидакт. аспект. – М., 1989. – 335 с.

16. Реан А.А. Психология личности. – СПб.Издательство: Питер, 2016. – 288с.

Reference:

1. Qazaqstan Respwblïkasınıñ «Bilim twralı» [On EducationThe Law of the Republic of Kazakhstan].[Electronic resource] 2007 jılğı 27 şildedegi №319 Zañı. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

3. Movkebayeva Zulfiya A., Oralkanovaba Indira A., Bagdat M. Mazhinova, Aitolkyn B. Beisenova, Oksana G. Belenkob. [Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers]// International Journal of Environmental & Science Education 2016, VOL. 11, №11, pp. 4680-4689

4. Khitryuk V.V. Gotovnost' pedagogov k rabote v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovaniya [Readiness of teachers to work in the conditions of inclusive education] //Vestnik Chuvashskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni I.YA. Yakovleva. 2013. № 3 (79). – S. 189-194.

5. Michalík J., Baslerová P., Hrubešová I., Haiclová Z., & Jurkovičová P. School environment diagnostics as a part of special pedagogical diagnostics. In ICERI2020 Proceedings,2020. (pp. 2383-2388).

6. Ramka Diptikhi inklyuzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazakhstan [Frame Diptychs of inclusive education in the Republic of Kazakhstan]/G.Nogaybayeva, S.Zhumazhanova, E.Korotkikh. – Astana: AO «IATS», 2017. – 185s.

7. Ashton R., & Roberts E. What is valuable and unique about the educational psychologist?. Educational Psychology in Practice, 22(02),2006. 111-123

8. Dorofeeva O.I. Formirovaniye diagnosticheskoy kompetentnosti pedagogov v protsesse dopolnitel'nogo professional'nogo obrazovaniya [Formation of diagnostic competence of teachers in the process of additional professional education]: avtoref. kand. ped. nauk. – Yaroslavl', 2007. - 27s.

9. Senichkina A.V. Implementation of the principle of continuity in the development of diagnostic competence of the subject of continuing education: autoref....candidate of pedagogical Sciences.Vologda, 2006. - 20p.

10. Savolainen G.S. Formirovaniye sotsiokul'turnoy kompetentnosti studentov – budushchikh uchiteley v obrazovatel'nom protsesse vuza [Formation of socio-cultural competence of students – future teachers in the educational process of the university]//Vestnik Krasnoyarskogo gosudarstvennogo universiteta. Gumanitarnyye nauki. 2006. - №3. s.94-101.

11. Abdullayeva P.T., Abdullayeva Zh.T. Problem sofformation of diagnostic competence of specialists in educationin psychological and pedagogical literature// «Bulletin KazNPU named after Abai» Series «Psychology» №1(62), 2020. – S. 303-309.

12. Shtof V.A.Modelirovaniye i filosofiya [Modeling and philosophy]: monografiya. – M.: Nauka, 1966. – 301 p.

13. Kraevsky V.V. Metodologiâ pedagogiki: novyj étap [Methodology of pedagogy: a new stage] / V.V. Kraevsky, E.V. Berezhnova. – M.:Akademiâ, 2006. – 400 s. [in Russian]

14. Novikov A.M., Novikov D.A. Obrazovatel'nyy proyekt: metodologiya obrazovatel'noy deyatel'nosti [Educational project: methodology of educational activity]. – M.: Egves, 2004. – 120 s.

15. Babansky Yu.K. Problemy povysheniya effektivnosti pedagogicheskikh issledovaniy [Problems of increasing the effectiveness of pedagogical research]: didakt. aspekt. – M., 1989. – 335 s.

16. Rean A.A. Psikhologiya lichnosti [Psychology of personality]. – SPb.Izdatel'stvo: Piter, 2016. – 288 s.

IRSTI 14.33.19

https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.015

Tlegenov D.,[1] *Kadirsizova Sh.*[2]*

[1]*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan*
[2]*Semey Medical University, Semey,Kazakhstan*

DEVELOPING OF PROJECT COMPETENCE IN FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

This study explores the development of project competence in future primary school teachers, highlighting its importance in modern educational practices. As a key component of professional teacher development, project competence enables educators to organize and lead project-based activities, which are essential for fostering critical thinking, independence, and creativity in students. This research aims to address this gap by analyzing the current state of project competence development and offering recommendations for enhancing this crucial skill among future educators. The survey method was employed to collect the data from university teachers. The concept of project competence has been analyzed as a multifaceted skill set encompassing the ability to design and implement projects, to engage in teamwork, and develop problem-solving strategies. The study emphasizes the need for primary school teachers to master project-based learning methodologies to effectively integrate subject knowledge, adapt to modern school requirements, and to innovate educational programs. The authors of this study believe that universities should establish supportive environments to foster the development of project competence in future primary school teachers.

Keywords: project competence, primary school teachers, professional training, project-based activities.

Д.Т.Тлегенов,[1] *Ш.Б.Кадирсизова*[2]*

[1]*Ә.Бөкейханов атындағы университет, Семей қ, Қазақстан*
[2] *Семей медициналық университет, Семей қ, Қазақстан*

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖОБАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Бұл зерттеу болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің жобалық құзыреттіліктерін дамытуды зерттейді, оның қазіргі білім беру тәжірибесіндегі маңыздылығын атап өтеді. Педагогтардың кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде жобалық құзыреттілік мұғалімдерге жобалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге мүмкіндік береді, ал бұл оқушылардың сыни ойлау, тәуелсіздік және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажет. Бұл зерттеу жобалық құзыреттілікті дамыту жағдайын талдап, болашақ педагогтар арасында осы маңызды дағдыны арттыру үшін ұсыныстар ұсына отырып, осы олқылықты жоюды мақсат етеді. Мәліметтер университет мұғалімдерінен сауалнама әдісі арқылы жиналды. Жобалық құзыреттілік ұғымы жобаларды жобалау және іске асыру қабілетін, командалық жұмыста қатысуды және мәселені шешу стратегияларын әзірлеуді қамтитын көп қырлы дағды ретінде талданды. Зерттеу бастауыш мектеп мұғалімдеріне жобалық оқыту әдістемелерін меңгерудің маңыздылығын атап өтеді, себебі бұл пән білімін тиімді біріктіруге, қазіргі мектеп талаптарына бейімделуге және білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің авторлары университеттер болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінде жобалық құзыреттілікті дамытуға қолдау көрсететін орта құруы қажет деп санайды.

Түйін сөздер: жобалық құзыреттілік, бастауыш мектеп мұғалімдері, кәсіби дайындық, жобалық іс-шаралар.

Тлегенов Д.Т., [1] *Кадирсизова Ш.Б.* [2]*
[1]*Университет имени А.Бокейханова, г.Семей, Казахстан*
[2]*Медицинский университет Семей, г.Семей, Казахстан*

РАЗВИТИЕ ПРОЕКТНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

Это исследование посвящено развитию проектной компетенции у будущих учителей начальных классов, подчеркивая её важность в современных образовательных практиках. Как ключевой компонент профессионального развития учителей, проектная компетенция позволяет педагогам организовывать и руководить проектной деятельностью, что необходимо для развития критического мышления, независимости и креативности у обучающихся. Целью исследования является анализ текущего состояния развития проектной компетенции и предоставление рекомендаций по улучшению этого важного навыка у будущих педагогов. Для сбора данных был использован метод опроса среди преподавателей университетов. Концепция проектной компетенции была проанализирована как многогранный набор навыков, включающий способность разрабатывать и реализовывать проекты, работать в команде и разрабатывать стратегии решения проблем. Исследование подчеркивает необходимость овладения методологиями проектного обучения для эффективного интегрирования знаний по предмету, адаптации к современным требованиям школы и инновации образовательных программ. Авторы исследования считают, что университеты должны создавать поддерживающую среду для развития проектной компетенции у будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: проектная компетенция, учителя начальных классов, профессиональная подготовка, проектная деятельность.

Introduction. A modern teacher, as a key figure in the educational reform process, must possess high qualifications, appropriate personal qualities, be adaptable, able to handle non-standard situations, and demonstrate responsibility in decision-making. In accordance with the requirements of the professional standard for teachers, one of the most important aspects of their professional activity is the organization of their own work design and the willingness to lead students' project activities. [1] In this regard, it is crucial to work on the development of project competence in future primary school teachers.

The development of project competence in future primary school teachers is necessary in order to improve the quality of their professional training. Mastering project methods allows future teachers to organize the educational process, to develop independence and to be able to work in a team if primary school students. In addition, project activities contribute to the integration of various subject knowledge, making learning more practice-oriented and interesting for children. This also helps the teacher adapt to the requirements of a modern school, develop and implement innovative educational programs, which makes thier work more effective and in demand.

The following researchers T.B.Berdimuratov, J.S.Krajcik, N.V.Matyash, A.T.Onalbayeva & D.E.Dauletkulova et al. analysed the concept of “teacher's project competence”. [2, 3, 4, 5] They considered it as a complex phenomenon that encompasses the teacher's ability and willingness to organize independent theoretical and practical activities for the development and implementation of projects in various areas of social practice. Project competence is an indicator of personal development, resulting from mastering project activities at the substantive, operational, and procedural levels. [4]

The development and assessment of project competence are crucial in education. It involves a combination of knowledge, skills, and personal attributes that facilitate effective engagement in project-based activities. This competence can be cultivated through structured approaches and diagnostic tools that evaluate both individual and organizational capabilities. The subsequent sections highlight the essential aspects of forming and diagnosing project competency. These include identifying the key components of project competency, such as project-based activities, problem-solving skills, teamwork, and critical thinking.

Exploration of this research problem is significant as modern education requires more than just knowledge transfer. Teachers must be equipped in order to organize learning activities in a project-

based format. Project-based learning fosters critical thinking, independence, and creativity in young learners, making it essential for teachers to master its methodology. Developing project competence enables future primary school teachers to effectively design, implement, and assess educational projects, ignite students' curiosity through hands-on experiences, and integrate modern teaching technologies into the learning process.

Although project competence has been studied extensively, its development in primary school teachers remains insufficiently explored. Teaching young learners requires a specialized approach to organizing project activities, adapting methods, and aligning technologies with children's developmental abilities. However, effective strategies for cultivating project competence in students of pedagogical universities, as well as mechanisms for preparing them to integrate project-based methods into primary education have not been fully addressed in the scientific literature. Therefore, the research on this topic is necessary in pedagogical science. Thus, this study aims to analyze and substantiate the importance of developing project competence in future primary school teachers and to provide recommendations for its effective enhancement.

Project competence is characterized as a developing, dynamic, and open system capable of enriching educational content. It promotes both personal and professional growth and is a crucial factor for the successful socialization of individuals in modern society. [6]

The issue of forming and developing project competence among college students during secondary technical education is explored through the integration of the following scientific approaches:

• *System approach* (Ivanova, Lyudis, Bolotov, etc.), which focuses on studying an object as a system and defining its key properties and qualitative system characteristics; [6, 7, 8]

• *Activity-based approach* (Larmer, & Mergendoller, Zaitseva,. etc.), aimed at identifying the specific aspects of activities related to project competence. [9, 10]

• *Personality-oriented approach* (Isaeva K.R. & Tsoi A.A., Bell S. etc.), which takes into account the personal characteristics of college students, enhances the personal significance of the educational process by addressing their cognitive needs and creating conditions for their personal and professional development; [10,11]

• *Competence-based approach* (Xiaoxin Zhai, Pengfei Chen, Ivanova L.V. etc.), which integrates various scientific and didactic concepts, giving them practical relevance and aiming to consider all components of the educational process in a comprehensive manner. [13, 6]

The ability and willingness of college students to develop their own project competence, according to scholars, should be an essential component of modern professional training. Among the skills that ensure preparedness for project activities are the following: the ability to analyze problems and situations; the ability to predict, plan, and design activities; and the ability to create and present a product.

As it is well known, competence is formed and developed through activity and always manifests itself in inseparable unity with human values [14]. To form and develop project competence, it is necessary to introduce students to project activities and to help them gain experience in this area. This should be focused on academic disciplines, pedagogical practice, and systematically organized educational and research work at the university.

Integration into the Curriculum: The ability of future professionals to adapt to diverse career demands is strengthened when project competence is integrated into their curriculum, particularly in fields like the arts and education [15]. Methodological Aspects: The process of forming project competence is a key element in the professional training of music educators, ensuring they are equipped with the necessary skills to guide students through project-based learning effectively. The purpose of this survey was to gather insights into how project competence is understood and applied in these colleges. The responses could assess the current state of project competence development and identify areas for improvement in teaching practice. This process also provided valuable feedback on how effectively project-based learning is being integrated into the curriculum, highlighting the strengths and challenges faced by educators and students alike.

As Lependina points out, the role of secondary vocational education institutions (such as technical schools and colleges) is to deliver high-quality education, fulfilling students' educational needs and helping them develop the necessary professional skills [16].

As a result, the development of project competence among college students is a multifaceted process that integrates various scientific approaches to foster both personal and professional growth. The system, activity-based, personality-oriented, and competence-based approaches each contribute to a comprehensive understanding of how project competence can be effectively cultivated within the educational environment. By emphasizing motivational, value-based, and cognitive components, students can be better prepared to engage in project activities and meet the demands of modern professional training. Incorporating innovative teaching methods and aligning curricula with real-world applications are essential strategies for enhancing project competence, especially within fields like arts and education. The integration of project-based learning, combined with systematic educational frameworks, will continue to play a crucial role in shaping future professionals who can adapt to evolving career demands and contribute meaningfully to their respective fields.

Materials and Methods. Having analyzed various points of view (Matyash, Ivanova, Lyaudis, and others), we consider the structure of project competence in college students as an integration of interrelated and interdependent motivational-value and cognitive components [4, 6, 7].

The motivational-value component reflects the student's attitude toward project and research activities and is expressed in their desire and willingness to carry out their own projects, participate in collective projects, and lead student project activities. The future teacher's interest in project activities can be seen through their need for knowledge, the mastery of methodological techniques for organizing interaction with students, and the desire to gain experience in project activities at a pedagogical university [3].

The cognitive component is based on knowledge of the psychological and pedagogical foundations of project activity and the methodological techniques for managing it according to age and individual personality traits. The cognitive component is demonstrated by students through their knowledge of the patterns of modeling and supporting students' project activities, practical use of project management technologies, and the ability to monitor and evaluate students' achievements based on the results of their activities. Educational Frameworks: Innovative teaching methods, such as project-based learning, promote project competence and enhance students' cognitive and creative abilities [15]. Various methods, including problem-based learning and collaborative techniques, are essential for both teachers and students to develop project competencies [12]. To check the credibility of the establishment of project competence, a survey was conducted among teachers of Alikhan Bokeikhan University, Shakarym University of Semey and Zhubanov University. The primary objective of this questionnaire was to gain valuable insights into how project competence is perceived and implemented within educational institutions. Overall 43 teachers (N=43) working at these universities participated in the survey. The survey was completed via Google form and distributed among teachers. To promote openness and honesty, we ensured anonymity, allowing teachers to complete the survey without concerns about inquiries or any potential consequences related to their work.

The survey was structured into three sections and consisted of 30 questions. The first section contained five questions focused on participants’ personal information, including their age, years of experience of teaching at university, academic or scientific degree, university affiliation, and gender. The second section comprised 15 close-ended questions designed to reveal educators’ opinions toward the project competence of future primary school educators. The third section featured 10 open-ended questions that explored teachers' experiences and perspectives on the development of project competence among future primary school teachers. The collected responses provided a comprehensive understanding of the current state of project competence development, helping to identify strengths and areas for improvement in teaching practices.

Results. The first section of the survey was devoted to respondents' personal information. The tables below demonstrate the data about respondents' age, years of experience teaching at university and degree.

Table 1. Information about respondents' age

25-35	36-45	46-55	56-more
5	12	15	13

Table 2. Information about respondents' years of experience of teaching at university

1-10	11-20	21-30	31- more
5	13	19	6

Table 3. Information about degree of respondents

Master's degree	PhD	c.p.s	d.p.s
23	11	7	2

From these data we can observe that respondents' age, years of experience of teaching at university and there degree are diverse.

The following table represents the information about affiliation of teachers.

Table 4. Information about teachers' universities

Alikhan Bokeikhan University	Shakarym University of Semey	Zhubanov University
13 teachers	16 teachers	15 teachers

The second part of our survey provides insights into teachers' perspectives on the development of future primary teachers' project competence. The statistical significance of the findings is presented in the table below.

Table 3. Statistical analysis of survey data

№	Questions	Min	Max	Mean	Standard deviation
1	Project-based learning (PBL) is an effective method for developing professional competencies in future primary school teachers.	3	8	8.6	6.27
2	Incorporating project work into teacher training improves problem-solving and critical-thinking skills.	1	17	8.6	7.02
3	Future primary school teachers should receive specialized training in project management techniques.	6	15	8.6	3.78
4	I believe project-based learning enhances students' engagement and motivation.	4	14	8.6	4.34
Педагог ғалмдардың зерттеулерімен таныса келе, көптеген ғылыми тұжырымдамалар педагогикалық практикадан өту барысында болашақ коммуникативтік мәдениетті меңгеруді бірінші орынға қоятыны анықталды. Бұл мәдениет практикант-студенттің оқушылармен, мектеп ұжымымен, ата-аналармен іскер кәсіби қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, яғни өзара әрекеттестіктің барлық деңгейінде тиімді байланыс құруды қамтамасыз етеді.

Осыған орай, Н.М.Мкртчян педагогикалық практиканы, «студенттерді мұғалімнің жұмысына сәтті дайындаудың тиімді құралдарының бірі. Тәжірибе барысында бастапқы кәсіби тәжірибе жинақталып қана қоймай, жеке және кәсіби ұстаным, педагогикалық жағдайлардың өмір сүруінің және педагогикалық мәселелерді шешудің ерекше тәжірибесі қалыптасады. Болашақ мұғалімнің субъективті кәсіби кеңістігін қалыптастыру инновациялық көзқарастарды таңдауды анықтайды» - деп тұжырымдаған [2, 4 Б.].

Ал, отандық ғалымдар, «практика жоғары мектеп жүйесіндегі негізгі шешуші буынға айналады. Мемлекеттік білім беру стандартында көзделген студенттердің практикасы қазіргі уақытта оқу процесінің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар студенттер алған білімдерін, дағдыларын ұйымдарда қолдана алатын кезең болып табылады...» - деген түсінік берген [3, 256 Б.].

Қазақстанда педагог кадрларды заманауи кәсіби даярлау білім беру бағдарламалары мазмұнының реформалары мен өзгерістеріне бейімделе алатын, білімді өз бетінше ала алатын, оларды практикада қолдана алатын, педагогикалық мәселелерді шешуді шығармашылықпен ойлай алатын, инновациялық педагогикалық технологияларды, бағалау әдістерін және т.б. қолдана алатын педагогтарды даярлау міндеттерін қояды [4, 157 Б.].

Н.Л.Колясниковаың құрастырған педагогикалық практикаға арналған әдістемелік нұсқаулығында, құратырушы педагогикалық практика болашақ педагогтардың:

- аудитория алдында сөйлеуі мен өзін ұстауы;
- әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасауы;
- оқытуға қажетті оқу материалын шығармашылық тұрғыда іріктеуі;
- оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоспарлауы және оны ұйымдастыра білуі;
- оқу материалының мақсаттары мен мазмұнына, қазіргі білім беру технологияларына және пәндерді белсенді оқыту әдістеріне сай келетін оқыту әдістері мен құралдарын таңдай білуі сияқты дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығын ашып көрсеткен [5, 5 Б.].

Студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастырудың маңызды шарты — өндірістік тәжірибе болып табылады. Болашақ кәсіби білім беру мұғалімдерінің тәжірибесінің мақсаты – кәсіби қызметтің негізгі түрлеріне даярлау, алынған кәсіби білімдер мен іскерліктерді, дағдыларды іс жүзінде қолдану және кәсіби бейімделуді қамтамасыз ету, яғни мамандыққа ену, әлеуметтік рөлді меңгеру, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби ұстанымдарды қалыптастыру, тұлғалық және кәсіби қасиеттердің өзара кірігуін жүзеге асыру.

Педагогикалық практика – студенттер өздерінің мамандануына сәйкес түрлі іс-әрекеттерді орындайтын кешенді үдеріс [6, 82 Б.].

Практикант мұғалімнің кәсіби рөлін, педагогикалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, білім беру процесіндегі орнын саналы түрде ұғынуы және қабылдауы қажет. Ол өзін «педагог» ретінде тануының, кәсіби құндылықтар жүйесін қабылдауының және оны іс-

әрекетінде жүзе ге асыруының нәтижесі болып табылады. Бұған қатысты мұғалімдердің кәсіби сәйкестігі мәселелерін зерттей келе С.Л.Хеггернес дәстүрлі позитивистік тәсіл, мұғалімдердің жеке тәжірибесі мен олардың қызмет ететін әлеуметтік-саяси контексті арасындағы қайшылықты жеткіліксіз деп таныды. Осыған байланысты ол «қиялдағы кәсіби сәйкестік» (imagined professional identity) деген жаңа терминді енгізді. Бұл ұғым болашақ немесе жас мұғалімнің кәсіби сәйкестігінің қалыптасу процесінің категориясы мен сипаттамаларын, әсіресе қазіргі қоғамдағы жылдам өзгерістер жағдайында, сипаттау үшін қолданылады [7]. С.Л.Хеггернестің бұл теориясы қазіргі уақыттағы қоғамның, ғылым мен техниканың, экономика мен білім беру салаларының үздіксіз, серпінді түрде алға басуы, жаңару мен инновацияның күшеюі үдерісіне сай, өзекті болмақ.

Қазіргі уақытта қоғамның қарқынды дамуы білім беру саласына үлкен әсерін тигізіп отыр. Соның нәтижесінде еліміздің мектептерде түрлі реформалар жүргізіліп, оқыту жүйесі жаңартылуда. Әсіресе мектеп білімінде инновациялық тәсілдерді енгізу, оқыту мазмұнын жаңарту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану өзекті болып отыр. Бұл үдерістердің барлығы оқушылардың жеке тұлғалық дамуына, құзыреттіліктерін қалыптастыруға және заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне бағытталған. Осыған орай, А.Бачковска мұғалімдерді даярлау мәселесін Ақпараттық- коммуникациялық құралдарды қолдану ақылы жүзеге асырудың маңыздылығын зерттеп, өз еңбегінде «қазіргі заман мұғалімінен пәндік біліммен қатар жаңа заманға сай кең ауқымды құзыреттерді — технологиялық, коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін дамыту талап етіледі» - деген прікір білдіреді [8, 28 Б.]

Негізгі ережелер. Педагогикалық тәжірибеден сәтті өту үшін болашақ мұғалім жас ерекшелік психологиясын терең түсініп, сабақта жағымды эмоционалды-психологиялық атмосфераны қамтамасыз етуге, оқушылармен шынайы қарым-қатынас орнатуға қажетті білімге ие болуы тиіс. Болашақ педагог оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін белсендіре білуі, білімді өз бетінше игеруге деген қажеттілігін арттыра алуы қажет. Сонымен қатар, ол оқу процесін саралап ұйымдастыра білуі, ең бастысы — әрбір балаға жеке «әдіс» таба білуі, оны оқу іс-әрекетіне қызықтырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы керек.

Оқытудың шығармашылық және рухани әдістерін педагогикалық практикаға енгізудің маңыздылығына ерекше назар аудару керек. Бұл әдістерді нақты білім беру тәжірибесінде қолдану білім алушылардың белсенділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар студенттерге өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға және педагогикалық қызметтегі рухани бағдарлардың маңыздылығын түсінуге көмектесті [9, 203Б.].

Ғылыми-педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің көпшілігі инновацияларға және оларды тәжірибелік қызметте іске асыруға оң көзқарас танытатыны анықталды. Көптеген студенттер инновациялық педагогикалық қызметке эмоционалдық тұрғыдан дайын екені байқалады. Алайда, кейбір студенттердің бұл қызметті жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімдері мен дағдылары жеткіліксіз екені анықталды. Сондықтан педагогикалық практикадан сәтті өту миссиясын жүзеге асырудың басты шарты — кәсіби даярлықтың сапасы, болашақ мұғалімнің өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іс кеасыруға және өнімді инновациялық қызметке қабілеттілігі болып табылады.

Студенттердің педагогикалық практикадан өту барысын талдау мен зерделеу нәтижесінде, практиканттар үшін білімді бекіту, тақырып бойынша ағымдағы және қорытындылау, тақырыпты қайталау, кәсіби даралық пен педагогикалық шығармашылықты көрсету, сабақ мақсатына жетудегі табандылық және оқушылардың білімдері мен дағдыларын жетілдіру күрделі міндет болып қала беретіні анықталды.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі заманғы мұғалімнің практикалық даярлығы практиканың нақты жағдайларын ескеруі, студенттерге бастамашылдық танытуға, жоғары оқу орны

педагогтарының және мектеп мұғалімдерінің жетекшілігімен, әріптестерімен ынтымақтастықта білім беру қызметін жобалауға мүмкіндік беруі тиіс. [10, 196 Б.].

Қазіргі заманғы білім беру ортасының жағдайында жоғары оқу орнында оқуын жалғастыра отырып, мектеп мұғалімінің қызметін қатар атқаратын студенттің педагогикалық практикадан өтуі бірқатар сұрақтар туындататын күрделі үдеріс. Мұндай жағдайда студенттердің кәсіби бейімделуі мен табысты іс-әрекеті көбіне педагогикалық қолдаудың тиімді ұйымдастырылуына байланысты. Практика барысында туындаған мәселелерді өз бетінше шешуіне практиканттың тәжірибесі мен біліктілігі жеткіліксіз болады. Сондықтан педагогикалық практиканың ЖОО және мектептегі жетекшінің басшылығымен кәсіби кеңес беру және әдістемелік қолдау жүйесін құру маңызды.

Педагогикалық практикадан өту алдында студенттер Білім беру бағдарламаларымен бекітілген арнайы және «Педагогика», «Психология», «Пәнді оқыту әдістемесі» пәндерді оқу арқылы теориялық білім алып, осы алған білімдерін педагогикалық практика барысында мектеп ұжымымен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен педагогикалық қарым-қатынасқа түсу арқылы бекітеді. Әсіресе «Пәнді оқыту әдістемесі» курсы студенттерді педагогикалық практикаға даярлаушы пән болып табылады. Осыған орай, «Пәнді оқыту әдістемесі» пәнінің силлабусына сабақ өту әдістері мен тәсілдері, технологиялары, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы тақырыптық жоспар құру әдістері, тәрбие немесе сынып сағаттарының маңыздылығын ескереотырып, мақсат қою дағдысы, бағалау саясаты, педагогикалық қарым-қатынаста туындайтын түрлі жағдайларды шешу мүмкінедіктері кіріктіріледі.

«Пәнді оқыту әдістемесі» пәнін қамту барысында студенттер силлабуста бекітілген тақырыптарды негізге ала отырып, мектеп оқушыларына білім беру мәселелерін шешудің жобалық үлгісін әзірлейді. Жобалар жаңартылған білім беру мазмұнына сай құралып, бірлескен талдау барысында жетілдіріледі және толықтырылады. Сабақ әдістерімен қоса міндетті түрде оқушылардың алған білімдерін бағалау жүйсіне ерекше көңіл бөлінеді.

Болашақ мұғалімдердің теориялық алған білімдерін бекіту мақсатында өтетін 6 апталық педагогкалық практикаға арнайы жоспар (1-кесте) құрастырылады.

Педагогикалық практика жоспарын құру алдында біз осы практиканың негізгі міндеттерін анықтадық. Олар:

- пән мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін талдау;
- сабақтың үштұғырлы мақсатын (оқыту, дамыту және тәрбиелеу аспектілерін) және сабақтың жекелеген кезеңдерінің диагностикаланатын мақсаттарын құрау;
- білім берудің гуманитарлық бағыттағы мазмұн элементтерін ескере отырып, сабаққа материал іріктеу;
- оқытудың мақсаттары, мазмұны, формалары, әдістері мен құралдарына сәйкес оқушыларды оқу-танымдық іс-әрекетке тартуды қамтамасыз ететін оқу жұмысының ұйымдастыру формаларын таңдау және қолдану;
- әрекетке негізделген тәсілді ескере отырып құрылған технологиялар негізінде дидактикалық бірліктердің меңгерілуін жобалау және оларды сабақтарды құрастыруда пайдалану;
- оқушылардың рефлексивті-бағалау әрекетін жүзе ге асыруға жағдай жасау;
- әртүрлі типтегі сабақтарды моделдеу, сабақтың кеңейтілген жоспарлары мен конспектілерін құрастыру;
- әртүрлі типтегі сабақтарды өткізу;
- сабаққа өзіндік талдау жүргізу;
- жоспарланған және қол жеткізілген нәтижелерді салыстыру;
- оқу және сынып тан тыс уақытта оқушылармен жеке-дифференциалды жұмыс ты ұйымдастыру;
- оқушылардың әртүрлі жұмыстарын бағалау және талдау жүргізу;
- сабақтарда және сыныптан тыс жұмыста дидактикалық ойындарды және ба қа да іс-шараларды ұйымдастыру.

1- кесте. Педагогикалық практика жоспары

№	*Мазмұны*	*Ұйымдастыру формасы мен әдістері*	*Орындау мерзімі*
1	Практика базасымен және ұжыммен танысу.	Конференция, мектеп ке экскурсия, таныстыру.	1- апта
2	Мектеп құжаттары, тәртіп ережелерімен танысу	Құжаттармен жұмыс, сұхбат.	1- апта
3	Жеке жұмыс жоспарын құру және бекіту	Тәлімгермен жоспарлау, бекіту	1- апта
4	Сабақтарға қатысу және талдау жасау	Бақылау, жазбаша талдау, пікірлесу	2-3 апта
5	Сабақ жоспары (план-конспект) жазу, кеңес алу	Қысқа мерзімді жоспар құру, мұғалімнің ұсыныстары	2-3 апта
6	Бір сабақ өткізу (тәжірибелік тапсырма	Мұғаліммен келісу арқылы1-2 сабақ өткізу	3-4 апта
7	Жаңа оқыту технологиялар ын меңгеру	Семинар, әдістеме лік жинақпен жұмыс	4 апта
8	Көрнекілік құралдар мен ТСО пайдалану	Дайындау және сабақта пайдалану	4-5 апта
9	Сыныппен тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру	Ашық тәрбие сағаты, сценарий құрастыру	5 апта
10	Қорытынды есеп жазу, портфолио әзірлеу	Жеке есеп, тәжірибе құжаттары	6 апта
11	Қорытын ды конференция. Қорытынды Есебін тапсыру.	Презентация, пікір алмасу, бағалау	6 апта

Осы жоспар негізінде 1-ші аптада студенттер мектеп ұжымымен, нормативтік актілермен, құжаттармен таныса келе өздерінің 6 апталық жұмыс жоспарын құрады, сынып жетекшілігін алады және сынып жетекшінің жұмыс жоспарымен танысады. 2-ші аптада сабақтарға, сынып сағаттарына қатысып, талдау парағын толтырып, келесі тақырып бойынша пән мұғалімінің бағыт беруімен сабақ және сынып жетекшісінің жоспарланған сынып сағатының жоспарын құрады. Қалған төрт апта бойы өтетін тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) құрып, өтілетін тақырыптарға қатысты дидактикалық материалдарды дайындап, оқушыларға сабақтар және сынып сағаттарын өтеді, ата- аналармен жиналысына қатысып, сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде өз қызметтерін атқарады. Практиканың соңғы аптасында бірнеше практиканттар бірігіп, мектеп бойынша белгілі бір сынып оқушылары, олардың ата-аналары арасында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырады. Практиканың соңғы аптасы есеп беру, мектеп басшылығынан, мектептегі жетекшісінен мінездеме алу, практика күнделігін толтыру, практикадан өту барысында дайындаған ҚМЖ, тәрбие жоспарлары мен дидактикалық материалдарды жинақтау, қорытынды конференцияға дайындалумен өтеді.

Педагогикалық практика нәтижесі бойынша есеп беру барысында болашақ мұғалімнің жеке папкасында төмендегі құжаттар жинағы болуы қажет:

1. практика бойынша күнделік (күнделік практика аяқталғаннан кейін 3 жыл сақтала ды);
2. практиканттың жеке жұмыс кестесі;
3. практика бойынша қорытынды есеп;
4. портфолио: білім беру ұйымы туралы мәліметтер, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар үлгісі, сыныптан және мектеп тен тыс жұмыстардың жоспарлары, сабақты талдау сызбалары (электрондық форматта болуы керек);
5. сыныптан тыс сабақтарды (әңгімелесу, сынып сағаттары және т.б.) өз бетінше жүргізген конспекттері;
6. практика базасындағы практика жетекшісінің парактикантқа берген, ресми мөрмен расталған мінездемесі.

Практиканттардың болашақ мұғалім мамандығына кәсіби дайындығының нәтижесі комиссия құрамымен келесідей бағалау критерийлерін (2-кесте) негізге ала отырып, баллдық-рейтингілік әріп жүйесі бойынша бағаланады:

- дайындалған есептің сапалығы;
- күнделіктегі жазбалардың мазмұны мен оны кірістіру ұқыптылығы;
- практика жетекшілерінің мінездемесі;
- қорытынды конференциядағы сөз сөйлеуі.

1-кесте. Практика қорытындысы бойынша практиканттарды бағалау критерийлері

95-100 балл А «Өте жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы білім алушының шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, мектеп басшылығынан университет кафедрасына «Алғыс хат» және практикант марапатталынса, практиканың мақсаты, міндеттері толық мазмұндалған жағдайда.
90-94 балл А- «Өте жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы білім алушының шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылар дың диагностикалау қорытындылары, сынып тан тыс шаралар ды дайындау, сабақтар дың жоспар-конспектілері, олар дың талдануы, тәрбие жұмыстары ның жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практикантқа мектеп басшылығынан «Алғыс хат» берілсе, практиканың мақсаты, міндеттері толық мазмұндалған жағдайда.
85-89 балл В+ «Жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сынып тан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері қысқаша мазмұндалған жағдайда.
80-84 балл В «Жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері қысқаша мазмұндалған жағдайда.
75-79 балл В- «Жақсы»	Күнделіктегі жазбаларда практика тапсырмалары толық қамтылмаған, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар- конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланған, білім алушының есебі практиканың мақсатымен және міндеттеріне сәйкес келген жағдайда.
70-74 балл С+ «Қанағаттанарлық»	Күнделікте жазбалар мазмұны практика жоспарына жеткілікті шамада сәйкес келеді, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланған, есеп білім алушының жұмысының барлық негізгі бағыттары бойынша қысқаша жасалған жағдайда.
65-69 балл С «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары қысқаша ашылған, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп

	психологымен қанағаттанарлық бағаланған, практикант есебінде маңызды мәселелердің қамтылмауы.
60-64 балл C- «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық жазылмаған, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен қанағаттанарлық бағаланған, есебінде практиканың мазмұнын аша алмауында.
55-59 балл D+ «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық емес, практикалық әрекеттік материалдарынан тек жүргізілген сабақтардың конспект-жоспарлары тіркелген, пән мұғалімімен ғана қанағаттанарлық бағаланған, есепте практиканың өту процессінің толық мазмұндалмауы.
50-54 балл D «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық емес, практикалық әрекеттік материалдарынан тек жүргізілген сабақтардың конспект-жоспарлары тіркелген, есепте жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілмеген жағдайда.
0-49 балл F «Қанағаттанарлықсыз»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практиканың тапсырмаларына сәйкес келмеуі, практикалық әрекеттік материалдарының болмауы, практика бойынша есеп бермеуі.

Жоғарыда көрсетілген жоспар негізінде педагогикалық практиканы жүргізу нәтижелері 2-кестеде көрсетілген бағалау критерийлерін негізге ала отырып қорытындыланады.

Нәтиже. Педагогикалық практика жоспарына сай алғашқы аптада білім алушылар практика өтетін мектеппен және мектеп ұжымымен, мектеп құжаттарымен, тәртіп ережелерімен танысады. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бөлініп, сабақтарға, сынып сағаттарына қатысу арқылы және мектептегі жетекшілерімен бірігіп жеке жұмыс жоспарларын құруымен өздерінің болашақ кәсібіне моральды дайындық бастамасы қалыптасады.

Практиканың бірінші күні практиканттардан сауалдама алынды. Сауалдаманы төрт бөлімге бөлдік. Олар:

1. практикант туралы ақпарат:
- практиканттың аты-жөні;
- Білім беру бағдарламасы;
2. күтілетін нәтиже және мотивация:
- практика кезеңінде өзіңізге қандай мақсаттар қоясыз?
- сыныппен және тәлімгермен жұмыстан не күтесіз?
3. дайындық деңгейі:
- педагогика және оқыту әдістемесіне байланысты қандай пәндерді бұрын оқыдыңыз?
- келесі салаларда өзіңізді қаншалықты сенімді сезінесіз (1–5 баллмен бағалаңыз): сабақ жоспарлау: 1 2 3 4 5

сыныппен жұмыс: 1 2 3 4 5

АКТ қолдану: 1 2 3 4 5

оқушылардың білімін бақылау: 1 2 3 4 5

балалармен қарым-қатынас: 1 2 3 4 5

4. тәжірибе мен дағдылар:
- балалармен жұмыс тәжірибеңіз бар ма, болса қандай?
- практикада қолдана алатын күшті жақтарыңыз қандай?
- қандай дағдыларыңызды жақсартқыңыз келеді?

Төрт бөлімнен тұратын сауалдама нәтижесі бойынша педагогикалық практикаға дайындықтары 28 білім алушылардың 44%-ының жоғары, 38%-ының орташа және қалған 18%-ының төмен деңгейде екені анықталды.

Педагогикалық практиканың 2-5 апталарында практиканттар болашақ кәсіптері бойынша мектеп ұжымының мүшесі ретінде жұмыс атқарады. Мектептегі жетекшілерінің кеңестері мен бағыт-бағдарларын, университеттегі алған теориялық білімдерін негізге ала отырып, сабақ өтуге, тәрбие сағаттарын ұйымдастыруға жоспарлар құру арқылы дайындалып, жүзеге асырады. Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу арқылы әр сабаққа

Қысқа мерзімді жоспарларын, дидактикалық құралдарын әзірлеп оқушыларға білім беру тәжірибесін қалыптастырып, жетілдіреді. Өткізген сабақтары мен тәрбие сағаттары сабақтан тыс уақытта талқыланып, группалас практиканттармен мектеп мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, психологтармен талқыланып, бағаланады.

Практиканың соңғы аптасында болашақ мұғалімдер ашық сабақ, ашық тәрбие сағаттарын өткізу арқылы практика барысында жинақтаған тәжірибесінің деңгейін көрсетеді. Осы алты аптадағы жетістіктерін ескере келе мектеп тарапынан марапаттар, алғыс хаттар, мінездемелер беріледі және мектептегі жетекшілер әр практиканттың деңгейіне қарай бағалау ведомосын университет жетекшісіне өткізеді. Практикадағы күнделіктерін толтырып, құжаттарын жинақтап, университет тарапынан ұйымдастырылатын конференцияға есебін дайындайды.

Университет тарапынан құрылған комиссия мүшелеріне практика конференциясында есебін баяндап, құжаттарын өткізу арқылы 2-кестедегі бағалау критерийлдері бойынша бағаланады. Бағалау нәтижесі бойынша 28 практиканттың 13-і (46,43%) «өте жақ сы», 11-і (39,29%) «жақсы» және 4-еуі (14,28%) «қанағаттанарлық» бағаларын алды.

Оқыту сапасын мониторингтеу үдерісін жүзеге асыру үшін өлшеу сапасына қойылатын талаптарға сай келетін тиімді деректер жинау құралдары қажет. Оқыту сапасын сараптаудың бірыңғай құралы – сауалнама болып табылады. Тек өлшеу құралының қажетті сапасын қамтамасыз еткен жағдайда ғана педагогикалық қызметтің сапасына дәл баға беруге болады [11, 29 Б.].

Конференция соңында 28 практиканттан қорытынды сауалнамасы алынды.

Сауалнама сұрақтары:

1. практика барысын бағалау
- практиканың ұйымдастырылу деңгейі: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз»;
- практика барысында өте жақсы дамыған дағдыңыз:

сабақ жоспарлау сабақ өткізу

оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынас бағалау

2. мектеп ұжымымен жұмыс
- мектептегі жетекші мұғалім қаншалықты қажет? «қажет», «қажет емес»
- сабақтарға қатысу және сабақтарды талқылау маңыздылығы қандай? «өте жақсы», «орташа», «қажет емес»

3. практикадан алған тәжірибе
- практика барысындағы үлкен жетістігіңізді атаңыз
- практика барысындағы кездескен қиындықтар
- практиканың болашақ кәсібіңізге деген әсерін сипаттасаңыз.

Сауалнама қорытындысы бойынша 28 практиканттың болашақ кәсібіне дайындығының көрсеткіші (1-сурет) келесідей: 49%-ы «жоғары», 40%-ы «орташа» және 11%-ы «төмен».



1-сурет. Болашақ мұғалімдерді даярлауда ұйымдастырылған педагогикалық практиканың нәтижесі

Осылайша, студенттердің педагогикалық практикасын тиімді ұйымдастыру тек кәсіби білім мен дағдыны қалыптастырып қана қоймай, олардың педагогикалық ойлауын, шығармашылық

бастамасын және инновациялық шешім қабылдау қабілетін дамытады. Практика барысында болашақ мұғалімдер өз әрекеттеріне талдау жасап, педагог ретіндегі кәсіби сәйкестігін нығайтады.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде педагогикалық практиканың шешуші рөл атқаратынын айқын көрсетті. Қазіргі еңбек нарығындағы бәсекелестіктің өсуі, білім беру жүйесінде орын алып жатқан реформалар педагогикалық кадрларды даярлау сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Осы контексте практика болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін, кәсіби өзіндік санасын, коммуникативтік мәдениетін және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы дербестігін қалыптастыру құралы ретінде көрінеді.

Алынған деректер студенттердің практиканы бастамас бұрынғы дайындық деңгейінің әркелкі екенін көрсетті: 44%-ы жоғары, 38%-ы орташа және 18%-ы төмен деңгейде бағаланған. Бұл теориялық пәндерді меңгеру мен практикалық міндеттерді орындауға психологиялық дайындықтың әр студентте әртүрлі қалыптасқанын айғақтай ды. Демек, практика алдындағы кәсіби бағытталған тренингтер мен әдістемелік дайындықтың маңыздылығын арттыру қажеттілігі байқалады.

Практиканың негізгі кезеңдері студенттердің мектеп ұжымына кірігіп, сабақтарға қатысуы, қысқа мерзімді жоспар дайындауы, тәрбие жұмыстарын жүргізуі арқылы жүзеге асқан. Талдау көрсеткендей, студенттер практика барысында өздерінің педагогикалық дағдыларын айтарлықтай жетілдірген. Әсіресе сабақ жоспарлау, оқушылармен қарым- қатынас, бағалау жүйесін қолдану және АКТ құралдарын пайдаланусияқты бағыттар бойынша оң динамика байқалды.

Қорытынды сауалнама нәтижелері практиканың студенттердің кәсіби қалыптасуына айтарлықтай әсер еткенін дәлелдейді: 49%-ы кәсіби дайындығының жоғары деңгейге көтерілгенін, 40%-ы орташа деңгейге жеткенін көрсетсе, тек 11%-ында төмен нәтиже тіркелген. Бұл көрсеткіш практика кезеңінің болашақ мұғалімдер үшін кәсіби рефлексия, педагогикалық шешім қабылдау, шығармашылық ізденіс және кәсіби сәйкестік қалыптастыру алаңы ретінде тиімді ұйымдастырылғанын білдіреді.

Сонымен қатар жетекші мұғалімдердің рөлі ерекше маңызды екені анықталды: практиканттардың басым бөлігі тәлімгердің қолдауының қажеттілігін атап өтті. Бұл педагогикалық тәлімгерлік (менторлық) жүйені жетілдірудің өзектілігін дәлелдейді. Сабақтарды бақылау және талдауда кәсіби дағдыларды дамытудың маңызды құралы ретінде танылды.

Дегенмен, зерттеу кейбір қиындықтарды да айқындады. Студенттердің бір бөлігі сабақ мақсаттарын қою, дидактикалық материал дайындау, сыныптағы түрлі жағдаяттар ды басқару сияқты салаларда өздерін жеткіліксіз сезінетінін көрсетті. Бұл практиканың алдында және барысында мақсатты әдістемелік қолдауды күшейтуге бағытталған өзгерістер енгізу қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды. Педагогикалық практиканың нәтижелері тәлімгерлердің (тәжірибелі педагогтар мен әдіскерлердің) жүйелі қолдауы болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткенін көрсетті. Әртүрлі практика кезеңдерінде анықталған мәселелер бойынша мұғалімдер мен тәлімгерлер берген әдістемелік және мазмұндық кеңестер болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және практиканың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл фактор сапалы нәтижеге қол жеткізудің маңызды алғышарты ретінде танылды.

Зерттеу көрсеткендей, болашақ мұғалімді инновациялық педагогикалық қызметке даярлаудың негізгі құралы – педагогикалық практика болып табылады. Педагогикалық практика жүйелік, қызметтік және тұлғалық тәсілдердің өзара байланысында жүзеге асады, ол жалпы педагогикалық даярлықтың бір компоненті ретінде, сондай-ақ білім алушылдардың практикалық қызметінің бір түрі және жоғары педагогикалық мектепте кәсіби оқытудың формасы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық практиканы аяқтағаннан кейін студенттердің барлығы педагогикалық мамандықты таңдағанына қанағаттанатынын білдіруі тәжірибенің кәсіби өзіндік анықталуына оң әсерін дәлелдейді. Сонымен бірге, қазіргі білім беру кеңістігінің талаптары тұрғысынан педагогикалық практиканың мазмұнын тереңдетіп зерттеу, практика барысында қалыптасқан мұғалім даярлаудың заманауи әдістерін жинақтау және жүйелеу қажеттілігін талап етеді.

Пайдаланылған әдебеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдеде гі № 319 Заңы. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_*
2. *Мкртчян Н.М. Модульная организация педагогической практики как условие совершенствования педагогической культуры будущего учителя Ростов-на-Дону. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. 2007 С. 24. / https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-modulnaya-organizatsiya-pedagogicheskoy-praktiki-kak-uslovie-sovershenstvovaniya-pedagogicheskoy-kultury-buduschego-uchit*
3. *Жұмағалиева Г.Е., Абуов А.Е., Криварадева Божидара, Абуова Р.С. Практика как средство формирования творческой компетенции будущих специалистов культурно - досуговой рабо ты в профессиональной подготов ке в вузе / Абай атында ғы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫ СЫ «Педагогика ғылымдары» серия сы, No4(84),2024 ж. – 250-263 Б.Б. / DOI: 10.51889/2959-5762.2024.84.4.023*
4. *Кенжетаева Р.О., Нуржанова С.А. Инновационные формы контроля в профессиональной подготовке будущих педагогов. «Вестник» Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Серия «Педагогические науки». No1(65), 2020,– С.156-160. / https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.28*
5. *Педагогическая практика: методические указания / сост. Н.Л. Колясникова; федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего образов. «Пермский гос. аграрно-технолог. ун-т им. акад. Д.Н. Прянишникова». – Пермь: ИПЦ «Прокростъ», 2018. – 31 с.*
6. *Химматалиев Д.О., Файзуллаев Р.Х. Педагогическая практика будущих учителей профессионального образования. Подготовка к основн ым видам профессиональной деятельности / Вестник науки и образования№ 12(24) 2016 / file:///C:/Users/zharikbaeva.d/Downloads/pedagogicheskaya-praktika-buduschih-uchiteley- professionalnogo-obrazovaniya-podgotovka-k-osnovnym-vidam-professionalnoy- deyatelnosti.pdf*
7. *Heggernes, S. L. (2021). A critical review of the role of placements in developing teacher identity. Teaching and Teacher Education, 102, 103337. / https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103337*
8. *Bączkowska A. Current trends in teacher training // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы-Известия ғылыми журналы, №4(758) 2024, 13-28 Б.Б. / https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.001*
9. *Ешенқұлова Э.Б., Манабаева С.Е., Ешенкулова Д.Б., Нуридинова Г.А. Болашақ педагогтың руханишығармашылық әлеуетін «мектеп-жоғары оқу орны» жүйесінде дамыту / Абай атында ғы ҚазҰПУ-ң Хабаршы сы «Педагогика ғылымдары» серия сы, No2(86),2025 ж. – 192-204 Б.Б./ https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.017*
10. *Червонный М.А., Власова А.А. Педагогическая практика будущих учителей в условиях современной образовательной сре ды // Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (DHTE 2022): сб. статей III Всероссийской научно-практической конференции с международн ым участием. 17—18 ноября 2022 г. / Под ред. В.В. Рубцова, М.Г. Сороковой, Н.П. Радчиковой М.: Издательство ФГБОУ ВО МГППУ, 2022. С. 193–210 / https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Chervonnyy_Vlasova.pdf*
11. *Севрук А. И., Юнина Е. А. Мониторинг качества преподавания в школе: учебное пособие. М.: Педагогическое общество России, 2003. 144 с.*

References:

1. *Qazakstan Respublikasynyn Bilim turaly 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 Zany. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_*
2. *Mkrtchyan N.M. Modulnaya organizaciya pedagogicheskoj praktiki kak uslovie sovershenstvovaniya pedagogicheskoj kultury budushego uchitelya Rostov-na-Donu. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata pedagogicheskih nauk. 2007 S. 24. / https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-modulnaya-organizatsiya-pedagogicheskoy-praktiki-kak-uslovie-sovershenstvovaniya-pedagogicheskoy-kultury-buduschego-uchit*
3. *Zhymagalieva G.E., Abuov A.E., Krivaradeva Bozhidara, Abuova R.S. Praktika kak sredstvo formirovaniya tvorcheskoj kompetencii budushih specialistov kulturno -dosugovoj raboty v professionalnoj podgotovke v vuze / Abaj atyndagy KazYPU-n HABARShYSY «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No4(84),2024 zh. – 250-263 B.B. / DOI: 10.51889/2959-5762.2024.84.4.023*
4. *Kenzhetaeva R.O., Nurzhanova S.A. Innovacionnye formy kontrolya v professionalnoj podgotovke budushih uchitelej. «Vestnik» Kazahskij nacionalnyj pedagogicheskij universitet imeni Abaya. Seriya «Pedagogicheskie nauki». No1(65), 2020,– S.156-160. / https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.28*

5. Pedagogicheskaya praktika: metodicheskie ukazaniya / sost. N.L. Kolyasnikova; federalnoe gos. byudzhetnoe obrazov. uchrezhdenie vysshego obrazov. «Permskij gos. agrarno- tehnolog. un-t im. akad. D.N. Pryanishnikova». – Perm: IPC «Prokrost», 2018. – 31 s.

6. Himmataliev D.O., Fajzullaev R.H. Pedagogicheskaya praktika budushih uchitelej professionalnogo obrazovaniya. Podgotovka k osnovnym vidam professionalnoj deyatelnosti / Vestnik nauki i obrazovaniya № 12(24) 2016 / file:///C:/Users/zharikbaeva.d/Downloads/pedagogicheskaya-praktika-buduschih-uchiteley- professionalnogo-obrazovaniya-podgotovka-k-osnovnym-vidam-professionalnoy- deyatelnosti.pdf

7. Heggernes, S. L. (2021). A critical review of the role of placements in developing teacher identity. Teaching and Teacher Education, 102, 103337. / https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103337

8. Baczkowska A. Current trends in teacher training // Abylaj han atyndagy KazHKzhATU Habarshysy-Izvestiya gylymi zhurnaly, №4(758) 2024, 13-28 B.B. / https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.001

9. Eshenқylova E.B., Manabaeva S.E., Eshenkulova D.B., Nuridinova G.A. Bolashak pedagogtyn ruhani-shygarmashylyk aleuetin «mektep-zhogary oku orny» zhyjesinde damytu / Abaj atyndagy KazYPU-n Habarshysy «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No2(86),2025 zh. – 192-204 B.B. / https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.017

10. Chervonnyj M.A., Vlasova A.A. Pedagogicheskaya praktika budushih uchitelej v usloviyah sovremennoj obrazovatelnoj sredy // Cifrovaya gumanitaristika i tehnologii v obrazovanii (DHTE 2022): sb. statej III Vserossijskoj nauchno-prakticheskoj konferencii s mezhdunarodnym uchastiem. 17—18 noyabrya 2022 g. / Pod red. V.V. Rubcova, M.G. Sorokovoj,

N.P. Radchikovoj M.: Izdatelstvo FGBOU VO MGPPU, 2022. S. 193–210/ https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Chervonnyy_Vlasova.pdf

11. Sevruk A. I., Yunina E. A. Monitoring kachestva prepodavaniya v shkole: uchebnoe posobie. M.: Pedagogicheskoe obshestvo Rossii, 2003. 144 s.

IRSTI 14.35.09 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.019

Toktarbekova K.,[1] Smailova Zh.,[2] Barabanova E. [2]*

[1] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]East Kazakhstan University named after S.Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

TRAINING OF FUTURE PROFESSIONAL SPECIAL TEACHERS: VIEWS OF EMPLOYEES

Abstract

Currently, the number of children with special educational needs in our country is steadily increasing. This situation has led to a growing demand for special education teachers and highlighted the need to enhance their professional competencies. The professional training of special educators is a key indicator of educational quality and serves as a decisive mechanism for advancing inclusion in society. Therefore, a comprehensive approach to training future special education teachers—integrating theoretical knowledge, practical preparation, and socio-value orientations—has become a pressing issue. The purpose of this study is to identify the ways of developing the professional competence of future special educators, to analyze the requirements for their preparation, and to propose recommendations for improving educational programs. The research involved the analysis of state and university archival documents, as well as scientific works. At the theoretical level, analysis and synthesis methods were employed. At the practical level, a survey was conducted among employers from special and general education institutions in East Kazakhstan region. More than 40 employers participated, assessing the professional competencies of graduates. As a result, graduates' professionalism was defined in three main areas: knowledge (16%), practical skills (16%), and personal qualities (17%). Employers also identified shortcomings in the training system, such as insufficient practice (25%), lack of methodological materials in the Kazakh language, and a shortage of teachers specializing in surdopedagogy. Well-developed competencies included pedagogical mastery, diagnostic skills, the ability to apply methodologies, and proficiency in theoretical knowledge and information technologies. Thus, improving the training system for special educators not only ensures quality education for children with special needs but also provides an effective mechanism for preparing competitive specialists for the labor market.

Keywords: special education, professional competence, inclusive education, professional training, social-pedagogical competencies, practical preparation.

Қ.Т.Тоқтарбекова, [1] Ж.Смаилова, [2] Е.Барабанова [2]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
[2] С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университет, Өскемен қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ҚҰЗІРЕТТІ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУ: ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл жағдай арнайы педагогтерге деген сұраныстың күшеюіне, сонымен бірге олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігіне әкелуде. Арнайы педагогтердің кәсіби даярлығы білім беру сапасының негізгі көрсеткіші болып табылады және қоғамда инклюзияны дамытудың шешуші тетігіне айналып отыр. Осыған байланысты болашақ арнайы педагогтерді даярлау жүйесін теориялық білім, тәжірибелік дайындық және әлеуметтік-құндылықтық ұстанымдарды кіріктірген кешенді тұрғыдан қарастыру өзекті мәселе болып табылады. Зерттеудің мақсаты – болашақ арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын анықтау, олардың даярлығына қойылатын талаптарды талдау және білім беру бағдарламаларын жетілдіруге ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу барысында мемлекеттік және университеттік мұрағат құжаттарына, ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Теориялық деңгейде анализ және синтез әдістері қолданылды. Практикалық деңгейде Шығыс Қазақстан облысындағы арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының жұмыс берушілері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 40-тан астам жұмыс беруші қатысып, түлектердің кәсіби құзыреттілігіне баға берді. Нәтижесінде түлектердің кәсібилігі үш негізгі бағытта айқындалды: білім (16%), практикалық дағдылар (16%), тұлғалық қасиеттер (17%). Сонымен қатар, жұмыс берушілер даярлау жүйесіндегі кемшіліктерді де көрсетті: тәжірибенің жеткіліксіздігі (25%), қазақ тіліндегі әдістемелік материалдардың аздығы және сурдопедагог мамандарының тапшылығы. Жақсы дамыған құзыреттер қатарында педагогикалық шеберлік, диагностикалық дағдылар, әдістемелерді қолдана алу, теориялық білім мен ақпараттық технологияларды меңгеру аталды. Осылайша, арнайы педагогтерді даярлау жүйесін жетілдіру ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына жағдай жасап қана қоймай, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың тиімді тетігі болып табылады.

Түйін сөздер: арнайы педагогика, кәсіби құзыреттілік, инклюзивті білім беру, кәсіби даярлық, әлеуметтік-педагогикалық құзыреттер, тәжірибелік дайындық.

Токтарбекова Қ.Т., [1] Смаилова Ж., [2] Барабанова Е. [2]*
[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2,3]Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова
г.Усть-Каменогорск, Казахстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ КОМПЕТЕНТНЫХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ: ВЗГЛЯДЫ РАБОТОДАТЕЛЕЙ

Аннотация

В настоящее время количество детей с особыми образовательными потребностями в нашей стране ежегодно растет. Это приводит к увеличению спроса на специальных педагогов и необходимости совершенствования их профессиональной компетентности. Профессиональная подготовка специальных педагогов является основным показателем качества образования и важнейшим механизмом развития инклюзии в обществе. В связи с этим комплексное рассмотрение системы подготовки будущих специальных педагогов, включающей теоретические знания, практическую подготовку и социально-ценностные установки, является актуальной задачей. Цель исследования – определить пути формирования профессиональной компетентности будущих специальных педагогов, проанализировать требования к их подготовке и разработать рекомендации по совершенствованию образовательных программ. В ходе исследования был проведен анализ государственных и университетских архивных документов, а также научных трудов. На теоретическом уровне применялись методы анализа и синтеза. На практическом уровне было проведено анкетирование работодателей специальных и общеобразовательных учреждений Восточно-Казахстанской области. В опросе приняли участие более 40 работодателей, которые оценили профессиональную компетентность выпускников. В результате профессионализм выпускников был определен по трем основным направлениям: знания (16%), практические навыки (16%), личностные качества (17%). Кроме того, работодатели указали на недостатки системы подготовки: недостаточность практики (25%), нехватка методических материалов на казахском языке и дефицит сурдопедагогов. К числу хорошо развитых компетенций были отнесены педагогическое мастерство, диагностические навыки, умение применять методики, владение теоретическими

знаниями и информационными технологиями. Таким образом, совершенствование системы подготовки специальных педагогов не только обеспечивает качественное образование для детей с особыми образовательными потребностями, но и становится эффективным механизмом подготовки конкурентоспособных специалистов для рынка труда.

Ключевые слова: специальная педагогика, профессиональная компетентность, инклюзивное образование, профессиональная подготовка, социально-педагогическая компетенция, практическая подготовка.

Introduction. In the modern education system, the issue of inclusive education has acquired particular significance. The increase in the number of children with special educational needs and the necessity of ensuring their social adaptation pose new challenges to society. Addressing these challenges requires the development of professional competencies among future teachers, which is considered one of the key prerequisites [1].

As researchers emphasize, within the context of inclusive education, the content of professional competence should not be limited to traditional pedagogical skills but must also encompass social, psychological, emotional, and digital competencies [2]. For example, Makhambetova and Magauova, by modeling professional competences in the context of inclusive education, highlight the importance of integrating theoretical knowledge with adaptive practical skills, while Berikkhanova and colleagues examine an effective model for preparing future teachers in inclusive environments, demonstrating its direct impact on teaching quality [3], [4].

Furthermore, the formation of teachers' professional culture and the enhancement of their social responsibility should also be prioritized. In this regard, Kopzhanov and colleagues, drawing on the experience of training specialists in adapted physical education and sports, emphasize the importance of developing the professional culture and value orientation of future teachers [5]. Similarly, Chetverikova and colleagues view social-emotional learning technologies as an effective tool for preparing students for inclusive education [6].

To succeed in inclusive practice, teachers must master not only professional skills but also the ability to work in multidisciplinary teams, establish collaboration with parents, and cooperate with various specialists. In this context, Rueda and Fernández-Batanero stress the importance of digital competence among special education teachers, while Fränkel and colleagues propose new approaches to initial teacher training to overcome barriers in the implementation of inclusive science education [7], [8].

Kazakhstani researchers are also extensively addressing the issue of competence in special educators within inclusive education. Movkebayeva and Dyussenbayeva define the structure and content of inclusive competences in the professional activities of special educators, emphasizing their significance in improving the quality of education [9].

Accordingly, the training system for future special educators requires a comprehensive approach that integrates theoretical knowledge, practical experience, and socio-value preparation. Such an approach ensures the development of all dimensions of professional competence and facilitates the preparation of specialists capable of effectively working within inclusive educational settings.

In Kazakhstan, the number of children with special educational needs is increasing, resulting in a heightened demand for special educators. This makes the enhancement of their professional training and competencies a requirement of the times. Since the professional qualifications of special educators directly influence the effectiveness of working with children, this issue holds special significance in the development of the education system.

In today's socially diverse society, special educators play a crucial role in ensuring equal opportunities. Therefore, they must acquire not only theoretical knowledge but also thorough practical preparation. The growing number of children with special needs requires the introduction of new educational programs, innovative technologies, and active teaching methods.

The purpose of this study is to determine the ways of developing the professional competence of future special educators and to analyze the requirements for their preparation. In this regard, the experience of S. Amanzholov East Kazakhstan University can serve as a model. Since 2004, more than

one thousand specialists have been trained in the "Defectology" program, with faculty members conducting applied work in psychology, speech therapy, and corrective pedagogy.

Materials and methods. In the course of the study, a comprehensive set of methods was applied to conduct an in-depth analysis of the current state of special education teacher training. Initially, normative and legal documents at the national level, strategic programs for the development of the education sector, as well as internal archival documents of the university were examined. These sources made it possible to consider the issue of developing the professional competence of future special educators from the perspective of national education policy and regional specificities.

At the theoretical level, the research was primarily carried out through the methods of analysis and synthesis. The method of analysis was used to systematically examine scientific works and literature in the field of special pedagogy, as well as training programs, while the method of synthesis aimed at integrating information obtained from diverse sources and formulating general scientific conclusions. These methods contributed to revealing the theoretical foundations of the issue and to deepening the understanding of the pedagogical significance of competence-based approaches.

At the practical level, a set of diagnostic methods was employed. In particular, the observation method was applied to assess the level of students' acquisition of professional skills during the learning process. Additionally, a survey method was used to collect employers' opinions on the professional competencies of graduates. The survey was conducted among employers from special and general education institutions in the East Kazakhstan region, with the aim of evaluating the quality of training of future special educators.

The primary objective of the survey was to identify the level of employer satisfaction with the professional preparation of graduates of the "Special Pedagogy" program at S. Amanzholov East Kazakhstan University. Moreover, the survey enabled the collection of feedback regarding graduates' professional knowledge, practical skills, personal qualities, and social competences.

The collected data served as a basis for identifying the strengths and weaknesses of the training process of special educators and for determining key directions necessary for the further development of future specialists' competencies. Based on this analysis, concrete recommendations for the improvement of educational programs were developed.

Overall, the set of research methods applied allowed for a comprehensive examination of the problem, the integration of theoretical and practical data, and the objective evaluation of the results obtained.

Results. In order to develop inclusive education in Kazakhstan, the system of training special education teachers has been significantly modernized in recent years. In this direction, new educational programs have been introduced, with special attention given to the formation of professional competencies of future specialists. As evidence of this, the launch of the "Special Pedagogy" educational program is a step aimed at improving the quality of special education and preparing specialists in accordance with the modern requirements of the labor market.

Over the past two years, the Department of Psychology and Correctional Pedagogy at S. Amanzholov East Kazakhstan University has been implementing the 6B01902 "Special Pedagogy" (IP) educational program for the preparation of future special education teachers. This program was developed on the basis of a model created by the authors' team of Abai Kazakh National Pedagogical University (G.A.Abaeva, A.N.Autayeva, Z.N.Bekbayeva). The content of the program has been reviewed by experts and employers, and positive conclusions have been given [10].

Since 2023, five universities in Kazakhstan (Kazakh National Women's Pedagogical University, A.Baitursynov Kostanay Regional University, I.Zhansugurov Zhetysu University, S.Amanzholov East Kazakhstan University, and South Kazakhstan State Pedagogical University) have been involved in the implementation of this program. In this process, Abai Kazakh National Pedagogical University has become the leading university, serving as the main center for piloting and disseminating the new experience [10].

Болашақ педагогтар мен психологтарды даярлау бағдарламаларында түрлі заманауи цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. *Google Workspace* және *Padlet* платформалары студенттердің бірлескен жобалар орындауын жеңілдетіп, ұжымдық шығармашылыққа жағдай жасайды. Redecker (2017) пікірінше, мұндай бірлескен онлайн құралдар оқытудың интерактивтілігін арттырып, студенттердің өзара әрекет дағдыларын дамытады. *Kahoot* және *Mentimeter* сияқты геймификация элементтерін қамтитын платформаларды пайдалану оқу процесін жандандырып, білім алушылардың танымдық қызығушылығын күшейтеді. Deterding және әріптестері (2011) геймификация тәсілі оқытуда ойын динамикасын пайдалану арқылы мотивация мен қатысуды арттыратынын дәлелдеген. Сонымен қатар, *ChatGPT* және *Canva* сияқты жасанды интеллект пен визуалды дизайн негізіндегі жүйелер студенттердің кәсіби тапсырмаларды орындау дағдыларын жетілдіруге, мазмұнды визуалды түрде ұсынуға және рефлексия жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Al-Alwani (2023) және Kudliskis (2023) еңбектерінде жасанды интеллект технологияларының педагогикалық процестегі тиімділігі, оның ішінде шығармашылық әлеует пен аналитикалық ойлауды дамытудағы рөлі атап өтіледі. Осы цифрлық құралдар болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылып, олардың оқу мотивациясын, креативті ойлауын және өздік жұмысқа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, *Google Workspace* және *Microsoft Teams* сияқты онлайн-коллаборативтік құралдар студенттердің бірлескен жұмысын және кәсіби коммуникациясын дамытуда маңызды рөл атқарады (Johnson et al., 2014). Осы цифрлық құралдар болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылып, олардың оқу мотивациясын, креативті ойлауын және өздік жұмысқа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, Google Workspace және Microsoft Teams сияқты онлайн-коллаборативтік құралдар студенттердің бірлескен жұмысын және қарым-қатынас дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл құралдар нақты уақыт режимінде бірлескен жобаларды орындауға жағдай жасап, болашақ педагогтар мен психологтар үшін қажетті тұлғааралық дағдыларды қалыптастырады (Johnson және т.б., 2014). Estrada-Guillén және әріптестері (2022) цифрлық білім беру ортасында студенттердің эмоционалдық интеллектісі, төзімділігі және оқу үдерісіне белсенді қатысуы кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөліктері екенін көрсеткен. Цифрлық ойындар мен симуляциялар оқу үдерісін иммерсивті етуге, болашақ педагогтар мен психологтарға шешім қабылдау мен проблемаларды шешу дағдыларын қауіпсіз ортада тәжірибе жүзінде үйренуге мүмкіндік береді (Gee, 2003). Цифрлық технологиялардың білім беру әлеуеті зор болғанымен, оларды тиімді енгізуде бірқатар қиындықтар бар. Ең негізгі кедергілердің бірі – педагогтардың өздерінің жеткілікті даярлығының болмауы (Ertmer & Ottenbreit-Leftwich, 2010). Көптеген оқытушылар цифрлық құралдарды сабақтарында қолдануға сенімсіздік танытып, бұл жаңашылдықтарды қабылдауда сақтық білдіреді. Сонымен қатар, технологияға қолжетімділіктегі теңсіздік те маңызды мәселе болып табылады. Әлеуметтік жағдайы төмен студенттер қажетті цифрлық ресурстарға бірдей деңгейде қол жеткізе алмайды, бұл олардың цифрлық құзыреттерін дамыту мүмкіндігін шектейді (Warschauer, 2003). Бұл «цифрлық теңсіздік» білім беруде әділеттілікті қамтамасыз ету үшін технология мен ресурстарға тең қолжетімділіктің маңызын көрсетеді. Бұдан бөлек, технологиялардың қарқынды дамуы оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Білім беру ұйымдары жаңа технологияларды оқу процесіне енгізу үшін материалдық және кадрлық ресурстарын үздіксіз жетілдіруге мәжбүр (Kirkwood & Price, 2014). Осылайша, болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде заманауи цифрлық технологиялардың рөлі айрықша.

Негізгі ережелер. Цифрлық құралдар тек оқу үдерісін жетілдіріп қана қоймай, студенттердің кәсіби ойлау, коммуникациялық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде педагогикалық және психологиялық даярлықта жиі қолданылатын негізгі цифрлық платформалар мен олардың қолданылу бағыттары анықталды. Төмендегі кестеде болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытуда тиімді деп танылған заманауи цифрлық технологиялар мен оларды ғылыми тұрғыдан негіздеген авторлар көрсетілген. (Кесте-1)

Кесте 1. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытуда қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар

№	*Цифрлық құрал / технология*	*Қолданылу бағыты (педагог-психолог қызмет*	*Авторлар және дереккөздер*
1	Google Workspace (Docs, Forms, Meet, Drive)	Сауалнама, рефлексия, диагностика, онлайн кеңес беру, деректер жинау	Redecker (2017); Johnson et al. (2014)
2	Padlet, Miro	Топтық рефлексия, эмоционалдық кері байлан бірлескен тренинг және жоба жұмысы	Redecker (2017); Gonzalez et al. (2020)
3	Kahoot, Mentimeter	Геймификация, мотивацияны арттыру, интерак викторина және психологиялық сауалнама	Deterding et al. (2011); Gee (2003)
4	ChatGPT (AI негізіндегі тілдік модель)	Психологиялық тапсырмалар мен жаттығулар дайындау, кәсіби мәтін жазу, рефлексия мен өзін-өзі дамыту	Al-Alwani (2023); Kudliskis (2023)
5	Canva	Психологиялық профилактика материалдары мен визуалды нұсқаулықтар жасау (постер, инфографика)	Al-Alwani (2023); Redecker (2017)
6	Microsoft Teams, Zoom	Онлайн тренингтер, ата-аналар жиналысы, кәсіби коммуникация және қолдау көрсету	Johnson et al. (2014); Gonzalez et al. (2020)
7	Learning Management Systems (LMS – Moodle, Blackb	Курстық материалдар, бағалау, кері байланыс және оқу ортасын басқару	Almala (2015); Ertmer & Ottenbreit-Leftwich (2010

Жалпы алғанда, кестеде келтірілген цифрлық құралдардың қолданылуы болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға бағытталған. Бұл технологиялар оқытудың интерактивтілігін, дербестігін және бейімделгіштігін арттыра отырып, білім алушылардың XXI ғасыр дағдыларын (ақпараттық сауаттылық, креативтілік, сын тұрғысынан ойлау, ынтымақтастық) жетілдіреді. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері педагог-психологтердің кәсіби даярлығын цифрлық трансформация талаптарына бейімдеу қажеттілігін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 1–2 курс студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама *Google Forms* платформасы арқылы онлайн режимде жүргізілді. Барлығы 62 студент сауалнамаға ерікті түрде қатысып, олардың деректері құпиялылық қағидаттарына сәйкес өңделді. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытуда қолданылатын заманауи цифрлық технологияларды айқындау және олардың тиімділігін бағалау. Сауалнама *DigCompEdu* негізінде бейімделген 15 тармақтан тұрды және келесі бағыттарды қамтыды:

- цифрлық технологияларды кәсіби мақсатта қолдану жиілігі;
- онлайн ынтымақтастық құралдарын пайдалану дағдысы;
- интерактивті платформаларды қолданудағы сенімділік;
- жасанды интеллект жүйелерін кәсіби тапсырмаларда қолдану қабілеті;
- цифрлық этика мен деректер қауіпсіздігіне көзқарас.

Сауалнама нәтижелері студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейін сапалық тұрғыдан бағалауға және олардың кәсіби даярлық процесінде қандай технологияларды жиі қолданатынын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында алынған деректер талдау және интерпретациялау әдістері арқылы өңделді. Респонденттердің жауаптары мазмұндық топтарға біріктіріліп, пайыздық көрсеткіштер негізінде диаграммалар арқылы көрнекі түрде берілді. Бұл тәсіл студенттердің заманауи цифрлық құралдарға деген көзқарасы мен қолдану тәжірибесін жан-жақты талдауға жағдай жасады.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің цифрлық технологияларды кәсіби мақсатта қолдану деңгейінің біркелкі емес екенін көрсетті. Сауалнама деректері студенттердің цифрлық құралдарды қолдануда белсенділік танытатынын, алайда кей бағыттарда тәжірибенің жеткіліксіз екенін айқындады. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, Сіз оқу барысында келесі цифрлық платформаларды қаншалықты жиі қолданасыз?- деген сұраққа болашақ педагог-психологтер цифрлық технологияларды әртүрлі жиілікпен қолданатыны анықталды. Әсіресе

Google Workspace, Padlet, Kahoot және Mentimeter платформалары оқу процесінде жиі қолданылады. Бұл құралдар студенттердің ұжымдық жұмысқа, интерактивті сабақтарға және шығармашылық тапсырмалар орындауға қызығушылығын арттыратыны белгілі болды.



1-сурет. Болашақ педагог-психологтердің цифрлық платформаларды қолдану жиілігі

Диаграмма нәтижелері көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі (70%) *Google Workspace* құралдарын оқу процесінде белсенді қолданады. Бұл платформа көбінесе бірлескен жұмыс пен тапсырмаларды онлайн орындауға арналған. *Padlet* те жоғары көрсеткішке ие (68%) — ол студенттердің рефлексия жасауына, идеялар жинақтауға және визуалды мазмұн құруына мүмкіндік береді. *Kahoot* пен *Mentimeter* құралдарын пайдаланушылардың үлесі тиісінше 62% және 60%-ды құрады. Бұл платформалар сабақтарды интерактивті етуге және геймификация арқылы студенттердің мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. *ChatGPT* (54%) және *Canva* (52%) құралдары студенттердің шығармашылық және кәсіби құзыреттерін дамытуда маңызды орын алады. Жалпы алғанда, бұл нәтижелер болашақ педагог-психологтердің цифрлық технологияларды мақсатты және жүйелі түрде қолдануға бейім екенін дәлелдейді. Цифрлық платформалар олардың кәсіби дамуының, шығармашылық белсенділігінің және заманауи цифрлық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.




2-сурет «Цифрлық технологиялардың кәсіби құзыреттілікке әсері

2-суретте болашақ педагог-психологтердің пікірінше, цифрлық технологиялардың олардың кәсіби құзыреттілігіне әсер ету деңгейі көрсетілген. Зерттеу нәтижелері студенттердің көпшілігі (78%) цифрлық құралдарды пайдалану олардың оқу мотивациясын арттырғанын атап өтті. Бұл көрсеткіш студенттердің сабаққа белсенді қатысуына және жаңа цифрлық ортаға бейімделуіне ықпал ететінін білдіреді. Сондай-ақ, респонденттердің 72%-ы цифрлық технологиялар коммуникациялық дағдыларын дамытуға көмектескенін айтты. Бұл болашақ педагог-психологтердің кәсіби қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық қабілеттерінің күшейгенін көрсетеді. Шығармашылық қабілеттің жетілуін 65% студент атап өткен, бұл Canva, Padlet және ChatGPT сияқты құралдардың кәсіби және визуалды ойлау дағдыларын жетілдіруге әсер еткенін дәлелдейді. Өзіндік жұмыс дағдысының артуы 68% деңгейінде анықталды, бұл студенттердің цифрлық ортада дербес ізденіс пен өзін-өзі дамытуға ұмтылысын көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл

нәтижелер цифрлық технологияларды қолдану болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығында мотивациялық, коммуникативтік және креативті компоненттердің тиімді дамуына мүмкіндік беретінін айқындайды. Зерттеу нәтижесінде болашақ педагог-психологтердің цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесі үш негізгі бағытқа бөлінді:

1. *Бірлескен жұмыс және коммуникация***,**
2. *Геймификация және мотивация***,**
3. *Шығармашылық және рефлексия***.**

Бұл бағыттар студенттердің цифрлық ортадағы кәсіби әрекетінің мазмұнын және құралдарды қолдану мақсатын айқындайды.



3-сурет «Цифрлық құралдарды қолдану бағыттары»

Жоғарыда көрсетілген диаграммада, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құралдарды қолдану бағыттары көрсетілген. Көріп отырғанымыздай, студенттердің көпшілігі (40%) цифрлық технологияларды *бірлескен жұмыс пен коммуникация* мақсатында пайдаланады. Google Workspace пен Padlet құралдары бірлесе тапсырма орындауға, идеялармен алмасуға және топтық рефлексия жасауға мүмкіндік береді. *Геймификация және мотивация бағытын* 35% респондент таңдаған. Kahoot және Mentimeter сияқты интерактивті платформалар студенттердің қызығушылығын арттырып, оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыруға жағдай жасайды. *Шығармашылық және рефлексия бағытына* 25% студент көңіл бөлген. ChatGPT және Canva құралдары студенттердің кәсіби ойлауын, визуалды дизайн және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жалпы алғанда, бұл нәтижелер болашақ педагог-психологтердің цифрлық технологияларды қолдануда көп қырлы бағыттарды тиімді үйлестіре білетінін және олардың кәсіби даярлығында шығармашылық, интерактивтілік пен ынтымақтастық элементтері күшейіп келе жатқанын дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін дамытуда заманауи цифрлық технологиялардың маңызы зор екенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттер ең жиі қолданатын платформалар — *Google Workspace***,** *Padlet***,** *Kahoot***,** *Mentimeter***,** *ChatGPT* және *Canva* екені анықталды. Бұл құралдар олардың оқу процесіне белсенді қатысуына, шығармашылық қабілетін дамытуына және бірлескен жұмыс дағдыларын жетілдіруіне оң әсер етеді. Жалпы талдау нәтижесінде цифрлық технологиялар студенттердің кәсіби дамуының келесі аспектілерін нығайтатыны белгілі болды: *мотивациялық компонент* – оқу мен кәсіби іс-әрекетке қызығушылықтың артуы; *коммуникативтік компонент* – топтық өзара әрекет пен онлайн ынтымақтастық мәдениетінің қалыптасуы**;** *шығармашылық және рефлексивтік компонент* – креативті ойлау мен өзіндік даму қабілеттерінің жетілуі. Зерттеу барысында анықталғандай, болашақ педагог-психологтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру тек техникалық құралдарды меңгерумен шектелмейді, ол сонымен қатар цифрлық этика, деректер қауіпсіздігі және ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау мәдениетін қамтиды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ педагог-психологтердің кәсіби цифрлық құзыреттілігін арттыру үшін оқу үдерісіне заманауи цифрлық технологияларды жүйелі енгізу ұсынылады. Google Workspace, Padlet, Kahoot, Mentimeter, ChatGPT және Canva сияқты құралдарды тиімді пайдалану студенттердің мотивациясын, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқыту тәжірибесінде цифрлық этика мен деректер қауіпсіздігіне назар аудару маңызды.

References:

1. *Anderson T., & Dron J. Three generations of distance education pedagogy. The International Review of Research in Open and Distributed Learning, 12(3),2011. 80–97. https://doi.org/10.19173/irrodl.v12i3.890*
2. *Papadogiannis I., Wallace M., & Karountzou G. Analysis of Educational Data: A Basic Overview. Encyclopedia, 4(4),2024. 1644–1664. https://doi.org/10.3390/encyclopedia4040108*
3. *Deterding S., Dixon D., Khaled R., & Nacke L. From game design elements to gamefulness: Defining gamification. In Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference: Envisioning Future Media Environments,2011. (pp. 9–15). ACM. https://doi.org/10.1145/2181037.2181040*
4. *Ertmer P.A., & Ottenbreit-Leftwich A.T. Teacher technology change: How knowledge, confidence, beliefs, and culture intersect. Journal of Research on Technology in Education, 42(3),2010. 255–284. https://doi.org/10.1080/15391523.2010.10782551*
5. *Gee J.P. What video games have to teach us about learning and literacy. Computers in Entertainment (CIE), 1(1),2003. 20–20. https://doi.org/10.1145/950566.950595*
6. *Estrada-Guillén M., Monferrer-Tirado D., & Rodríguez-Sánchez A. The impact of COVID-19 on university students and competencies in education for sustainable development: Emotional intelligence, resilience and engagement. Journal of Cleaner Production, 380,2022. 135057. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.135057*
7. *Hattie J.A.C., & Donoghue G.M. Learning strategies: A synthesis and conceptual model. npj Science of Learning, 1,2016. 16013. https://doi.org/10.1038/npjscilearn.2016.13*
8. *Johnson D. W., Johnson R.T., & Smith K.A. Cooperative learning: Improving university instruction by basing practice on validated theory. Journal on Excellence in College Teaching, 25(3–4),2014. 85–118.*
9. *Kazdin A.E. The Kazdin method for parenting the defiant child and adolescent. International Journal of Mental Health Promotion, 23(1),2021. 1–14. https://doi.org/10.32604/IJMHP.2021.019135*
10. *Kirkwood A., & Price L. Technology-enhanced learning and teaching in higher education: What is 'enhanced' and how do we know? Learning, Media and Technology, 39(1),2014. 6–36. https://doi.org/10.1080/17439884.2013.770404*
11. *Redecker C. European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. Luxembourg: Publications Office of the European Union,2017. https://doi.org/10.2760/159770*

ОРТА ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ: ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

ҒТАХР 14.35.35 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.024

К.Д.Каймулдинова, [1] *Д.Т.Алиаскаров,* [1] *Ш.У.Лайсханов,* [2]
Barbaros Gönençgil, [3] *Ж.Нұрмағамбетұлы* [1*]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан*
[2]*Халықаралық білім беру корпорация, Алматы қ., Қазақстан*
[3]*Стамбул университет, Стамбул қ., Түркия*

ЖЕРДІ ҚАШЫҚТАН ЗЕРДЕЛЕУ МАТЕРИАЛДАРЫН МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫ МАЗМҰНЫНА КІРІКТІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) материалдарын география пәнінде қолданудың тәжірибелері талданып, осы деректерді мектеп географиясында оқытудың авторлар құрастырған құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады. Мұнда, ең алдымен ЖҚЗ деректерін мектеп географиясына кіріктіре оқытуға көңіл бөлініп, қолданыстағы әдістемені жетілдіруге, географиялық білім беру сапасын арттыруға назар аударылады. Бұл тұрғыда ЖҚЗ материалдарын қолданудың педагогикалық негіздері мен оқыту нәтижелеріне ықпалы қарастырылды. Сонымен қатар, ЖҚЗ материалдары негізінде мектеп оқушыларының құзыреттіліктерін дамытуға ықпалы қарастырылып, зерттеулерге шолу жасау негізінде ЖҚЗ материалдарын географияның оқу бағдарламаларына енгізудегі жетістіктер мен кедергілер талданады. География пәнін оқытуда ЖҚЗ материалдарын пайдаланудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру өзара байланысқан мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, оқытудың әдістері мен тәсілдері, кәсіби құзіреттіліктер мен дағдылар және бағалау-нәтижелік блоктарды ажыратуға және сипаттауға мүмкіндік берді. Әзірленген модель ЖҚЗ материалдарын оқыту мазмұнына жүйелі түрде кіріктірудің педагогикалық механизмдерін анықтауға жағдай жасайды. Жалпы, ұсынылған модельді Қазақстан мектептерінде география пәнін оқытуда пайдалану мүмкіндігі бар. Жұмыстың ғылыми маңызы ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясына енгізудің педагогикалық негіздерін жүйелеуде, ал практикалық маңызы ұсынылған модельді оқу үдерісінде қолдану мүмкіндігінде көрінеді.

Түйін сөздер: жерді қашықтан зерделеу, әуеғарыштық әдістер, мектеп географиясы, геокеңістік технологиялар, оқытудың әдістемесі

Каймулдинова К.Д., [1] *Алиаскаров Д.Т.,* [1] *Лайсханов Ш.У.,* [2]
Barbaros Gönençgil, [3] *Нурмагамбетулы Ж.* [1*]

[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*
[2]*Международная образовательная корпорация, г.Алматы, Казахстан*
[3]*Стамбульский университет, г.Стамбул, Турция*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕГРАЦИИ МАТЕРИАЛОВ ДИСТАНЦИОННОГО ИЗУЧЕНИЯ ЗЕМЛИ В СОДЕРЖАНИЕ ШКОЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ

Аннотация

В статье проанализирован опыт применения материалов дистанционного зондирования Земли (ДЗЗ) в преподавании географии и представлена разработанная авторами структурно-содержательная модель обучения школьной географии с использованием данных дистанционного зондирования. Основное внимание уделено интеграции данных ДЗЗ в содержание школьного курса географии, совершенствованию существующей методики

обучения и повышению качества географического образования. В данном контексте рассмотрены педагогические основы применения материалов ДЗЗ и их влияние на результаты обучения. Кроме того, проанализировано влияние использования материалов ДЗЗ на развитие компетенций школьников, а также на основе обзора научных исследований выявлены достижения и трудности внедрения материалов ДЗЗ в учебные программы по географии. Разработка структурно-содержательной модели применения материалов ДЗЗ в преподавании географии позволила выделить и охарактеризовать взаимосвязанные целевой, содержательный, технологический, методический, компетентностный и оценочно-результативный блоки. Разработанная модель создает условия для определения педагогических механизмов системной интеграции материалов ДЗЗ в содержание обучения. В целом предложенная модель может быть использована в преподавании географии в школах Казахстана. Научная значимость исследования заключается в систематизации педагогических основ внедрения материалов ДЗЗ в школьную географию, а практическая значимость - в возможности применения разработанной модели в образовательном процессе.

Ключевые слова: дистанционное зондирование Земли, аэрокосмические методы, школьная география, геопространственные технологии, методика преподавания.

Kaimuldinova K.,[1] Aliaskarov D.,[1] Laiskhanov Sh.,[2]
Barbaros Gönençgil,[3] Nurmagambetuly Zh.[1]*
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]International Educational Corporation, Almaty, Kazakhstan
[3]Istanbul University, Istanbul, Türkiye

PEDAGOGICAL FEATURES OF THE INTEGRATION OF REMOTE EARTH STUDY MATERIALS INTO THE CONTENT OF SCHOOL GEOGRAPHY

Abstract

The article analyzes the experience of using Remote Sensing (RS) materials in geography education and presents a structural-content model for teaching school geography developed by the authors based on RS data. The study primarily focuses on integrating RS data into the school geography curriculum, improving existing teaching methodologies, and enhancing the quality of geographic education. In this context, the pedagogical foundations of using RS materials and their impact on learning outcomes are examined. Additionally, the influence of RS materials on the development of students' competencies is analyzed. Based on a review of scientific studies, the achievements and challenges of integrating RS materials into geography curricula are identified. The development of a structural-content model for applying RS materials in geography teaching made it possible to distinguish and characterize interconnected goal-oriented, content-based, technological, methodological, competency-based, and assessment-result components. The developed model provides a framework for identifying pedagogical mechanisms for the systematic integration of RS materials into educational content. Overall, the proposed model can be applied in geography teaching in Kazakhstani schools. The scientific significance of the study lies in systematizing the pedagogical foundations of integrating RS materials into school geography, while its practical significance lies in the potential application of the developed model in the educational process.

Keywords: Remote sensing, aerospace methods, school geography, geospatial technologies, teaching methodology.

Кіріспе. Географиялық білім туралы халықаралық хартияда география XXI ғасырда өмір сүріп жатқан адамдар үшін аса маңызды пән және білім көзі ретінде сипатталған. Бұл құжатта география пәнінің осы маңызына сәйкес, бұл пәнді оқып-үйрену барысында әлемді танып-білудің ең жаңа технологияларын пайдалану қажеттілігі де атап көрсетілген [1]. Географиялық білім жаңа ғасырда географиялық ақпарат пен материалдарға қол жеткізу тәсілдерінің өзгеруіне сәйкес келуі үшін қайта қаралғаны атап көрсетілді [2]. Осындай тәсілдердің бірі Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) деректерін мектеп географиясына енгізу болып табылады. Бұл ретте геокеңістік технологиялардың қазіргі әлемді түсінудің бірегей мүмкіндіктерін ұсынатынын атап көрсетуге болады. Алайда, мектеп географиясында ЖҚЗ материалдарын қолдану мәселесі көбіне технологиялық және пәндік деңгейде қарастырылып келеді. Педагогикалық ғылым тұрғысынан алғанда, ЖҚЗ деректерін оқыту мазмұнына кіріктірудің дидактикалық негіздері, құзыреттілікке бағытталған нәтижелері және жалпы білім беру жүйесіне ықпалы жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Осыған байланысты ЖҚЗ материалдарын қолданудың педагогикалық негіздерін кешенді тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды.

Соңғы жылдары көптеген елдерде мектеп географиясын оқытуда ЖҚЗ материалдарын кіріктіру тәжірибесі қалыптасуда. ЖҚЗ деректері географиялық обьектілер мен географиялық қабықтағы болып жатқан процестер туралы бірегей, нақты ақпарат көзі болып табылады, яғни іс жүзінде нақты уақыт режимінде ормандардың жойылуы, өрттер, шөлейттену, судың ластануы, мұздықтардың еруі және басқа да көптеген проблемаларды көрсете алады. ЖҚЗ материалдарын географиялық білім беруге енгізудің тағы бір артықшылықтарының бірі оның оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеттерін арттыру мүмкіндігі болып табылады. Жалпы алғанда, ЖҚЗ материалдарын білім беруде пайдаланудың артықшылықтары ретінде дәстүрлі географиялық карталармен салыстырғанда анағұрлым айқындығын, нақтылығын, географиялық ортаны объективті бейнелеуі мен ондағы процестердің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік беретінін атауға болады.

Мектеп жағдайында ЖҚЗ деректерін пайдалану пәнаралық сипатта болғандықтан өзіндік қиындықтарымен бірге мүмкіндіктерді де ұсынады. ЖҚЗ деректерін көптеген пәндерде, соның ішінде география, физика және информатика сабақтарында пайдалану бастапқы білім мен біліктіліктерді қажет етеді, зерттеушілер мұның тіпті бакалавриатта оқитын студенттер үшін де қиын екендігін атап көрсеткен [3]. Дегенмен, бұл пәнаралық тәсіл оқу процесін де байытады, өйткені оқушылар дәстүрлі географияның ауқымынан тыс жаңа білім мен біліктіліктерге ие болады.

Қазіргі кезде ғылымда, өндірісте және қоғамда ЖҚЗ деректерін пайдаланудың күрт артуына байланысты көптеген елдерде *Web-ке негізделген* оқыту орталарының пайда болуы ЖҚЗ материалдарын мектеп бағдарламаларына енгізуді одан әрі жеңілдетті. Мысалы, жерсерік түсірілімдерін пайдалану Германиядағы көптеген мектеп бағдарламаларына енгізілген. Мұндағы «BLIF» қашықтан зерделеу бағдарламалық құралы сияқты платформалар оқушыларға ЖҚЗ материалдарын зерттеуге және талдауға мүмкіндік береді, осылайша олардың географиялық және экологиялық мәселелерді шешудегі құзыреттілігін арттырады [4]. Осы тектес цифрлық құралдар оқушыларға ЖҚЗ деректерін қолжетімді етіп қана қоймайды, сонымен қатар оларға географиядағы маңызды дағдылар болып табылатын деректерді талдау және түсіндіру бойынша тәжірибе береді [5].

Зерттеу *мақсаты* – ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясында пайдаланудың әлемдік және отандық тәжірибесін талдау негізінде аталған деректерді мектеп географиясында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес, бірнеше *зерттеу сұрақтары* қойылды:

1. ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясына енгізу оқушылардың қандай құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді?
2. ЖҚЗ деректерін география пәні мазмұнына кіріктіруде қандай жетістіктер мен қиындықтар бар?
3. ЖҚЗ деректерін мектеп географиясында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі нені қамтуы тиіс?

Әдебиеттерге шолу. ЖҚЗ материалдарының мектеп оқушыларының құзыреттіліктерін дамытуға ықпалы.

ЖҚЗ деректерін пайдалана отырып, оқушылар кеңістіктік қатынастар мен заңдылықтар туралы түсініктерін тереңірек дамыта алады. Зерттеулер көрсеткендей, ЖҚЗ технологияларын пайдалану экологиялық және географиялық түсініктерді тереңірек түсінуге көмектеседі, оқушылардың кеңістіктік сыни ойлау қабілеттерін айтарлықтай жақсарта алады [6]. Бұл өз кезегінде геоақпараттық сауаттылықпен де тығыз байланысты, ол геоақпараттық технологиялар арқылы цифрлық кеңістіктік деректермен жұмыс істеу біліктілігі ретінде сипатталған. Жерсерік түсірілімдері оқушыларды ынталандырып, олардың Жер шарындағы жүріп жатқан процестер туралы білімін арттырады, геокеңістіктік ойлау мен техникалық дағдыларды бере алады [4].

ЖҚЗ материалдарымен танысу мектеп оқушыларының қоршаған ортаға деген жауапкершілік пен алаңдаушылық сезімін дамытады деп болжауға болады, себебі осы арқылы оқушылар

қоршаған ортадағы климаттың өзгеруі және ормандардың жойылуы, урбандалу ауқымының артуы сияқты жаһандық мәселелер туралы білім шеңберін кеңейтеді [7]. ЖҚЗ деректерін қамтитын білім беру бағдарламалары білім алушыларға тұрақтылық пен табиғатты қорғау туралы пікірталастарға да қатысуға мүмкіндіктер бере алады. Чехияда жүргізілген зерттеулер ЖҚЗ материалдарын пайдалануды қоршаған орта туралы білім беру мен цифрлық оқытуды үйлестіретін, жаратылыстану пәндерін өзара байланыстыратын тәсіл ретінде бастауыш және орта мектеп деңгейіне енгізудің аса маңызды екендігіне назар аударады [7].

Географиялық білім беруде ЖҚЗ деректерін пайдаланудың тиімділігі оның оқушылардың оқу нәтижелеріне әсерін көрсететін эмпирикалық зерттеулермен де расталады. Мысалы, зерттеулер ЖҚЗ материалдарымен жұмыс істеген білім алушылардың талдау дағдылары мен бірнеше дереккөзден ақпаратты синтездеу қабілетінің жоғарылағандығын көрсеткен [6]. Сонымен қатар, жобаға негізделген оқыту контекстінде қашықтан зерделеуді қолдану студенттер арасында мотивация мен белсенділіктің жоғарылауымен байланысты болды, өйткені олар өздерінің зерттеулерінің нақты әлемдегі қолданбаларын көре алады. Бұл XXI ғасырда табысқа жету үшін қажет сыни ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытудың кеңірек білім беру мақсатына сәйкес келеді. ЖҚЗ материалдары оқушылардың кеңістіктік ойлауын жетілдіру, пәнаралық оқытуды ынталандыру және қоршаған ортаны қорғау туралы хабардарлықты жеңілдету арқылы географиялық білім беруді өзгертуге мүмкіндік береді.

ЖҚЗ материалдарын географияның оқу бағдарламаларына кіріктіру тәжірибесі: жетістіктер мен кедергілер.

Цифрлық технологияларды пайдалану басқа қолжетімді геокеңістіктік технологиялармен (мысалы, GPS және геолокация деректері, ашық деректер, ауқымды деректер инфрақұрылымдары) интеграциялану арқылы географиялық білім беруде бірлескен және пәнаралық тәсілге ықпал етеді. Жерді қашықтан зерделеудегі технологиялық жетістіктердің қарқынды дамуы білім алушылардың ең өзекті ақпаратты меңгеруін қамтамасыз ету үшін білім беру ресурстары мен оқу бағдарламаларын үздіксіз жаңартуды талап етеді.

Мектеп жағдайында геоақпараттық жүйелерді ЖҚЗ материалдарымен біріктіру географияны оқып-үйренуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл үйлесім білім алушыларды қызықтыратын және заманауи географиялық талдауға қажетті сыни аналитикалық дағдыларды дамытуға көмектесетін қолайлы оқу ортасын қалыптастырады.

Мектеп пәндерінде ЖҚЗ мәліметтерін қолдану оқытудың жаңа формаларын қолданысқа енгізуге мүмкіндік беретінін атап көрсеткен Voss және басқалар (2009) осы саладағы негізгі артықшылықтарын атады:

- оқу жоспары бойынша STEM тақырыптарының ауқымын проблемаға бағытталған, біртұтас түрде шешу мүмкіндігі;
- мұрағаттық және жаңадан алынған деректерді ағымдағы және динамикалық мәселелерді талдау үшін пайдалану мүмкіндігі;
- жоғары дәрежедегі айқындықты қамтамасыз ететін проблемаларды визуализациялау;
- білім алушылардың ынталануы мен қызығушылығының артуы;
- білім алушыларға түсірілімдерді өңдеу дағдыларын беру [8].

Білім беру жобалары мен бағдарламалары мәселені ішінара шешуге мүмкіндік береді. Оларды әдетте білім беру және ЖҚЗ саласындағы сарапшылар халықаралық серіктестіктер арқылы жасайды. Олар жастарды қызықтыратын оқу материалдарын ұсынады және мектеп білімі мен пәнаралық ғылымды пайдаланатын заманауи қолданбаларды көрсетеді.

Географияны оқытуда ЖҚЗ материалдарын енгізу арнайы ғылыми зерттеулерге, соның ішінде халықаралық жобалардың нәтижелеріне негізделеді. Мысалы, Таллин университеті (Эстония), Прагадағы Чарльз университеті (Чехия), Гейдельберг білім университетінің (Германия) және FHNW Жоғары білім беру мектебінің (Швейцария) зерттеушілері жүргізген «YCHANGE» (Young Scientists as Change Explorers – Students Evaluating Environmental Change in

Europe with Digital Space Technologies) жобасының мақсаты мұғалімдер мен студенттердің жерсерік түсірілімдерімен жұмыс істеу құзыреттілігін арттыру болды. Осы жоба барысында қашықтан зерделеу бойынша оқу бағдарламасы құрастырылды. Мұнда жерсерік түсірілімдерін қандай оқу әрекеттерін ұйымдастыруда қай тәртіппен пайдалану мүмкіндіктері қамтылды. Зерттеу нәтижелері мектеп мұғалімдерінің басым көпшілігінің осы салада біліктілігін арттыруға мүдделі екендігін көрсетті [9].

Мектеп географиясына ЖҚЗ материалдарын енгізудің көптеген артықшылықтарына қарамастан, өзіндік кедергілері де бар. Білім берудегі ЖҚЗ әлеуетін толық іске асыру үшін ресурстардың қолжетімділігі, мұғалімдерді дайындау және оқу бағдарламасын әзірлеу сияқты мәселелер шешілуі керек [10]. Мектеп мұғалімдері ЖҚЗ материалдарын оқу үдерісіне тиімді енгізу үшін оқу материалдарын бейімдеуде жиі қиындықтарға тап болады. Мысалы, Польшадағы география пәні мұғалімдеріне жүргізілген сауалнама мұғалімдерді география пәнін оқытуды цифрландыруға керекті дағдылармен және біліммен жабдықтау үшін үздіксіз кәсіби даму қажет екенін көрсетті [10].

Чехиялық зерттеуші Simerská ЖҚЗ деректерін орта мектепке кеңінен енгізуге білім беру ресурстарының тапшылығы, оқу материалдарының негізінен тек ағылшын тілінде қолжетімді екендігі және техникалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі кедергі болатынын атап көрсеткен [7]. Бірқатар зерттеушілер мектеп мұғалімдерімен жүргізілген сауалнамаларында әдістемелік және техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, ЖҚЗ қолданудың күрделілігі, мұғалімдердің сарапшылық білімінің жоқтығы, осы саладағы тәжірибенің жетіспеушілігі аталғанын жазады [5; 11]. Қорытындылай келе, мектеп географиясының оқу бағдарламаларына ЖҚЗ материалдарын кіріктіру білім беру тәжірибесінде айтарлықтай ілгерілеушілік болып табылатынын атап өткен жөн. Дегенмен, оның тиімділігін арттыру үшін педагогтар бар қиындықтарды жеңіп, қажетті ресурстар мен оқытуға инвестициялауы керек. ЖҚЗ саласы дамуын жалғастырған сайын, оның географиялық білім берудің болашағын қалыптастырудағы рөлі барған сайын маңызды бола түсетіні сөзсіз.

ЖҚЗ материалдарын қолданудың педагогикалық-теориялық негіздері

ЖҚЗ материалдарын білім беру үдерісіне, оның ішінде мектеп географиясына енгізуді педагогикалық теориялар тұрғысынан қарастыру маңызды. Зерттеушілер атап көрсеткендей, конструктивистік оқыту теориялары орта мектептің оқу бағдарламаларына ЖҚЗ материалдарын енгізу арқылы оқушылардың жаратылыстану-математикалық циклындағы пәндерді оқытудың тиімді әдіснамалық негіз болып табылады. Конструктивизм теориясына сәйкес білім алушылар жаңа білімді өздерінің бұрынғы тәжірибелері мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу негізінде қалыптастырады[12]. ЖҚЗ материалдарымен жұмыс жасау барысында оқушылар нақты кеңістіктік деректерді талдап, интерпретациялап, өз тұжырымдарын қалыптастырады.

Пиаже теориясы бойынша білім алушының тәжірибесін ұйымдастыру және танымдық құрылымдарын дамыту барысында білім оның санасында қалыптасады [13]. Бұл ЖҚЗ деректерін қолдану барысында оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңа ақпаратпен байланыстыруына мүмкіндік береді. Ал Выготский білім әлеуметтік және мәдени өзара әрекеттесу нәтижесінде қалыптасады деп есептейді. Әсіресе бірлескен зерттеу жұмыстары мен топтық, жұптық тапсырмалар оқушылардың танымдық дамуына ықпал етеді [13]. ЖҚЗ материалдарын қолдану барысында оқушылар бірлесіп деректерді талдап, ғылыми қорытындылар жасайды.

Сонымен қатар, конструктивистік педагогикада мұғалім білім беруші емес, оқыту процесін ұйымдастырушы және бағыттаушы рөлін атқарады [13]. ЖҚЗ материалдарын қолдану жағдайында мұғалім ғарыштық түсірілімдерді талдау алгоритмін дайын түрде бермей, оқушыларды деректерді өз бетінше зерттеуге, салыстыруға және қорытынды жасауға бағыттайды. Бұл оқушылардың дербес зерттеу әрекетін дамытуға мүмкіндік береді.


Материалдар мен әдістер. Зерттеу теориялық-модельдік педагогикалық зерттеу ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында жүйелік тәсіл, құрылымдық-мазмұндық модельдеу,

салыстырмалы педагогикалық талдау және білім беру тәжірибесін интерпретациялау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясы мазмұнына кіріктірудің педагогикалық механизмдерін кешенді талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдарын іздестіруде зерттеудің негізіне алынған кілт сөздер басшылыққа алынады. Осылайша, біз «Жерді қашықтан зерделеу», «әуеғарыштық әдістер», «мектеп географиясы», «геокеңістік технологиялар», «оқытудың әдістемесі» тәрізді кілт сөздерді пайдаландық. Scopus, Web of Science, Research Gate, Taylor&Francis ДБ, ERIC және Google Scholar деректер базасы бойынша іздестіру кезінде іріктелген ғылыми мақалалардың шыққан жылы мен жарияланым тіліне шектеулер қойылмады, негізгі ұстаным жарияланым материалдарының біз қарастырып отырған тақырыппен байланысты екендігі болды. Дегенмен, талдамалық шолуда соңғы жылдары жарық көрген шетелдік басылымдарға айрықша назар аударылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде жинақталған материалдарды талдау жүргізілді. Ол үшін толық мәтіндегі дереккөздердің тақырыптары мен аннотациялары негізінде жіктеме жасалды. Осы кезеңде біз дереккөздерді іріктеудің релеванттылығы, беделділігі және өзектілігін ескердік [14]. Зерттеу барысында сипаттаушы және логикалық, сапалық талдау, салыстырмалы әдістер пайдаланылды. ЖҚЗ материалдарын география пәні мазмұнымен байланыстыра енгізу мүмкіндіктерін зерттеуде модельдеу әдісі пайдаланылып, құрылымдық-мазмұндық модель құрастырылды.

Нәтижелер мен талқылау. Еліміздің стратегиялық даму жоспарында білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту маңызды міндеттердің бірі саналады [15]. Оқу процесін жүйелі ұйымдастыру курс мазмұны мен оның құрылымдық элементтеріне тікелей байланысты [16]. Мұны педагогикалық және оқыту әдістемесіне арналған ғылыми-зерттеулерде құрылымдық-мазмұндық модель деп те атайды [17]. Педагогикалық бағыттағы отандық зерттеулерде құрылымдық-мазмұндық модель негізінде болашақ мамандардың икемді дағдыларын (soft skills) [18], зерттеушілік іс-әрекетін [19], танымдық құзіретін қалыптастыру [20] мәселелері көтерілген. Оқытудың отандық және шетелдік тәжірибелерін сараптай отырып, біз де Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) деректерін мектеп географиясында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледік (1-сурет).



Сурет 1 – ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясында оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Модель бірқатар өзара байланысқан блоктарды қамтиды: мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, оқытудың әдістері мен тәсілдері, кәсіби құзіреттіліктер мен дағдылар және бағалау-нәтижелік. Бұл блоктар ЖҚЗ деректерін географияға кіріктіре оқытудың әдістемесін жетілдіріп, пәнді игерудегі мақсаттарға тиімді қол жеткізуге, болашақ географ мамандардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, ғылыми-жаратылыстану білімдерін, табиғат, қоғам және экономиканың жүйелі байланысы, қоршаған орта және әлеуметтік-экономикалық білімдері туралы түсініктері мен көзқарастарының қалыптасуына ықпал етіп, әуеғарыштық деректерден, технологиялардан хабардар білім алушылардың қалыптасуына негіз болады.

Мақсаты: мектеп географиясында Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) деректерін кіріктіре оқыту.

Міндеті: оқыту әдістемесін жетілдіру, географиялық білім беру сапасын арттыру.

Мазмұндық блок - алға қойған мақсат-міндеттерді орындауға бағытталған оқыту мазмұнынан, олардың негізгі элементтерінен тұрады:

- Жерді қашықтан зерделеу туралы түсінік: әуе және ғарыштық аппараттардың қызметі, алынған кескіндердің кеңістіктік, спектрлік, уақытша және радиометриялық ажыратымдылығы, ЖҚЗ деректерін өңдеу және т.б.;
- Географияның әртүрлі бөлімдерінде Жерді қашықтықтан зерделеуді қолдану*: картография және ГАЖ* (жерсеріктік және аэрофотосуреттер арқылы әртүрлі масштабтағы топографиялық және тақырыптық карталарды құру және жаңарту, жер пайдаланудағы, инфрақұрылым мен табиғи нысандардағы өзгерістерді бақылау, географиялық құбылыстарды талдау және модельдеу, цифрлық жер бедерінің үлгілерін жасау т.т.), *табиғи процестер мен құбылыстарды зерттеу* (өсімдіктердің мониторингі: өсімдік жағдайын бағалау, өсімдік түрлерін анықтау, спектрлік сипаттамалар негізінде биомасса мен фенологиядағы өзгерістерді анықтау), *суды зерттеу* **(с**у ресурстарының ауданын, деңгейін, су сапасын бақылау, мұздықтар мен қар жамылғысының динамикасын зерттеу, мұхиттар мен теңіздерді бақылау), *топырақ жамылғысын талдау* (топырақ түрлерін анықтау, олардың ылғалдылығын бағалау, эрозия процестерін және жердің деградациясын анықтау), *геологиялық зерттеулер* (геологиялық құрылысты зерттеу, тектоникалық құрылымдарды анықтау, пайдалы қазбаларды іздеу), *метеорология және климатология* (бұлттардың, жер беті температурасының, жауын-шашынның мониторингі, климаттың өзгеруін зерттеу), *қоршаған ортаның мониторингі* (атмосфераның, судың, топырақтың ластануын бақылау, табиғи апаттардың әсерін бағалау, орман өрттерін бақылау, заңсыз ағаш кесуді анықтау), *әлеуметтік-экономикалық география* (жерді пайдаланудағы өзгерістерді бағалау, елді мекендер мен ауыл шаруашылығы жерлерінің шекарасын бақылау), *қалалық ортаны зерттеу* (қалалардың кеңістіктік құрылымын талдау, қалалық аумақтардың өсуі мен дамуын бақылау, инфрақұрылымның жағдайын бағалау*), көлік географиясы* (көлік желілерінің жағдайын бағалау, көлік ағындарын талдау), *ауыл шаруашылығы* (дақылдардың өнімділігін бағалау, дақылдардың мониторингі, суару жүйесін жоспарлау) және *табиғи ресурстар қорын және қоршаған ортаға әсерді бағалау* (орман, су, жер және басқа да табиғи ресурстар қорын, табиғи кешендерге шаруашылық қызметтің салдарын талдау) және т.б.;
- Спутниктік суреттерді көруге және талдауға мүмкіндік беретін онлайн веб-ресурстармен жұмыс жасау (NASA Worldview, USGS EarthExplorer, Sentinel Hub, Copernicus Browser, ESA, EOSDA LandViewer, Google Earth Pro, NOAA Data Access Viewer, Maxar Open Data Program т.т.);
- Қашықтықтан зерделеу деректерімен практикалық жұмыс (ландшафттардың табиғи және антропогендік өзгерістерін зерттеу, төтенше жағдайға дейінгі және кейінгі өзгерістерді бағалау, рельеф формаларын зерттеу, деректерді талдау және визуализациялау, тақырыптық карталар мен модельдерді құру, жобалық бағыттағы зерттеу жұмыстарын орындау т.т.);
- Ұшқышсыз басқарылатын аппараттар (дрон) арқылы әуеден зерделеуді үйрену (пайдалану ережесімен және дрон функциясымен танысу, әртүрлі ауа-райы жағдайында басқаруды үйрену, қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау және бағалау т.т.).

Технологиялық блок - білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға негіз болатын қажетті құрал-жабдықтар кешенін қамтиды:

- Интерактивті панельдер мен тақталар;
- Бағдарламалық жасақтамалар: Google Earth Pro, SNAP, USGS Earth Explorer т.т.
- Онлайн режимде жұмыс жасайтын геопорталдар мен ресурстар: (Google Earth Engine, Sentinel Hub EO Browser т.т.);
- Ұшқышсыз басқарылатын аппараттар (дрон);
- Жабдықталған компьютерлік сынып.

Оқытудың әдістері мен тәсілдері – заманауи және дәстүрлі әдістер мен тәсілдерге негізделе отырып, оқушылардың цифрлық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Жоғарыда әдебиеттерге шолу бөлімінде, ЖҚЗ деректерімен орындалатын жұмыстар геоақпараттық сауаттылыққа негіз болып, әуеғарыштық әдістерді игеруге, негізгі артықшылықтары ретінде проблемаға бағытталған STEM тақырыптарының ауқымын кеңейтіп [9], проблемалық оқытудағы тиімділігі талданды. Соңғы жылдары, әлемдік білім беру транформациясы теориялық білімді практикада қолдана алу сипатына ауысуда. Жүйелік және жеке тұлғаға бағдарланған тәсілдер, білім алушының өзіндік қалыптасуын, тұлғалық қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді және қолдайды.

Білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктері мен дағдыларының құрылымы – кеңістіктік тұрғыдан сыни ойлайтын, ақпараттарды талдап, синтездей алатын зерттеушілік құзіреттіліктерін дамытуды, цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Мектеп географиясында Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) деректерін кіріктіре оқыту, онлайн және офлайн оқыту форматына негізделген *мультиформаттық блоктан* тұрады. Оқытудың нәтижелері *дәстүрлі* және *заманауи* бағалау түрлеріне негізделіп бағаланады. Жалпы алғанда, біздің зерттеу жұмысымыздың технологиялық картасы немесе құрылымдық-мазмұндық модель нәтижесі: әуеғарыштық деректерден, технологиялардан хабардар білім алушылардың қалыптасуына, олардың білім, білік дағдыларының тереңдеуіне, зерттеушілік құзіреттерінің дамуына, ақпараттық технологияларды еркін игеруіне мүмкіндік береді.

Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель бірқатар педагогикалық ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, ол жүйелілік қағидатына негізделген және мақсат, мазмұн, технология, әдістер мен нәтижелер арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Екіншіден, оқытудың көрнекілік принципін жаңа деңгейде жүзеге асырады, себебі ЖҚЗ деректері табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестерді нақты кеңістіктік бейнеде көрсетуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етеді және STEM білім беру қағидаларын іске асыруға жағдай жасайды.

Бұдан бөлек, ұсынылған модель ЖҚЗ деректерін мектеп географиясын оқыту мазмұнына және факультативтік сабақтар мен элективті курстарда жүйелі түрде кіріктіруге мүмкіндік береді. Ол халықаралық зерттеулерде ұсынылған әдістемелік шешімдермен салыстырғанда оқыту мазмұнын, технологиялық құралдар мен бағалау компоненттерін кешенді түрде біріктіруімен ерекшеленеді. Сонымен бірге, модель білім алушылардың кеңістіктік ойлауын, цифрлық құзыреттілігін, зерттеушілік және ақпараттарды талдау, синтездеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Алайда модельді тиімді іске асыру мектептердің материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне және мұғалімдердің кәсіби даярлығына тәуелді.

Қорытынды. ЖҚЗ материалдарын білім беруде пайдалану бойынша шетелдік тәжірибелерді талдау және әдебиеттерге шолу нәтижесі, мектеп оқушыларының бойында келесідей құзіреттіліктердің дамуына ықпал ететінін көрсетті: оқушылар бойында кеңістіктік қатынастар мен заңдылықтар туралы танымдық түсініктер қалыптастыруға, экологиялық және географиялық түсініктерді тереңірек түсінуге, геокеңістіктік сыни ойлау мен техникалық дағдыларды

бере алады. Сонымен қатар, зерттеулер ЖҚЗ материалдарымен жұмыс істеген білім алушылардың талдау дағдылары мен бірнеше дереккөзден ақпаратты синтездеу қабілетінің жоғарылағандығын көрсеткен.

Мектеп географиясында Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) материалдарын кіріктіре оқытудың әдістемесі, заманауи әдістер (әуеғарыштық) мен ГАЖ-технологиялардың өзара интеграциясы негізінде жүзеге асуы тиіс. Мұны, оқытушылар мен білім алушылардың бірлесіп, шығармашылықпен нәтижелі жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық-бағдарламалық кешен ретінде сипаттауға болады. Бұл интеграциялық технологиялардың ерекшелігі, қызметі, мүмкіндіктері географиялық мәселелерді жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Оқыту үдерісін технологияландыру, қоғамды цифрландыру міндеті тұрған қазіргі уақытта, білім беру ісінде де осындай әмбебап бағдарламалық технологияны пайдалану - мемлекеттің стратегиялық жоспарларының жүзеге асуы деп білеміз.

Зерттеу нәтижесі ретінде ЖҚЗ материалдарын географияда оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды. Модельде байланысқан блоктар ЖҚЗ материалдарын географияда оқытудың әдістемесін жетілдіріп, пәнді игерудегі мақсаттарға тиімді қол жеткізуге, ғылыми дүниетанымның қалыптасып, дамуына оңтайлы нәтиже көрсетеді. Оқушылар заманауи инновациялық ГАЖ-технологиялары мен ЖҚЗ деректері арқылы, уақыт аралығындағы айырмашылықтарды, қоршаған ортадағы табиғи құбылыстардан болған зардаптарды терең түсінуге, бағалауға мүмкіндік алады. Бұл, әуеғарыштық деректерден, технологиялардан хабардар білім алушылардың қалыптасуына негіз болады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ЖҚЗ материалдарын мектеп географиясында қолданудың құрылымдық-мазмұндық моделін педагогикалық теориялар негізінде жүйелеуде. Ұсынылған модель білім беру мазмұнын цифрландыру жағдайында жаңғыртуға, оқушылардың зерттеушілік және кеңістіктік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған педагогикалық негіздеме ұсынады. Жұмыстың теориялық маңызы ЖҚЗ материалдарын қолданудың дидактикалық негіздерін айқындауда болса, практикалық маңызы ұсынылған модельді жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне енгізу мүмкіндігінде. Алайда, зерттеу теориялық және модельдік сипатта жүргізілгендіктен, ұсынылған әдістемелік шешімдердің эмпирикалық тиімділігін анықтау келешектегі зерттеулердің маңызды бағыттары болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен, ИРН AP23487595 «Мектеп географиясында Жерді қашықтан зерделеу (ЖҚЗ) материалдарын қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік әзірлемелерді дайындау» тақырыбындағы гранттық қаржыландырылатын жобаның аясында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Международная хартия географического образования 2016. Официальный перевод на русский язык. Комиссия Международного географического союза по географическому образованию. https://www.igu-cge.org/publications/2016-charter/ (30.03.2025)

2. Stoltman, J. P., Lidstone, J., & Kidman, G. (2017). The 2016 International Charter on Geographical Education. International Research in Geographical and Environmental Education, 26(1), 1-2. https://doi.org/10.1080/10382046.2017.1272849

3. Maggioni V., Girotto M., Habib E., & Gallagher M.A. (2020). Building an Online Learning Module for Satellite Remote Sensing Applications in Hydrologic Science. Remote Sensing, 12(18), 3009. https://doi.org/10.3390/rs12183009

4. Wolf, N., Fuchsgruber, V., Riembauer, G., & Siegmund, A. (2016). An adaptive WEB-based learning environment for the application of Remote Sensing in schools. The International Archives of the Photogrammetry Remote Sensing and Spatial Information Sciences, XLI-B6, 53-56. https://doi.org/10.5194/isprsarchives-xli-b6-53-2016

5. Hodam, H., Rienow, A., & Jürgens, C. (2020). Bringing Earth Observation to Schools with Digital Integrated Learning Environments. Remote Sensing, 12(3), 345. https://doi.org/10.3390/rs12030345

6. Kholoshyn, I., Varfolomyeyeva, I., Hanchuk, O., Bondarenko, O., & Pikilnyak, A. (2019). Pedagogical techniques of Earth Remote Sensing Data application into modern school practice // Cloud Technologies in Education: Proceedings of the 6th Workshop on Cloud Technologies in Education (CTE 2018), Kryvyi Rih, Ukraine, December 21, 2018 / Edited by: Arnold E. Kiv, Vladimir N. Soloviev. – P. 391-402. https://doi.org/10.31812/123456789/3262 Access mode : http://ceur-ws.org/Vol-2433/paper26.pdf

Лин Лин басшылығымен Шанхай қаржы және экономика университетінің бір топ зерттеушілері онлайн-оқытудың білім беру сапасына ықпалын арнайылап зерттеген. [17, 1635 б.]. Бұл зерттеуде онлайн-курстардың жоғары дидактикалық әлеуеті: қашықтықтан білім алатын білім алушылардың оқу материалдарын жан-жақты және терең меңгеруі дәстүрлі аудиториялық сабақтармен салыстыру бойынша кәдімгідей жоғары екендігін көрсеткен, нәтижесінде академиялық көрсеткіштердің оң динамикасы байқалды. Сауд Арабиясы, Корольдік колледждің зерттеушілері Мохаммед Али Ал-Бар мен Али Мохаммед Ал-Амри өздерінің ғылыми жұмыстарында білім беру үдерісінің сапасын жоғарылату мен экономикалық оңтайластыруда онлайн-оқытудың рөлін кеңінен қарастырған [18, 3469 б.]. Осы ғалымдардың пікірінше оқытудың қашықтықтық форматы тек оқу құралы ретінде ғана емес, білім беру ресурстарын жүйелі жетілдіру мен тиімді басқарудың стратегиялық механизмі ретінде қарастырылу керек. Сонымен бірге, Марк Мурдок пен Кертис Бонк (The Worldwide E-Learning Campus: Lessons to Be Learned), Мохаммед Ал-Баррак (Exploring the Effectiveness of Online Learning for Saudi Arabian Universities: A Case Study) секілді зерттеушілер онлайн-оқытудың тұжырымдамалық

артықшылығына тоқтала келе, оның білім беру жүйесіндегі орнына ерекше тоқталды [19, 230 б.]. Аты аталған авторлардың пікірлері бойынша, оқытудың қашықтықтық форматының негізгі артықшылықтарына білім беру рестурстарының кең қолжетімділігі, оқу үдерісін даралан-дырудың жеңілдігі мен мүмкіндігі, сонымен бірге, оқу нәтижелеріне мониторинг жасау кезінде жүйелі интербелсенді кері байланыстың тиімділігін жатқызады. Сол үшін жоғары білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау жағдайында педагогтердің цифрлық құзіреттілігі білім алушыларға заманауи талаптарға сай келетін сапалы және жеңіл оқыту үдерісін ұсынудың негізгі факторы болады. Бұл өз кезегінде, цифрлық ортада педагогтің еркін бағдарлануы – білім берудің бәсекелестік қабілетін жоғарылатудың бірден-бір басты алғышарты.

Зерттеудің эмпирикалық базасы арнайы дайындалған сауалнаманың негізінде құрасты-рылған. Сауалнама ашық және жабық жауаптарды қамти отырып респонденттердің пікірлеріне жан-жақты талдау жасауға бағытталған. Зерттеуге Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамының ішінен 64 респондент таңдалып алынды.

Респонденттердің жас ерекшелігі мен әртүрлі педагогикалық өтілі алынған нәтижелердің дәлелділігін қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орны педагогтеріне жүргізілген сауалнаманың негізгі мақсаты білім беруді цифровизациялауға қатынасы және тиімділігін кешенді бағалау мен цифрлық технологияны енгізу мәселелеріне педагогтердің кәсіби көзқарасын анықтау болып табылады. Зерттеу жабдықтары педагогтің педагогикалық қызметін трансформациялауды, цифрлық контентті қолдану көлемі мен педагогтердің жаңа функционалдық жауапкершілігін талдауға бағытталған. Бұдан бөлек, сауалнама шеңберінде онлайн-оқытудағы педагогтердің ішкі және сыртқы мотивациялық факторлары, цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеудің кедергілері, сонымен бірге, цифрлық ортада өнімді жұмыс істеуге дайындық деңгейін өзіндік бағалау жан-жақты қарастырылды. Зерттеу барысында қолданылған сауалнама, цифрлық білім беру ортасындағы педагогтердің кәсіби бағыты мен құзіреттілігін жан-жақты ашуға бағытталған бірқатар сұрақтардан тұрады. Нақты айтатын болсақ, сауалнама келесідегідей негізгі бағыттарды қамтыды:

- педагогтердің инновациялық үдерістерді қабылдау деңгейі;
- педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру деңгейін өзіндік бағалауы;
- цифрлық білім беру ортасында табысты қызмет жасау үшін қажетті психологиялық және кәсіби нышандар;
- электронды оқыту жүйесін қолданудың негізгі мақсаттары және педагогтерді цифровизациялауға ынталандыратын ішкі және сыртқы факторлар;
- цифрлық контентті жасау мен оқу үдерісіне енгізу барысында туындайтын мәселелік аймақтар;
- цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігі.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 65%-ы білім беруді цифрландыру оң көзқарас білдірді. Бұл сұрақ бойынша, педагогтердің 31%-ы бейтарап көзқараста екенін көрсетті, ал қарсы көзқарас білдіргендер 4%-ды құрады. Сонымен бірге, сауалнамаға қатысушылардың 92%-ы оқу үдерісіне цифрлық технологияны енгізу заман талабы екенін мойындап отыр. Цифрлық құзіреттілікті дамыту бағыты бойынша айтатын болсақ, респонденттердің 76%-ы жаңа технологияны меңгеруге толықтай дайын екенін, ал бұндай процеске 24%-ы тек жартылай ғана дайын екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері университетте цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруда қарама-қайшылықты анықтады. Атап айтатын болсақ, респонденттердің 77%-ы жоғары оқу орнының қажетті жағдай жасап отырғанын белгілесе, педагогтердің 23%-ы инфраструктураның цифрлық орта құруға дайын еместігін белгіледі. Сонымен бірге, нормативтік-құқықтық базаның мәселелері бойынша, педагогтердің 66%-ы цифрлық қызметті реттейтін нормативтік актілерді толық білетіндігін көрсетті. Респонденттердің 73%-ы электрондық білім беру ресурстарын

енгізуге қатынасы бойынша университет әкімшілігінің жүргізіп отырған саясатына оң көзқарас білдірді. Зерттеу барысында педагогтердің өз кәсіби қызметінде цифрлық технологияны қолдану тәжірибесіне қатысты сандық көрсеткіштер талданған болатын. Атап көрсететін болсақ, педагогтердің 86%-ы оқу үдерісінде цифрлық құралдарды жүйелі қолданатыны анықталды, ал 14%-ы қажеттілігі бойынша ғана қолданатындығын көрсетті. Бұл саладағы кәсіби еңбек өтіліне тоқталатын болсақ, респонденттердің 53%-ының цифрлық оқыту бойынша тәжірибесі 3-5 жыл, 27%-ының тәжірибесі 6-15 жыл, ал 20%-ының тәжірибесі 1-2 жыл екен.

Педагогтердің кәсіби дайындығы мен цифрлық технологияға қарым-қатынасын бағалаудың нәтижелері жоғары динамиканы көрсетті. Респонденттердің 81%-ы цифрлық құралдарды қолданудан жеке кәсіби рахаттану сезімін алатынын жеткізді, ал 8%-ы тек қажеттілік үшін қолданатынын білдірді. Технологиялық құзіреттіліктерін 4 баллдық шкала бойынша бағалағанда педагогтердің 65%-ы «өте жақсы» деген деңгейде, 10%-ы «жақсы» деген деңгейде, 22%-ы «қанағаттанарлық» деген деңгейде дағдыларын көрсетті. Тек респонденттердің 3%-ы өздерінің цифрлық сауаттылық деңгейлерін «қанағаттанарлықсыз» деп бағалады. Зерттеудің нәтижелері педагогтер цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеу барысында біршама кедергілерге тап болатынын көрсетті: респонденттердің 78%-ы цифрлық контентті жасау және қолдану барысында әртүрлі қиыншылықтар туындайтынын жеткізді. Зерттеу барысында бұл мәселелік аймақтардың негізгі факторлары жүйеленді: қатысушылардың 60%-ы техникалық ақауларды, 32%-ы цифрлық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігін, 28%-ы ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелерді, 22%-ы психологиялық бейімделу қиыншылықтарын атап өткен. Сонда да болса, педагогтердің 91%-ы оқытудың цифрлық форматына ауысу олардың кәсіби жұмыс жүктемесін маңызды тұрғыда жоғарылатқанын көрсетіпті.

Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер, барлық респонденттер тарапынан кәсіби дамудың ажырамас бөлшегі ретінде цифрлық құзіреттілікті жетілдіруге деген сұраныстың жоғары екендігін дәлелдеді. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына деген қажеттілігі цифрлық оқытудың әдіснамалық және техникалық аспектілерімен тығыз байланысты. Нақты айтатын болсақ, бүгінгі күні педагогтердің 87%-ы білім беруде цифрлық контенттерді қолдану бағытында арнайы оқытудан өткен, респонденттердің 35%-ы бұлттық технологияны игеру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Сонда болса да өздері оқытатын пәндердің бағдарына сәйкес цифрлық технологияны енгізу 27% көрсеткішті құрайды, ал мамандық бағдарына қатысты емес аралас сала бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен қатысушылардың үлесі 13%-ды құрап отыр. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей педагогтердің 63%-ы онлайн-білім беру ортасында оқытушылық рөлінің түбегейлі трансформацияға ұшырағанын атайды. Бұл өзгерісті бағалауда пікірлердің әртүрлі екендігін байқадық.

Біріншіден, оқытушылық құрам цифрлық форматқа ауысудың кәсіби және психологиялық қиыншылықтарына назар аударады. Нақтылайтын болсақ, ақпараттардың қайнар көзі ретіндегі педагогтердің дәстүрлік статусы төмендейді, академиялық жүктеме көбейеді және сабаққа дайындалу уақыты көбееді. Сонымен бірге, қашықтықтан оқыту форматында жеке өмір мен жұмыс уақыты арасындағы шекара жоғалып кетеді, эмоциональдық күйзелістер күшейеді және «бетпе-бет» қарым-қатынастың тапшылығы педагогтің тәрбиелік ықпал ету мүмкіндігін мәнді шектейді. Екінші жағынан, педагогтер кәсіби даму үшін цифрлық оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жоққа шығармайды. Бұл бағыт бойынша педагогтердің оқу үдерісіне белсенді кірігуі, өзіндік дамуға және заманауи білім беру ресурстарын игеруге ұмтылыстары байқалады. Бұл бойынша педагог рөлі оқу үдерісін бағыттаушы, мониторинг жүргізуші және оқытушы-лектор емес, білім алушылардың өзбетінділік танымдық іс-әрекет ұйымдастырушы тұлға ретінде сапалы сипатқа ие болады,

Зерттеу барысында респонденттер педагогтердің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін цифрлық білім беру ортасында тиімді қызмет етудің іргелі негізі ретінде ерекше атап өтеді. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, онлайн-оқытудың табыстылығын анықтайтын негізгі құзіреттіліктер

рейтингі келесідегідей сипатта құрылды: бірінші кезекте, педагогтің цифрлық сауаттылығы басымдылыққа ие болды (75%), уақытты тиімді басқару немесе тайм-менеджмент (64%) және стресске тұрақтылық (56%) ретінде маңыздылығы бойынша рет-ретімен көрсетілді. Сонымен бірге, цифрлық ортаға кәсіби бейімделудің негізгі компоненттері ретінде педагогтердің үздіксіз өзіндік жетілуге деген ұмтылысы 48% және коммуникативтілік әлеуеті 41% болып анықталды. Зерттеуге сай, педагогтер цифрлық білім беру ортасының бірқатар артықшылықтарын анықтады. Респонденттердің 68%-ы электрондық-кітапханалық жүйеге қолжетімділікті, ал 62%-ы цифрлық білім беру контентін жасауды жоғары бағалады. Педагогтердің 60%-ы оқу үдерісінің қолайлылығы мен тиімділігіне жаңа технологиялардың оң әсерін белгіледі, 52%-ы онлайн оқу материалдарының кез-келген уақытта қолжеткізуге ыңғайлы екенін көрсетті. Сондай-ақ, респонденттердің 46%-ы пәндік ортада жаңашылдықпен танысуға мүмкіндік беретін цифрлық жабдықтардың әлеуетін тиімді деп, ал 36%-ы кәсіби қауымдастықта синхронды және асинхронды тәжірибелерімен бөлісуге болады деп ойлайды.

Цифрлық білім беру ортасында педагогтердің беімделуіне ықпал ететін мотивациялық факторлар жүйелі талданды. Зерттеу нәтижесінде педагогтердің 63%-ы инфокоммуникациялық парадигма талаптарына сәйкестіктің қажеттілігін, ал 51%-ы кәсіби өсуге ұмтылуды мойындайды. Бұл жерде 49% респонденттер университет әкімшілігі тарапынан болатын талаптарды, 44%-ы жаңа цифрлық технологияны игеруге жеке қызығушылығын, ал 34%-ы Қазақстан Республикасында жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (34%) талаптары аталды. Цифрлық білім беру контентін жасау барысында кедергі келтіретін факторлар жүйелі түрде қарастырылды. Педагогтердің 42%-ы компьютермен жұмыс істеуден пайда болатын психофизиологиялық шаршаңқылыққа, 41%-ы материалдық-техникалық базаның нашарлығына, ал 40%-ы материалдық ынталандыру жүйесінің жоқтығына ерекше назар аударды. Сондай-ақ, респонденттердің 36%-ы цифрлық технолонияны енгізудің уақыттық және зияткерлік шығындарын, 30%-ы пәндік мазмұнды цифрлық форматқа бейімдеудің қиыншылықтарын негізгі кедергілер деп көрсетіп отыр. 13% респондент компьютерлік дағдыларының аздығын, 9%-ы оқытудың дәстүрлік әдістерін сақтаудың қиындығын атаған.

Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру ортасының әлеуетін педагогтердің белсенді қолданғанын куәландырады. Өйткені, респонденттердің 68%-ы онлайн-платформа арқылы білім алушылармен желілік қарым-қатынасты жүзеге асырған, 58%-ы интернет-форумдарға, конференцияларға және симпозиумдарға қатысқан. 49% педагог онлайн-вебинарлар мен біліктілікті арттыру курстарына қатысқан, 42%-ы университеттің ғылыми-білім берушілік қызметіне қатысты ақпараттарды жүйел түрде пайдаланған. Бұдан бөлек, педагогтердің 40%-ы білім беру порталдарының электрондық ресурстарын қолданған, 37%-ы жеке цифрлық контент жасап шығарған. 16% респондент жоғары оқу орнының қоғамдық бастамалары туралы ақпаратты цифрлық ақпараттық кеңістіктен алған. Педагогтердің өздерінің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды жоғары деңгейде қолданғаны байқалады. Нақты айтсақ, интернет платформаларды респонденттердің 86%-ы, электрондық пошталарды 72%-ы, онлайн-конференцияларды 67%-ы қолданған. Сосын респонденттердің 65%-ы оқу материалдары мен арнайы бағдарламалық қамтамасыз етулер оқу үдерісінің ажырамас бөлігі, 58%-ы анықтамалық материалдарға пікір білдіру, 57%- компьютерлік тестілеу жүйесін, және 53%-ы электронды кітапханалық ресурстар құрап отыр. Респонденттердің 87%-ы университеттің ішінде де және оның қабырғасынан тыс жерлерде де электронды ақпараттық-білім берушілік ортаға әрдаймы қолжетімділігін қамтамасыз етілгенін тұжырымдады.

Педагогтердің 69%-ы негізінен білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған цифрлық білім беру ресурстарын қолдануының мақсаттары нақтыланады. Сосын 54%-ы ресурстарды білім деңгейін диагностикалау, 51%-ы университет қабырғасында жеке құжаттарды жүктеу, 46%-ы кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру, 40%-ы құжаттарды дайындау

мақсатында белсенді қолданады. Жалпы алғанда, педагогтер қолданатын цифрлық технологиялар тікелей оқу үдерісін жаспарлау, визуальды ақпараттарды беру және мониторинг жүргізетін педагогтердің кәсіби қызметін тиімді қолдауға бағытталған.

Талқылау. Зерттеушілер ақпараттық-білім берушілік ортасындағы кәсіби қызметте жоғары оқу орны педагогтерінің дайындығын қалыптастырудың шарттарын жіктейді. аталған үдеріс екі деңгейде қарастырылады: біріншісі, жоғары оқу орнының институциональдық ерекшеліктерінен және білім беру жүйесінің ішкі сипаттарынан шығатын шынайы шарттар [6]; екіншісі, педагогтің кәсіби санасында білім беруді цифравизациялау үдерісінің пайда болуын анықтайтын субъективтік факторлар [8; 16; 20].

Сарапшылардың пікірі бойынша, педагогтердің цифрлық білім беру ортасына бейімделуге дайын болуы екі іргелі критерийлермен анықталады: бірінші – электронды ортаны білім беру үдерісінің кеңістігі ретінде қабылдауға негізделген кәсіби дайындық; екінші – осы ортаны құрауға қатысуға итермелейтін мотивациясы мен технологиялық құзіреттілігін қосатын мотивациялық дайындығы. Бұл параметрлерді цифровизация жағдайындағы кәсіби қызметке педагогтердің дайындық деңгейін бейнелейтін негізгі индикатор ретінде бағалауға болады [11; 12; 21].

Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде педагогтің қызметтік сферасы: ұйымдастырушы, кеңесші, фасилитатор, тьютор, супервизор сияқты жаңа рөлдермен толығып өзгеруде және кеңеюде [5]. Бірақта алынған мәліметтер барлық педагогтер бұндай өзгерістерге әлі дайын емес, цифрлық құзерттіліктері мен тәжірибесі әлі де жетіспейтіндігін көрсетіп отыр.

Халықаралық жоғары білім беру кеңістігіне цифрлық жабдықтарды енгізу тәжірибесі де күрделі мәселелердің бар екенін анықтады. Атап айтатын болсақ, академиялық қауымдастықтың барлығы бірдей цифрлық трансформация үдерісіне дайын емес. Бұл жағдай олардың цифрлық құзіреттілігінің аздығымен және оқу үдерісінде заманауи технологиялық шешімдерді қолдану бойынша кәсіби тәжірибесінің әлі толыспағанымен түсіндіріледі [18].

Цифрлық білім беру ортасында педагог рөлінің трансформациясы екі түрлі сипатқа ие. Бір жағынан, педагогтердің еңбек жүктемесі мен эмоциональдық күйзелістері үлкейеді, ал екінші жағынан кәсіби даму, өзіндік жетілу және білім беру ресурстарына қолжетімділік кеңейеді. Осылайша алынған нәтижелер институциональдық қолдауды, нормативтік реттеуді, цифрлық ортада жоғары оқу орны педагогтерінің қызметтерін тиімді жүзеге асыру үшін жүйелі біліктілікті арттыру мен мотивациялық механизмдердің қажеттілігін тудырады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жоғары білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация формальды құбылыс емес, педагогтердің күнделікті кәсіби тәжірибесіндегі шынайы құбылыс екендігін көрсетті. Нәтижелер педагогтердің басым көпшілігі цифрлық технологияға оң көзқарас білдіргенін және оларды оқу үдерісінде белсенді қолданатынын көрсетті. Сонда да дайындықтың аталған деңгей әлі де жүйеленбеген, көбінесе жеке тәжірибелік дағдылар мен ішкі мотивациялық факторларға негізделген. Сауалнама нәтижелері цифрлық ортадағы педагогтің қызметі техникалық қана емес, психологиялық, ұйымдастырушылық және нормативтік сипаттағы кешенді кедергілерге кездесетінін көрсетіп отыр. Нақты айтсақ, академиялық жүктеменің көбеюі, эмоциональдық стресс, уақыттық жетіспеушілігі және цифрлық контент дайындаудың ресурстық шығындары педагогтің кәсіби құрылымына маңызды ықпалы. Бұл үдеріс цифровизациялауды тек технологиялық модернизация ғана емес, адами факторды ескеруді талап ететін көпқырлы және күрделі институциональдық үдеріс ретінде қарастыру қажет.

Зерттеу нәтижесі цифрлық білім беру ортасында педагогтің қызметінің түбегейлі өзгеретінінің кәусі болып отырмыз. Қазіргі уақытта педагог оқытушы рөлінде ғана емес, оқу үдерісін ұйымдастырушы, жетекші, кеңесші және көмекші рөлдерін де атқарады. Бірақта бұндай жаңа форматқа барлық педагогтер дайын емес, өйткені цифрлық құзіреттілікті жүйелі дамыту – бұл ең негізі талап болып табылады.

Осыған байланысты жоғары оқу орнының алдында цифрлық кеңістікке педагогтердің бейімделуін қолдау міндеті тұр. Бұндай қолдау тек біліктілікті арттыру курстарымен шектелмеу керек, оған институциональдық қолдау, әдістемелік қоштау, нормативтік-құқықтық базаның

ашықтығы және педагогтер еңбегін әділ бағалау механизмдері кіреді. Егер педагог бұл ортада өзін толық және маңызды субъект ретінде сезінетін болса, сол кезде ғана цифрлық трансформация өзінің оң нәтижесін береді.

Қорытындылай келе, педагогтің цифрлық дайындығы өзінің жеке кәсіби деңгейі ғана емес, жоғары білім беру жүйесін дамытудың сапасы мен тұрақтылығын анықтайтын бірден-бір іргелі факторы болып табылады. Осыған байланысты цифрлық трансформация шеңберінде білім беру саясатының басым бағыттары педагогтердің құзіреттілігін кеңейту, олардың кәсіби сенімділігін нығайту және адами ресурстарды әлеуметтік-психологиялық қорғау болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Anh T., Nguyen H., Linh N. Digital transformation: a digital learning case study. Proceedings of the 2019. The World Symposium on Software Engineering. Wuhan, 2019, pp. 119-124. https://doi.org/10.1145/3362125.3362135*
2. *Ayantaş T., Hallaç S. Are Teachers Ready for Digital Transformation in Education?: Digital Transformation in Textbooks and Teachers' Opinions. https://www.igi-global.com/chapter/are-teachers-ready-for-digital-transformation-in-education/330883*
3. *Zitter L. Digital Transformation of Higher Education in 2024, 2022, https://whatfix.com/blog/digital-transformation-in-higher-education/*
4. *Burganova L.A., Yuryeva O.V. Readiness of university teachers to work in a digital educational environment: a competence-based approach. Vestnik ekonomiki, prava i sociologii [Bulletin of Economics, Law and Sociology], 2021, no. 2, pp. 67-72. URL: https://www.vestnykeps.ru/0221/15.pdf*
5. *Andriukhina L.M., Lomovtseva N.V., Sadovnikova N.O., Konovalov A.A. Readiness of teachers of professional education to work in a digital educational environment. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya [Modern problems of science and education], 2021, no. 2. URL: https:// science-education.ru/ru/article/view?id=30563*
6. *Heritage M. Getting the Emphasis Right: Formative Assessment through Professional Learning. Educational Assessment, 2020, no. 25(4), pp. 355-358. https://doi.org/10.1080/10627197.2020.1766959*
7. *Volungeviciene A., Teresevicienė M., Daukšienė E., Trepule E., Ehlers U. Learning spaces and places of digital and networked society // (ICALT). Maceió, Brazil. 2019. P. 29-33. https://doi.org/10.1109/ICALT.2019.00012*
8. *Donina I.A., Vodneva S.N., Smirnova E.A. On the application of distance learning technologies in the educational process of the university. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya [Problems of modern pedagogical education], 2020, no. 6(2), pp. 61-64.*
9. *Zhestkova E., Fomina N. Electronic information and educational environment of the university as a means of organizing independent work of students. Environment. Technology. Resources // Proceedings of the 12th International Scientific and Practical Conference. 2019. No. 2. P. 247 252. https://dx.doi.org/10.17770/etr2019vol2.4091*
10. *Khalid A. The Impact of ICT on Students' Performance in Higher Education: Direct Effects, Indirect Effects and Organisational Change. Available at: http://etd.uum.edu.my/view/year/2016.type.html (accessed 25 April 2016*
11. *Castañeda L., Selwyn N. More than tools? Making sense of the ongoing digitizations of higher education. Int J Educ Technol High Educ – 2018, 15, 22 [Электронный ресурс] – Available at: https://doi.org/10.1186/s41239-018-0109-y. (accessed 18.01. 2018).*
12. *Chang I.H. The effect of principals' technological leadership on teachers' technological literacy and teaching effectiveness in Taiwanese elementary schools. [Текст] / I. H. Chang // Journal of Educational Technology & Society – 2012 – 15(2) – 328-340.*
13. *Kenzhebekov A., & Alimzhanova, G. The Use of ICT in Education: Possibilities and Challenges. [Текст] / A.Kenzhebekov, G. Alimzhanova, // Journal of Education and Practice – 2017 – 8(1) – 102-108.*
14. *Nauryzbayev M. The use of multimedia technology in the process of teaching foreign languages. [Текст] / M. Nauryzbayev // Journal of Education and Practice – 2016 – 7(2) – 32-36.*
15. *Abdurakhmanov Z., Ryskeldiev B., & Ingle S. E-learning and the quality of education in universities. [Текст] / Z. Abdurakhmanov, B. Ryskeldiev, S. Ingle // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET) – 2019 – 14(23) – 156-174.*
16. *Rushton N., & Juola-Rushton A. A Systematic Review of the Impact of Summative Assessment and Tests on Students' Motivation for Learning. [Текст] / N. Rushton, A. Juola-Rushton // Assessment in Education: Principles, Policy & Practice – 2017 – 24(3) – 337-411.*
17. *Lin Q., Zheng L., Wu Y., & Wang X. The Effects of Online Education on Students' Learning Achievement: A Meta-Analysis. [Текст] / Q. Lin, L. Zheng, Y. Wu, X. Wang // Frontiers in Psychology, – 2020 – 11 – 1635. – (doi: 10.3389/fpsyg.2020.01635).*
18. *Al-Bar M. A., & Al-Amri A. M. The Impact of E-Learning on the Quality of Education and Cost Efficiency in Saudi Higher Education. [Текст] / M. A. Al-Bar, A. M. Al-Amri // Applied Sciences – 2020 – 10(10) – 3469. – (doi: 10.3390/app10103469).*
19. *Murdoch M., & Bonk C. J. The Worldwide E-Learning Campus: Lessons to Be Learned. [Текст] / M. Murdoch, C. J. Bonk // Journal of Interactive Learning Research. – 2005 – 16(3) – 229-246.*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ, АРНАЙЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО, СПЕЦИАЛЬНОГО И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ҒТАХР 14.23.09 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.028

*Ж.Ә. Әлібек,[1] А.И. Ахметова [1]**

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА STEM-БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

STEM-білім беруде жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану қазіргі таңда ғылыми қауымдастық пен практик-мамандар үшін аса өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. ЖИ оқыту мен үйрену процесін жекелендіруге, білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар педагогтерге тиімді әдістемелік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда, мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-білім беруде ЖИ пайдалануға арналған зерттеулер саны шектеулі болып қала беруде. *Әдіснамасы мен әдістері.* Зерттеу Scopus деректер қорында индекстелген ғылыми мақалаларға жүйелі шолу жасауға негізделді. Әдебиеттерді іріктеу барысында мектепке дейінгі ұйымдардағы STEM-білім беру саласында ЖИ қолдануға қатысты зерттеулер қарастырылды. Жүйелі талдау әдісі зерттеулердің негізгі бағыттарын, артықшылықтарын және шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді. *Нәтижелер*. Жүргізілген талдау мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-білім беруде ЖИ қолданудың бірқатар артықшылықтарын айқындады. Атап айтқанда, ЖИ технологиялары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту процесін жекелендіруге, олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, педагогтер үшін сабақ мазмұнын жоспарлау, білімді бағалау және диагностикалау үдерістерінде қолдау көрсететіні анықталды. Дегенмен, зерттеулер ЖИ қолданудың әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіздігі мен тәжірибелік қолдану аясының шектеулігін де көрсетті. *Ғылыми жаңалығы.* Зерттеу мектепке дейінгі білім беру жүйесінде STEM-білім беруде ЖИ қолданудың өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселелерін айқындап, болашақ зерттеулерге бағыт береді. Жүйелі шолу арқылы ЖИ-дің оқыту сапасын арттырудағы мүмкіндіктері теориялық тұрғыда негізделді. *Практикалық маңыздылығы.* Мақала нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдарда ЖИ технологияларын тиімді енгізуге арналған ұсыныстарды қалыптастыруға негіз болады. Бұл педагогтер үшін заманауи әдістемелік құралдарды пайдалануға, білім беру процесінің сапасын жетілдіруге және балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, STEM-білім беру, мектепке дейінгі ұйымдар, цифрлық технологиялар, инновациялық әдістер, білім беру үдерісі.

*Әлібек Ж.Ә.,[1] Ахметова А.И. [1]**

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВНЕДРЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В STEM-ОБРАЗОВАНИИ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Аннотация

Применение искусственного интеллекта (ИИ) в STEM-образовании в настоящее время становится одной из наиболее актуальных тем для научного сообщества и практикующих специалистов. ИИ предоставляет возможности для индивидуализации процесса обучения и усвоения знаний, развития когнитивных способностей обучающихся, а также для оказания педагогам эффективной методической поддержки. Однако количество бисследований по использованию ИИ в STEM-образовании в дошкольных организациях остаётся ограниченным. *Методология и методы.* Исследование основано на систематическом обзоре научных статей, индексированных в базе данных Scopus. При отборе литературы рассматривались исследования, посвящённые применению ИИ в области STEM-образования в дошкольных организациях. Метод систематического анализа позволил выявить основные направления исследований, их преимущества и ограничения. *Результаты.* Проведённый анализ выявил ряд

преимуществ применения ИИ в STEM-образовании в дошкольных организациях. В частности, технологии ИИ способствуют индивидуализации процесса обучения в соответствии с возрастными особенностями обучающихся, развитию их творческих и критических навыков мышления. Кроме того, было установлено, что ИИ оказывает поддержку педагогам при планировании содержания уроков, оценке знаний и диагностике. Вместе с тем, исследования показали недостаточную методологическую обоснованность применения ИИ и ограниченность практической сферы его использования. *Научная новизна*. Исследование выявляет актуальные научно-практические вопросы применения ИИ в STEM-образовании в системе дошкольного образования и определяет направления для будущих исследований. Систематический обзор позволяет теоретически обосновать возможности ИИ для повышения качества обучения. *Практическая значимость*. Результаты статьи могут служить основой для формирования рекомендаций по эффективному внедрению технологий ИИ в дошкольных организациях. Это открывает педагогам возможность использовать современные методические инструменты, совершенствовать качество образовательного процесса и развивать творческий потенциал детей.

Ключевые слова: искусственный интеллект, STEM-образование, дошкольные организации, цифровые технологии, инновационные методы, образовательный процесс.

Alibek Zh.,[1] *Akhmetova A.*[1] *

[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

THEORETICAL ASPECTS OF IMPLEMENTING ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN STEM EDUCATION IN PRESCHOOL ORGANIZATIONS

Abstract

The application of artificial intelligence (AI) in STEM education is currently becoming one of the most relevant topics for the scientific community and practicing specialists. AI provides opportunities to individualize the learning process, enhance students' cognitive abilities, and offer effective methodological support to educators. However, the number of studies on the use of AI in STEM education within preschool organizations remains limited. *Methodology and Methods.* The study is based on a systematic review of scientific articles indexed in the Scopus database. During the literature selection process, studies on the application of AI in STEM education in preschool organizations were considered. The systematic analysis method allowed the identification of the main research directions, as well as their advantages and limitations. *Results.* The analysis revealed several advantages of using AI in STEM education in preschool organizations. In particular, AI technologies contribute to the individualization of the learning process according to students' age characteristics and support the development of their creative and critical thinking skills. Furthermore, it was found that AI provides assistance to educators in lesson planning, knowledge assessment, and diagnostics. At the same time, the studies highlighted the insufficient methodological grounding for AI application and the limited scope of its practical use. *Scientific Novelty.* The study identifies current scientific and practical issues related to the application of AI in STEM education within the preschool education system and outlines directions for future research. The systematic review theoretically substantiates the potential of AI to improve the quality of education. *Practical Significance.* The results of the study can serve as a basis for developing recommendations for the effective implementation of AI technologies in preschool organizations. This enables educators to use modern methodological tools, enhance the quality of the educational process, and foster the creative potential of children.

Keywords: artificial intelligence, STEM education, preschool organizations, digital technologies, innovative methods, educational process.

Кіріспе. Мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-білім беруде жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуда. ЖИ технологиялары STEM-білім берудегі оқыту әдістері мен үйрену үдерістерін өзгертуге мүмкіндік береді (Чиу & Ли, 2023) [1]. Бұл өзгерістер осы технологиялардың білім беру саласындағы рөліне қатысты зерттеулермен расталады (Ли және т.б., 2024) [2]. Сонымен қатар, ЖИ балалар мен тәрбиешілерге STEM-білім беру үдерісін тиімдірек ұйымдастыру үшін әртүрлі мүмкіндіктер ұсынады (Ли & Квон, 2024) [2]. Мәселен, ЖИ негізіндегі қосымшалар балалардың оқу қажеттіліктеріне сәйкес мазмұн ұсынып, жекелендірілген оқу тәжірибесін қалыптастыра алады. Тәрбиешілер де ЖИ технологияларын балалардың даму көрсеткіштерін талдау және осы деректер негізінде оқу-тәрбие стратегияларын әзірлеу үшін қолдана алады (Ким & Ким, 2022) [3]. ЖИ-дің ең маңызды артықшылықтарының бірі – білім беру әдістерін жетілдіру және оқу тәжірибесін жақсарту. Мысалы, интеллектуалды оқыту жүйелері балалардың даму қарқынын талдап, оқу мазмұнын соған сәйкес бейімдей алады, бұл олардың қызығушылығын арттырып,

оқу нәтижелерін жақсартады (Макларен және т.б., 2011; Шанкар және т.б., 2024) [4, 5]. Сонымен қатар, ЖИ мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына күш пен қозғалыс сияқты күрделі ұғымдарды кіріктіруді жеңілдетіп, оларды балалар үшін қолжетімді ете алады (Чеон және т.б., 2024) [6]. Осы тұрғыдан алғанда, STEM-білім беруде ЖИ оқыту сапасын арттырып, балалардың ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді (Лю & Чжун, 2024) [7]. Демек, ЖИ дәстүрлі бағалау тәсілдерінен асып түсіп, анағұрлым динамикалық әрі интерактивті оқыту әдістерін ұсынады.

Тәрбиешілер ЖИ ұсынатын мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, оны білім беру үдерістеріне кіріктірген жағдайда, балалардың ғылымға деген қызығушылығы артып, олардың ғылыми сауаттылығы дами түседі. Осы тұрғыда STEM-білім беруде ЖИ-дің рөлі балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру сияқты әртүрлі қырларды қамтиды (Аль Набхани және т.б., 2025) [8]. Мысалы, ЖИ балалардың оқу тәжірибесін жекелендіру арқылы неғұрлым практикалық білім беру мүмкіндігін ұсынады (Хурма және т.б., 2024) [9]. Әсіресе, ЖИ-ге негізделген оқыту материалдары балаларға ұғымдарды жақсырақ түсінуге және тәжірибелік білім алуға мүмкіндік береді (Чакыроғлу & Сельчук, 2024) [10]. Сонымен қатар, ЖИ-дің барлық мүмкіндіктері тәрбиешілерге ғылымдағы жаңалықтарды қадағалауды және өз тәжірибелерін жетілдіруді жеңілдетеді. Бұған қоса, ЖИ-ді тәжірибелік іс-әрекеттермен ұштастыратын сабақтар балалардың STEM-пәндеріне қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытады (Хванг және т.б., 2022; Чакыроғлу & Сельчук, 2024) [11, 10].

Осы тұрғыдан қарағанда, ЖИ технологиясы білім беруде жаңа зерттеу бағыты ретінде қалыптасып, STEM-білім берудегі оқыту жүйесінің бір бөлігіне айналуда. Дегенмен, STEM-білім беру үшін ЖИ маңызды болғанымен, оның мектепке дейінгі ұйымдардағы STEM-пәндерге әсерін жүйелі түрде қарастырған зерттеулер өте аз. Мысалы, Ли және Квон (2024) ЖИ білімінің жағдайын зерттеп, тақырыптарды, оқыту тәсілдерін және оқу нәтижелерін талдады [2]. Олар 2018 бен 2023 жылдар аралығында жарияланған 25 мақаланы қарастырды. Нәтижелері ЖИ балалардың сауаттылығын дамытуға, сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге, этикалық қырларды ескеруге, қызығушылығын арттыруға, ЖИ-ге қатысты оң көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Ху және Оуян (2022) 2011–2021 жылдар аралығындағы 63 эмпирикалық зерттеуге жүйелі талдау жасады [12]. Олардың нәтижелері STEM-білім беруде ЖИ-дің ықпалын зерттеді. Ғалымдар ЖИ қолданбаларының алты санатын айқындап, ЖИ-STEM контексінде бұл санаттардың ақпарат, нысан, құрал және орта сияқты басқа элементтермен байланысына қатысты дәлелдер тапты. Сонымен бірге, зерттеу STEM-білім беруде ЖИ-ді қолданудың педагогикалық және технологиялық салдарларын ашып көрсетті.

Ли және әріптестері (2024) K-12 білім беруінде ЖИ бағдарламаларының нәтижелерін жинақтау үшін 47 эмпирикалық зерттеуді талдады [2]. Нәтижелер терең түсінікті дамытуға және балалардың белсенді қатысуын арттыруға бағытталған жақсы ұйымдастырылған тәжірибелік тапсырмалардың тиімділігін көрсетті.

Лю және Чжун (2024) балаларға арналған ЖИ оқытуына байланысты 45 эмпирикалық зерттеуді қарастырды [7]. Олардың нәтижелері ЖИ білім беру балалардың ЖИ сауаттылығын дамытуға, соның ішінде ЖИ туралы білімін, ЖИ-ге деген эмоционалды қатынасын және ЖИ ойлауын жетілдіруге ықпал ететінін көрсетті. Алайда ғалымдар зерттеулер мен оқыту үдерістерінің кейбір олқылықтарын да атап өтті: қысқа мерзімділігі, шағын іріктемелер, бірыңғайландырылған әдістемелердің болмауы, ұзақ мерзімді және әртүрлі жас кезеңдерін қамтитын ЖИ оқу бағдарламаларының жеткіліксіздігі және т.б.

Осы барлық шолулар ЖИ-ді қолдану жекелендірілген оқыту, жетістік, балалардың қызығушылығы, белсенді қатысуы және мазмұнды меңгеру сияқты түрлі қырларды жақсарту арқылы тәрбиешілер мен балалар үшін оқыту мен үйрену үдерістерін түбегейлі өзгерте алатынын көрсетеді. Алайда бұл зерттеулерден STEM-білім беруде ЖИ қолдануды арнайы

мектепке дейінгі ұйымдар контексінде қарастырған еңбектердің жоқ екені анық көрінеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласындағы осындай зерттеулердің аздығы қолданыстағы әдебиетте толық қарастырылмаған зерттеу алшақтығын айқындайды.

Негізгі қағидаттар.

1. Зерттеу нәтижелердің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін дәлелденген, рецензияланған және өзекті эмпирикалық дереккөздерді талдауға негізделген.

2. Талдау STEM білім беруде ЖИ қолданудың барлық негізгі аспектілерін қамтиды: педагогикалық тәсілдемелр, оқу нәтижелері, технологиялар, мотивация, қатысу, қиындықтар мен шектеулер.

3. Шолу тек мектепке дейінгі және мектептегі білім беру контекстіне бағытталған (К–12), бұл когнитивті дағдыларды қалыптастырудың ең маңызды кезеңінде оқушыларға ЖИ әсерін зерттеуге мүмкіндік береді.

4. ЖИ қолданудың оң әсерлері ғана емес, сонымен қатар шектеулер, қолданыстағы зерттеулердің кемшіліктері (мысалы, шағын үлгілер, қысқа мерзімді бағдарламалар, стандарттаудың болмауы) бағаланады.

5. Тек эмпирикалық базасы бар зерттеулер (эксперименттер, жағдайлар, сандық және сапалық талдау әдістері) кіреді.

6. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер (әсіресе 2018-2025) ескеріледі, бұл білім беру практикасында ЖИ қолданудың қазіргі жағдайын көрсетеді.

7. Шолудың мақсаты тек теориялық жалпылау ғана емес, сонымен қатар мұғалімдерге, білім беру бағдарламаларын жасаушыларға және білім беру саясаткерлеріне ұсыныстар қалыптастыру болып табылады. Осылайша, жасанды интеллект (ЖИ) STEM білім берудегі оқыту әдістері мен оқу процесіне айтарлықтай әсер етеді. ЖИ қолдану оқуды жекелендіруге, оқу мазмұнын бейімдеуге, оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде біз жүйелі шолу (systematic review) әдісін қолдандық. Жүйелі шолу белгілі бір тақырып бойынша барлық зерттеулерді мақсатқа сәйкес біріктіру және қолдану стратегиялары арқылы сыни тұрғыдан бағалап, жинақтайды (Ньюман & Гоух, 2019) [13]. Жүйелі әдістер белгілі бір зерттеу бағытына қатысты нәтижелерді түсіну мен біріктірудің ең сенімді жолы болып табылады. Жүйелі шолулар ғылымдағы ең жоғары деңгейлі тәсілдердің бірі ретінде қарастырылады, өйткені олардың нәтижелері анағұрлым кең әрі егжей-тегжейлі әдебиеттерге сүйенеді (Ньюман & Гоух, 2019) [13]. Осы зерттеуде жүйелі шолу арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында STEM саласында жасанды интеллектіні қолдану бойынша жүргізілген зерттеулер талданды және осы зерттеудің мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес сыни тұрғыдан бағаланды.

Бұл жүйелі шолуда деректерді жинау үшін авторлар Scopus деректер базасынан тиісті зерттеулерді іздеді. Зерттеуге енгізілген еңбектерге қойылған өлшемдер келесідей болды:

1. STEM білім беру саласындағы зерттеулер;
2. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерімен жүргізілген зерттеулер;
3. Тек рецензияланған мақалалар;
4. Тек эмпирикалық зерттеулер;
5. Жарияланған мақалаларға уақыт шектеуі қойылмады.

Осы өлшемдер зерттеуге арналып белгіленді және зерттеуге енгізілген еңбектер саны енгізу және алып тастау өлшемдеріне сәйкес анықталды. Негізгі кілт сөздер ретінде “жасанды интеллект”, “ғылымды оқыту” және “мектепке дейінгі ұйым” терминдері қолданылды.

Барлық іздеу үрдістерінен кейін зерттеуге енгізілетін еңбектер анықталды. Алғашқы іздеу барысында 188 құжат табылды. Кейін сүзгілеу опциялары қолданылып, дереккөз түрі – журнал, жариялану тілі – ағылшын тілі бойынша шектеу жасалды. Нәтижесінде құжаттар саны 47-ге қысқарды. Одан соң құжат түрі ретінде мақалалар мен шолулар таңдалды, сонда саны 45 болды. Осы талдаудан кейін 37 мақала алынып тасталды және сегіз мақала талдауға енгізілді. Талдау барысында әр мақаланың толық мәтініне қол жеткізілді.

Деректерді жинау процесінде біз PRISMA (Мохер и др., 2009) үлгісін қолдандық, онда зерттеулердің сегіз мақалаға дейін қалай қысқартылғаны көрсетіледі [14]. PRISMA – осы зерттеуде қолданылған шолу протоколы. Белгіленген критерийлерге сәйкес келмеген барлық зерттеулер алынып тасталды (1-кесте).

1-кесте. Жүйелі шолуда пайдаланылған мақалалар тізімі

Авторлар	Мақала атауы	Жылы	Дереккөз атауы	Ел
Бош (2021)	Ойлау бейімділігіне (mindset) бағытталған араласуларға ықпал ететін балалардың қолдаушы факторларын анықтау: екі үлгідегі машиналық оқыту тәсілі	2021	Компьютерлер және білім беру	АҚШ
Чакироглу және Сельчук (2024)	Машиналық оқыту мектепке дейінгі сыныптарда: есептік ойлауды дамытуға арналған тәжірибелік іс-әрекеттер	2024	Білім беру және ақпараттық технологиялар	Түркия
Чеон және т.б. (2024)	Компьютерлік көруді оқытудың кезеңдік үлгісі: жасанды интеллект, деректер ғылымы және есептік ойлауды біріктіру	2024	Қолданбалы ғылымдар	Оңтүстік Корея
Кац және т.б. (2021)	Диалогты бала моделдеуімен байланыстыру: концептуалды физикаға бейімделген оқыту жүйесін құру	2021	Білім берудегі жасанды интеллекттің халықаралық журналы	АҚШ
Оскоцкий және т.б. (2022)	Биомедицинадағы жасанды интеллект саласында әртүрлілікті және инклюзияны дамыту: мектепке дейінгі балаларға арналған виртуалды жазғы бағдарлама	2022	Есептеуіш биология (PLoS) журналы	АҚШ
Сантос және Корби (2019)	Айкидо әдісі физиканы түсінуге көмектесе ала ма? STEAM-қимыл-қозғалыс арқылы оқытуға арналған интеллектуалды психомоторлық жүйелерді жобалаудағы алғашқы қадам	2019	IEEE Қолжетімділік	Испания
Сикстрём және т.б. (2024)	Педагогикалық агенттердің балалардың оқуына қолдау көрсетуі: тәрбиешілер мен тәрбие-леушілер көзқарасы	2024	Компьютерлер және білім беру	Финляндия
ВанЛен (2016)	Ғылымды модельдер құру арқылы үйрену: *Dragoon* балалардың оқу жетістігін арттырып, уақытты ұлғайтпай ма?	2016	Білім берудегі жасанды интеллекттің халықаралық журналы	АҚШ

Нәтижелер. Мектепке дейінгі білім беруде STEM-білім беру үдерісінде жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдануға арналған жүйелі шолуымыз алты елден – АҚШ, Испания, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия және Эстония – шыққан зерттеулерді қамтиды және бұл елдерден жалпы 41 авторды біріктірді. Мұндай географиялық әртүрлілік ЖИ технологияларының әлемнің түрлі бөліктерінде кең қолданысқа ие екендігін көрсетеді. Сегіз мақаланың бесеуі АҚШ-та, біреуі Испанияда жарияланған. Қалған авторлар Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия және Эстонияда мектепке дейінгі білім беруде STEM-білім саласында ЖИ қолдану бойынша мақала жариялаған.

Зерттеуге қатысқан балалардың саны тұрғысынан айырмашылықтар айқын байқалады. Қатысушылар саны зерттеулерде әртүрлі болды. Мысалы, Сикстрём және басқалар (2024) мектепке дейінгі жастағы 16 баламен жұмыс істеген [15]. Чакыроғлу және Сельчук (2024) зерттеуінде 20 бала практикалық іс-әрекеттер арқылы машинамен оқыту қолданбалары көмегімен есептік ойлау (СТ) дағдыларын дамытуға қатысты[10]. Оскоцкий және басқалар (2022) зерттеуінде 29 бала жасанды интеллектіні биомедициналық салада әртүрлілік пен инклюзияны дамытуға және оларға ЖИ бойынша алғашқы білім мен тәжірибелік зерттеу мүмкіндіктерін беруге қатыстырылды. Сантос және Корби (2019) 30 балаға тәжірибе жүргізсе [16], Чон және басқалар (2024) зерттеуінде 40 бала қамтылды.

Басқа екі зерттеуде – Кац және басқалар (2021) мен ВанЛен және басқалар (2016) – 145 мектепке дейінгі бала тәжірибеге қатысты. Ал Бош (2021) болса, көзқарасқа бағытталған интервенциялардың рөлін 10870 баланы тарта отырып, негізінен машинамен оқыту тұрғысынан қарастырған. Бұл ірі ауқымды зерттеу үлгерімі төмен балалардың оқу жетістігін арттыруда, нақтырақ айтқанда, олардың когнитивтік даму көрсеткішін жақсартуда «өсу көзқарасының» ықпалын талдады.

Жалпы алғанда, шолуға енгізілген зерттеулер мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-білім беруде ЖИ қолдануға қатысқан балалар саны туралы маңызды мәлімет береді. Бұған қоса, қатысушылар санының жеткілікті болуы мектепке дейінгі білімде балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейімделген дербестендірілген ЖИ қолдану үрдісінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Мұндай зерттеулер алынған нәтижелерді толықтырып, ЖИ негізіндегі STEM-білім берудің нақты мақсатты аудиторияға бейімделген жағдайда анағұрлым тиімді болатынын дәлелдейді.

ЖИ-ді мектепке дейінгі STEM-білім беруге енгізу жаңа технологияның оқу үдерісіндегі қолданылу тәсілін түбегейлі өзгертетін маңызды қадам болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ғалымдар мектепке дейінгі STEM-білімде түрлі ЖИ технологияларын пайдаланған. Оларға:

1. интеллектуалды оқыту жүйелері (Сантос және Корби, 2019; ВанЛен және басқалар, 2016);
2. Python бағдарламалау тілі (Оскоцкий және басқалар, 2022);
3. машиналық оқыту (Бош, 2021; Чакыроғлу және Сельчук, 2024; Оскоцкий және басқалар, 2022);
4. нейрондық желілерге негізделген ЖИ және символдық ЖИ (Чон және басқалар, 2024);
5. адам мен машина арасындағы коммуникация (Сикстрём және басқалар, 2024);
6. оқытуға бағытталған диалогтық жүйелер (Кац және басқалар, 2021) жатады.

STEM-білім беруде ЖИ қолдану барысында айнымалыларды пайдалану зерттеу нәтижелерінің балалардың оқу жетістігіне ықпалын бағалауда маңызды рөл атқарады.

Мысалы:

1. Оскоцкий және басқалар (2022) балалардың ЖИ саласындағы адамдарды тану деңгейін, ЖИ туралы әңгімелеу сенімділігін және осы саладағы болашақ мамандықтар туралы хабардарлығын зерттеген;
2. Сикстрём және басқалар (2024) педагогикалық агенттердің балалардың оқуына және қарым-қатынас дағдыларына әсерін қарастырған;
3. Чакыроғлу және Сельчук (2024) есептік ойлау (СТ) дағдыларын дамытуға назар аударған;
4. Сантос және Корби (2019) қарапайым физикалық ұғымдарды түсінуді зерттеген;
5. Чон және басқалар (2024) балалардың қызығушылығы, пәндік білімі және ЖИ қолдану тәжірибесін қарастырған;
6. Кац және басқалар (2021) балалардың қанағаттану сезімі мен мәселені шешу дағдыларының дамуын зерттеген;
7. ВанЛен және басқалар (2016) ашық жауап беру тапсырмалары мен ұғымдық карта жасау әдісін пайдаланған;
8. Бош (2021) балалардың үлгерімін бағалау үшін оқу жетістіктерін айнымалы ретінде қолданған.

Бұл нәтижелер ЖИ негізіндегі STEM-білім беру зерттеулерінде әртүрлі айнымалылар қолданылғанымен, мектепке дейінгі білім саласында бірдей нәтижелік айнымалыларды бірнеше зерттеуде қатар қарастыру аз екенін көрсетеді.

Әрбір зерттеудің негізгі нәтижелері білім беру нәтижелерін жетілдіруге және жасанды интеллектіні (ЖИ) білім беру саласында, әсіресе мектепке дейінгі STEM-білім беруде қолдануды кеңейтуге бағытталған инновациялық тәсілдер мен әдістер туралы құнды мәлімет береді.

Мысалы, Оскотский және әріптестері (2022**)** мектепке дейінгі балаларға арналған виртуалды жазғы бағдарламаның ЖИ саласында әртүрлілікті және инклюзияны дамытудағы әсерін

зерттеген. Бағдарлама аз қамтылған және өкілдігі төмен топтардан шыққан балаларға ЖИ туралы алғашқы түсініктер беруді және деректермен жұмыс істеу тәжірибесін үйретуді мақсат етті. Нәтижелер көрсеткендей, қатысушылар деректерді өңдеу және қарапайым машиналық оқыту алгоритмдерімен танысуға мүмкіндік алды және ЖИ тақырыптарын талқылауда сенімдірек бола түсті. Сонымен қатар, балалардың ЖИ саласында болашақ мамандықтар туралы хабардарлығы артты. Зерттеушілер мұндай бағдарламалардың мектепке дейінгі жаста ЖИ туралы түсінік қалыптастыруға, балалардың әртүрлілігін арттыруға және болашақ ЖИ-білім беру бастамаларына негіз қалауға тиімді екенін атап өтеді.

Бош (2021) зерттеуінде компьютерлік араласудың балалардың жеке ерекшеліктеріне бейімделе отырып, білім беру нәтижелеріне әсерін қарастырды. Ол «өсу ойлау стилінің» (growth mindset) дамуы мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-әрекетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін анықтады. Экспериментке қатысқан балалар қысқа оқыту сессияларынан кейін жаңа білімге белсенділікпен кірісіп, тапсырмаларды орындауда ынталылық танытты. Дегенмен, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың нәтижелері бірдей болмағаны байқалды. Бұл деректер білім беру стратегияларын әр баланың ерекшелігіне қарай бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

Чон және әріптестері (2024) мектепке дейінгі балаларға арналған кезең-кезеңімен құрылымдалған жасанды интеллектіні оқыту үлгісін әзірледі. Олар нейрондық желіге негізделген ЖИ және символдық ЖИ элементтерін біріктіре отырып, төрт сабақ жүргізді. Нәтижелер балалардың ғылымға деген қызығушылығының, қарапайым ғылыми түсініктерінің және ЖИ-ді тәжірибелік қолдану дағдыларының едәуір артқанын көрсетті. Бұл құрылымдық тәсіл мектепке дейінгі білім беруде практикалық және қолмен орындалатын оқу тәжірибелерін енгізудің тиімділігін дәлелдейді.

показателей (частот, долей). После проведения статистической обработки были получены следующие данные: значение критерия $\chi 2$ составляло 6.179. Критическое значение $\chi 2$ при уровне значимости $p<0.05$ составляет 5.991. Так как в данном случае уровень значимости менее 0.05, то можно говорить о сильной связи между факторным и результативным признаками. Т.е. данные групп различны и четко прослеживается разница между уровнями сформированности коммуникативных умений у детей предшкольных групп в экспериментальной и контрольной группах.

Заключение. Таким образом, цель нашего исследования подтверждена экспериментальным путем и доказана эффективность программы внеурочной деятельности с применением метода проектов.

Опытно-экспериментальная часть проектного метода является важным условием для развития коммуникативных навыков дошкольников. Она помогает детям активно взаимодействовать, развивать исследовательские способности и учиться работать в команде. Воспитатели играют ключевую роль в организации этой деятельности, создавая поддерживающую и мотивирующую атмосферу для детей. В ходе реализации проектной деятельности развиваются коммуникативные и речевые умения дошкольников, проявляющиеся в умении слушать, задавать вопросы в ходе диалога, завершать диалог, умение легко входить в контакт с детьми и педагогом, ясно и последовательно выражать свои мысли, умение пользоваться формами речевого этикета.

Результаты данного исследования можно свести к следующим основным положениям:

1) выявлены особенности формирования коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп;

2) определена роль проектной деятельности в формировании коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп;

3) эффективность программы внеурочной деятельности с использованием метода проектов проверена экспериментальным путем.

Данные результаты исследования позволили сделать и обосновать следующие научно-практические рекомендации:

1. Анализируя уровни сформированности коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп следует отметить, что при внедрении во

внеурочную деятельность метода проектов наблюдается положительная динамика по всем уровням.

2. Чем выше уровень развития коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп тем лучше сформирована активная, самостоятельная и инициативная позиция обучающегося.

3. Процесс внеурочной деятельности с использованием метода проектов благотворно влияет на творческий потенциал личности, повышая ее познавательный интерес.

Перспективы исследования данной проблемы состоят в том, что изучение процесса формирования коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп во внеурочной деятельности посредством метода проектов целесообразно продолжить и в учебной деятельности.

Их выполнение в итоге подтвердило и нашу гипотезу о том, что если в учебно-воспитательный процесс дошкольной организации внедрить программу внеурочной деятельности, особенностью которой будет использование метода проектов, то уровень сформированности коммуникативных навыков у дошкольников предшкольных групп повысится.

Список использованной литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения РК, ППРК от 23 августа 2012 года № 1080.-152с.

https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1781804601&tld=kz&lang=ru&name=2012_gos_standart1080.pdf

2. Веракса Н. Е. Проектная деятельность дошкольников. - М.: Мозаика-Синтез, 2008 -99с.

3. Махмутов М. И. Принцип профессиональной направленности обучения //Межвузовский сборник научных трудов «Принципы обучения в современной педагогической теории и практике». Челябинск. 1985.- С.88-100.

4. Жумадиллаева О.А. "Information Technologies in Teaching a Foreign Language in Non-Linguistic High Schools" //Журн. «Вестник» ПГУ им. С.Торайгырова № 2, 2018 г. С. 304-312.

https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/d596faf8-1c5e-459d-8aaf-2bd41de6a109_pedagogika_2_2018(1).pdf

5. Образовательные проекты в детском саду /Пособие для воспитателей/Н.А.Виноградова, Е.П. Панкова,- Айрис-пресс, 2008.-208с.

6. Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения./Пособие для руководителей и практических работников ДОУ /Автосоставитель Л.С.Кисислева, Т.А.Данилина, 3-еизд, -М:АРКТИ, 2005.-96с.

7. Жексенбаева У.Б. Теоретико-методологические основы работы с одаренными детьми [Текст]: автореф. дис...д.пед. н.:13.00.01-Общая педагогика / Науч.рук.:д.пед.н., профессор Жампеисова К.К. - Алматы: [б. и.], 2005. - 46 с.

8. Байгунакова А.С., Джолдасбекова Б.У., Гао Яньжун. Проектная деятельность как основа партнерского взаимодействия учителяи ученика в образовательном процессе//Журнал «Вестник» КазНПУ имени Абая серия «Педагогические науки», No2(86), 2025 г.,с.267. DOI: *10.51889/2959-5762.2025.86.2.024*

9. Saule Bayazovna Begaliyeva, Vitaliya Alekseyevna Kazabeyeva, Bakitgul Serikovna Balgazina, Togzhan Telmanovna Aytkazina, Tolkyn Zhanibekovna Toktarova, Aigul Tynybekovna Onalbayeva and Bakitgul Sakenovna Zhumagulova Creative activity of the teacher in pedagogical work Life Science Journal 2014;11(6s) - S 253-257. https://www.lifesciencesite.com/lsj/life1106s/047_24232life1106s14_253_257.pdf10

.

References:

1. Gosudarstvennyi obщeobyazatelnyi standart doşkolnogo vospitaniya i obucheniya RK, PPRK ot 23 avgusta 2012 goda № 1080.-152s. https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1781804601&tld=kz&lang=ru&name=2012_gos_standart1080.pdf

2. Veraksa N. E. Proektnaya deyatelnost doşkolnikov. - M.: Mozaika-Sintez, 2008 -99c.

3. Mahmutov M. İ. Printsip professionalnoi napravlennosti obucheniya //Mejvuzovskii sbornik nauchnyh trudov «Printsipy obucheniya v sovremennoi pedagogicheskoi teorii i praktike». Chelyabinsk. 1985.- S.88-100.

4. Jumadillaeva O.A. "Information Technologies in Teaching a Foreign Language in Non-Linguistic High Schools" //Jurn. «Vestnik» PGU im. S.Toraigyrova № 2, 2018 g. S. 304-312. https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/d596faf8-1c5e-459d-8aaf-2bd41de6a109_pedagogika_2_2018(1).pdf

5. Obrazovatelnye proekty v detskom sadu /Posobie dlya vospitatelei/N.A.Vinogradova, E.P. Pankova,- Airis-press, 2008.- 208s.

6. Proektnyi metod v deyatelnosti doşkolnogo uchrejdeniya./Posobie dlya rukovoditelei i prakticheskih rabotnikov DOU /Avtososta vitel L.S.Kisisleva, T.A.Danilina, 3-eizd, -M:ARKTİ, 2005.-96s.

7. Jeksenbaeva U.B. Teoretiko-metodologicheskie osnovy raboty s odarennymi detmi [Tekst]: avtoref. dis...d.ped. n.:13.00.01-Obщaya pedagogika / Nauch.ruk.:d.ped.n., professor Jampeisova K.K. - Almaty: [b. i.], 2005. - 46 s.

8. Baigunakova A.S., Djoldasbekova B.U., Gao Yanjun. Proektnaya deyatelnost kak osnova partnerskogo vzaimodeistviya uchitelyai uchenika v obrazovatelnom protsesse//Jurnal «Vestnik» KazNPU imeni Abaya seriya «Pedagogicheskie nauki», No2(86), 2025 g.,s.267. DOI: 10.51889/2959-5762.2025.86.2.024

10. Saule Bayazovna Begaliyeva, Vitaliya Alekseyevna Kazabeyeva, Bakitgul Serikovna Balgazina, Togzhan Telmanovna Aytkazina, Tolkyn Zhanibekovna Toktarova, Aigul Tynybekovna Onalbayeva and Bakitgul Sakenovna Zhumagulova Creative activity of the teacher in pedagogical work Life Science Journal 2014;11(6s) https://www.lifesciencesite.com/lsj/life1106s/047_24232life1106s14_253_257.pdf10.

ҒТАХР 14.23.17

https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.030

С.А.Тукебаева,[1] Serhat Arslan [2]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
[2] Гази университеті, Анкара, Түркия

БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА SOFT SKILLS ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың икемді дағдыларының қалыптасуы қарастырылады. Балаларды білім берудің кейінгі сатыларына даярлаудағы және оларды ерте әлеуметтендірудегі коммуникативтік, әлеуметтік дағдылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болу рөлі зерттеудің өзектілігі болып табылады. Soft skills түсінігінің мән-мағынасы теориялық тұрғыда терең талдана отырып, құрылымы мен мазмұны ересек мектеп жасына дейінгі жасқа қатысты ашылып көрсетілген. Коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік- реттеуші дағдыларды балаларда бірлескен іс - әрекет процесінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарына назар аударылады.

Ересек мектеп жасына дейінгі балаларда эмоциялық жауаптылық, өзін- өзі реттеу, өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруда бірлескен іс-әрекет тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Икемді дағдыны дамыту мақсатында дамытушы қолайлы орта құруға бағытталған бірлескен іс - әрекетті ұйымдастырудың негізгі формалары мен қағидаттары талданады.

Зерттеу материалдарын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде, сонымен қатар ересек мектеп жасына дейінгі балалардың білім аясын кеңейтуге, әлеуметтік маңызды дағдылыларын дамытуға арналған арнайы педагогикалық- психологиялық бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: soft skills, ересек мектепке дейінгі жас, бірлескен іс- әрекет, өзара әрекеттесу, коммуникативтік дағдылар.

Тукебаева С.А., [1] Serhat Arslan [2]*

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]Университет Гази, г.Анкара, Турция

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ SOFT SKILLS У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается формирование у детей старшего дошкольного возраста гибких навыков в системе дошкольного образования. Актуальность исследования заключается в роли адекватности возрастных особенностей коммуникативных, социальных навыков в подготовке дет ей к более поздним ступеням образования и их ранней социализации. Сущность понятия Soft skills раскрывается в контексте старшего дошкольного возраста с углубленным теоретическим анализом структуры и содержания. Акцентируется внимание на педагогических условиях формирования коммуникативных, эмоциональных, социально - регулятивных навыков у детей в процессе совместной деятельности.

Совместная деятельность рассматривается как эффективный педагогический инструмент в формировании у детей старшего дошкольного возраста навыков эмоциональной отзывчивости, саморегуляции, взаимодействия и сотрудничества. В целях развития гибких навыков анализируются основные формы и принципы организации совместной деятельности, направленные на создание благоприятной развивающей среды.

Материалы исследования могут быть использованы в практике дошкольных образовательных организаций, а также в процессе разработки специальных педагогико - психологических программ и методических рекомендаций, направленных на расширение сферы знаний, развитие социально значимых навыков детей старшего дошкольного возраста.

Ключевые слова: soft skills, старший дошкольный возраст, совместная деятельность, взаимодействие, коммуникативные навыки.

Tukebayeva S.,[1] Serhat Arslan[2]*
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Gazi University, Ankara, Turkey*

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING SOFT SKILLS IN OLDER PRESCHOOL CHILDREN THROUGH JOINT ACTIVITIES

Abstract

The article discusses the formation of flexible skills in the preschool education system in older preschool children. The relevance of the study lies in the role of the adequacy of age-specific features of communicative and social skills in preparing children for later levels of education and their early socialization. The es sence of the concept of Soft skills is revealed in the context of senior preschool age with an in-depth theoretical analysis of the structure and content. The author focuses on the pedagogical conditions for the formation of communicative, emotional, and socio-regulatory skills in children in the process of joint activities.

Joint activity is considered as an effective pedagogical tool in the formation of emotional responsiveness, self-regulation, interaction and cooperation skills in older preschool children. In order to develop flexible skills, the main forms and principles of organizing joint activities aimed at creating a favorable developing environment are analyzed.

The research materials can be used in the practice of preschool educational organizations, as well as in the process of developing special pedagogical and psychological programs and methodological recommendations aimed at expanding the field of knowledge and developing socially significant skills of older preschool children.

Keywords: soft skills, senior preschool age, teamwork, interaction, communication skills.

Кіріспе. ҚР педагогикалық ғылымы мен тәжірибесі саласында мектепке дейінгі кезеңде балалардың әлеуметтік өмірлік маңызды дағдыларын дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Білім беру бағдарламалары мен дамудың ұлттық модельдерінде негізгі басым мақсат тұрғысында өсіп келе жатқан балаланың тұтас дамуын және де оның болашақта табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін құнды құзыреттерін қалыптастыру мәселесі жалпыланады. Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбие оқытуды дамытудың моделінде балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттілігін дамытудағы ішкі мотивацияны қалыптастыруға, соынмен қатар әр баланың жеке типологиялық ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктерін есепке ала отырып, олардың әлеуетін мейлінше ашуға бағытталған жағдайлар жасаудың қажеттілігі көрсетілген [1]. Осы өзгерістердің өзегінде XX1 ғасырдың талап қажеттіліктеріне сәйкес коммуникация, көшбасшылық, шығармашылық, сыни ойлау, серіктестік сияқты икемді дағдыларды меңгеру мәселесі тұр.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесін дамыту барысында балаларда икемді дағды, яғни өзгелермен тиімді өзара әрекеттесуді, әрі қарай білім берудің кейінгі сатыларына даярлауды қамтамасыз ететін озық құзыреттіліктерді қалыптастыру аса маңыздылыққа ие. Soft skills (икемді дағдының) пәндік біліммен дағдыдан айырмашылығы, тұлғаның коммуникативтік, өзара әрекеттесу, эмоциялық интеллект, ынтымақтастық, өзін - өзі реттеу қабілетін сипаттайды, бұл ересек мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына басымдық береді. Ғылыми зерттеулер мәліметтеріне сәйкес, ересек мектепке дейінгі кезең баланың жеке қасиеттерін, әлеуметтік коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырудың сензитивті кезеңі ретінде қарастырылады. Дәл осы кезеңде баланың мінез-құлық еріктілігі, басқалармен қарым-қатынасы, олармен бірлесу әрекеттестігі, эмоционалды интеллект пен коммуникативтік дағдыларының негізі қаланады. Сондай-ақ адамдармен әрекеттесу нормаларын игерудің және де келіспеушілік жағдайларды шешудегі алғышарттар жасалады.

Soft skills - ті қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі ересек мектеп жасына дейінгі балалардың қарқынды өзара әрекеттесуін, іс- әрекетті үйлестіруді және жалпы нәтижеге қол жеткізуді меңзейтін бірлескен іс - әрекет болып табылады. Бірлескен іс - әрекет үрдісінде балалар ынтымақтастық тәжірибесін жинақтайды, келіссөздер жүргізуді, рөлдерді бөлуді, бастамашыл болуды және ортақ істерге жауапты болуды үйренеді. Сондай- ақ икемді дағдыны

қалыптастырудың тиімділігі көп жағдайда педагогикалық қолдаудың сипатына және де осы іс-әрекетті ұйымдастырудың педагогикалық шарттарына байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларда икемді дағдыларды дамытудың мәселесіне ғылыми қызығушылықтың артып келе жатқанына қарамастан, оның бірлескен іс- әрекет үрдісінде ересек мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптасуының шарттары жеткілікті деңгейде жүйеленбеген тұрғыда қалып отыр.

Осыған қатысты, біздің зерттеуіміздің бағытын анықтайтын бірлескен іс- әрекет үрдісінде ересек мектеп жасына дейінгі балаларда soft skills қалыптастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу аса өзекті мәселе болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде soft skills ұғымы біржақты түсіндіруге ие емес әр түрлі атаулармен қолданылады, бұл осы құбылыстың пәнаралық сипатына да, сонымен қатар ғылыми дәстүрлердің ұлттық ерекшелегіне де байланысты. Hard skills-пен қарама қарсы дағдылардың жиынтығын қамтитын біртекті термин жоқ деп айтуға болады, олар көбінесе когнитивтік қабілеттер, техникалық дағдылар, академиялық білім және кәсіби мамандырылған құзыреттер деп ұғынылады.

Зерттеуші ғалымдар С.Суччи мен М.Кановидің еңбектерінде қазіргі еңбек нарығында көшбасшылық, коммуникативтік сияқты қабілеттерді, сонымен қатар өзіндік бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру және реттеу дағыдаларын қамтитын икемді дағдылары дамыған мамандар жоғары сұранысқа ие екендігі баса айтылады [2]. Бұл білім беру жүйесінде бала кезден soft skills қалыптастыру мен дамытуды тереңірек түсіну керектігін өзектендіреді. Кейбір зерттеушілер икемді дағдыны интеллектуалды дағдылар немесе ойлаудың ерекшеліктері деп атап жүр. Осыған сәйкес, шет елдік ғылыми әдебиеттерде skills of the 21st century термині көп қолданылады, оның ішінде әр түрлі семантикалық негіздермен біріктірілген жіктеулер де бар. Осы тұрғыда зерттеуші J.Soffiel дүниежүзілік экономикалық форумның материалдарына негізделе отырып soft skills- ті сауаттылық, құзыреттілік және жеке қасиеттер деп үш топ шеңберінде құруды ұсынды [3]. А.Дакворт болса осы дағдылардың кешенін grit ұғымымен белгілейді, сонымен қатар тұлғаның тұрақтылығы мен табандылығына зейін қояды. Клэкстон мен Коста, Коллик икемді ойлауды оқудың диспозициясы ретінде түсіндіреді, олардың мінез – құлық белсенділігін реттеудегі басты рөлді көрсетеді.

Осы мәселе төңірегіндегі қызықты тұжырымдамалық тәсіл Л. Янаның зерттеулерінде ұсынылған, ол Qi skills терминін пайдалануды ұсынады және дамудың алғашқы кезеңіндегі бала дамуының жалпы тұтас сипатын бейнелейтін мен, біз, неге, ерік, қозғалыс, белгісіздік, егер сияқты жеті басты категорияны бөліп көрсетеді [6].

С.Ж.Еркебаева жаңартылған білім берудің мазмұны жағдайында ересек мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесін зерттеді [7]. Осы ретте автор дағдыларды дамыту диалогтық қарым-қатынас, өзара әрекеттесу, бірлескен ойын әрекеттері арқылы жүзеге асырылатынын негіздеді. Педагогтің фасилитаторлық ұстанымы мен қолайды білім беру шеңбері мектеп жасына дейінгі балалардың өзара іс - әрекетінің әлеуметтік дағдыларын дамытудың шарттары ретінде қарастырылады. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларда икемді дағдыны дамытудың теориялық негіздерін толықтыра түседі.

Зерттеуші М.Пао тұлғалық мінез - құлық көзқарасы тұрғысынан икемді дағдыны өзін - өзі танытудың ең қолайлы, әрі дұрыс тәсілі ретінде анықтайды [8]. Ол көп жағдайда жеке тұлғаның типтік ерекшеліктеріне, өзіндік көзқарастарына, мінез - құлық үлгілеріне байланысты. Сондай-ақ автор soft skills –ті тиімді қарым қатынас, өзін реттеу, өзін ұйымдастыра алу, уақытты дұрыс басқару, келіссөздер жүргізе алу, көшбасшылық, жанашырлық таныту, оқу, шешім қабылдау сияқты дағдыларды дамытудағы қажетті дағдылар жиынтығын қамтитынын атап көрсетті. Келесі осы мәселе төңірегінде өзінің зерттеулерін арнап жүрген ғалым Ж.Диакью М.Паоның интерпретациялауын толықтыра отырып, soft skills позитивті тұлғаралық қатынастарды құру, құрдастарымен, ересектермен өзара әрекеттесу, өзін тану, өз эмоциясын басқара алу, тапсырмаларды орындау сияқты қабілеттерін көрсететінін сипаттады [9].

Кейінгі заманауи зерттеулерде soft skills- тің негізгі көрсеткіші ретінде эмпатияға баса назар аударылады. Бұл тұрғыда Л.Байрами мен М.Гордан сынды ғалымдар эмпатияны инклюзивті және де бейбіт қоғамды қалыптастыруға және зорлық – зомбылық деңгейін төмендетуге әсер ететін негізгі маңызды дағды ретінде көрсетеді [10]. Авторлар бұл қажетті сапаны дамытуды дамудың ерте кезіңінен бастау қажеттілігін баса айтады.

Материалдар мен әдістер. Soft skills пен Hurd skills арақатынасы жөніндегі пікірталас аумағындағы білім беру бағдарламаларында мәдени және әлеуметтік әр түрлілігіне, әмбебап құндылықтарына құрметпен қараудың арасындағы теңдіктің қажеттілігіне зейін қояды [11]. Осы контексте soft skills әр түрлі көзқарастардағы адамдардың үйлесімді өмір сүрудің құралы ретінде қамтамасыз етілуі бойынша қарастырылады. Бірқатар зерттеушілер осы тұрғыда цифрлық ақпаратпен жұмыс істеудің дағдыларын интерпретациялай отырып, икемді дағдыны дер кезінде дұрыс қолданудың маңыздылығын атап өтіп, әлеуметтенудің негізгі шарты ретінде көрсетеді [12].

Қазіргі кезде маңызды болып табылатын soft skills дағдысының педагогикалық және психологиялық аспектілерін тереңірек ұғынудың түрлі әдістері белгіленген. Бірталай зерттеушілер оларды әлеуметтік дағдылар тобына қосады, оларға басқару қабілеті, шешімділік, жетістікке ұмтылу, төзімділік, табандылық жатады деп санайды. Осы ретте орыс ғалымдары үш компонентті модельді әзірлейді, соған сәйкес soft skills белгілі бір контексті, технологияларды, мотивацияны және әрекет алгоритмдерін қамтыды.

«Кәсібиліктен асатын» дағдылардың маңыздылығы ретінде икемді дағды түсінігін талдауда ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде ортақ нәрсе байқалады. Мәселен, зерттеуші ресейлік Шайхутдинова Х.А бұл дағдыларды меңгеру оқуда және кәсіби ортада нәтижелікке, табысқа, өнімділікке әсер етеді деп көрсетеді [14]. Қазіргі білім заманауи талаптарға сай жүруі керек, яғни мектепке дейінгі кезеңнен бастап жоғары кәсіби деңгейге дейін қалыптастырылуы шарт. Қазірде ірі компаниялар жұмыс берушілерінің сұранысына қатысты креативті тұрғыда жұмыс жасай алатын, сыни ойлауы дамыған, коммуникацияға тез түсе алатын, адамдармен ортақ тіл табыса отырып жұмыс істей алатын, бір сөзбен айтқанда икемді дағдысы қалыптасқан тұдғалар қажет.

Soft skills түсінігіне ұқсас «4 К» ұғымы да кеңінен қолданыста, оған сын тұрғысына ойлау, креативтілік, ынтымақтастық, коммуникативтік жатады. Мұндай дағдысы дамыған тұлға күрделі міндеттерді шешуге көмектеседі. Сыни тұрғыдан ойлау кез - келген маңызды ақпараттарды талдауға және оны бағалауға көмектессе, креативтілік қандай да бір міндеттерді шешуге жаңа көзқарас дайындауға әсер етеді, мәселеге жаңа қырынан қарауға көмек береді. Коммуникативтік дағды мен ынтымақтастық болса командылық жұмысты құруға, бір - бірімен түсініп жұмыс атқаруға, бастама көрсетуге, команда мүшелерін міндетті шешуге тартуға көмектеседі [15] .

Жалпы алғанда, soft skills – кең, көп қырлы дағдылар жиынтығы. Біздің зерттеуміздегі мектепке дейінгі контексте бұл термин «қолшатырлы» ұғым сипатына ие, оның құрылымы әлі де болса жеткілікті деңгейде анықталмаған. Бұл мәселеге сәйкес ерте балалық шақтағы зерттеулер қатары белсенді қалыптасу кезеңінде болғанымен, ғылыми әдебиеттерде оларды жүйелеу әрекеттері жалғасуда. Осы тұрғыда, зерттеуші C. Succu [16] жұмыспен қамту және жоғары білім үшін әзірленген, бірақ мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де қолданыста болатын икемді дағды таксономиясын ұсынды. Автордың бұл жіктемесінің аясында тұлғалық, әлеуметтік және әдістемелік сияқты үш дағдылар тобы бөлінеді. Тұлғалық икемді дағды баланың жеке сипаттамаларымен, атап айтқанда жауапкершілік, стресске төзімділік, табандылық, әлеуметтік – басқалармен өзара әрекеттесумен (командалық жұмыс, келісу дағдысы, көшбасшылық), әдістемелік – проблемаларды шешу әдістерін қолданумен, стратегиялармен байланысты. Бұл аталған дағдылар баланың ерте дамуына тікелей маңызды деп айта аламыз.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларда икемді дағдыларды дамыту балалардың эмоцияларын басқаруға, жаңа жағдайларға жеңіл бейімделуге, қарым - қатынас мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді.

Кесте 1. Soft skills ұғымын ғылыми зерттеулердегі анықтау тәсілдері

Зерттеуші авторлар	Терминдер	Негізгі аспектілер
М.Уотс, Р.Уотс	Soft skills	Коммуникация мен мінез- құлыққа бағытталған Hard skills-ке қарама қарсы дағды
Д.Эльвин	XXI ғасыр дағдылары	Сыни ойлау, креативтілік, коллоборация. коммуникация
Ж. Софиель	Тұлғалық қасиеттер, негізгі сауаттылықтар, құзыреттер	Әлеуметтік және тұлғалық қасиеттер, балалық сауаттылық.
Дакворт	Табандылық	Жетістікке жетудегі тұрақтылық
Diakiw	Икемді дағды	Позититві қары қатынас, өзін - өзі реттеу, тапсырманы орындау
Л.Баурани, М.Гордон	Эмпатия- икемді дағды ретінде	Жанашырлық таныту, бейбіт және инклюзивті орта
Глаксон, Коста және Каллик	Ойлау әдеттері және оқу дағдылары	Танымдық икемділік, жауапкершілік, рефлексия
Телеско, Оперти және Амадио	Көлденең құзыреттер	
De Haan, Kaiper & Ptjpers	Әлеуметтік оқыту процестері	Әрекетті бағалау, рефлексия арқылы дағыдаларды қалыптастыру
Rao	Әдеуметтік қолайлы өзін таныстыру	Тұлғааралық өзара әрекеттер, уақытты басқару, әлеуметтік жағдайды түсіну
Suggi C	Әлеуметтік, тұлғалық және әдістемелік икемді дағды	Әлеуметтік қарым - қатынас, тұлғалық қасиеттер,
Л. Яна	Qi-skills	Мен, біз, неге, ерік, қозғалыс, берлестік сияқты әлеуметтік даму өлшемдері
Роблс. Р.	Бизнес ортасындағы икемді дағдылар	Адалдық, коммуникация, жауапкершілік, бастамашылдық
Heckman & Kants	Бейтанымдық дағдылар	Өзіндік бақылау, мінез-құлық аспектілері, табандылық, әлеуметтік жауапкершілік
OECD	Эмоциялық және әлеуметтік дағдылар	Мақсатқа бағытталу, эмоциялық интеллект, өзін реттеу, тұрақтылық, бірлестік
Wjrld Economic Forum	XXI ғасыр дағдылары	Сыни ойлау, креативтілік, коллобарция, коммуникация, көшбасшылық

Мектеп жасына дейінгі ересек топтағы төрт жастағы балаларда икемді дағдыларды дамыту және қалыптастыру – ұйымдастырылған іс - әрекет арқылы, яғни ойынмен кіріктірілген мақсатты педагогикалық үрдіс негізінде жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбиелеу контекстінде педагогикалық әдістемелік үрдістер ересек жастағы балалардың тұлғалық, танымдық, коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік дағдыларын дамыта түсетін әдістемелік - ұйымдастырушылық, мазмұндық және үдерістік факторлар жүйесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар бұл факторлар икемді дағдыларды дамыту және қалыптастыру үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде бірлескен іс- әрекет негізінде, педагогикалық шарттарға негізделе отырып ұйымдастырылған іс - әрекет арқылы жүзеге асады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда икемді дағдыны дамытудың негізгі педагогикалық шарттарының бірі – төрт жастағы балалардың бірлескен әрекеті, ортақ шешім шығара білетін, ұйымдасқан нәтижелі әрекеті. Әрекеттің мұндай түрі, коммуникация дағдыларын, ынтымақтастық дағдыларын, танымдық дағдыларын, әлеуметтік – эмоциялық дағдыларын дамытуға негізделеді және бірлескен іс – әрекет барысында жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, бастамашылдық пен іс – әрекеттің нәтижесін ортақ көруге ықпал етеді.

Осы үдерісте мектеп жасына дейінгі ересек жастағы бала әрекет барысындағы рөлдерді тиісінше келісімге келе отырып бөлісуі және жасалатын әрекеттер тізбегін бірлесіп жасауы, жобалауы - әлеуметтік нормалар мен қарым -қатынас ережелерін меңгертеді, бұл икемді дағдыны (soft skills) дамытудың маңызды алғышарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын дамытудың тағы да бір маңызды шарты – балалардың бірлескен әрекетін, яғни топтық жұмысты фасилитациялау (топтық жұмысты ұйымдастырып жүргізу). Бұл мектеп жасына дейінгі педагогтің кәсіби ұйымдастыру әрекетіне, яғни педагогтің ұстанымына, ұйымдастырушылығы мен үйлестірушілігіне байланысты рөль атқарады. Демек педагогтің фасилитациялық әрекеті мектеп жасына дейінгі ересек жастағы бала үшін эмоционалды күйге, ынтымақтастықты жетілдіруге және топтағы әр бала үшін жасаған іс -әрекеттің табысты нәтижесін көрсетеді. Бұл әрекет педагогикалық қарым -қатынас белсенділігін жетілдіреді, өзін -өзі реттеу дағдыларын дамытады және рефлективті дағдыларды қалыптастырады. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі ересек топ балалары өз әрекеттерін және оның бірлесіп жасалу маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Бұл бала бойындағы жауапкершілік сезімі мен эмпатияны дамытуға септігін тигізеді.

Ересек мектепке дейінгі балаларда икемді дағдыны(soft skills) дамытудың педагогикалық алғышарты - бірлескен іс -әрекеттің әртүріне жағдайында мүмкіндік беретін - дамытатын заттық -кеңістік ортаны құру жағдайы болып табылады. Орта мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың қарым – қатынасын ынталандыруға, жауапкершілікті сезінуіне, бастаманы қолдауға, әрекетті белсендіруге мүмкіндік беруі керек. Дамытушы орта қоршаған ортадағы кеңістікті ұйымдастырумен қатар, бірлескен іс-әрекетке ынталандыратын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар, аудио, видео таспалар, көркем бейнелерден және т.б тұрады. Осылардың барлығы баланың бойында икемді дағды(soft skills) дамытудың маңызды компоненттері.

Келесі педагогикалық шарттың бірі – мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс-әрекетті барысында әлеуметтік эмоционалды ингеграциялау. Балалардың бірлескен іс-әрекеті эмоциялық күйлерді, эмпатия, эмоционалды интеллект, өзін -өзі тану, өзін -өзі түсіну, өзін - өзі анықтау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайлар тікелей ұйымдастырылған іс-әрекетте немесе одан тыс уақытта икемді дағдыны(soft skills) дамыту үрдісі барысында жүзеге асады.

Теориялық негізгі анықтау мәселесінде, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыны(soft skills) дамыту, өзара әректтесу, ынтымақтасу, өзін - өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген педагогикалық алғышарттарды құруды қажет етеді деген қортынды жасауға болады. Демек, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларда икемді дағды(soft skills) дамыту прцессуалдық сипатқа ие және ол балалардың өззара әректтесуі мен бірлескен іс -әрекет арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, бұл мәселенің маңыздылығы икемді дағдыларды дамытуды ерте, яғни мектепке дейінгі жаста, баланың дамуының сезімталдық кезеңінде қарастырылуында. Бұл мәселе, мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуде баланың әлеуметтік, коммуникативтік, эмоционалдық, танымдық дағдыларын дамыта отырып, баланың болашақ мектепте оқуына, бейімделуіне, қарым -қатынасына оң ықпал етеді.

Бірлескен іс-әрекет мектеп жасына дейінгі баланың топтағы қарым -қатынасына, топтағы әрекет ету дағдыларының дамуына мүмкіндік беретін икемді дағдыны дамытудың жетекші контексті болып табылады. Ал бұл үрдістің тиімділігі мен маңыздылығы, аталып өткен педагогикалық шарттарға байланысты, бұл оның теориялыұ және практикалық негіздеу қажеттілігін өзектендіреді.

Зерттеу аясында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) бірлескен іс -әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау және талдау, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде қалыптасу деңгейін зерттеу міндеті қойылды.

Зерттеу жұмысы кешенді сипатта, ғылыми әдебиеттерге теориялық – әдіснамалық талдау жүргізуді және мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) қалыптастыру деңгейін диагностикалауға бағытталған тәжірибелік жұмысты қамтиды.

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде икемді дағды(soft skills) мәселесіне және оны дамыту, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі ересек жастағы (4 жас) балалардың өзіндік ерекшеліктеріне, атап айтқанда әлеуметтік – коммуникативтік және эмоциялық даму ерекшеліктеріне

арналған ғылыми еңбектерге, теориялық - әдіснамалық талдаулар жүргізілді. Зерттеу әдістері бойынша анализ, синтез, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды. Қолданылған әдістәсілдер икемді дағды(soft skills) түсінігі мен мазмұнын, ғылыми көзқарастар мен түсініктер және бірлескен іс -әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің екінші кезеңінде, эксперименттік диагностика жүргізілді. Ол мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдының(soft skills) құрамдас бөліктерінің дамуына бағытталды. Эксперименттік зерттеу жұмысы Алматы қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, атап айтқанда Медеу ауданына қарасты №156, №109 бөбекжай балабақшаларында жүргізілді.

Зерттеу жұмысына екі топ алынды.

Бірінші топ – бақылау тобы, №109 бөбекжай - балабақшасының, ересек «Қошақан» тобында тәрбиеленетін 4 жастағы 51 бала құрады.

Екінші топ - эксперименттік топ, №156 бөбекжай - балабақшасының, ересек «Ертарғын» тобында тәрбиеленетін 4 жастағы 55 бала құрады. Зерттеу жұмыстары басталмас бұрын, ересек топ балаларының ата – аналарынан(заңды өкілдер) келісім, сондай ақ мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінен рұқсат алынды.

Зерттеу мақсаты – ересек мектепке дейінгі балаларда икемді дағды(soft skills) бірлескен іс-әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау және теориялық негіздеу болып табылады.

Эксперименттік зерттеу аясында мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларды зерттеуге арналған төмендегідей диагностикалық зерттеу әдістемелері іріктеліп, таңдалынды. Әдістемелердің негізіг ерекшеліктері мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық ерекшеліктерін, эмоциялық күйін түсіну қабілетін анықтауға негізделген.

1. Г. Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі, бұл әдістеменің мақсаты, мектеп жасына дейінгі балалардың бір - бірімен әрекеттесу, келісу бейімділігін және коммуникативтік дағдыларын анықтау

2. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының бірлескен іс- әрекетін бақылау арқылы, олардың коммуникативтік, эмоциялық дағдыларының бірлескен іс- әрекетте көріну ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында қолданылған диагностикалық зерттеу әдістерін таңдау мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының, яғни 4 жас мөлшеріне лайықталып таңдалынды.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу жұмысында алынған көрсеткіштер икемді дағдының(soft skills) даму деңгейін анықтау, сонымен қатар балалардың бірлескен іс -әрекет жағдайында, дамытуға негізделген педагогикалық шарттардың тиімділігін нақтылау мақсатында сапалық, сандық талдау жасалды.

1- суретте және 2 - кестеде Г. Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштер бейнеленген



Сурет 1 Әдістемеден алынған нәтижелер

Тәжірибелік зерттеу мәліметтері бойынша икемді дағдының даму көрсеткіштерін анықтау, оның бірлескен іс-әрекетте дамытуға негізделген педагогикалық шарттардың тиімділігін талдау мақсатында талдау жасалынды

Кесте 2 – Г.Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша жиілік талдау көрсеткіші (%)

Коммуникативтік дағдылары	
Жоғары деңгей	*67,5*
Орташа деңгей	*13,4*
Төменгі деңгей	*19.1*

Кестеде мектепке дейінгі ересек жастағы (4 жас) балалардың коммуникативтік дағдыларының орташа сандық көрсеткіштері берілген. Кестедегі, суреттегі көрсеткіштер бойынша, талдау жасайтын болсақ, ересек жастағы балалардың басым бөлігі (*67,5%*) жоғарғы деңгей көрсеткен. Бұл деңгейдің орташа арифметикалық мәні 2,7 балға сәйкес бола отырып, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен әрекетте алдымен қолғаптың өрнегін талқылайды, әртүрлі нұсқалармен талдаулар жасайды, түстерді бірлесіп, ақылдасып талдайды. Соңында келісілген, жоспарланған, бірлескен жұмыс жүзеге асырылады.

Топтағы балалардың 13,4% -ы коммуникативтік дағдылардың орташа көрсеткішімен анықталған. Бұл көрсеткіш қолғаптың кейбір белгілерінің(реңі, оюлары, пішіні) ұқсастық белгілерінің арасында алшақтықты көрсетеді. Сонымен қатар топтағы қалған балалар, яғни 19.1% коммуникативтік дағдылардың төменгі көрсеткішімен, сандық талдаулар көрсеткен. Төменгі көрсеткіш көрсеткен балалар бірлескен әрекетке бағытталмайды, әрқайсысы өз беттерімен, ортақ шешім жасау дағдыларының көрсеткішінің төмендігін байқатқан. 2 -суретте орташа және төменгі көрсеткіштер бейнеленген.



А Б

Сурет 2. Коммуникативтік дағдының орташа және төменгі деңгейлері

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде, зерттеу жұмысының сандық өңделуі бойынша, параметрлік емес статистикалық өңдеу әдістері – М.Уитни U-критерийі, Спирмен корреляциялық талдау жасалды.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларының (soft skills) даму көрсеткіштері 3 -кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Ересек жастағы мектепке дейінгі балалардың икемді дағдыларының(soft skills) даму көрсеткіші

Топтар	*Бала саны*	*Комуникативтік дағды*	*Эмоц.интеллект*	*Әлеуметтік реттеушілік дағды*
№109 б/б (БТ)	*51*	*3,6*	*3,3*	*3,4*
№156 б/б (ЭТ)	*55*	*4.3*	*4,1*	*4,2*

Ескерту: 1-5 (1-төменгі көрсеткіш, 5-жоғарғы көрсеткіш)

Кестедегі салыстырмалы көрсеткіш бойынша талдайтын болсақ, №156 бөбекжай балабақша (ЭТ) ересек топ балалары, №109 бөбекжай балабақша (БТ) ересек топ балаларына қарағанда коммуникативтік, эмоционалды интеллект және әлеуметтік – реттеушілік дағдыларының жоғары көрсеткішін көрсеткен. Бұл бірлескен іс -әрекетке арнайы педагогикалық шарттардың икемді дағдыларды(soft skills) дамытуға тиімділігін көрсетеді.

Спирмен корреляциялық талдау негізінде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс-әрекетке қатысу жиілігі мен икемді дағды(soft skills) компоненттерінің даму деңгейі арасындағы оң, маңызды байланыс бар екендігі анықталды. ($r = 0,51–0,64$; $p < 0,04$).

Манн – Уитни критерийі бойынша 2 топ арасында айырмашылық барлық көрсеткіш негізінде, статистикалық мәнділігі анықталды. ($p < 0,06$).

Зерттеу көрсеткіштері теориялық - әдіснамалық талдаулардың дәлелдемелік тұжырымдамаларын растайды. Сонымен қатар бірлескен әрекетте мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдылары(soft skills) дамитындығын дәлелдейді. Балалар бірлескен әрекеті, яғни ойын барысында, қарым -қатынаста коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік реттеушілік дағдылары дамуына мүмкіндіктер жасалады. Алынған деректер, шетелдік зерттеулермен сәйкес келеді (Diakiw, 2016; Bayrami & Gordon, 2017). Бұл еңбектерде, икемді дағдылары(soft skills), дәстүрлі білім беру hart skills -ке қарағанда жаңа ортаға тез бейімделуге, коммуникативтік дағдының қалыптасуына, эмоционалдық өзара әрекеттесу мен ынтымақтастыққа негізделген мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, мектепте оқуға педагогикалық - психологиялық дайындығын арттырады.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы тек Алматы қаласындағы екі бөбекжай балабақшасында жүргізілді. Келешекте зерттеу жұмысына байланысты, бірлескен әрекетте икемді дағдыны дамытудың кеңейтілген зерттеу кешендері жасалып, зерттеу жұмыстары жалғасын табады.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының теориялық талдануы мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) бірлескен әрекетте дамыту арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттарға негізделген мақсатты және жүйелі үрдіс екендігін анықтаға мүмкіндік берді. Негізгі шарттардың қатарына, балалардың бірлескен әрекеті, ортақ шешім шығара білетін, ұйымдасқан әрекет, топтық жұмысты фасилитациялау (топтық жұмысты ұйымдастырып жүргізу), бірлескен іс -әрекеттің әртүріне жағдайында мүмкіндік беретін - дамытатын заттық -кеңістік ортаны құру жағдайы, Келесі педагогикалық шарттың бірі – мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс- әрекетті барысында әлеуметтік эмоционалды ингеграциялау. Осы көрсетілген педагогикалық шарттарды жүзеге асыру баланың әлеуметтік өзара әректтесуге, қарым – қатынас дағдыларын дамытуға, коммуникативті дағдыларын реттеуге ықпал етеді.

Эмпирикалық зерттеулердің көрсеткіштері мен нәтижелері анықталған педагогикалық шарттардың қажеттілігі мен тиімділігін растады. Ұйымдатырылған іс -әрекет барысында, бірлескен әрекетте эксперименттік топ балалары бақылау тобына қарағанда коммуникативтік, эмоционалдық және әлеуметтік реттеушілік дағдыларының жоғарғы деңгейінің көрсеткіштері анықталды. Бұл мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағды(soft skills) құрал ретінде бірлескен әрекетте айтарлықтай маңыздылығын көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде икемді, жқмсақ дағдыларды дамыта отырып, қалыптастыру, баланың жаңа ортаға әлеуметтенуіне, ынтымақтастық қабілетті-

лігінің дамуына, эмоционалды интеллектісінің дамуына, мектепте оқуына дайындығына оңтайлы әсер етеді.

Қортындылай келе, зерттеу нәтижесі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағды (soft skills), бірлескен әрекет мәселесінің мәні мен ерекшелігі туралы теориялық түсініктер анықталып, жүйеленді. Педагогикалық ұсынылған шарттар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалармен жасалатын бірлескен іс - әрекеттерінде, әдістемелік ұсыныстарында, ата - аналармен жасалатын оқу -әдістемелік жұмыстарында қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137 14.08.22.

2. Суччи С., Канови М. Гибкие навыки для повышения трудоустройства выпускников: Сравнение мнений студентов и работодателей. Исследования в области высшего образования. 2020; Т. 45, № 9: 1834–1847. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016.

3. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016. – URL: https://www.weforum.org/agenda/2016/03/21st-century-skills-future-jobs-students (дата обращения: 26.11.2025).

4. Duckworth A. Grit: The power of passion and perseverance. – New York : Simon & Schuster, 2016. – 352 p.

5. Claxton G., Costa A., Kallick B. Hard thinking about soft skills // Educational Leadership. – 2016. – Vol. 73, № 6. – P. 60–64.

6. Jana L. The toddler brain: Nurture the skills today that will shape your child's tomorrow. – MA : Da Capo Lifelong Books, 2017. – 320 p.

7. Еркебаева С.Ж. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту : дис. … пед. ғыл. канд. – Алматы, 2023. – 160 б.

8. Rao M. Myths and truths about soft skills // T+D Talent Development. – 2012. – Vol. 66, № 5. – P. 48–51.

9. Diakiw J. Good for kids, good for us: Socio-emotional skill development in the early years [Электронный ресурс] // Our Schools Our Selves. – 2016. – Vol. 25, № 2. – P. 39–46. – URL:

10. Bayrami L., Gordon M. Lighting the footpath to a peaceful future: The roots of empathy program // Exchange. – 2017. – № 234. – P. 8–11.

11. Tedesco J., Opertti R., Amadio M. The curriculum debate: Why it is important today // Prospects. – 2014. – Vol. 44, № 4. – P. 527–546.

12. De Haan J., Kuiper E., Pijpers R. Young children and their digital skills in the Netherlands // International Journal of Media & Cultural Politics. – 2011. – Vol. 6, № 3. – P. 327–333.

13. Жадько Н.В., Безруких М.М. Формирование «мягких» навыков в профессиональном обучении [Электронный ресурс] // Профессиональное образование. Столица. – 2011. – № 8. – С. 14–15. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=16550458 (дата обращения: 15.11.2025).

14. Шайхутдинова Х.А. Формирование soft skills в процессе подготовки студентов к успешной профессиональной деятельности [Электронный ресурс] // Поволжский педагогический вестник. – 2020. – Т. 8, № 2(27). – С. 99–106. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44141331 (дата обращения: 15.11.2025).

15. Богдан Е.С. Развитие soft skills как важный компонент формирования компетенций конкурентоспособных выпускников инженерных направлений [Электронный ресурс] // Вестник Евразийской науки. – 2019. – Т. 11, № 3. – С. 1–7. – URL: https://esj.today/24ecvn319.html (дата обращения: 16.11.2025).

16. Succi C. Soft skills for the next generation: Toward a comparison between employers and graduate students' perceptions // Sociologia del Lavoro. – 2015. – № 137. – P. 244–256.

17. Hladun L., Shyshak A., Rudenskyi R., Tirpák P., Akimjak A., Moh'd Mansour A. Theatrical Activity as a Means of Forming Soft Skills in Senior Preschoolers // Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Vol. 16, № 1. – P. 739–753. – DOI: https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.739.753.

References:

1. Mektepke dejingi tərbieleu men oқytudy damytu modeli https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137 14.08.22.

2. Suchchi S., Kanovi M. Gibkie navyki dlya povysheniya trudoustrojstva vypusknikov: Sravnenie mnenij studentov i rabotodatelej. Issledovaniya v oblasti vysshego obrazovaniya. 2020; T. 45, № 9: 1834–1847. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Elektronnyj resurs]. – 2016.

3. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016. – URL: https://www.weforum.org/agenda/2016/03/21st-century-skills-future-jobs-students (дата обращения: 26.08.2024).

4. Duckworth A. Grit: The power of passion and perseverance. – New York : Simon & Schuster, 2016. – 352 p.

5. Claxton G., Costa A., Kallick B. Hard thinking about soft skills // Educational Leadership. – 2016. – Vol. 73, № 6. – P. 60–64.

6. Jana L. The toddler brain: Nurture the skills today that will shape your child's tomorrow. – MA : Da Capo Lifelong Books, 2017. – 320 p.

7. Erkebaeva S.Zh. Zhaңartylғan bilim mazmұny zhaғdajynda mektepke dejingi eresek zhastaғy balalardyң kommunikativtik daғdysyn damytu : dis. … ped. ғyl. kand. – Almaty, 2023. – 160 b.

8. Rao M. Myths and truths about soft skills // T+D Talent Development. – 2012. – Vol. 66, № 5. – P. 48–51.

9. Diakiw J. Good for kids, good for us: Socio-emotional skill development in the early years [Elektronnyj resurs] // Our Schools Our Selves. – 2016. – Vol. 25, № 2. – P. 39–46. – URL: https://diakiwsdigest.wordpress.com/2016/02/11/good-for-kids-good-for-us/ (data obrasheniya: 26.08.2024).

10. Bayrami L., Gordon M. Lighting the footpath to a peaceful future: The roots of empathy program // Exchange. – 2017. – № 234. – P. 8–11.

11. Tedesco J., Opertti R., Amadio M. The curriculum debate: Why it is important today // Prospects. – 2014. – Vol. 44, № 4. – P. 527–546.

12. De Haan J., Kuiper E., Pijpers R. Young children and their digital skills in the Netherlands // International Journal of Media & Cultural Politics. – 2011. – Vol. 6, № 3. – P. 327–333.

13. Zhadko N.V., Bezrukih M.M. Formirovanie «myagkih» navykov v professionalnom obuchenii [Elektronnyj resurs] // Professionalnoe obrazovanie. Stolica. – 2011. – № 8. – S. 14–15. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=16550458 (data obrasheniya: 15.11.2025).

14. Shajhutdinova H.A. Formirovanie soft skills v processe podgotovki studentov k uspeshnoj professionalnoj deyatelnosti [Elektronnyj resurs] // Povolzhskij pedagogicheskij vestnik. – 2020. – T. 8, № 2(27). – S. 99–106. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44141331 (data obrasheniya: 15.11.2025).

15. Bogdan E.S. Razvitie soft skills kak vazhnyj komponent formirovaniya kompetencij konkurentosposobnyh vypusknikov inzhenernyh napravlenij [Elektronnyj resurs] // Vestnik Evrazijskoj nauki. – 2019. – T. 11, № 3. – S. 1–7. – URL: https://esj.today/24ecvn319.html (data obrasheniya: 16.11.2025).

16. Succi C. Soft skills for the next generation: Toward a comparison between employers and graduate students' perceptions // Sociologia del Lavoro. – 2015. – № 137. – P. 244–256.

17. Hladun L., Shyshak A., Rudenskyi R., Tirpák P., Akimjak A., Moh'd Mansour A. Theatrical Activity as a Means of Forming Soft Skills in Senior Preschoolers // Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Vol. 16, № 1. – P. 739–753. – DOI: https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.739.753.

МРНТИ 14.35.35 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.031

Н.Н. Тилеубаева, [1*] *Г.Г. Жусупбекова,* [2] *О.А. Смирнова,* [2] *Б.Кенджаева* [3]

[1] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан*
[2] *Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан*
[3] *Халықаралық туризм және мейманджостық университет, Түркістан қ., Қазақстан*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН МУЗЫКАЛЫҚ-ОЙЫН ӘРЕКЕТІ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа

Ерте жастағы балалардағы сөйлеу тілі дамуының тежелуі (СТДТ) – заманауи логопедия ғылымының көкейкесті мәселелесіне айналып отыр. Ерте жастағы балалардың 20% қаратпа айтылған сөйлеу тілін түсінуде және өздігінен сөйлеуде біршама қиындықтар көреді. Бұл саладағы халықаралық ғылыми-эксперементтік зерттеулердің нәтижелері бала бойындағы нейропсихологиялық дисфункцияларды, сенсорлық интеграцияның бұзылуларын және оның жағымсыз сөйлеу тілі ортасын басты себеп ретінде белгіледі. Сонымен бірге бұрыннан қолданып келе жатқан көру және есту арқылы қабылдау әдісі қазіргі кезде сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсеруде тиімділігі төмен екенін айқындады. Қазақстандық ғалым- арнайы білім беру саласының ірі маманы А.К.Жалмұхамедова ерте көмек көрсету бағытында жүргізген өз зерттеулерінде дұрыс аңғарым жасау, дер кезінде түзету жұмыстарын бастау, ата-аналарды педагогикалық процеске кіріктіру және педагогикалық-психологиялық қолдауды кешенді түрде ұйымдастыру қажеттілігін атап көрсетті [1, 38-б.].

Зерттеу өзектілігі сөйлеу тілі дамуындағы тежелісі бар балалардың саны күрт өсуі мен ерте араласу жүйесін жетілдіру қажеттілігіне сүйенеді. Қазіргі кезде логопедия дәстүрлі әдістермен шектеліп қалмай, өзінің әдістемелік қоржынын заманауи технологиялармен толықтыруда. Осы орайда мультисенсорлық тәсіл ерекше тиімділігімен және кешенді ықпалымен басты орын иеленуде. Бұл тәсіл арқылы ағзаның бірнеше талдағыштары (есту, көру, сипап сезу, дәм және иіс сезу, қозғалыс) бір мезгілде белсендендіріледі, нейробайланыстар нығайта түсіріледі [2, 35-б.].

Материал мен әдістер. Мультисенсорлық тәсілдің ғылыми-әдіснамалық негіздері Мария Монтессоридің еңбектерінен бастау алады және қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде өз жалғасын табады. Танымал автор А.Айрестің [4, 37-б.] сенсорлық интеграцияға арналған еңбектерінде түрлі сенсорлық жүйелердің үйлесімді бірігіп жұмыс істеудің нәтижелігі мен оңтайлығы атап көрсетілген. Шейвицпен оның әріптестері бірлесе отырып жүзеге асырған функционалды МРТ-зерттеулері мультисенсорлық ықпал ету кезінде бас мидің бернеше аймақтары өзара нейрондық байланыс орнатып, белсенді жұмыс атқаратынын айқындады. Басқа зерттеулер [4, 23-б.] ерте жас балалардың сөйлеу тілі қызметі түрлі талдағыштардан тараған сигналдарды біріктіру және іске қосу арқылы қалыптасатынын анықтады. Кең танымал пікірге сәйкес 1-1,5 жас аралығында бүлдіршіндер сөйлеушінің бет-әлпетіне қарай отырып, оның ауыз қимылдарынан дыбыстау ерекшеліктерін меңгереді екен.

Мультисенсорлық ықпал етудің іргетасына американдық ғалым-зерттеуші, психолог Г.Гарднер ұсынған жан-жақты ақыл-ой теориясы да (есту, көру, қимыл-қозғалыс қызметтерінің жұмылуы) жатады [5, 40-б.]. Сөйлеу тілі дамуын оңтайландыру жолында, ойып тұрып орын алатын, А.Айрестің сенсорлық интеграция туралы идеясы сенсорлық жүйелердің өзара тығыз үйлесімін меңзейді [4, 27-б.].

Ресей логопедиясының белгілі маманы, атақты ғалым Р.Е. Левина өзінің ғылыми еңбектерінде сөйлеу тілі дамуының толыққанды болуына кешенді ықпал ету қажеттілігін түсіндіреді. Соның ішінде сау анализаторлардың сөйлеу тілі дамуының тежелуін еңсерудегі ынталандырушы тұрғыдағы рөлін ашып айтады. Сондай-ақ, Р.И. Лалаева мен Н.В. Серебрякова сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен түзету жұмысын жүргізу барысында көру және сипап-сезу қызметтерін

қолданудың жағымды әсері мен тиімділігін өздерінің тәжірибелік зерттеулерінде дәлелдеген [6, 56-б.]. А.Р. Лурияның ұсынған нейропсихологиялық тәсілдері сөйлеу тілі қызметін моторлық және сенсорлық реттеуші түйінінен бастау алып, даму үдерісін іске қосады [7, 48-б.].

Осы зерттеліп отырған тақырыпты ашу үшін арнайы әдебиеттерге шолу жасалды. Теориялық тұрғыдан мультисенсорлық тәсілдің ғылыми-әдіснамалық негіздемесі жан-жақты берілгені анықталды. Дегенмен, ерте жастағы балалармен жұмыс істеу кезіндегі тиімділігін арттыруға арналған эксперименттік зерттеулердің жеткіліксіз екені белгілі болды. Қарастырылған зерттеулердің басым бөлігі сипаттама ғана беріп, теориясын ашып көрсетеді. Практикалық жағын зерттеген эксперименталды еңбектер жоқтың қасы.

Нәтижелер мен талқылау. Біздің зерттеуіміз ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсеру үшін мультисенсорлық тәсілге негізделеді, баланың жас ерекшелігі мен психофизикалық даму мүмкіндіктерін ескеретін кешенді логопедиялық-педагогикалық жүйені құрудың қажеттілігіне негізделеді. Бұл тәсіл барлық сенсорлық арналары арқылы танымдық, эмоционалдық және сөйлеу процестерін оңтайландыруға бағытталған ерекше әдістеме деп түйіндеуге болады. Себебі, материалдық-ұйымдастыру және педагогика тұрғысынан біртұтас үйлесімін қарастырады және сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсереді. Зерттеулерде көрсетілген бес сезім мүшесі ғана іске қосылады деп шектеу дұрыс емес. Ағзаның есту, көру, сипап сезу, иіс сезу және приоперцепия қызметтерімен қатар эмоцияны, жоғарғы психикалық үдерістерді де жұмылдыру керек. Осылай мультисенсорлық тәсіл бала бойындағы көптеген психикалық және физиологиялық қызметтерді біріктіріп, жұмыс жасауды ұйымдастырады. Көптеген шетелдік ғалым-зерттеушілер ерте жастағы баланың сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсеру барысында психикалық қызметтермен қатар физиологиялық үдерістерді бірге қосу арқылы жұмыс нәтижелігін арттыруға болады деген тұжырымдар жасады. Яғни, сезім мүшелері бірге әрекеттесе отырып, ұсынылған жаңа білік пен дағдыны жылдам әрі берік меңгеруге жағдай жасайды, жағымды іргесін құрайды. Осы орайда, логопедия саласында мультисенсорлық тәсілін қолдануын кең тарату жүйесін немесе алгоритмін құру қажеттілігі туындайды. Сонымен бірге, кәсіби тұрғыдан мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселесі де қарастырылуы қажет.

Сөйлеу тілі дамуында тежелісі бар балалар үшін әлеуметтік ортаның түрлі шулы дыбыстары, сөйлеушінің сөздерін қабылдап түсінуге едәуір кедергі жасайды. Сол себепті, осы санаттағы балалардың сенсорлық қабылдау ерекшеліктері міндетті түрде ескерілуі керек. Ерте жастан араласу кәсіби маманы балаға сыртқы сенсорлық сигналдарды дұрыс өңдеуге көмек беретін жағдай құрайды. Сөйтіп, ерте жастағы балаларды қоршаған ортаны толыққанды танып білуге ынталандырады, түрлі дереккөзден шыққан ақпаратты адекватты түрде өңдеуге үйретеді.

Зерттеу құрылымы. Бұл зерттеуде оңтайлы құрылым қолданылды. Бұл үшін елдегі кішкентай балаларда сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсеру бойынша стратегияларын мұқият талдауды және олардың тиімділігін салыстыруды қамтыды.

Деректерді жинау әдісі. Тиісті зерттеулерді анықтау үшін академиялық мәліметтер базасында мұқият іздеу жүргізілді. Зерттеудің өзектілігі рецензияланатын журналдар, конференция материалдары және Қазақстан, шетелдік ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша бағаланды. SCOPUS, Science Direct, Web of Science, Google Scholar және PubMed дерекқорлары пайдаланылды. Іздеу сұрауларына мыналар кірді: «сөйлеу тілі дамуының тежелуін еңсеру», «балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау», «сөйлеу бұзылыстарына араласу» және «сөйлеу дамуының бұзылуы». Зерттеуге 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған, сөйлеу тілі дамуының тежелуі және ілеспе даму бұзылыстары бар, сонымен қатар әдістемелерді, нәтижелерді және тиімділікті қоса алғанда, қолдау көрсету стратегияларының егжей-тегжейлі сипаттамасы бар жұмыстар енгізілді. 2018-2024 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулер енгізілді, осы уақыт аралығынан тыс жүргізілген зерттеулер алынып тасталды. Зерттеу тақырыбына сәйкес келмейтін зерттеулер (мысалы, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары және ілеспе бұзылыстар) алынып тасталды. Сонымен қатар, Қазақстанда және Еуропа елдерінен тыс жүргізілген зерттеулер енгізілген жоқ.

Деректерді талдау әдісі. Жиналған деректер үш елдегі әртүрлі қолдау көрсету ұқсастықтарын, айырмашылықтарын және шектеулерін анықтау үшін мұқият талданды. Сондай-ақ, араласу түріне тәжірибелік арнайы топтарға қатысты күшті немесе әлсіз жақтарына бағытталған салыстырмалы талдау жүргізілді.

Бұл зерттеудің нәтижелері төмендегідей айқындалды.


Сөйлеу тілі дамуында тежелісі бар 1,5-2,5 жас аралығындағы 20 баланың қатысуымен «Шаг Вперед» түзету орталығында тәжірибе өткізілді. Бұл тәжірибелік зерттеудің мақсаты-сенсорлық тәсілдің сөйлеу тілін дамытудағы тиімділігін анықтау болды. Тәжірибенің мазмұны бойынша балалар екі топқа бөлінді: тәжірибелік топтағы 10 бала ерте араласу аясында мультисенсорлық тәсіл негізінде дайындалған бағдарлама бойынша көмек алды. Ал бақылау тобындағы 10 балаға дәстүрлі логопедиялық сабақ түрінде қолдау көрсетілді.

Тәжірибе барысында қолданылған тәсіл нәтижелерін бағалау критерийлері ретінде Р.И.Лалаева мен Е.В.Мальцеваның әдістемесінде берілген нұсқаулықтарды түсіну, белсенді сөздік қоры және дыбыс айту дағдылары алынды. Ерте араласу аясында мультисенсорлық тәсіл негізінде дайындалған тәжірибелік бағдарламаға ырғақ пен сөйлеу-қозғалысты қамтыған логоритмика жаттығулары және сенсорлық кітаптар мен виброқолғаптар қосылған тактильді-аудио ойындар енгізілді. Тәжірибелік топ балалары келесідей құрылымдағы ұйымдасқан іс-әрекетке қатысты:

Кесте1 - Ұйымдасқан іс-әрекет құрылымы

Дайындық кезең	Негізгі кезең	Қорытынды кезең
сенсорлық жүйелерді белсендірту мақсатында алуан материалдармен ойын әрекеті жүзеге асты. Бұндай дайындық кезеңнің ұзақтығы 5 минут шамасында уақыт алды.	сөйлеу тілінің дамуын ынталандыру мақсатында көру, есту, сезіну және қимыл-қозғалыс дағдыларын қосу, бір мезгілде сөйлеу әрекетімен біріктіру жұмыстары орын алды. Негізгі кезеңнің ұзақтығы 20 минутқа созылды.	барысында балалар меңгерген материалды мультисенсорлық ойындармен бекітіп, ұқсас жағдаяттарда саналы түрде қолдануға машықтанды.
Осы бағдарлама бойынша ұйымдасқан іс-әрекеттің жалпы ұзақтығы – 12 апта, ал жиілігі – аптасына 3 рет болды.		

Тәжірибеге қатысқан бақылау тобындағы балаларға дәстүрлі құрылымында өтетін сабақтар қолданылды. Сөйтіп, бұл педагогикалық үдеріс үстінде есту-көру арқылы қабылдауға және артикуляциялық жаттығуларға негізделген тапсырмалар орындалды.



Сурет 1 -Тәжірибе нәтижелері (%)

Жүргізілген зерттеу соңында алынған нәтижелердің талдауы көрсеткендей, тәжірибелік топтың балалары орта есеппен 40%-ға сөздерді белсенді қолдана бастады (бер, жоқ, апай, су, доп т.с.с.); нұсқаулықтарды түсінуі балалардың 30%-да жақсара түсті; ата-аналардың бақылауы бойынша 50% бала қарым-қатынас әрекетіне өздігінен кірігіп, сөйлеуді жиі бастайтын болды.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің талдауы бақылау тобындағы балалардың сөздік қорының өсуі тек 20%-ға өскенін; ал нұсқаулықтарды түсінуі 10% жақсарғанын; қарым-қатынас әрекетінің оң динамикасы 30% ғана балада айқындады.

Тәжірибеге қатысқан екі топ арасындағы айырмашылықтарды статистикалық тұрғыдан есептеп ($p < 0.05$), соның ішінде ырғақ пен қимылды-сөйлеуді біріктіретін жаттығулар аса жоғары көрсеткіштермен белгіленді. Тәжірибелік топ балаларының 50%-ы түрлі сенсорлық ынталандыру құралдары арқылы белсенді сөйлеуге әрекеттенуі, өз қажеттілігін сөйлеу тілімен жеткізуге тырысуы оң нәтижелерге жатқызылды.

Сонымен, тәжірибе нәтижесінде тіркелген деректер мультисенсорлық тәсілдің тиімділігі туралы болжамды растады және қолдану қажеттілігін дәлелдеді. Нақты айтқанда келесі артықшылықтарын атап шығуға болады:

бірінші- нейропластикалық әсері бас мидің түрлі аймақтарының бір мезгілде жұмыла отырып, іске қосылуын қамтамасыз етеді. Осындай педагогикалық ықпалдың нәтижесінде мықты нейрондық байланыстар қалыптасады, нығаяды;

екінші - орын толтыру үдерісі, яғни сау анализаторлардың қызметі басқа сенсорлық жүйелердегі бұзылыстарды біршама толықтыруға мүмкіндік береді;

үшінші- мотивациялық әсері қолданылатын әртүрлі құралдардың арқасында ерте жастағы балалардың тапсырманы орындауға қызығушылығын арттырады және зейінін шоғырландырады;

төртінші - табиғилық ықпал болып табылатын мультисенсорлық тәсіл сөйлеу тілін меңгерудің шынайы жағдайларын бейнелейді және түзете-дамыту жұмысын икемді, гуманды қылады. Ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу тілін дер кезінде меңгерту үдерісін жеңілдетеді және үдетеді.

Қорытынды. Арнайы әдебиеттерде берілген теориялық талдау мен зерттеу барысында жүргізілген тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, ерте жастағы сөйлеу тілі дамуындағы тежелісі бар (СТДТ) балалармен түзете-дамыту жұмысында мультисенсорлық тәсілді пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге, логопедиялық қолдау тиімділігін және өнімділігін едәуір арттырады деген қорытынды жасауға болады. Өйткені, мультисенсорлық тәсілді қолдану кезінде есту, көру, сипап-сезу, қимыл-қозғалыс, преоперцептика сияқты сенсорлық жүйелер бір уақытта белсендіріледі. Сол арқылы берік және кең аймақты нейрондық байланыстар орнатылады, сөйлеу тілі қызметін іске қосылуына және ілгері дамуына ықпал етеді.

Арнайы педагогика мен балалар психологиясы саласындағы зерттеулер көбіне дәстүрлі логопедиялық әдістерді, соның ішінде артикуляциялық және есту-көру қызметтеріне арналған жаттығуларды, дидактикалық ойындарды ғана пайдаланумен шектеледі. Бұндай тәсіл сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін, ерте жастағы балалар үшін жеткіліксіз болатынын көрсетті. Осы орайда мультисенсорлық тәсіл ерте жастан араласудағы нейропсихологиялық және нейропедагогикалық қағидаларына сәйкес келеді, ұйымдасқан іс-әрекетті жүзеге асыру талаптарын да ескереді.

Болашақ зерттеулердің бағыттары. Бұл зерттеудің нәтижелері ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді және сонымен қатар жүретін бұзылыстарды еңсеру мәселелерін шешуде әртүрлі психологиялық және педагогикалық араласулардың тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, араласу стратегиялары мен олардың нәтижелерін оңтайландыру үшін қосымша зерттеулердің қажеттілігін көрсететін бірқатар олқылықтар бар.

Болашақ зерттеулердің маңызды бағыты- бұл ерте араласудың ұзақ мерзімді тиімділігін бағалау үшін жүйелі зерттеулер жүргізу қажеттілігі. Қазақстанда қаралған зерттеулердің көпшілігі қысқа мерзімді нәтижелерді ғана бағалады және кейінгі бағалауды есепке алмады. Мысалы, мультисенсорлық тәсіл балалардың артикуляциясы мен сөйлеу белсенділігін жақсартуда оң нәтиже көрсетті. Алайда ұзақ мерзімді тиімділік белгісіз болып қалды. Бұл араласуға ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізуге итермелейді. Ерте араласу тұрақтылығы туралы маңызды түсініктер алуға және шешім қабылдауға, ең жақсы нәтижеге қол жеткізуге қажетті араласу ұзақтығы мен қарқындылығы туралы мәліметтер мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеудің маңызды бағытын ашатын осы шетелдік араласу стратегияларының мәдени бейімделуін зерттеу қажет. Қарастырылып отырған тақырып аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері ерте жастағы балалардың мүмкіндігінше көп сезім мүшелерін іске қосу, түзете-дамыту жұмыстарын неғұрлым ерте бастау қажетті деп қорытындылайды. Бас миының түрлі аймақтары сенсорлық сигналдардың ықпалымен тұтас бір байланысқа бірігеді және ағзаның жалпы дамуына да жағымды жағдай жасайды. Логопедияда саласында мультисенсорлық тәсілді қолдану арқылы баланың дыбыс айтуын түзетуге, сөздік қорын кеңейтуге, экспрессивті сөйлеу тілін қалыптастыруға, сонымен бірге фонематикалық есту қабілетін жетілдіруге және белсенді түрде сөйлеу ынтасын арттыруға үлкен мүмкіндік беріледі. Сондықтан, мультисенсорлық тәсіл ерте жас баланың сөйлеу тілін дамытып қоймай, оның жалпы психикалық және эмоционалдық жағына да оң әсер етеді деген шешім жасауға әбден болады. Алынған зерттеу нәтижелері логопедиялық практикада кешенді ықпал ету және жаңа әдістерді енгізу арқылы тежелу салдарынан туындаған қиындықтарды еңсеруге болатынын көрсетті.

Сонымен, мультисенсорлық тәсіл логопедия саласында ерте араласу әдісі ретінде ең тиімді екендігі дәлеленді. Яғни, сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсеруде қолдану мүмкіндігі ғылыми тұрғыдан негізделді. Мультисенсорлық тәсілді мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымында қызмет жасайтын логопед мамандарға, сондай-ақ тәрбиешілерге кәсіби іс-әрекетінде кең қолдану үшін ұсынуға болады. Алынған зерттеудің нәтижелері балалардың сөйлеу тілі дамуындағы тежелуді еңсерудегі барлық олқылықтарды анықтауға және жоюға көмектеседі. Ең бастысы, ерте жастағы балалардың жағдайын жақсартуға неғұрлым тиімді араласу және қолдау стратегияларын енгізуге алып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалмухамедова А.К. Организационно-методические основы раннего включения детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс : автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Алматы, 2006. Стр. 66-70

2. Patricia Ruhl, Brain Mechanisms in Early Language Acquisition" (2010) - Neuron, Cambridge, MA: Cell Press, pp 59-78

3. Janet Werker, Speech Perception as a Window for Understanding Plasticity and Commitment in Language Systems of the Brain" Developmental Psychobiology, New York: Wile, 2005. pp 95-102

4. Ayres A. Sensory Integration and the Child. — Western Psychological Services, 2005. pp.56-60

5. Gardner H. Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. — Basic Books, 1993. pp.205-209

6. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Нарушение речи и их коррекция у детей с задержкой психического развития. Москва, Владос. 2016. Стр. 205-208

7. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. — М.: МГУ, 1973. Стр. 135

8. Лалаева Р.И., Мальцева Е.В. Диагностика речевых нарушений у дошкольников. — М.: Владос, 2017. Стр. 148-58

9. Волкова Г.А. Логопедия: ранняя диагностика и коррекция речевых расстройств. — СПб.: Питер, 2021, Стр. 153-158

10. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамалары (2023–2029 жж.). ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

11. Povirenna I., & Pavliu, R. Psychological and pedagogical support of younger schoolchildren with speech disorders in the conditions of a special educational institution. Pedagogical Education: Theory and Practice,2024 Psychology. Pedagogy. https://doi.org/10.28925/2311-2409.2023.4013

12. Рахимова Д., Тұрарбек А., Галимова Р. және Акимбаева А. Word2Vec әдісі негізінде сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға қазақ тілін оқыту жүйесін әзірлеу. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. "Педагогика" Сериясы, 4 (71),2022. бб. 81-88. https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1868

13.Рымханова А.Р., Әділмағамбетова Б.М. және Амангереева Г.А. Ақыл-ой дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балаларда ойын арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы, "Арнайы педагогика" сериясы, 4(71),2022. бб.76–81. https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home/article/view/91

14.Sunderajan T., & Kanhere S.V. (2019). Speech and language delay in children: Prevalence and risk factors. Journal of Family Medicine and Primary Care, 8(5),2019. 1642–1646. https://doi.org/10.4103/jfmpc.jfmpc_162_19

References:

1. Zhalmuhamedova A.K. Organizacionno-metodicheskie osnovy rannego vklyucheniya detej s ogranichennymi vozmozhnostyami v obrazovatel'nyj process : avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata pedagogicheskih nauk. Almaty, 2006. Str. 66-70

2. Patricia Ruhl, Brain Mechanisms in Early Language Acquisition" (2010) - Neuron, Cambridge, MA: Cell Press. pp 59-78

3. Janet Werker, Speech Perception as a Window for Understanding Plasticity and Commitment in Language Systems of the Brain" (2005) - Developmental Psychobiology, New York: Wiley. pp 95-102

4. Ayres A. Sensory Integration and the Child. — Western Psychological Services, 2005. pp.56-60

5. Gardner H. Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. — Basic Books, 1993. pp.205-209

6. Lalaeva R.I., Serebryakova N.V. Narushenie rechi i ih korrekciya u detej s zaderzhkoj psihicheskogo razvitiya. Moskva, Vlados. 2016. Str. 205-208

7. Luriya A.R. Osnovy nejropsihologii. — M.: MGU, 1973. Str.135

8. Lalaeva R.I., Mal'ceva E.V. Diagnostika rechevyh narushenij u doshkol'nikov. — M.: Vlados, 2017. Str. 148-58

9. Volkova G.A. Logopediya: rannyaya diagnostika i korrekciya rechevyh rasstrojstv. — SPb.: Piter, 2021. Str. 153-158

10. Қazaқstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tekhnikalyқ zhәne kәsiptik bilim berudi damytudyң tұzhyrymdamalary (2023–2029 zhzh.). ҚR Ykimetinің 2023 zhylғy 28 nauryzdaғy №249 қaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

11. Povirenna I., & Pavliuk R. Psychological and pedagogical support of younger schoolchildren with speech disorders in the conditions of a special educational institution. Pedagogical Education: Theory and Practice. Psychology,2024 Pedagogy. https://doi.org/10.28925/2311-2409.2023.4013.

12. Rahimova D., Tұrarbek A., Galimova R., Akimbaeva A. Word2Vec ədisi negizinde sөjleu қabileti bұzylғan balalarға қazaқ tilin oқytu zhұjesin әzirleu. Abaj atyndaғy Қazaқ ұlttyқ pedagogikalyқ universitetinің habarshysy. \"Pedagogika\" Seriyasy, 4 (71),2022. 81-88. https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1868

13. Rymhanova A.R., Ədilmaғambetova B.M. zhәne Amangereeva G.A. Aқyl-oj damuy tezhelgen mektep zhasyna dejingi balalarda ojyn arқyly sөjleu daғdylaryn damytu. Abaj atyndaғy Қazaқ ұlttyқ pedagogikalyқ universitetinің habarshysy, \"Arnajy pedagogika\" seriyasy, 4(71),2022. 76–81. https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home/article/view/91

14. Sunderajan T., & Kanhere S.V. Speech and language delay in children: Prevalence and risk factors. Journal of Family Medicine and Primary Care, 8(5),2019. 1642–1646. https://doi.org/10.4103/jfmpc.jfmpc_162_19

IRSTI 14.25.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.034

*Zhekeyeva A.[1]**

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF 4TH GRADE STUDENTS' READING LITERACY IN THE CONTEXT OF DIGITAL TRANSFORMATION BASED ON PIRLS STUDY RESULTS

Abstract

This article provides an analytical examination of the development of reading literacy among primary school students within the digital transformation, based on the results of the international PIRLS study. In today's education system, the widespread integration of digital technologies has fundamentally transformed the ways students interact with texts, requiring a new perspective on reading literacy. In this regard, reading literacy is viewed not only as the ability to comprehend a text, but also as a set of skills involving locating, integrating, interpreting, and evaluating information.

The theoretical section of the study presents the concept of reading literacy as defined in international assessments (PIRLS, PISA) and identifies the specific characteristics of the digital reading environment. The "Materials and Methods" section describes the structure of the PIRLS-2016 and PIRLS-2021 cycles, the assessment formats, participant samples, and the transition to digital testing. The data allow for an analysis of the dynamics of reading literacy among Kazakhstani students.

The results analysis compares students' achievements in literary and informational texts as well as their performance in paper-based and digital formats. Special attention is given to tasks based on the literary text "The Empty Pot," which are used to analyze students' abilities to locate information, identify cause-and-effect relationships, understand metaphorical meaning, and interpret characters' emotional states. The conclusion highlights the importance of developing methodological and strategic approaches to support reading literacy in a digital learning environment.

Keywords: reading literacy, digital transformation, PIRLS international study, primary school students, digital learning.

Жекеева А.Е.[1*]
[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
г.Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ 4-Х КЛАССОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ НА ОСНОВЕ РЕЗУЛЬТАТОВ ИССЛЕДОВАНИЯ PIRLS

Аннотация

В статье представлена аналитическая интерпретация проблемы формирования читательской грамотности учащихся начальных классов в условиях цифровой парадигмы на основе результатов международного исследования PIRLS. В современной системе образования широкое внедрение цифровых технологий коренным образом изменяет способы работы учащихся с текстом и требует нового подхода к пониманию читательской грамотности.

В этом контексте читательская грамотность рассматривается не только как способность понимать текст, но и как совокупность умений находить, интегрировать, интерпретировать и оценивать информацию.

В теоретической части исследования раскрывается понятие читательской грамотности в интерпретации международных исследований (PIRLS, PISA), а также определяются особенности цифровой среды чтения. В разделе «Материалы и методы» описываются структура исследований PIRLS-2016 и PIRLS-2021, формат оценивания, контингент участников и особенности перехода к цифровому формату. Полученные данные позволяют выявить динамику уровня читательской грамотности казахстанских школьников.

В ходе анализа результатов рассматриваются различия в читательских достижениях по литературным и информационным текстам, а также сравнительные показатели выполнения заданий в бумажном и цифровом форматах. Особое внимание уделено заданиям по литературному тексту «Пустой кувшин», на основе которых анализируются умения учащихся находить информацию, устанавливать причинно-следственные связи, понимать метафорическое значение и интерпретировать эмоциональное состояние персонажей. В заключении обосновывается необходимость принятия методических и стратегических решений, направленных на развитие читательской грамотности в условиях цифрового обучения.

Ключевые слова: читательская грамотность, цифровая трансформация, международное исследование PIRLS, учащиеся начальной школы, цифровое обучение.

А.Е.Жекеева [1*]
[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет*
Алматы қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 4-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН PIRLS ЗЕРТТЕУІ НӘТИЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық трансформацияда бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі PIRLS халықаралық зерттеуінің нәтижелері негізінде аналитикалық тұрғыда талданды. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу тәсілдерін түбегейлі өзгертіп, оқу сауаттылығын жаңа қырынан қарастыруды талап етуде. Осы тұрғыда мақалада оқу сауаттылығы тек мәтінді түсіну дағдысы ретінде емес, ақпаратты табу, біріктіру, интерпретациялау және бағалау қабілеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Зерттеудің теориялық бөлігінде оқу сауаттылығы ұғымының халықаралық зерттеулердегі (PIRLS, PISA) түсіндірмесі беріліп, цифрлық оқу ортасының ерекшеліктері айқындалады. Материалдар мен әдістер бөлімінде PIRLS–2016 және PIRLS–2021 зерттеулерінің құрылымы, бағалау форматы, қатысушы контингенті және цифрлық форматқа көшу ерекшеліктері сипатталады. Зерттеу деректері Қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығы деңгейінің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелерді талдау барысында әдеби және ақпараттық мәтіндер бойынша оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтар, қағаз және цифрлық форматтағы тапсырмаларды орындау нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері қарастырылған. Әсіресе «Бос құмыра» әдеби мәтініне берілген тапсырмалар негізінде оқушылардың ақпаратты табу, себеп-салдарлық байланысты анықтау, метафоралық мағынаны түсіну және кейіпкердің эмоциялық күйін интерпретациялау дағдылары талданады. Сонымен қатар қорытындыда цифрлық оқыту жағдайында оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістемелік және стратегиялық шешімдер қабылдаудың маңыздылығын негіздейді.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, цифрлық трансформация, PIRLS халықаралық зерттеуі, бастауыш сынып оқушылары, цифрлық оқыту.

Introduction. The modern education sector, as a result of the rapid development of digital technologies, requires new approaches to organizing the learning process. In particular, the issue of forming reading literacy of primary school students is one of the main priorities in the country's human capital development strategy. At the same time, the digital transformation requires the formation of new formats for organizing students' learning activities, new types of skills for perceiving and processing information. This situation has increased the relevance of the issue of developing reading and digital literacy of primary school students, making it the main direction of research at the national and international levels.

The methodological instruction for the 2025-2026 academic year states that «In modern times, digital technologies have become an integral part of the educational process and play an important role in increasing student motivation, individualizing learning, and enlivening the content of education» and «It is important to form and develop reading literacy in order to achieve the main goal of students' ability to use the acquired knowledge and skills in solving various situations in life» [1].

The international PIRLS study is a reliable tool for assessing the reading skills of primary school students and allows for comparison of the quality of education at the global level. PIRLS data provide a comprehensive analysis of factors that affect students' academic achievement - such as family environment, school conditions, teaching methods, level of use of digital tools, motivation and learning strategies. The complete transition of research to a digital format in recent years has provided a unique opportunity to determine the level of understanding of text in a digital learning environment by students.

The issue of reading literacy and digital learning is widely discussed in the world scientific literature. These works comprehensively study the impact of digital technologies on students' reading skills, the transformation of educational materials and the psycholinguistic features of working with digital texts. Kazakhstani researchers have also written scientific works on digital education and reading literacy in recent years. However, there is a lack of special studies in the available sources that comprehensively analyze PIRLS results in the context of the digital transformation. This indicates the need to consider the issue from a new perspective.

The Progress in International Reading Literacy Study (PIRLS) was first conducted in 2001. Over the past 15 years, the IEA has conducted five PIRLS studies in 2001, 2006, 2011, 2016, and 2021. The scope of the study has expanded significantly over the years: the number of countries participating in PIRLS has increased each year. The assessment format has also been updated in recent years by switching to computer-based testing, which has paved the way for the introduction of modern methods of measuring reading literacy. The sixth cycle of PIRLS will be held in a fully digital format in June 2026. All participating countries will assess students' reading ability using an electronic system. This will allow for uniform and high-quality assessment. [2]. This change is directly related to the general digitalization process in the education system. Today, digital learning is considered the ability to meet the requirements of the 21st century through digital literacy, critical thinking, effective communication, and high performance. Terms such as «digital classrooms», «computer-based learning», «digital literacy», «interactive classrooms», «electronic content rooms», «projection classrooms» are used interchangeably to describe the use of digital technologies in higher education institutions [3].

The target group of the international PIRLS study is students who are about to complete the fourth grade of primary school. It is no coincidence that PIRLS focuses on fourth graders – it is at this age that students finish «learning to read» and begin to «read to learn». Fourth graders are developing the foundations of information processing and critical thinking necessary for lifelong learning and learning. However, given the cognitive requirements of the assessment, fifth graders, who are on average 9.5 years old at the time of testing, can also participate in PIRLS [4]. In addition, PIRLS uses rigorous sampling methods to ensure that trends in student performance around the world are accurately and reliably measured.

In the modern education system, digital transformation is bringing significant changes to both teaching content and instructional methods. In this context, the development of reading literacy among primary school students has become an especially important issue.

In international research, reading literacy is generally understood as the ability to comprehend texts, analyze them, and apply the acquired information in various situations. The PIRLS study conducted by Mullis I.V.S. and Martin M.O. is specifically aimed at assessing these skills [5]. In addition, the studies of Scherer L. emphasize that educational outcomes depend not so much on the technology itself, but rather on how effectively it is integrated into the teaching process from a pedagogical perspective [6]. This suggests that the effectiveness of digital tools largely depends on the methods of their implementation and use.

Continuing these perspectives, Russian researchers examine reading literacy in connection with students' cognitive activity and engagement in the learning process. Alexander Asmolov interprets education through the lens of personal development and highlights the importance of learning activities in shaping students' abilities [7]. Likewise, Kovaleva G.S. argues that comprehension skills in primary school children are formed and developed through active participation in educational activities [8].

At the national level, studies on the development of reading literacy are considered in continuity with international educational practices. The works of the Ы. Altynsarin National Academy of Education present effective approaches and strategies for working with texts in the learning process [1].

However, despite the existing body of research discussed above, the issue of analyzing the reading literacy of 4th grade students in the context of digital transformation based on PIRLS study results has not yet been sufficiently explored. Therefore, the present study is aimed at clarifying and addressing this research problem.

The digital transformation requires a new approach to reading literacy. This is because primary school students perceive text not only in traditional formats, but also through digital materials in various formats that combine elements such as text, images, diagrams, hyperlinks. In addition, interpreting PIRLS results in the context of digital learning allows us to provide science-based recommendations and strategic solutions to improve the reading skills of primary school students. In particular, it identifies areas for modernizing teaching methods, improving digital learning materials, and increasing motivation for learning.

Methods and materials. General reading literacy is a key component of communicative competence and a diagnostic term used to assess and evaluate students' educational achievements. This concept is included in the Program for International Student Assessment (PISA) [9].

«Reading literacy» means the ability of a person to understand written texts, reflect on them, use their content in accordance with their goals, and develop knowledge and skills in order to participate in society [10].

In 2016, our country participated in the international PIRLS study for the first time. The average score of 4th grade students was 536 points on the international scale. 4,925 students from 172 schools participated in the paper-based test. In PIRLS-2021, 10,230 5th grade students from 389 schools in 14 regions and 3 cities of republican significance (Astana, Almaty, and Shymkent) participated on behalf of Kazakhstan, scoring 504 points [11].

In 2021, the sample of Kazakhstan was significantly increased compared to 2016. The study involved 10,230 fifth-grade students from 389 general education schools in 17 regions of the country. As a result of statistical measurements, the study participants corresponded to the total number of fifth-grade students in Kazakhstan, that is, the sample included 95% of the total number of fifth-grade students (the remaining 5% were students from special schools, small-group schools, and schools with education in the language of other nationalities) [11].

Due to the closure of schools and the transition to a distance learning format during the COVID-19 pandemic, the study was conducted in five time periods from November 2020 to July 2022. The study in Kazakhstan was postponed to the beginning of the 2021-2022 academic year (September-October). This is 6 months later than originally planned. In this regard, in fact, 5th-grade students participated in the study. This made it possible to estimate the initially planned contingent of students. The PIRLS-2021 core study in Kazakhstan was conducted from September 27 to October 28, 2021 [12].

The international PIRLS study used two types of texts to assess the reading literacy of primary school students: literary (fiction) and informational texts. Literary and informational texts are presented in equal amounts in the PIRLS study (Table 1). This allows for a comprehensive assessment of reading literacy and the identification of students' skills in working with different types of text.

Table 1– List of literary and informational texts for PIRLS-2021

Text's type	*Name of the text*	*Difficulty level*	*Format*
Literary text	«Shiny straw" "Oliver and the Gryphon" "The Man Who Drinks Ink"	Difficult	Paper and computer
	"Empty Jar" "Pemba Sherpa" "Ostrich and Hat"	Average	
	"Dad's Summer When He Was Ten" "The Library Mouse" "Learning a New Language"	Easy	
Informational text	"Where is the honey" "Icelandic horses" "World bank for seeds"	Difficult	
	"Sharks" "How did we learn to fly?" "Marie Curie - Nobel Prize Winner"	Average	
	"Eight Legs" "Training a Deaf Polar Bear" "The Hungry Plant"	Easy	

Literary texts are aimed at assessing students':

• understanding of the work of art;

• analysis of the actions and behavior of the characters;

• reasoning about the plot;

• expressing an emotional and critical attitude to the content of the text. These texts determine students' skills in explaining, interpreting and evaluating the text.

Informational texts are designed to test students':

• finding specific data;

• systematizing information in the text;

• identifying cause-and-effect relationships;

• drawing conclusions by combining several pieces of information.

Informational texts play an important role in the formation of functional reading literacy and assess students' abilities to find and integrate information.

In the context of Kazakhstan students, these texts show how functional the skills formed during reading are, that is, the ability of students not only to read the text, but also to understand, analyze and evaluate it.

The study took as its starting point the literary text "The Empty Jar" [13] (Figure 2), one of the literary texts used in the international comparative study PIRLS–2021.




Figure 2: Literary text presented in the international PIRLS-2021 study

The above-mentioned literary text («Empty Jar») is given several tasks in accordance with the PIRLS–2021 research methodology. The tasks are aimed at assessing the level of understanding of the literary text and the skills of meaningful work with the content of the text.

The structure of the tasks requires students not to repeat ready-made information, but to deeply understand the content of the text and draw logical conclusions. In this regard, screenshots of the tasks used in the PIRLS–2021 study on the literary text «Empty Jar» (Figure 2) are presented below. Since the literary texts used in the PIRLS–2021 international study and the specific tasks assigned to them are not fully published in accordance with copyright requirements, the text and tasks are presented in the study in the form of screenshots, for analytical and illustrative purposes only.



Figure 2: Tasks proposed in the PIRLS–2021 study on the literary text «Empty Jar»

Closed-ended tasks (questions 1, 3, 5, 6, 7, 8, 11) are mainly aimed at assessing students' skills in finding specific information in the text, determining cause-and-effect relationships, and understanding the main idea through multiple-choice answers. These tasks use illustrations (pictures of a jar, seeds, leaves, flowers) to test students' ability to understand the text and visual information in a unified way.

Open-ended tasks (questions 2, 4, 9, 10) require students to formulate and write their thoughts, evaluate the character's actions, and draw logical conclusions based on the content of the text. Such tasks are aimed at measuring the higher-level reading activities of the PIRLS study - interpretation, explanation, and evaluation skills.

In addition, the tasks assess students' understanding of the character's internal state (questions 9, 11), their reasoning about the meaning of decisions made during the story, and their understanding of the moral content. This allows us to reveal the literary specificity and educational potential of the text «Empty Jar».

Task 17 is an open-ended, high-cognitive question. This task requires students to identify the various feelings (hope, confusion, defeat) experienced by the main character June during the story, based on the content of the text, and to explain with evidence the reasons for each feeling.

The task aims to assess students' skills in understanding the character's inner state, analyzing the storyline from an emotional perspective, and systematically expressing their thoughts using evidence from the text. In addition, this question determines students' ability to work at the level of interpretation and evaluation, not just retelling the information in the text.

Results and discussion. A comparative analysis of published data from international studies PIRLS–2016 and PIRLS–2021 allows us to describe changes in the level of reading literacy of primary school students in Kazakhstan.




Figure 3 Graphs of changes in average reading literacy indicators over time

According to official results, Kazakhstan's average score in the PIRLS–2016 cycle was 536 points, while in the PIRLS–2021 study this figure decreased to 504 points. As a result, Kazakhstan ranked 38th among the countries participating in the PIRLS–2021 study. Moreover, the obtained figure is slightly higher than the international average (500 points) on the PIRLS scale [14].

The PIRLS-2021 study included nine literary texts, consisting of short stories and individual episodes, accompanied by additional illustrations. These texts consist of modern and traditional works of fiction with one or two main characters, built around one or two main storylines, and containing a common theme and idea. In general, the content of PIRLS texts is aimed at students' deep understanding of the plot, situations, actions of characters, artistic atmosphere, feelings and ideas, and interaction with them.




Figure 4 Difference score between countries' scores on literary and informational text

Figure 4 shows the difference in the average reading literacy scores of students from selected countries participating in the PIRLS-2021 study on literary and informational texts. The graph data shows that in many countries the scores on literary texts are higher than on informational texts.

Turning to the results of Kazakhstan, the average score on literary texts is 508, and on informational texts it is 501. The high score on literary texts indicates that Kazakhstani students are relatively successful in understanding the plot, mood of characters, and main idea in fiction. However, the low score on informational texts indicates that the tasks of analyzing data, finding specific information, and interpreting it are more difficult for students.

The study analyzed the literary text «Empty Jar» and the test tasks for this text, presented within the framework of PIRLS-2021. The tasks were aimed at testing the skills of understanding the content of the text, determining the main idea, recognizing cause-and-effect relationships, and integrating text and visual information.

The text «Why did the Emperor announce a competition?» According to the results of PIRLS-2021, Kazakhstani students showed high overall results on the first question, which has a medium level of complexity. The proportion of students who answered this question correctly was 76% in paper format, and 75% in digital format. The results are 1 percentage point higher in paper format than in digital format.

The second question, «What did each child receive from the emperor?», given in the text, has a low level of complexity and is focused on the process of finding clearly presented information. The task requires students to find and accurately indicate the information that is specifically stated in the introductory paragraph of the text. The correct answer is that the emperor gave each child one grain. In this regard, answers such as «grain», «boiled grain», «one imperial grain» are among the acceptable answers, while answers such as «pot», «plant», «flower», «observation» that are not directly mentioned in the text are not accepted.

According to the results of the PIRLS-2021 study, Kazakhstani students performed this task at a high level. The proportion of students who answered correctly was 81.3% in digital format, and 82.8% in paper format. These indicators indicate that students have well-developed skills in finding specific, clearly presented information in the text. The slightly higher result in paper format than in digital format (1.5 percentage points) indicates that in traditional learning conditions, students are more effective in separating specific information from the initial part of the text.

The third question on the text, «Why was every grain called a priceless opportunity?», has a high level of complexity. This task requires students to carry out the process of evaluating and testing the content of the text and its elements. The content of the question is aimed at recognizing the meaning of the metaphor that takes the main place in the story, that is, explaining the author's idea in a figurative way.

According to the results of the PIRLS-2021 study, the proportion of Kazakhstani students who correctly completed this question was 55.5% in digital format, and 50.7% in paper format. In addition, the digital format score is 4.8 percentage points higher than the paper format, which indicates that working in a digital environment is relatively easier for students in understanding metaphorical meaning.

The fourth question, «Find the part of the story where the leaf is drawn. What proves that June is the best gardener in the village?», given in the text, has a high level of complexity. This task refers to the process of formulating direct conclusions and requires students to find evidence from a certain part of the text to confirm the given description of the character and draw a conclusion based on it. That is, the student must not only find information, but also interpret it as evidence that reveals the image of the character.

According to the results of PIRLS-2021, the proportion of Kazakhstani students who correctly completed this question was 78.1% in digital format and 70.9% in paper format. The data obtained show that the results in digital format are 7.2 percentage points higher than in paper format. This

difference indicates that students work relatively effectively in the digital environment when identifying the connection between parts of the text and selecting evidence related to the character.

The text-based question «Jun had different feelings during the event. Explain why Jun felt each of these feelings based on the text» has a high level of complexity. This task refers to the process of explaining and integrating ideas and information. Students are required to identify and explain the reasons for the character's feelings by connecting events in different parts of the text. That is, the task involves perceiving the event as a whole, establishing cause-and-effect relationships, and deeply interpreting the content of the text.

According to the results of PIRLS-2021, the proportion of Kazakhstani students who completed this question correctly was 69.0% in digital format and 71.6% in paper format. The 2.6 percentage points higher result in paper format compared to digital format indicates that students performed slightly better in traditional reading format in explaining the character's emotional state by connecting parts of the text.

In general, the results of the test tasks indicate that systematic preparation is necessary to improve students' reading literacy. PIRLS-2021 data show that the majority of Kazakhstani students remain at the medium level of difficulty, with a low proportion of students achieving advanced levels (39%). The proportion of students achieving each level of difficulty in individual participating countries is presented in Figure 7.




Figure 5 Proportion of students achieving each level of difficulty in individual participating countries, %

According to Figure 5, the highest proportion of students achieving an advanced level of complexity is recorded in Singapore (35%). On the contrary, this indicator is the lowest, at only about 1%. In Uzbekistan and Kosovo, students achieving an advanced level are not identified at all. In Kazakhstan, the proportion of students achieving an advanced level is 4% [14]. It is noticeable that the results of Kazakhstani students are significantly lower than in other participating countries. It is also important to take into account the specifics of the PIRLS study to be conducted in 2026. The PIRLS 2026 cycle will be organized in a completely digital format and the assessment process will be carried out in a computer environment. The study will include interactive texts, ePIRLS modules, elements of information search and navigation in an online environment [15]. Therefore, the PIRLS 2026 requirements require students to have the skills to work with information in a digital environment, to navigate through hyperlinks, to compare texts and to evaluate the information received, in addition to understanding traditional texts. This situation highlights the need to systematically develop functional reading literacy, critical thinking skills, and a digital reading culture in 4th grade students.

Conclusion. In conclusion, the analysis of the results of the international studies PIRLS–2016 and PIRLS–2021 from the perspective of the digital transformation clearly demonstrated the relevance of the issue of developing reading literacy among primary school students in Kazakhstan. The results of

the study revealed that Kazakhstani students have relatively well-developed skills in finding and reusing explicit information in the text, but they have difficulties in tasks requiring interpretation, evaluation of information, and making high-level conclusions.

In addition, the higher results for literary texts than for informational texts indicate that students are more inclined to understand the plot of the literary text and the emotional state of the character. And the lower indicators for informational texts indicate the need for systematic development of functional reading literacy. The difference in the results of tasks in paper and digital formats indicates that, although in the digital environment, comparing parts of the text and selecting evidence is effective in some tasks, the traditional format is preferable in cases where emotional and holistic interpretation is required.

In this regard, it is important to improve teaching methodologies aimed at developing reading literacy in the primary education system, improve the quality of digital learning materials, and systematically work with tasks of a high cognitive level.

References:

1. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана Алтынсарин Ы.: атындағы ҰБА, 2025. – 172 б

2. Lynch School of Education and Human Development, Boston College, and International Association for the Evaluation of Educational Achievement. https://timssandpirls.bc.edu/pirls2026/

3. Аренова А.Х., Жунусбекова А.,Асилбаева Р.Б. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, No4(80), 2023ж. 139 –б. https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2830/835

4. Mullis, I.V.S., Martin, M.O., Loveless, T. (2016). 20 Years of TIMSS: International trends in mathematics and science achievement, curriculum, and instruction. Chestnut Hill: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College. Retrieved from: http://timss2015.org/timss2015/wp-content/uploads/2016/T15-20-years-of-TIMSS.pdf.

5. Муллис И.В.С., Мартин М.О. PIRLS 2021 International Results in Reading. – Честнат-Хилл: TIMSS & PIRLS International Study Center, 2021. – С. 15–45.

6. Шерер Л. Children, Literacy and Ethnicity: Reading Identities in the Primary School. – Лондон: Routledge, 2016. – С. 25–78.

7. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – Москва: Смысл, 2010. – С. 112–156.

8. Ковалева Г.С. Международное исследование качества чтения и понимания текста PIRLS. – Москва: Центр оценки качества образования, 2011. – С. 34–67.

9. «Основные результаты международного исследования PISA-2015», 2017 год: Национальный отчет

10. Ирсалиев С., Култуманова А., Сабырұлы Е., Амангазы М. – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017–241 б.

11. «PIRLS-2021: Қазақстан нәтижелері» Ұлттық есебі. – Астана қ.: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, « Байтұрсынұлы А атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2023. – 29 б.

12. Mullis, Ina V.S. Martin, Michael O. (2019). PIRLS-2021 Assessment Frameworks. US: Boston College. https://pirls2021.org/frameworks/

13. PIRLS-2021 тест тапсырмаларының жинағы. – Астана қ.: Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігі, «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2023. – 7 б.

14. IEA's Progress in International Reading Literacy Study - PIRLS 2021. https://pirls2021.org/visual-2-3/

15. PIRLS is directed by the TIMSS & PIRLS International Study Center at Boston College. https://timssandpirls.bc.edu/pirls2026/downloads/PIRLS-2026-Brochure.pdf

References:

1. «2025-2026 oқu zhylynda Қazakhstan Respublikasynyn zhalpy bilim beretin mektepterinde bilim beru procesin uiymdastyrudyn erekshelikteri turaly» adistemelik nusқau khat. – Astana Altynsarin Y.: atyndagy UBA, 2025. – 172 b

2. Lynch School of Education and Human Development, Boston College, and International Association for the Evaluation of Educational Achievement. https://timssandpirls.bc.edu/pirls2026/

3. Arenova A.H., Zhunusbekova A., Asilbaeva R.B. Abai atyndagy ҚazNPU-n HABARSHYSY «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No4(80), 2023zh. 139–b. https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2830/835

4. Mullis, I., Martin M.O., Loveless T. (2016). 20 Years of TIMSS: International trends in mathematics and science achievement, curriculum, and instruction. Chestnut Hill: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College. Retrieved from: http://timss2015.org/timss2015/wp-content/uploads/2016/T15-20-years-of-TIMSS.pdf.

5. Mullis I.V.S., Martin M.O. PIRLS 2021 International Results in Reading. – Chestnut Hill: TIMSS & PIRLS International Study Center, 2021. – P. 15–45.

6. Scherer L. Children, Literacy and Ethnicity: Reading Identities in the Primary School. – London: Routledge, 2016. – P. 25–78.

7. Asmolov A.G. Psikhologiya lichnosti: kul'turno-istoricheskoe ponimanie razvitiya cheloveka. – Moscow: Smysl, 2010. – P. 112–156.

8. Kovaleva G.S. Mezhdunarodnoe issledovanie kachestva chteniya i ponimaniya teksta PIRLS. – Moscow: Tsentr otsenki kachestva obrazovaniya, 2011. – P. 34–67.

9. «Osnovnye rezultaty mezhdunarodnogo issledovaniya PISA 2015», 2017 god: Nationalnyi otchet

10. Irsaliev S., Kultumanova A., Sabyruly E., Amangazy M. – Astana: AO «Informacionno-analiticheski center», 2017–241 b.

11. «PIRLS-2021: Қазақhstan natizheleri» Ulttyk esebi. – Astana қ.: Қazakhstan Respublikasy Оқu-agartu ministrligi, « Bajtursynuly A atyndagy «Taldau» ulttyқ zertteuler zhane bilimdi bagalau ortalygy» АҚ, 2023. – 29 b.

12. Mullis I., Martin M.O., Michael O. (2019). PIRLS-2021 Assessment Frameworks. US: Boston College. https://pirls2021.org/frameworks/

13. PIRLS-2021 test tapsyrmalarynyn zhinagy. – Astana k.: Қazaқhstan Respublikasy Оқu agartu ministrligi, «A.Baitursynuly atyndagy «Taldau» ulttyқ zertteuler zhane bilimdi bagalau ortalygy» AK, 2023. – 7 b.

14.IEA's Progress in International Reading Literacy Study - PIRLS 2021. https://pirls2021.org/visual-2-3/

15. PIRLS is directed by the TIMSS & PIRLS International Study Center at Boston College. https://timssandpirls.bc.edu/pirls2026/downloads/PIRLS-2026-Brochure.pdf

МРНТИ 14.35.35 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.035

Ж.Н.Жантасова,[1] Н.Ж.Султаниязова,[2] З.Е.Сыдыкова[3]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
[2]Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ., Қазақстан
[3]Орталық Азия Инновациялық университет, Шымкент қ., Қазақстан

ВЕБ-САЙТТАР – ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Бұл мақала Веб-сайттар арқылы оқу жұмыстарын ұйымдастырумен үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудағы бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды қолданудың мүмкіндіктерін, тиімділігін және педагогикалық шарттарын жан-жақты талдауға бағытталды. Зерттеу жұмысы теориялық және эмпирикалық әдістер негізінде орындалып, құзыреттілік, пәндік құзыреттілік және үлгерімі төмен оқушы түсініктері ғылыми негізде қарастырылды. Білім беру үдерісіндегі заманауи веб-платформалардың (BilimLand, iMektep, LearningApps, Khan Academy Kids және т.б.) функциялары, интерактивті мүмкіндіктері және оқушының оқу мотивациясын қалыптастырудағы рөлі сипатталды.

Эксперименттік жұмыс барысында оқушылардың пәндік білім, оқу белсенділігі, өзіндік әрекет дағдылары және тапсырмаларды орындау динамикасы өлшенді. Нәтижелер веб-сайттарды жүйелі қолдану үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттілігін арттыруға айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті: орташа көрсеткіш 27,5 %-ға өсті, ал оқу белсенділігі 1,4 есеге артты. Зерттеу веб-ресурстарды қолданудың тиімді педагогикалық шарттарын айқындады: жеке оқу қарқынын ескеру, интерактивті тапсырмалар жүйесі, кезеңдік күрделендіру, кері байланыс пен өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру.

Жалпы қорытынды бойынша веб-сайттар бастауыш сыныптағы пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың инновациялық құралы болып табылады және үлгерімі төмен оқушылар үшін оқу мотивациясын, өзіне сенімділікті және оқу нәтижелерін жақсартуға нақты мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: пәндік құзыреттілік, веб-сайттар, цифрлық білім ресурстары, үлгерімі төмен оқушылар, интерактивті оқыту, бастауыш білім, онлайн-платформалар.

Жантасова Ж.Н., [1*] *Султаниязова Н.Ж.,* [2] *Сыдыкова З.Е.* [3]
[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*
[2]*Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета, г.Орал, Казахстан*
[3]*Центрально-Азиатский Инновационный Университет, г. Шымкент, Казахстан*

ВЕБ-САЙТЫ – СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПРЕДМЕТНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С НИЗКОЙ УСПЕВАЕМОСТЬЮ

Аннотация

Статья посвящена комплексному анализу возможностей, эффективности и педагогических условий использования веб-сайтов в формировании предметных компетенций младших школьников с низкой учебной успеваемостью. Исследование основано на сочетании теоретических и эмпирических методов, в рамках которых были научно обоснованы понятия компетентности, предметной компетентности и категории «слабый ученик». Рассмотрены функциональные и интерактивные возможности современных образовательных веб-платформ (BilimLand, iMektep, LearningApps, Khan Academy Kids и др.) и их роль в повышении учебной мотивации обучающихся.

В ходе экспериментальной работы была проведена диагностика уровня предметных знаний, учебной активности, самостоятельности и динамики выполнения учебных заданий. Результаты показали, что систематическое применение веб-ресурсов оказывает значительное влияние на развитие предметных компетенций учащихся с низкой успеваемостью: средний показатель повысился на 27,5 %, а учебная активность – в 1,4 раза. Кроме того, были выявлены эффективные педагогические условия интеграции веб-сайтов в учебный процесс: учет индивидуального темпа обучения, использование интерактивных и игровых форматов, поэтапное усложнение заданий, организация обратной связи и формирование навыков самооценивания.

В целом установлено, что веб-платформы выступают инновационным инструментом развития предметных компетенций младших школьников и создают дополнительные возможности для повышения учебной мотивации, уверенности в собственных силах и улучшения образовательных результатов слабых учеников.

Ключевые слова: предметная компетентность, веб-сайты, цифровые образовательные ресурсы, учащиеся с низкой успеваемостью, интерактивное обучение, начальное образование, онлайн-платформы.

Zhantassova Zh., [1*] *Sultaniyazova N.,* [2] *Sydykova Z.* [3]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*West Kazakhstan Innovative and Technological University, Oral, Kazakhstan*
[3]*Central Asian Innovative Universit, Shymkent, Kazakhstan*

WEB-BASED EDUCATIONAL PLATFORMS – ARE A MEANS OF FORMING THE SUBJECT COMPETENCIES OF ELEMENTARY SCHOOL STUDENTS WITH LOW ACADEMIC PERFORMANCE

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the opportunities, effectiveness, and pedagogical conditions for using web-based platforms to develop subject competencies among low-achieving primary school students. The study employs a combination of theoretical and empirical methods and presents a scientifically grounded interpretation of competence, subject competence, and the notion of the low-achieving learner. The functional and interactive features of modern educational websites (BilimLand, iMektep, LearningApps, Khan Academy Kids, etc.) are examined, with particular emphasis on their role in enhancing students' learning motivation.

During the experimental phase, the levels of subject knowledge, learning activity, independence, and task-performance dynamics were assessed. The findings demonstrate that systematic use of web resources significantly contributes to the improvement of subject competencies in low-achieving students: the average performance increased by 27.5 %, while learning engagement grew by 1.4 times. The study also identified key pedagogical conditions for the effective integration of web-platforms into the learning process, including consideration of individual learning pace, the use of interactive and game-based tools, gradual task progression, and the incorporation of feedback and self-assessment mechanisms.

Overall, the research confirms that web-based educational platforms serve as an innovative and impactful tool for fostering subject competencies in primary school learners, offering meaningful opportunities to enhance motivation, self-confidence, and academic achievement among low-achieving students.

Keywords: subject competence, web-based platforms, digital learning resources, low-achieving students, interactive learning, primary education, online educational tools.

Кіріспе. Бүгінде бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі білім беру саясатының маңызды бағыттарының біріне айналған. Оның себебінің бірі – үлгерімі төмен оқушылар санының артуы мен сабақта алған білімін практикада тиімді қолдана алмау жағдайлары. Бұған қоса, заманауи білім беру жүйелерінде цифрлық технологиялар мен веб-ресурстар кеңінен қолданыла бастады. Осыған орай, оқыту үдерісіне веб-сайттар мен онлайн ортаның енгізілуі оқушылардың пәндік дағдыларын, оқу мотивациясын және танымдық белсенділігін арттыруда жаңа мүмкіндік ашады.

Зерттеулер көрсеткендей, веб-сайттар түріндегі білім беру ресурстарын қолдану оқушылардың академиялық үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін: мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде жүргізілген зерттеуде веб-сайттарды қолданған эксперименттік топ оқыту соңында жоғары нәтижеге жеткен [1]. Сонымен бірге, жалпы және пәндік құзыреттерді интеграциялау бағытындағы зерттеулер бастауыш мектептерде маңызды екенін көрсетеді: мысалы, Литвадағы зерттеу жалпы құзыреттермен қатар пәндік құзыреттерді дамытуға бағытталған [2].

Бұл ретте веб-сайттар арқылы оқыту үлгісін пайдаланып, үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру өзекті әрі практикалық маңызы мол педагогикалық зерттеу бағыты ретінде С.Д.Забрамная, И.Ю.Левченко, П.А.Киршин, Н.К.Корсакова, Ю.В.Микадзе, Е.Ю.Балашов, С.Н.Костромина, Н.П.Локалова, Г.Б.Монина, Е.В.Панасюк және т.б. ғалымдар қарастырады. Ал пәндік құзыреттілікті Н.Д. Тастанбекова, Н.Б.Жаманқұлова, Т.П.Махаева, П.В.Никитин т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айқындалып, педагогикалық негіздері талданады.

Осыған сай, зерттеу мақсаты ретінде төмендегіні анықтаймыз: веб-сайттар арқылы үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау.

Зерттеудің теориялық және практикалық жағынан маңыздылығы: теориялық тұрғыда пәндік құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымын нақтылауға, практикалық тұрғыда мұғалімдерге веб-ресурстарды сабаққа интеграциялау әдіс-тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Бастауыш сынып оқушыларының сабақ үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттілігін Веб-сайттар арқылы үлгерімін қалыптастыруды зерделеу үшін төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды.

Теориялық зерттеу әдістері: ғылыми әдебиеттерді талдау, пәндік құзыреттілік, веб-платформалар, бастауыш білім, үлгерімі төмен оқушы феномені туралы ғылыми база қалыптастыру. Аталған әдістің қолданылуы: оқу құралдарды, мақалалар, диссертациялар, нормативтік құжаттармен жұмыс жасау; негізгі ұғымдарды, категорияларды, педагогикалық шарттарды анықтау; шетелдік тәжірибемен салыстыру.

Келесі әдіс жүйелеу және модельдеу. Әдістің мақсаты: веб-сайт негізіндегі оқыту моделін құрастыру. Әдістің қолданылуы: – «Проблеманың себептері → веб-сайт мүмкіндігі → күтілетін нәтиже» тізбегі түріндегі логикалық моделін әзірлеу; оқушының құзыреттілік деңгейін диагностикалау моделін құрастыру.

Келесі кезекте эмпирикалық зерттеудің: бақылау, педагогикалық эксперимент, диагностикалық тесттер, әңгімелесу, сауалнама, құжаттарды талдау, педагогикалық кейс талдау, контент анализ, өнімді талдау, математикалық статистикалық әдістер тобы қолданылды.

Зерттеуімізге байланысты бақылау (ұзақ мерзімді және мақсатты бақылау) әдісінің мақсаты: веб-сайттармен жұмыс барысында оқушының мінез-құлқын, белсенділігін, тапсырмаларды орындау тәсілдерін бақылау. Әдістің қолданылуы: сабақтағы жеке, топтық жұмысты бақылау; веб-сайттағы белсенділік (клик, уақыт, қателер саны) мониторингі; бақылау картасы немесе чек-парақпен тіркеу.

Зерттеу тақырыбына байланысты педагогикалық эксперимент түрлерінің (анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері) қолданылуы: эксперименттік топ: веб-сайттармен жүйелі жұмыс жасау; бақылау тобындағы дәстүрлі әдістер; алдын ала және кейінгі диагностикалық тесттер; статистикалық салыстыру мақсатында жүзеге асырылды.

Зерттеуге байланысты диагностикалық тесттер (пәндік құзыреттілік тесттері) мақсаты: бастауыш сыныптағы математикалық сауат, тілдік дағды, жаратылыстану негіздері сияқты пәндік құзыреттерді өлшеу. Аталған әдіс: оқу мақсаттарына сәйкес авторлық тест құрастыру, Б.Блум таксономиясы деңгейлері бойынша тапсырмалар әзірлеу, веб-сайттардағы автоматты тест нәтижелерін талдау арқылы жүзеге асырылды.

Әңгімелесу әдісінің мақсаты: оқушылардың веб-сайтпен жұмысқа көзқарасын, қиындықтарын анықтау; мұғалімдердің пікірі мен ұсыныстарын тыңдау, қажеттісін алу. Әңгімелесудің қолданылуы: жартылай құрылымданған сұхбат; 5-10 сұрақтан тұратын сұхбат парағы; оқушы пікірін видео/аудио арқылы тіркеу арқылы жүзеге асырылды.

Сауалнаманың мақсаты: веб-сайттардың тиімділігін, қолжетімділігін, мотивациялық әсерін анықтау. Аталған әдіс бойынша сауалнамаға қатысушылар: бастауыш сынып оқушылары, олардың ата-аналары мен оқу жұмыстарын ұйымдастыратын мұғалімдер болды.

Құжаттарды талдау әдісінің мақсаты: веб-сайттағы оқу нәтижелері мен оқу жетістіктерін талдау. Әдістің жүзеге асырылуы: электрондық журнал (күнделік жүйесі); оқушы портфолиосы; Веб-сайт ішіндегі статистика (пайдалану уақыты, қателер саны, өткен модульдер) арқылы қамтамасыз етіледі.

Зерттеу бойынша педагогикалық кейсті талдау мақсаты: веб-технология қолдану арқылы үлгерімі төмен оқушымен нақты жағдайларды талдау. Аталған әдістің қолданылуы: қиындықтар картасын жасауда; жеке траектория үлгісін әзірлеу үшін талдау; веб-сайтқа бейімделген оқу сценарийлерін талдау арқылы іске асырылады.

Контент-талдау әдісінің мақсаты: веб-сайттың оқу контентін талдау (тапсырма күрделілігі, дағды түрлері, интерактив деңгейі). Аталған талдаудың қолданылуы: сайт мазмұнының сараптамалық таблицасын жасау: *Визуалды материал → Интерактив → Құзыреттілік типі → Қиындық деңгейі.*

Бастауыш сынып оқушыларының жұмыстарын – өнім талдаудың мақсаты: веб-сайттар арқылы алынған оқу жұмысын талдау. Оны сандық көрсеткіштерді (нәтиже ұпайы, уақыт, қате саны) және сапалық көрсеткіштерді (стратегия, оқу стилі, қателердің сипаты) анықтауда қолданады.

Математикалық-статистикалық әдістер зерттеу үшін өте маңызды. Оны пайыздық өзгерістерді есептеуде, орташа мәнді анықтауда, диаграмма жасауда қолданылады.

Аталған тақырыпқа сәйкес зерттеуге негіз болған деректер, құралдар, ресурстар, қатысушылар және қолданылған дидактикалық материалдар тізімі қамтылды.

Зерттеу Шымкент қаласындағы № 64 жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушылары (N=48) қатысты. Эксперименттік топқа – 24 оқушы, бақылау тобына – 24 оқушы қамтылды.

Зерттеуге пайдаланылған веб-сайттар және цифрлық платформалар тізбегі анықталды. Оларды қазақстандық білім беру платформалары (BilimLand; iTest; iMektep; Darin Online) және Халықаралық платформалар (Khan Academy Kids, Starfall, LearningApps.org, ABCya), сонымен қатар, авторлық веб-сайт немесе Google Sites арқылы жасалған сайт деп шартты түрде ажыратуға болады. Сонымен қатар, оқушылардың пәндік құзыреттілігін анықтау үшін қолданылған диагностикалық материалдар қолданылды: пәндік тесттер, сауалнама, бақылау парақтары, оқу дағдыларын бағалау (оқу техникасы, есеп шығару дағдылары, грамматика, жазу). Веб-сайттар арқылы жасалған немесе енгізілген авторлық оқу тапсырмалары мен дидактикалық материалдардан төмендегілерді атап көрсетуге болады: интерактив тапсырмалар, бейнесабақтар, онлайн ойындар, жеке және топтық жаттығулар, оқу карталары, модульдік тапсырмалар, оқу траекториясы (үлгерімі төмен оқушыға бейімделген). Зерттеу сонымен қатар материалдары ретінде сауалнама, сұхбат және бақылау материалдары, техникалық құралдар, зерттеу деректері назарға алынды. Ал, оқушылардың оқу өнімдері ретінде оқушылардың зерттеу барысында жасаған: электронды жұмыс портфолиосы, интерактив тапсырма нәтижелері, тест ұпайлары, веб-сайттағы жеке прогресс картасы, жазба жұмыстары, рефлексия парақтары қарастырылды.

Нәтижелер. Соңғы екі онжылдықта оқушылар мен педагогтардың құзыреттілігі туралы кеңінен жазылып және талқыланып жүргені белгілі. Десек те, аталған ұғым жөніндегі түсінікті айқындау қажет деп білеміз.

Құзыреттілік ұғымы педагогика мен психология ғылымдарында XX ғасырдың соңынан бастап кеңінен қолданылып келеді. Педагогикалық энциклопедияда құзыреттілік – *«белгілі бір қызмет саласында білімді, білікті және тәжірибені тиімді қолдана алу қабілеті»* деп түсіндіріледі [3, 25 б.].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына (2022 ж.) сәйкес, пәндік құзыреттілік – оқушының оқу пәнінің мазмұны аясында білімін қолдана білу, проблеманы шешу, танымдық және практикалық әрекеттерді орындау қабілеті болып табылады [4].

Бастауыш мектеп кезеңінде пәндік құзыреттіліктің негізін қалыптастыру маңызды, себебі бұл оқушының оқу мотивациясы мен кейінгі білім алу траекториясын айқындайды. Зерттеулер көрсеткендей, пәндік құзыреттілікке оқу, математикалық, жаратылыстану және тілдік сауаттылық дағдылары енеді [5].

Зерттеу тақырыбы үшін үлгерімі төмен оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері де маңызды болып табылады. Үлгерімі төмен оқушылар – оқу жетістіктері мемлекеттік стандарт талаптарына толық сәйкес келмейтін, оқу мотивациясы мен танымдық белсенділігі төмен оқушылар тобы. Психологтар (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Ә. Алдамұратов және т.б.) үлгерім төмендігінің себептерін когнитивтік процестердің (зейін, есте сақтау, ойлау) әлсіз дамуымен және оқу мотивациясының жеткіліксіздігімен байланыстырады [6].

Г.Кәкішева, Д.Сәрсенова еңбектерінде педагогикалық тәжірибеде мұндай оқушылармен жеке жұмыс, саралап оқыту және цифрлық технологияларды қолдану тиімді нәтиже береді деп түсіндіріледі. Бұл тәсіл оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, олардың жеке оқу қарқынын сақтауға мүмкіндік береді [7].

Қазіргі таңда білім беруде веб-платформалар мен онлайн-сайттардың мүмкіндігі ерекше. Олар оқыту процесін визуалды, интерактивті және ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. LearningApps, Wordwall, BilimLand, Kahoot, Quizizz секілді сайттар оқушылардың пәндік білімін жүйелеуге және қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша, веб-ресурстарды қолданған сыныптарда үлгерімі төмен оқушылардың пәндік жетістігі орта есеппен 22–28 % артқан [8]. Бұған қоса, мұндай платформалар оқушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын дамытады және кері байланыс механизмін тиімді іске асырады [9].

Сонымен, веб-сайттар арқылы үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерін дамыту – цифрлық педагогиканың басты бағыттарының бірі болып табылады. Ол оқушының жеке оқу стилін ескеруге, рефлексия мен өзін-өзі бағалау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысына сәйкес әдебиеттерге шолу және салыстырмалы талдау мен жүргізілген эксперимент жұмыстарының нәтижелерін талдау қарастырылады.

Сонымен зерттеу тақырыбына сәйкес шетелдік зерттеулерде түрліше аспектілер қарастырылған және олардың дені төмендегідей:

Бастауышта веб-негізді оқыту тиімділігі. БАӘ бастауыш мектептерінде Purple Mash секілді білім беру сайттарын жүйелі қолданған сыныптарда оқушылардың үлгерімі жоғарырақ болғаны көрсетілді; авторлар сайттардың оқушының қызығушылығы мен қатысуын арттыратынын атап өтеді [10].

Бастауышта веб-оқытудың әсерлері. 2018–2024 жж. Scopus-та жарияланған 50-ге жуық мақаланы қамтыған. SLR веб-оқыту бастауышта педагогика мен технологияны ықпалдастырып, оқу нәтижелеріне (сыни ойлау, ынтымақтастық, оқу мотивациясы, т.б.) оң ықпал бере алатыны жазылады; сонымен қатар мұғалім басшылығы, әсіресе, қауіптер (зорығу, назардың бөлінуі) бар екені ескеріледі [11].

Төмен үлгерімді оқушыларға бағытталған деректер. Германия бастауыш мектептері бойынша сапалы зерттеу: *төмен үлгерімді оқушылар* бейімделетін (адаптивті) цифрлық бағдарламалардан пайда көреді, алайда көп жағдайда қосымша қолдау мен құрылым қажет; жедел кері байланыс мотивацияны ұстап тұруға көмектеседі [12].

Құзыреттер шеңбері (саясаттық негіз). OECD Education 2030 «Learning Compass» құжаты құзыреттерді (сыни ойлау, шығармашылық, рефлексия, ынтымақтастық) оқу-тәрбиеге кіріктіру қажеттігін атап көрсетеді – бұл веб-ортадағы тапсырмалар арқылы іске асырылуы мүмкін [13].

*Шетелдік тәжірибелердегі аралық қорытынды***:** веб-сайттар арқылы оқыту бастауыштағы оқу нәтижелерін жоғарылата алады, бірақ төмен үлгерімді топта табысты болу үшін міндетті түрде: (а) мазмұнды деңгейлеп/бейімдеу, (ә) үздіксіз мұғалімдік қолдау, (б) жедел кері байланыс қажет. Бұл – аралас/гибрид модельдердің (онлайн + оффлайн) тиімділігін де негіздейді [10, 8 б.].

Зерттеу тақырыбына сәйкес елімізде жүргізілген зерттеу жұмыстарын төмендегіше көрсетуге болады:

Цифрлық контент және бастауыштағы тілдік құзырет. ҚарМУ мен ТОУ авторлары (Каримова Г.С., Ишанов П.З., Анесова А.Ж. т.б.) бастауыш сынып оқушыларына арналған цифрлық оқу контентін (онлайн/офлайн) әзірлеу арқылы шетел тілін меңгертудің тиімділігін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздейді; COVID-19 кезеңінде контенттің жетіспеушілігі мен мұғалімнің цифрлық жетекшілігі маңызын айқындайды [14].

Қашықтан/онлайн ресурстардың ұғымдық аппараты мен тиімді қолдануы. БҚУ «Педагогика хабаршысы» журналындағы мақалада интернет-ресурстар, цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) ұғымдары анықталып, бастауыш мұғалімдерін ЦБР-ды тиімді қолдануға даярлаудың қажеттігі дәлелденеді (арнайы курс нәтижелері сипатталған) [15].

Онлайн платформалардың жергілікті үлгілері. Ел ішінде Bilimland/Online Mektep секілді платформалардың функционалы мен деңгейлеп берілген тапсырмалардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпалы туралы оқу-әдістемелік талдамалар бар (практикалық сипаттама) [16].

Қазақстандағы аралық қорытынды тәжірибелерден: зерттеулер цифрлық контент сапасы, мұғалімнің даярлығы және пәндік мақсатпен интеграцияланған қолдану – бастауыштағы пәндік құзыреттілікті күшейтудің негізгі шарты екенін көрсетеді. Төмен үлгерімді оқушылар үшін контенттің деңгейленуі, тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және тұрақты кері байланыс ерекше маңызды [14, 160-167 б.].

Жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес ғылыми пікірлер мен зерттеу тақырыбының маңыздылығын төмендегіше көрсетуге болады.

Шетелдік тәжірибелерде төмен үлгерімді бастауыш оқушыға веб-орта пайдалы**,** бірақ құрылым/қолдау керек екені зерттеулерде нақтыланады [12, 186-212 б.].

Қазақстандық жұмыстар цифрлық контент пен платформаларды нысаналы пәндік мақсаттарға бейімдеу және мұғалімдердің әдістемелік дайындығын күшейту қажеттігін алға тартады [14, 160-168 б.].

Аталған мақаланың ғылыми үлесі ретінде веб-сайттарды төмен үлгерімді бастауыш оқушыларға арнап бейімдеу мен мұғалімдік сүйемелдеу модельдерін (деңгейлеу, жедел кері байланыс, микро-қадам) нақтылап, пәндік құзыреттерге әсерін көрсету екендігін айтуға болады.

Келесі кезектегі баяндау практикалық тұрғыдан жүзеге асырылған зерттеу әдістемесі және нәтижелерді талдауға бағытталады. Оның ішінде зерттеу нысаны мен кезеңдері бойынша оқу материалдарын төмендегіше көрсетуге болады.

Зерттеу нысаны – бастауыш сыныптағы үлгерімі төмен оқушылар (2–4 сынып). Зерттеу пәні – веб-сайттар арқылы пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу 2024–2025 оқу жылында үш кезеңде жүргізілді:

1. Диагностикалық кезең – оқушылардың пәндік білім деңгейін, оқу мотивациясын және цифрлық сауаттылығын анықтау.

2. Эксперименттік кезең – веб-сайттарды (LearningApps, BilimLand, Wordwall, Quizizz) қолдану арқылы оқыту.

3. Қорытынды кезең – эксперимент нәтижелерін салыстырмалы-статистикалық талдау.

Экспериментке (3-сыныптан) барлығы 48 оқушы (24 – бақылау, 24 – эксперимент тобы) қатысты. Әр топта оқу бағдарламасы бірдей, айырмашылығы – эксперимент тобында оқу тапсырмалары веб-сайт арқылы жүргізілді.

Зерттеу барысында басымдықпен қолданылған әдістер төмендегідей болды және олар:

- *бақылау және әңгімелесу әдістері* – оқушылардың сабақтағы белсенділігін анықтау;
- *тест және сауалнама* – пәндік білім мен дағдыны өлшеу (математика, қазақ тілі, дүниетану пәндері бойынша).
- *статистикалық талдау (t-тест, пайыздық салыстыру)* – динамикалық өзгерістерді бағалау үшін жүзеге асырылды.

Мұндай аралас әдістемелер жиынтығы педагогикалық эксперименттерде тиімді деп саналады [17].

Оқушыларға ұсынылатын пән бойынша ресурстар алдын ала топтастырылды. Оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеттік оқуда мүмкін болатын платформалар анықталды және соған сәйкес қол жеткізілетін нәтиже белгіленді (1-кесте).

1- кесте – Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінде қолдануға болатын платформалар

Платформа	*Қолдану мақсаты*	*Нәтиже*
BilimLand / iMektep	Ережені түсіндіретін қысқа анимациялар, интерактивті жаттығулар	Оқушының грамматиканы жеңіл түсінуі орын алады
LearningApps.org	Буын, сөз табы, сөйлем құрау ойындары	Ойлау, талдау, сәйкестендіру дағдылары қалыптасады
ReadAlong by Google	Қазақша мәтіндерді дұрыс, анық оқуға үйретеді	Оқу техникасы жақсарады
Khan Academy Kids	Әріп-дыбыс сәйкестігі, сөз құрау, қарапайым мәтін оқу	Оқырмандық құзыреттілік дамиды

1-кестеге сәйкес қазақ тілінде (3-сынып) «Сын есім» тақырыбы бойынша сабақта платформаларды төмендегідей мақсатта қолдануға болады:

- iMektep → «Сын есім» бейнесабағы көрсетіледі;
- LearningApps → «Затты сипатта» сәйкестендіру ойыны ұйымдастырылады;
- BilimLand → Қорытынды жаттығу (автоматты бағалау) жүзеге асырылады.

Келесі кезекте математика пән сабағында үлгерімі төмен оқушыларға оқу жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылатын платформаны ұсынуға болады (2-кесте).

2-кестеге сәйкес «1000 көлеміндегі қосу/азайту» тақырыбын мысалыға келтіруге болады. BilimLand → интерактив есептерді шешу жүзеге асырылса, Darin Online → «Сандар қатары» логикалық ойындары орындау ұйымдастырылады, т.с.с.

1-кесте – Математика оқу пәнінде қолдануға болатын платформалар

Платформа	*Қолдану мақсаты*	*Нәтиже*
BilimLand	1000 көлеміндегі есептер, амалдар, теңдеулер	Тақырыпты тез меңгеру жүзеге асырылады
Darin Online	Логика, арифметика тренажерлары	Ойлау дағдылары дамиды
Khan Academy Kids	Қосу/азайту, уақыт, өлшем	Математикалық сауаттылық артады
ABCya	Математикалық ойындар (Bingo, Puzzle)	Мотивация жоғарылайды

Сонымен қатар, 3-сыныпта жаратылыстану негіздері (Дүниетану) пәні және басқа пәндер бойынша да жоғарыдағы платформаларды қолдануға болады (3-кесте).

1-кесте – Жаратылыстану (Дүниетану) пәнінде қолдануға болатын платформалар

Платформа	*Қолдану мақсаты*
BilimLand	Табиғат өзгерістері, эксперименттер
LearningApps	Табиғат құбылыстары, жануарлар, өсімдіктерді жіктеу
Khan Academy Kids	Қоршаған орта ұғымы, экология негіздері

3-кестеге сәйкес, мәселен, «Жануарларды тіршілік ортасы бойынша топтау» тақырыбын оқытуда LearningApps → «Жануарларды топта» → BilimLand бейнесабағын бақылау мен оқу жұмысын ұйымдастыру орындалады.

Бастауыш сыныптағы оқу үлгерімі төмен оқушылар үшін «Цифрлық портфолиосы» толтырылады. Оның мазмұны төмендегідей құрылымдық элементтерді қамтиды:

1. Оқушы туралы қысқаша педагогикалық профиль:

- оқушының аты-жөні;
- сынып (мәселен, 3-сынып);
- мәселелері (оқу техникасы төмен, есеп шығаруда қателеседі, назары тұрақсыз);
- күшті тұстары (визуалды материалды жақсы қабылдайды, ойын түрін жақсы көреді);
- жеке қолдау бағыты (Веб-платформалар арқылы жеке қарқынмен жұмыс жасау).

2. Пән бойынша цифрлық маршрут картасы (апта күндерінде оқу пәндері бойынша білім беру платформаларын пайдаланып оқу жұмыстарын ұйымдастыру).

3. Үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттілік тұрғысынан айлық жетістік мониторингі (оқу техникасы (мин/сөз) (айлар бойынша динамикасы есепке алынады), т.б.).

Сонымен қатар, зерттеу жұмысына енгізілетін пәндік құзыреттілік диагностикалық картасы әрбір оқу пәні бойынша жеке-жеке әзірленді. Олар оқу пәні бойынша қалыптастырылатын – дағды түрлерін; есепке алатын – индикатор, нәтижені анықтайтын – диагностика түрлерін; оқу жұмысын ұйымдастырудағы білім беру платформалары – қорларды қамтыды.

Талқылау. Зерттеу материалдары мен әдістеріне сәйкес жүргізілген зерттеу, эксперимент нәтижелері 4-кестеден көруге болады (4-кесте).

4-кестеге сәйкес ескерілетіні бақылау тобы дәстүрлі оқыту арқылы білім алды; эксперимент тобы BilimLand, LearningApps, Quizizz және Wordwall платформалары арқылы оқытылды. *Статистикалық айырмашылық маңызы: $p < 0.05$.*

Жүргізілген зерттеу барысы мен нәтижелеріне қысқаша төмендегідей түсіндірме беруге болады:

- эксперимент нәтижесінде пәндік құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша орташа 27,5 % өсім байқалды;
- ең үлкен өсім іс-әрекеттік компонентте (28,4 %) тіркелді – бұл веб-сайттарда практикалық, интерактивті тапсырмалардың мол болуымен түсіндіріледі;

1- кесте – Үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерінің динамикасы

№	*Құзыреттілік компоненттері*	*Бағалау критерийі (100 балдық шкала)*	*Бақылау тобының көрсеткіші*		*Эксперимент тобының көрсеткіші*		*Өзгері с (%)*
			бастапқы	*қорытынды*	*бастапқы*	*қорытынды*	
1	Когнитивтік (білім, түсіну)	Пәндік мазмұнды меңгеру деңгейі	47,3	59,5	46,8	76,2	+26,7
2	Іс-әрекеттік (қолдану, талдау)	Практикалық тапсырмаларды өз бетімен орындау жиілігі	44,8	56,4	45,1	73,5	+28,4
3	Тұлғалық-мотивациялық	Сабаққа қатысу белсенділігі, өзін-өзі бағалау деңгейі	48,2	59,0	47,6	72,8	+25,2
4	Коммуникативтік	Топтық және онлайн өзара әрекет дағдылары	49,5	61,7	48,7	75,1	+26,4
5	Орташа нәтиже	Жалпы пәндік құзыреттілік индексі	46,7	58,3	47,1	74,6	+27,5

- мотивациялық және коммуникативтік салалардағы өсім оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен топтық жұмысқа қатысуының артқанын дәлелдейді;

- эксперимент соңында бақылау тобының 29 %-ы, ал эксперимент тобының 67 %-ы пәндік құзыреттіліктің «жоғары деңгейіне» жеткендігін дәйектейді.

Алғашқы диагностикада пәндік құзыреттілік көрсеткіші (100 балдық шкала бойынша):

- бақылау тобында – 46,7 балл;
- эксперимент тобында – 47,1 балл болды.

Эксперимент соңында бұл көрсеткіштер:


- бақылау тобында – 58,3 балл;
- эксперимент тобында – 74,6 балл деңгейіне жетті.

Яғни, веб-сайттар арқылы оқыту нәтижесінде пәндік құзыреттіліктің орташа өсімі 27,5 %-ға жоғарылаған**.** Бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан сенімді ($p<0.05$).

Мысалы, BilimLand және LearningApps платформаларын қолданған сабақтарда оқушылардың оқу тапсырмаларын өз бетінше орындау көрсеткіші 1,4 есеге артқан, ал рефлексиялық дағдылары 30 %-ға жақсарған [18]. Біздің зерттеу жұмысымызда да Веб-сайттарды қолдану арқылы оқу жұмыстарын ұйымдастыруда үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктерінің артқандығын 1-суреттен көруге болады.

Жүргізілген зерттеуге жасалған теориялық талдау бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады.

- эксперимент тобының барлық компоненттер бойынша айқын оң динамикасы байқалады;
- ең жоғары өсім – *іс-әрекеттік (қолдану, талдау)* компонентінде (+28,4 %), бұл веб-платформалардағы практикалық интерактивті тапсырмалардың әсерімен түсіндіріледі;
- когнитивтік және коммуникативтік салаларда да өсім жоғары (+26-27 %), бұл оқушылардың өзара әрекет ету және білімді тәжірибеде қолдану дағдыларының артқанын дәлелдейді;
- бақылау тобында көрсеткіштер шамалы ғана жақсарған (орташа +11,6 %), бұл дәстүрлі әдістердің төмен үлгерімді оқушыларға аз әсер ететінін көрсетеді.



1-сурет – Веб-сайттарды қолдану арқылы оқытудағы үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерінің динамикасы

Сонымен, веб-сайттар (BilimLand, LearningApps, Quizizz, Wordwall, т.б.) жүйелі қолданылған жағдайда үлгерімі төмен оқушылардың пәндік құзыреттіліктері айтарлықтай артады, ал дәстүрлі оқыту формасы мұндай нәтиже бермейді деген қорытынды шығаруға болады деп білеміз.

Жүргізілген зерттеу бойынша эксперимент нәтижелері веб-сайттардың үлгерімі төмен оқушыларға үш маңызды әсерін көрсетті:

1. Мотивациялық әсер – интерактивті тапсырмалар мен геймификация элементтері оқуға деген қызығушылықты арттырды;

2. Когнитивтік әсер – ақпаратты визуалды және құрылымдалған түрде қабылдау арқылы есте сақтау мен талдау дағдылары жақсарды;

3. Әлеуметтік әсер – топтық онлайн тапсырмалар оқушылардың коммуникациялық және бірлескен жұмыс дағдыларын дамытты.

Осыған ұқсас қорытындыны Польшаның Гданьск университетінің ғалымдары да көрсеткенін зерттеулерден көруге болады: веб-негізді оқыту бастауыш мектеп оқушыларының пәндік жетістігін арттырып, өзін-өзі бағалау мен кері байланыс механизмін жетілдіреді [19].

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда веб-сайттарды жүйелі және мақсатты қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Эксперимент барысында үлгерімі төмен оқушылардың оқу мотивациясы, пәндік білім сапасы және өз бетімен әрекет ету дағдылары айтарлықтай артқаны байқалды.

Жүргізілген диагностикалық және эксперименттік жұмыстар нәтижесінде келесі негізгі ғылыми тұжырымдар жасалды:

1. Пәндік құзыреттілік – тек теориялық білім жиынтығы емес, ол оқушының нақты оқу жағдаяттарында білімін қолдана білу қабілетін білдіретін кешенді құрылым екені анықталды. Бұл құрылымның құрамына когнитивтік (білім, түсіну), іс-әрекеттік (қолдану, талдау) және тұлғалық-рефлексивтік (бағалау, өзін-өзі жетілдіру) компоненттер енеді.

2. Үлгерімі төмен оқушылардың ерекшеліктері олардың оқу мотивациясының төмендігімен, өзіндік бақылаудың әлсіздігімен және зейін тұрақсыздығымен сипатталады. Сондықтан веб-негізді оқыту технологиялары олардың назарын аударып, оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік берді.

3. Веб-сайттарды қолдану педагогикалық шарттары анықталды:

- оқушының жеке оқу қарқыны мен мүмкіндігін ескеру;
- интерактивті және ойын элементтерін енгізу (LearningApps, Wordwall, BilimLand, Quizizz платформалары);
- тапсырмалар жүйесін біртіндеп күрделендіру;
- кері байланыс пен өзін-өзі бағалау тетіктерін қалыптастыру.

4. Эксперимент нәтижесінде пәндік құзыреттіліктің орташа деңгейі 27,5 %-ға артты, ал оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырмаларды өз бетімен орындау жиілігі 1,4 есеге өсті. Бұл көрсеткіштер веб-сайттардың оқыту тиімділігін эмпирикалық тұрғыда дәлелдейді.

5. Веб-сайттарды пайдалану психологиялық тұрғыдан жағымды оқу ортасын қалыптастырып, оқушылардың өз мүмкіндігіне сенімін арттырды және топтық өзара әрекеттестікті күшейтті.

Зерттеу нәтижелері бойынша практикалық ұсыныстар жасауды дұрыс деп білеміз:

1. Мұғалімдерге веб-сайттарды сабақтың әр кезеңінде (түсіндіру, бекіту, бақылау) мақсатқа сай қолдану ұсынылады.

2. Үлгерімі төмен оқушылар үшін жеке аккаунттар мен дербес тапсырмалар жүйесін жасау тиімді.

3. Пән мұғалімдеріне арналған **«Веб-ресурстарды қолдану әдістемесі»** атты курстар ұйымдастыру қажет.

4. Әр мектепте цифрлық білім беру ортасын дамыту мақсатында тұрақты интернет пен мультимедиялық құрылғылармен қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында анықталған шектеулері және болашақ бағыттардың да бары анықталды. Зерттеу тек 2-4 сыныптармен және төрт веб-платформамен шектелді. Болашақта зерттеу аясына жоғары сынып оқушыларын, басқа пәндерді (мысалы, жаратылыстану немесе ағылшын тілі) және отандық авторлық веб-ресурстарды енгізу ұсынылады.

Жалпы алғанда, веб-сайттарды тиімді пайдалану үлгерімі төмен бастауыш сынып оқушыларының пәндік құзыреттілігін арттырудың инновациялық бағыты ретінде педагогикалық тәжірибеде маңызды орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Zuhrieh Shana, Khadijah Naser, Eman Zeitoun. Impact of web-based learning platforms on primary school students' academic performance in the UAE: Exploring the digital frontier. EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2024, 20(1), https://www.ejmste.com

2. Jovita Ponomariovienė, Daiva Jakavonytė-Staškuvienė. Developing General and Subject Competences of Primary School Pupils in the Context of Integrated Education: the Case of one Lithuanian School. Journal of Education Culture and Society No. 2_2022. 659-680. file:///C:/Users/User%209/Downloads/JECS_2_2022_659_680.pdf

3. Педагогикалық энциклопедия. – Алматы: Білім, 2019. – 480 б.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022. – 48 б.

5. OECD. The Future of Education and Skills: Education 2030. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 40 p.

6. Жалпы психология: оқулық / ред. Ә. Алдамұратов. - Алматы: Эверо, 2011. - 216 б.

7. Кәкішева Г., Сәрсенова Д. Цифрлық білім беру ортасында оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту // Педагогика және психология. – 2023. – №3(56). – Б. 140–147.

8. Al-Ahdal A. A. M. Impact of Web-Based Learning Platforms on Primary School Students' Academic Performance in the UAE. // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2021. – Vol.17(11). – p. 91–97.

9. Jucevičienė D., Lasauskienė L. Developing General and Subject Competences of Primary School Pupils. // Journal of Education, Culture and Society. – 2022. – №13(1). – p. 30–36.

10. Shana Z. et al. Impact of web-based learning platforms on primary school students' academic performance in the UAE. EJMSTE. EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2024, 20(1). - p. 8. https://www.ejmste.com/download/impact-of-web-based-learning-platforms-on-primary-school-students-academic-performance-in-the-uae-14091.pdf

11. Herwulan Irine Purnama a, Insih Wilujeng a, Cepi Safrudin Abdul Jabar. Web-based E-learning in Elementary School: A Systematic Literature Review. JOIV : Int. J. Inform. Visualization, 7(3) - September 2023. 749-759. https://joiv.org/index.php/joiv/article/viewFile/1203/718

12. Heinz, J. (2016). Digital Skills and the Influence of Students' Socio-Economic Background. An Exploratory Study in German Elementary Schools. Italian Journal of Sociology of Education, 8(2). 2016. -P.186-212. https://ijse.padovauniversitypress.it/system/files/papers/2016_2_9_0.pdf].

13. OECD Education 2030 – Learning Compass. - p. 6. https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2018/06/the-future-of-education-and-skills_5424dd26/54ac7020-en.pdf].

14. Каримова Г.С., Ишанов П.З., Анесова А.Ж. Цифрлық оқу контенттері негізінде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. № 2(110)/2023. 160-168 б. https://tou.edu.kz/arm/storage/files/6628ef3d23bb94.92297006.pdf

15. Abildina S.K., Aidarbekova K.A., Mukhametzhanova A.O. Opportunities to use educational resources in the context of distance learning. Bulletin of Karaganda University, Series «Pedagogy». No. 1(109)/2023. pp.160-168 https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/apart/2023-109-1/17.pdf

16. Цифрлы ортадағы оқыту технологиялары: цифрлы білім беру платформалары және құралдары https://smart-pedagog.kz/images/document/coaching/5/9-resurs.pdf?utm_source=chatgpt.com

17. Ильин Е.П. Психология образования. – СПб.: Питер, 2019. – 284 с.

18. Кенжегұлова А. Интерактивті оқыту технологияларын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыру // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №2(38). – Б. 41–46.

19. Dąbrowski M., Lewandowska K. Web-Based Instruction in Early School Education: A Case Study. // Education and Information Technologies. – 2021. – Vol. 26(2). – P. 58–63.

References:

1. Shana, Z., Naser, K., Zeitoun, E. (2024). Impact of web-based learning platforms on primary school students' academic performance in the UAE. EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 20(1).

2. Ponomarioviene, J., Jakavonyte-Staskuviene, D. (2022). Developing general and subject competences of primary school pupils. Journal of Education, Culture and Society, 2, 659–680.

3. Pedagogikalyq entsiklopediia. (2019). Almaty: Bilim.

4. Kazakhstan Respublikasy Oqu-agartu ministrligi. (2022). Bastauysh bilim berudin memlekettik standarty. Astana.

5. OECD. (2019). The Future of Education and Skills: Education 2030. Paris: OECD Publishing.

6. Aldamuratov, A. (Ed.). (2011). Zhalpy psikhologiia. Almaty: Evero.

7. Kakisheva, G., Sarsenova, D. (2023). Tsyfrlyq bilim beru ortasynda oqushylardyn tanymdyq belsendiligin damytu. Pedagogika zhane psikhologiia, 3(56), 140–147.

8. Al-Ahdal, A. A. M. (2021). Impact of web-based learning platforms on primary school students' academic performance in the UAE. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 17(11), 91–97.

9. Jucevicienė, D., Lasauskienė, L. (2022). Developing general and subject competences of primary school pupils. Journal of Education, Culture and Society, 13(1), 30–36.

10. Shana, Z. et al. (2024). Impact of web-based learning platforms on primary school students' academic performance in the UAE. EJMSTE, 20(1), 1–8.

11. Purnama, H. I., Wilujeng, I., Jabar, C. S. A. (2023). Web-based e-learning in elementary school: A systematic literature review. JOIV: International Journal of Information Visualization, 7(3), 749–759.

12. Heinz, J. (2016). Digital skills and the influence of students' socio-economic background. Italian Journal of Sociology of Education, 8(2), 186–212.

13. OECD. (2018). Education 2030 – Learning Compass. Paris.

14. Karimova, G. S., Ishanov, P. Z., Anesova, A. Zh. (2023). Tsyfrlyq oqu kontentteri negizinde bastauysh synyp oqushylarynyn shetel tildik kommunikativtik quzyrettiligin qalyptastyru. Kargandy University Bulletin. Pedagogy Series, 2(110), 160–168.

15. Abildina, S. K., Aidarbekova, K. A., Mukhametzhanova, A. O. (2023). Opportunities to use educational resources in distance learning. Bulletin of Karaganda University. Pedagogy Series, 1(109), 160–168.

16. Tsyfrly orta dagy oqytu tekhnologialary. (n.d.). Retrieved from https://smart-pedagog.kz

17. Ilin, E. P. (2019). Psikhologiia obrazovaniia. Saint Petersburg: Piter.

18. Kenzhegulova, A. (2022). Interaktivti oqytu tekhnologialaryn qoldanu arqyly bastauysh synyp oqushylarynyn belsendiligin arttyru. Bilim berudegi innovatsialar, 2(38), 41–46.

19. Dabrowski, M., Lewandowska, K. (2021). Web-based instruction in early school education. Education and Information Technologies, 26(2), 58–63.

ҒТАХР 14.35.15

https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.036

М.М.Абдурахманова,[1] Г.Т.Сәдуақас, [1] Э.Ж.Халилаева [2]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
[2] Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет, Түркістан қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «SOFT SKILLS» ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік бейімделуін, тұлғалық дамуын және өмірлік дағдыларын жетілдіру болып табылады. Осы тұрғыда *soft skills* ұғымы білім беру мазмұнының маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықталады.

Зерттеудің мақсаты ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың мазмұны мен әдістерін айқындау және олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелдеу болып табылады. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы-педагогикалық талдау, бақылау, сауалнама және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды.

Эксперименттік зерттеу Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында жүргізілді. Эксперимент нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік дағдыларының айқын дамуына ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топта *soft skills* көрсеткіштерінің өсуі бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары болды.

Зерттеу нәтижелері бастауыш білім беру тәжірибесінде ұлттық құндылықтарды *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы ретінде қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, soft skills, ұлттық құндылықтар, тұлғалық даму, әлеуметтік дағдылар, педагогикалық эксперимент.

Абдурахманова М.М.,[1] Сэдуакас Г.Т.,[1] Халилаева Э.Ж.[2]*
[1] *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*
[2] *Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ SOFT SKILLS НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования *soft skills* навыков у учащихся начальных классов на основе национальных ценностей. В условиях глобализации одной из ключевых задач системы образования становится развитие не только академических знаний, но и личностных качеств, социальной адаптации и жизненных навыков обучающихся. В этом контексте *soft skills* рассматриваются как важный компонент современного образовательного содержания.

Цель исследования заключается в определении содержания и методов формирования *soft skills* у младших школьников на основе национальных ценностей и экспериментальном обосновании их эффективности. В ходе исследования использовались методы теоретического анализа, сравнительно-педагогического анализа, наблюдения, анкетирования и педагогического эксперимента.

Экспериментальное исследование было проведено в начальных классах общеобразовательной школы г. Алматы. Результаты эксперимента показали, что систематическое включение национальных ценностей в учебно-воспитательный процесс способствует развитию коммуникативных навыков, навыков сотрудничества, саморегуляции и ответственности у учащихся. В экспериментальной группе наблюдалась более выраженная положительная динамика показателей *soft skills* по сравнению с контрольной группой.

Полученные результаты подтверждают возможность и целесообразность использования национальных ценностей как эффективного педагогического средства формирования *soft skills* в начальном образовании.

Ключевые слова: начальная школа, soft skills, национальные ценности, личностное развитие, социальные навыки, педагогический эксперимент.

Abdurakhmanova M.,[1] Saduakas G.,[1] Khalilayeva E.[2]
[1] *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2] *Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

DEVELOPING SOFT SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS BASED ON NATIONAL VALUES

Abstract

This article examines the issue of developing *soft skills* in primary school students based on national values. In the context of globalization, one of the main tasks of modern education is not only to provide academic knowledge but also to foster students' personal development, social adaptation, and life skills. In this regard, *soft skills* are considered an essential component of contemporary educational content.

The aim of the study is to identify the content and methods for developing *soft skills* in primary school students through national values and to experimentally verify their effectiveness. The research employed methods of theoretical and comparative pedagogical analysis, observation, questionnaires, and a pedagogical experiment.

The experimental study was conducted in primary classes of a general secondary school in Almaty. The results demonstrated that the systematic integration of national values into the educational process positively influences the development of communication, cooperation, self-regulation, and responsibility skills among primary school students. The experimental group showed significantly higher improvement in *soft skills* indicators compared to the control group.

The findings confirm that national values can be effectively used as a pedagogical resource for developing *soft skills* in primary education and contribute to students' holistic personal development.

Keywords: primary school, soft skills, national values, personal development, social skills, pedagogical experiment.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – бастауыш сынып оқушыларының тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың өмірлік дағдыларын, әлеуметтік бейімделуін және тұлғалық қасиеттерін дамыту болып табылады. Бұл тұрғыда халықаралық ғылыми қауымдастықта кеңінен қолданылып жүрген «soft skills» ұғымы білім беру мазмұнының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің мазмұны мен мақсатына ерекше мән беріледі. Аталған заңда білім беру үдерісі тұлғаның зияткерлік және мәдени дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ әртүрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту жүйесі ретінде айқындалады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, оның қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне саналы түрде қатысу қажеттілігін қалыптастыру қажеттігі көрсетіледі [1].

Аталған нормативтік талаптар бастауыш сынып оқушыларының дағдыларын дамыту мәселесін педагогикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Себебі білім алушылардың дағдыларды меңгеруі тек сыртқы ықпалдардың нәтижесі ретінде емес, сонымен қатар олардың ішкі уәждері мен субъективті көзқарастарының іске асуымен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетіне саналы қатынасының қалыптасуы олардың тұлғалық дамуының маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын реттейтін нормативтік құжаттарда да бастауыш білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған талаптар айқын көрініс табады. Атап айтқанда, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бастауыш білім беру мазмұнында білім алушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуды басым бағыттардың бірі ретінде айқындайды [2].

Сонымен бірге, аталған стандартта білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар қатарында олардың әлеуметтік өзара әрекетке түсу қабілетіне, басқалармен жағымды қарым-қатынас орнатуына, ұжымдық іс-әрекетке қатысуына және ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуына ерекше мән беріледі. Бұл талаптар білім алушылардың коммуникативтік, ынтымақтастық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Жаңа нормативтік құжатта белгіленген аталған сапалар мазмұндық тұрғыдан soft skills ұғымымен толық сәйкес келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын қалыптастырудың мазмұндық және тәрбиелік ресурсы ретінде маңызды орын алады. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың тарихи-мәдени тәжірибесінде қалыптасқан, жас ұрпаққа мінез-құлық үлгісі мен әлеуметтік нормаларды меңгертетін рухани-адамгершілік бағдарлар жүйесі. Қазақстандық білім беру контекстінде ұлттық құндылықтарға отансүйгіштік, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу, ынтымақ, адалдық және жауапкершілік сияқты қасиеттер жатады, олар бастауыш мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді [2].

OECD, UNESCO және WHO ұйымдарының құжаттарында soft skills оқушылардың қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық, эмоцияны басқару, жауапкершілік пен дербес шешім қабылдау қабілеттерін қамтитын кешенді дағдылар жүйесі ретінде анықталады [3; 4; 5].

Осы тұрғыда қазіргі білім беру жүйесі барлық дағдылардың құрылымдық негізін құрайтын *жұмсақ дағдыларды* (soft skills) қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Жұмсақ дағдылар (soft skills) оқушылардың өзгермелі ортаға бейімделуіне, оқу әрекетін саналы түрде ұйымдастыруына, өзін-өзі реттеу мен рефлексия механизмдерін іске қосуына мүмкіндік береді. Бұл дағдылардың қалыптасуы оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, білім алу үдерісіндегі дербестігін арттырады.

Бастауыш мектеп кезеңі баланың тұлғалық қасиеттері мен мінез-құлықтық үлгілерінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Дәл осы кезеңде білім мен дағдыларды дайын күйінде қабылдаумен қатар, оларды өз бойында қалыптастыру қабілетінің негізі қаланады. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының жұмсақ дағдыларын дамыту мәселесі педагогикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие болып отыр.

XXI ғасыр талаптарына сәйкес білім алушы тек пәндік білімді меңгеріп қана қоймай, әлеуметтік ортада тиімді қарым-қатынас жасау, бірлесіп әрекет ету, жауапкершілік алу, өзін-өзі реттеу және бастамашылдық таныту сияқты әмбебап *soft skills* дағдыларын игеруі қажет. Soft skills ұғымы тұлғаның когнитивтік емес, бірақ оқу мен өмірлік табыстылықты қамтамасыз ететін әлеуметтік-эмоциялық және мінез-құлықтық қабілеттер жиынтығы ретінде қарастырылады. Дж.Хэтти зерттеулерінде кері байланыс, өзіндік реттеу және әлеуметтік өзара әрекет оқу жетістіктеріне ықпал ететін маңызды факторлар ретінде анықталған [6]. Сонымен қатар, өзіндік мотивация мен әлеуметтік өзара әрекетті дамыту мәселелері Р.М. Райан мен Э.Л. Десидің өзін-өзі анықтау теориясында кеңінен негізделген [7].

Шетелдік ғылыми еңбектерде де мәдени және ұлттық мазмұнға негізделген тәрбиелік ықпалдың оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытудағы тиімділігі атап көрсетіледі. Мәселен, физикалық және әлеуметтік белсенділікке негізделген бағдарламалар балалардың ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік сияқты soft skills көрсеткіштерін арттыратыны дәлелденген [8].

Бастауыш мектеп кезеңі soft skills дағдыларын қалыптастыру үшін аса қолайлы кезең болып саналады, себебі дәл осы жаста баланың мінез-құлқы, құндылықтық бағдарлары және әлеуметтік тәжірибесі қарқынды қалыптасады. Ғылыми әдебиеттерді талдау *soft skills* мәселесін зерттеуде бірқатар ғалымдардың еңбектерін мазмұндық аспектілер бойынша жүйелеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, *гибкие (жұмсақ) дағдылардың тәрбиелік және педагогикалық мәні* бастауыш мектеп контекстінде Р.А.Илаева мен А.Р.Масалимованың еңбектерінде қарастырылады. Авторлар кіші мектеп жасындағы оқушылардың жұмсақ дағдыларын дамытуда ынтымақтастыққа негізделген педагогикалық практикалардың тиімділігін көрсетіп, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті ұйымдастырудың әдістемелік жолдарын ұсынады [9].

Қазақстандық педагогикалық зерттеулерде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік дамуы мен танымдық белсенділігін арттыру мәселелері soft skills ұғымының жекелеген компоненттерімен мазмұндық тұрғыда тығыз байланысты қарастырылады. Атап айтқанда, А.С.Амирова мен Ж.Б.Шарипходжаеваның еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлігін дамыту оқу әрекетін ұйымдастыру, ойлау операцияларын жетілдіру және танымдық белсенділікті арттыру арқылы жүзеге асатыны көрсетіледі. Авторлар зияткерлік дамуды оқушының дербестігімен, оқу мотивациясымен және оқу үдерісіне саналы қатысуымен байланыстырады, бұл soft skills құрылымындағы ойлау икемділігі мен оқу белсенділігі компоненттерімен үйлеседі [10]. Бұл тұжырымдар бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда soft skills дағдыларының когнитивтік негіздерін қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Себебі сыни ойлау, танымдық қызығушылық және оқу әрекетіне белсенді қатысу soft skills жүйесінің маңызды құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, soft skills ұғымын кәсіби даярлау контекстінде жүйелі түрде талдаған қазақстандық зерттеулер де теориялық маңызға ие. П.А.Санатбай, Қ.Қ.Шалғынбаева және А.Е.Тауекелованың еңбектерінде soft skills әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация, ынтымақтастық және тұлғалық жауапкершілік дағдыларының жиынтығы ретінде қарастырылады. Авторлар бұл дағдылардың білім беру үдерісінде мақсатты түрде қалыптасуы тұлғаның кәсіби және әлеуметтік тиімділігін арттыратынын көрсетеді [11]. Аталған зерттеу тікелей бастауыш білім беру деңгейіне арналмағанымен, онда ұсынылған soft skills терминологиясы мен мазмұндық сипаттамалар бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл бастауыш білім беру жүйесінде soft skills дағдыларын қалыптастырудың жалпы педагогикалық заңдылықтарын айқындауға жағдай жасайды.

Алайда отандық бастауыш білім беру тәжірибесінде ұлттық құндылықтарды мақсатты түрде soft skills дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде жүйелі қолдануға арналған әдістемелердің жеткіліксіздігі байқалады. Көп жағдайда ұлттық мазмұн тәрбиелік іс-шаралармен шектеліп, оны

оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық технологиялармен біріктіру мәселесі жеткілікті деңгейде шешілмеген.

Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі ұлттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын қалыптастырудың тиімді педагогикалық ресурсы ретінде ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын қалыптастырудың мазмұны мен әдістерін айқындау және олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелдеу.

Зерттеудің маңыздылығы – **з**ерттеу нәтижелері бастауыш білім беру тәжірибесінде ұлттық құндылықтарды soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тәрбиелік және дамытушылық жұмысын жетілдіруге әдістемелік негіз бола алады.

Негізгі ережелер.

1. Soft skills бастауыш білім беру мазмұнының стратегиялық компоненті болып табылады**,** өйткені олар оқушылардың әлеуметтік бейімделуін, өзін-өзі реттеуін, дербестігін және өзгермелі ортада тиімді әрекет ету қабілетін қамтамасыз етеді. Халықаралық (OECD, UNESCO, WHO) және ұлттық нормативтік құжаттарда белгіленген талаптар soft skills дағдыларын қалыптастыруды бастауыш мектептен бастап жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттігін дәлелдейді.

2. Бастауыш мектеп кезеңі soft skills дағдыларын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ең қолайлы кезең болып табылады**,** себебі бұл жаста баланың құндылықтық бағдарлары, мінез-құлық үлгілері және әлеуметтік тәжірибесі қарқынды түрде қалыптасады. Осы кезеңде оқушылардың сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық және өзіндік мотивация дағдыларының негізі қаланады.

3. Ұлттық құндылықтар бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын қалыптастырудың мазмұндық және тәрбиелік ресурсы ретінде ерекше әлеуетке ие**,** өйткені олар оқушылардың жауапкершілік, еңбекқорлық, ынтымақ, өзара сыйластық сияқты әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Ұлттық мазмұн soft skills құрылымындағы әлеуметтік-эмоциялық және коммуникативтік компоненттермен табиғи түрде ұштасады.

4. Soft skills дағдыларын тиімді қалыптастыру ұлттық құндылықтарды мақсатты түрде педагогикалық технологиялармен кіріктіруді талап етеді**,** алайда отандық бастауыш білім беру тәжірибесінде бұл үдерісті жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған әдістемелер жеткіліксіз. Бұл жағдай зерттеу нысаны ретінде ұлттық құндылықтарға негізделген soft skills қалыптастыру моделін әзірлеудің қажеттігін көрсетеді.

5. Ұлттық құндылықтар негізінде soft skills дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелдеуді қажет етеді**,** өйткені мұндай тәсіл бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық, әлеуметтік және танымдық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер.

Теориялық-әдіснамалық негіз

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық бөлімі бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру мәселесін кешенді қарастыруға бағытталды. Осы мақсатта бірқатар өзара байланысты теориялық әдістер қолданылды.

Алдымен талдамалық әдіс арқылы қазіргі педагогика, психология және білім беру салаларындағы ғылыми еңбектер зерделенді. Талдау барысында *soft skills* ұғымының мазмұны, оның құрылымдық компоненттері, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың тұлғалық даму үдерісіндегі рөлі айқындалды. Бұл әдіс халықаралық ұйымдардың (OECD, UNESCO, WHO) тұжырымдамалық құжаттары мен отандық ғалымдардың еңбектерін салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді.

Интерпретациялық әдіс ұлттық құндылықтардың бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-эмоциялық және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы педагогикалық әлеуетін

ашу үшін пайдаланылды. Аталған әдіс арқылы ұлттық мазмұнның *soft skills* жүйесіндегі ынтымақтастық, жауапкершілік, өзін-өзі реттеу сияқты компоненттермен мағыналық байланысы түсіндірілді.

Құрылымдық-жүйелік тәсіл бастауыш білім беру жағдайында *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың ішкі логикасын анықтауға бағытталды. Бұл тәсіл ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбиенің мазмұндық өзегі ретінде қарастырып, оларды педагогикалық ықпалдың тұтас жүйесіне біріктіруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, педагогикалық модельдеу әдісі қолданылып, ұлттық құндылықтарға негізделген *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың авторлық үлгісі жасалды. Модельде мақсаттық бағдар, мазмұндық блок, ұйымдастырушылық тетіктер және күтілетін нәтижелер өзара сабақтастықта қарастырылды.

Эксперименттік әдістер кешені

Зерттеудің тәжірибелік бөлімі ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру арқылы бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларының қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс арнайы жоспарланған эксперимент аясында жүзеге асырылды. Эксперимент барысында оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларының бастапқы және соңғы көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданды.

Диагностикалық құралдар жүйесі бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* деңгейін бағалауға бейімделді. Диагностика барысында оқушылардың:

- өзара қарым-қатынас жасау белсенділігі;
- топтық іс-әрекетке қатысуы;
- оқу тапсырмаларын орындаудағы дербестігі;
- өзін-өзі бақылау және жауапкершілік дағдылары анықталды.

Педагогикалық бақылау әдісі оқушылардың күнделікті оқу әрекетіндегі мінез-құлықтық және әлеуметтік көріністерін тіркеу үшін қолданылды. Бақылау нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген іс-әрекеттердің оқушыларға ықпалын сапалық тұрғыда бағалауға мүмкіндік берді.

Сауалнама және бағытталған әңгімелесу әдістері оқушылардың ұлттық құндылықтарға көзқарасын, ұжымдағы өз орнын сезінуін және оқу әрекетіне ішкі уәжінің деңгейін анықтауға бағытталды. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби байқаулары мен пікірлері қосымша дерек көзі ретінде пайдаланылды.

Алынған нәтижелерді өңдеу үшін салыстырмалы-талдамалық әдістер қолданылып, эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері өзара салыстырылды.

Soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейлерін айқындау

Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында деңгейлік тәсіл қолданылды. Soft skills құрылымы коммуникативтік дағдылар, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік компоненттері арқылы бағаланды. Әрбір компоненттің көрініс беру ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың даярлық деңгейі жоғары, орта және төмен деңгейлерге жіктелді.

Деңгейлерді айқындау үшін педагогикалық бақылау, сауалнама, тапсырмаларды орындау нәтижелері және мұғалімдердің эксперттік бағалауы қолданылды. Әр көрсеткіш бойынша алынған нәтижелер жинақталып, пайыздық арақатынас арқылы деңгейлер белгіленді.

Төмен деңгей. Төмен деңгейдегі оқушыларда soft skills дағдылары эпизодтық сипатта байқалады. Олар:

- өз ойын ауызша жеткізуде қиналады;
- сыныптастарымен бірлескен әрекетке сирек қатысады;
- тапсырманы орындауда мұғалімнің тұрақты нұсқауын қажет етеді;
- өз мінез-құлқын реттеу және жауапкершілік таныту дағдылары әлсіз қалыптасқан.

Орта деңгей. Орта деңгейдегі оқушыларда soft skills дағдылары ішінара қалыптасқан. Олар:

- қарым-қатынасқа түсе алады, бірақ кейде сенімсіздік байқалады;
- топтық жұмыстарда белсенділігі тұрақсыз;
- өз әрекетін белгілі бір жағдайда реттей алады;
- жауапкершілікті мұғалімнің бақылауымен орындайды.

Жоғары деңгей. Жоғары деңгейдегі оқушыларда soft skills дағдылары тұрақты және жүйелі түрде көрініс табады. Олар:

- өз ойын анық, мәдениетті түрде жеткізеді;
- сыныптастарымен тиімді ынтымақтастық орнатады;
- өз мінез-құлқын саналы түрде реттей алады;
- тапсырмалар мен оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарайды.

Жалпы soft skills дағдыларының бастауыш сыныпқа тән педагогикалық интерпретациясын негізге ала отырып, төмендегі деңгейлік интервалдар мен соған сәйкес диагностикалық сипаттама алынды:

- төмен деңгей (0-49 %) – қарым-қатынас пен ынтымақтастық тұрақсыз; тапсырманы орындауда сыртқы бақылауға тәуелді; өзін-өзі реттеу мен жауапкершілік әлсіз;
- орта деңгей (50-69 %) – Soft skills дағдылары ішінара қалыптасқан; бірлескен әрекетке қатысады, бірақ тұрақтылығы жеткіліксіз; мұғалім қолдауын қажет етеді;
- жоғары деңгей (70-100 %) – қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан; ынтымақтастықта белсенді; өзін-өзі реттеу мен жауапкершілік тұрақты көрініс табады.

Осы шкалаға сүйене отырып және педагогикалық зерттеулерде қолданылатын стандартты тәсілге сәйкес эксперименттік және бақылау топтары бойынша деңгейлік үлестірім құрастырылды.

Зерттеу жүргізілген база және кезеңдік ұйымдастыру

Эксперименттік жұмыс жалпы білім беретін мектептің бастауыш буынында жүргізілді. Зерттеуге 4-сынып оқушылары қатысты.

Зерттеу жұмысы үш өзара байланысты кезеңнен тұрды:

Алғашқы (диагностикалық) кезең

Алғашқы кезеңде зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланып, бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын анықтауға арналған диагностикалық құралдар жүйесі іріктелді. Осы кезеңде *soft skills* дағдыларының құрылымдық компоненттері (коммуникативтік, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу, жауапкершілік және оқу мотивациясы) айқындалып, оларды бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштері белгіленді.

Сонымен қатар, экспериментке қатысатын оқушылардың *soft skills* дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында сауалнама, бақылау және диагностикалық тапсырмалар жүргізілді. Алынған нәтижелер эксперименттік және бақылау топтарын қалыптастыруға, сондай-ақ қалыптастырушы жұмыстың мазмұнын нақтылауға негіз болды.

Негізгі (қалыптастырушы) кезең

Негізгі кезеңде ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекеті жүйелі түрде ұйымдастырылып, бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық ықпал жүзеге асырылды.

Аталған кезеңде оқу сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстар мазмұнына ұлттық құндылықтарды (ынтымақ, өзара сыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік) кіріктіру көзделді. Оқу үдерісінде топтық және жұптық жұмыстар, бірлескен тапсырмалар, рөлдік жағдаяттар мен пікір алмасуға негізделген әдістер қолданылды.

Сонымен бірге, оқушылардың өзара қарым-қатынас жасау, ортақ шешім қабылдау және дербес әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық жағдайлар жасалды. Қалыптастырушы кезең барысында оқушылардың мінез-құлқындағы және оқу әрекетіндегі өзгерістер жүйелі түрде бақылауға алынып, аралық нәтижелер тіркелді.

Қорытынды (бақылау-талдау) кезеңі

Қорытынды кезеңде бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларының қалыптасу деңгейін қайта анықтау мақсатында қорытынды диагностика жүргізілді. Алынған деректер бастапқы кезеңдегі нәтижелермен салыстырылып, эксперименттік және бақылау топтары бойынша өзгеріс динамикасы айқындалды.

Сандық және сапалық талдау нәтижесінде ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық ықпалдың *soft skills* дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігі бағаланды. Зерттеу барысында алынған мәліметтер жалпыланып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі тексерілді.

Осы кезеңде ғылыми тұжырымдар жасалып, ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды.

Нәтижелер

Теориялық талдау нәтижелері

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері *soft skills* дағдыларының бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық, әлеуметтік және танымдық дамуын қамтамасыз ететін кешенді құрылым екенін көрсетті. Халықаралық және отандық зерттеулерде бұл дағдылардың коммуникативтік қабілет, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу, жауапкершілік және оқу мотивациясы сияқты компоненттер арқылы көрініс табатыны анықталған.

Теориялық талдау ұлттық құндылықтардың аталған компоненттерді дамытуға табиғи педагогикалық негіз бола алатынын дәлелдеді (1-кесте). Себебі, ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие мазмұны оқушылардың әлеуметтік өзара әрекетін, мінез-құлықтық нормаларын және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған.

1-кесте – Soft skills компоненттері мен ұлттық құндылықтардың сәйкестік матрицасы

Soft skills компоненті	*Ұлттық құндылық*	*Педагогикалық көрінісі*
Коммуникативтік дағдылар	Үлкенге құрмет, кішіге ізет	Сыпайы сөйлеу, өзгені тыңдау, пікірді мәдени жеткізу
Ынтымақтастық	Бірлік, татулық	Топтық жұмыс, өзара көмек, ортақ нәтижеге ұмтылу
Өзін-өзі реттеу	Сабырлылық, ұстамдылық	Эмоцияны басқару, тәртіп сақтау, өз әрекетін бақылау
Жауапкершілік	Адалдық, жауапкершілік	Міндетті орындау, уәдені сақтау, тапсырмаға саналы қатысу

1-кестеге сәйкес ұлттық құндылықтар мен soft skills арасындағы тікелей байланысты және олардың педагогикалық сипатын көруге болады.


Эксперименттік зерттеу нәтижелері

Эксперименттік зерттеу барысында ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастырылған оқу-тәрбие іс-әрекетінің бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларының қалыптасуына ықпалы анықталды (2-кесте, 1-сурет). Зерттеу Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептің 4-сыныптарында жүргізілді. Экспериментке барлығы 60 оқушы қатысты: 30 оқушы – эксперименттік топта (ЭТ), 30 оқушы – бақылау тобында (БТ).

2-кесте – Эксперименттік және бақылау топтарындағы soft skills дағдылары деңгейінің динамикасы (пайызбен)

Көрсеткіш	*Топ*	*Бастапқы деңгей, %*	*Қорытынды деңгей, %*	*Өзгеріс, %*
Коммуникативтік дағдылар	ЭТ	48,3	72,1	+23,8
	БТ	49,0	56,4	+7,4
Ынтымақтастық	ЭТ	46,7	70,5	+23,8
	БТ	47,2	54,3	+7,1
Өзін-өзі реттеу	ЭТ	45,1	68,9	+23,8
	БТ	45,6	53,2	+7,6
Жауапкершілік	ЭТ	47,6	71,4	+23,8
	БТ	48,0	55,1	+7,1
Жалпы soft skills индексі	*ЭТ*	*46,9*	*70,7*	*+23,8*
	БТ	*47,5*	*54,8*	*+7,3*

2-кестеде берілген деректер эксперименттік топта *soft skills* дағдыларының барлық көрсеткіштері бойынша айқын оң динамика байқалғанын көрсетеді. Ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекеті нәтижесінде эксперименттік топ оқушыларының коммуникативтік, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік дағдыларының деңгейі орта есеппен **23–24 %** артты. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өсуі **7–8 %** шегінде қалып, ол дәстүрлі оқу үдерісінің ықпалымен түсіндіріледі.



Сурет 1 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы soft skills дағдыларының көрсеткіштері


1-кесте мен 1-суретте эксперименттік және бақылау топтарындағы *soft skills* дағдыларының бастапқы және қорытынды көрсеткіштерінің өзгерісі көрсетілген. Диаграмма мәліметтері эксперименттік топта ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру нәтижесінде *soft skills* дағдылары деңгейінің айқын артқанын көрсетеді. Атап айтқанда, 2-кестеге сәйкес эксперименттік топта жалпы *soft skills* индексі бастапқы кезеңдегі 46,9 % көрсеткіштен қорытынды кезеңде 70,7 % деңгейіне дейін өскен.

Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өсуі салыстырмалы түрде төмен болып, бастапқы 47,5 % деңгейінен 54,8 % көрсеткішке дейін ғана артқан. Бұл ұлттық құндылықтарға негізделген мақсатты педагогикалық ықпалдың бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастыруда анағұрлым тиімді екенін дәлелдейді.

Эксперименттік топтағы нәтижелер ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық ықпалдың оқушылардың әлеуметтік өзара әрекетке түсуіне, оқу тапсырмаларын орындаудағы дербестігіне және ұжымдық жұмысқа қатысу белсенділігіне оң әсер еткенін дәлелдейді. Бұл ұлттық мазмұнды мақсатты түрде қолдану бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы екенін көрсетеді. Зерттеу жұмысы барысында сонымен қатар педагогикалық экспериментке қатысқан оқушылардың soft skills дағдылары деңгейлері анықталды (3-кесте, 2-сурет).

3- кесте – Эксперименттік және бақылау топтарындағы soft skills дағдылары деңгейлерінің үлестірімі (%)

Топ	Өлшем кезеңі	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
Эксперименттік топ (ЭТ)	Бастапқы	46,7	40,0	13,3
	Қорытынды	13,3	36,7	50,0
Бақылау тобы (БТ)	Бастапқы	43,3	43,3	13,4
	Қорытынды	30,0	46,7	23,3



Сурет 2 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы soft skills дағдылары деңгейлерінің көрсеткіштері

3-кесте мен 2-сурет бойынша төмендегідей қысқаша түсіндірме жасауға болады:

- эксперименттік топта жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 13,3 %-дан 50,0 %-ға дейін артты (+36,7 %);
- төмен деңгей 46,7 %-дан 13,3 %-ға дейін төмендеді (–33,4 %);
- бақылау тобында өзгеріс баяу, негізінен орта деңгей шегінде қалды.

Бұл деректер зерттеу жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.

Талқылау. Жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік-оқу әрекетін жүйелі ұйымдастыру (ынтымақтастық, өзара құрмет, жауапкершілік, үлкенді сыйлау, ортақ іске үлес қосу т.б.) бастауыш сынып оқушыларының soft skills көрсеткіштерін айқын арттыратынын көрсетті. Бұл нәтиже ҚР білім беру саясатының тұлғалық даму, құндылықтық бағдар және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған нормативтік талаптарымен логикалық тұрғыда сабақтас: «Білім туралы» Заң білім беруді тұлғаны дамыту мен дағды қалыптастыруға бағытталған үздіксіз үдеріс ретінде айқындайды [1]. Ал МЖМБС (№ 348 бұйрық) бастауыш білім мазмұнында сыни/креативті ойлау мен білім алушының әлеуметтік өзара әрекетке түсу қабілетіне (қарым-қатынас, командада жұмыс, ортақ мақсатқа ұмтылу) басымдық береді [2].

Эксперименттік деректерге сәйкес, soft skills дағдыларының барлық компоненттері бойынша эксперименттік топта айқын оң динамика байқалды. Атап айтқанда, коммуникативтік дағдылардың деңгейі эксперименттік топта 23,8 %-ға артса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 7,4 %-ды ғана құрады. Ынтымақтастық дағдылары бойынша өсім эксперименттік топта 23,8 %, ал бақылау тобында 7,1 % деңгейінде болды. Өзін-өзі реттеу және жауапкершілік көрсеткіштері де ұқсас динамиканы көрсетті (ЭТ – 23,8 %, БТ – 7–8 % аралығы). Жалпы soft skills индексі эксперименттік топта 46,9 %-дан 70,7 %-ға дейін өсіп, 23,8 %-дық өсімді көрсетті, ал бақылау тобында бұл өсім 7,3 %-бен шектелді.

Бұл айырмашылықтар ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетінің мазмұндық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Эксперименттік топта қолданылған тапсырмалар мен педагогикалық жағдаяттар ынтымақтастық, өзара сыйластық, жауапкершілік және ортақ мақсатқа ұмтылу сияқты ұлттық құндылықтарға сүйене отырып ұйымдастырылды. Мұндай тәсіл оқушылардың өзара қарым-қатынасын жандандырып, бірлескен әрекетке белсенді қатысуына жағдай жасады. Соның нәтижесінде коммуникативтік және ынтымақтастық дағдылары ең жоғары өсім көрсеткен компоненттер қатарынан орын алды.

Деңгейлік өзгерістердің педагогикалық интерпретациясы

Алынған нәтижелер ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетінің бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын сапалық жаңа деңгейге көтеруге ықпал ететінін

дәлелдейді. Эксперименттік топта коммуникативтік, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік көрсеткіштерінің орта есеппен 23-24 %-ға өсуі оқушылардың төмен деңгейден орта және жоғары деңгейге ауысуын қамтамасыз етті.

Бұл өзгерістер ұлттық құндылықтарға тән: өзара сыйластық; үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық; бірлесіп әрекет ету; ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарау сияқты тәрбие элементтерінің жүйелі қолданылуымен түсіндіріледі.

Бақылау тобында деңгейлік ілгерілеудің төмен болуы дәстүрлі оқытуда soft skills дағдыларын мақсатты қалыптастыруға жеткілікті жағдай жасалмайтынын көрсетеді.

1) Халықаралық зерттеулермен салыстыру

Біздің деректердегі ЭТ көрсеткіштерінің БТ-ға қарағанда жоғары қарқынмен өсуі әлеуметтік-эмоциялық оқыту (SEL) мен «жұмсақ дағдыларды» мақсатты дамыту бағдарламаларының тиімділігін көрсететін халықаралық қорытындылармен үйлеседі. Мәселен, К.С. Бейли және әріптестері SEL бағытындағы квазиэксперименттік зерттеуде әлеуметтік-эмоциялық оқытудың ерте жастағы оқу дағдыларына (соның ішінде ерте сауаттылық) ықпал ететінін көрсетеді; бұл soft skills пен оқу жетістігінің өзара байланысын дәлелдейді [8].

Сол сияқты OECD-тің әлеуметтік және эмоциялық дағдылар бойынша халықаралық зерттеу материалдары (SSES) әлеуметтік-эмоциялық дағдылардың мектептегі табыстылық, өзін-өзі реттеу және әлеуметтік бейімделумен байланысын жүйелі түрде сипаттайды. OECD, ЮНЕСКО да SEL-ді білім жүйесіне кіріктіру оқушылардың эмоцияны тану/басқару, позитивті қарым-қатынас құру, жауапты шешім қабылдау құзыреттерін күшейтетінін нақтылайды [3; 4].

2) Теориялық түсіндіру: мотивация және әлеуметтік өзара әрекет

Эксперименттегі ілгерілеуді түсіндіруде өзін-өзі анықтау теориясы (SDT) өнімді рамка береді: оқушының автономиясы (таңдау, жауапкершілік), құзыреттілігі (қолынан келетінін сезіну) және байланыстылығы (қабылдану, бірлесу) қолдау тапқанда, ішкі мотивация күшейіп, оқу әрекетіне тұрақты қатысу қалыптасады [7].

Ұлттық құндылықтарға негізделген тапсырмалар (ортақ мақсат, сыйластық, өзара көмек) дәл осы «байланыстылық» пен «құзыреттілікті» табиғи түрде қолдап, оқушының топта белсенді әрекет етуін және дербес реттелуін күшейтеді. Осы механизмдер біздің нәтижелердегі soft skills өсімін түсіндіруге мүмкіндік береді.

3) Қазақстандық зерттеулермен салыстыру

Қазақстандық ғылыми кеңістікте soft skills терминологиясы мен оның мазмұндық сипаттамалары рецензияланатын басылымдарда қолданылып жүр. Мәселен, П.А.Санатбай, Қ.Қ.Шалғынбаева, А.Е.Тауекеловалар soft skills-ті әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация, ынтымақтастық және тұлғалық жауапкершілікке қатысты кешенді дағдылар ретінде қарастырып, оларды мақсатты түрде дамыту кәсіби және әлеуметтік тиімділікті арттыратынын негіздейді [11]. Бұл тұжырымдар зерттеу барысында алынған эксперименттік нәтижелермен үйлесіп, ұлттық құндылықтарды мақсатты түрде қолдану бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын дамытуда нәтижелі екенін растайды.

Ал бастауыш жаста «гибкие компетенции» (soft skills) қалыптастырудың әдістемелік аспектілері бойынша Р.А.Илаева мен А.Р.Масалимованың оқу-әдістемелік еңбегінде ынтымақтастыққа негізделген оқыту практикаларының (бірлескен әрекет, рөл бөлу, өзара қолдау) жұмсақ дағдыларды дамытудағы әлеуеті ашылады [9].

Сонымен қатар, зерттеудің ерекшелігі шетелдік әлеуметтік-эмоциялық оқыту модельдерінен айырмашылығы – ұлттық құндылықтарды soft skills дағдыларын қалыптастырудың мазмұндық өзегі ретінде қолдануында. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу әрекетіне ішкі қатысуын күшейтіп, дағдылардың тұрақты қалыптасуына ықпал етеді.

Осылайша, алынған нәтижелер ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық ықпалдың бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдыларын қалыптастыруда тиімді екенін эксперименттік түрде дәлелдейді және отандық бастауыш білім беру тәжірибесінде бұл бағытты одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу ұлттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың мазмұндық және тәрбиелік ресурсы ретінде пайдалануды педагогикалық әлеуетін айқындады. Эксперименттік деректер ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыру оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық, коммуникативтік және тұлғалық дағдыларын дамытуда айқын нәтижелер беретінін көрсетті.

Зерттеу барысында бастауыш мектеп жағдайында *soft skills* дағдыларын қалыптастыру оқушылардың оқу әрекетіне саналы қатысуын, өзара қарым-қатынас мәдениетін және ұжымдық іс-әрекетке бейімділігін арттыратыны анықталды. Ұлттық мазмұнды педагогикалық ықпалға кіріктіру оқушылардың жауапкершілік, ынтымақтастық және өзін-өзі реттеу дағдыларының тұрақты қалыптасуына ықпал етті.

Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру ұлттық құндылықтарға негізделген тәсілдің тиімділігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеді. Эксперименттік топта *soft skills* дағдыларының барлық компоненттері бойынша оң динамика байқалып, бұл көрсеткіштер бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Бұл деректер ұлттық құндылықтарға сүйенген педагогикалық ықпалдың бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде басымдыққа ие екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері бастауыш білім беру тәжірибесінде ұлттық құндылықтарды *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың мақсатты құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Ұсынылған тәсіл мұғалімдердің тәрбиелік және дамытушылық жұмысын жетілдіруге, сондай-ақ бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік бейімделуін және өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру мазмұнын байытуға негіз бола алады.

Эксперименттік топта оқушылардың soft skills дағдылары төмен деңгейден орта және жоғары деңгейге жүйелі түрде көтерілгені анықталды.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық ықпал бастауыш сынып оқушыларының *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың тиімді бағыты ретінде ғылыми және тәжірибелік тұрғыда негізделді. Алдағы зерттеулерде бұл бағытты әртүрлі білім беру жағдайларында кеңейтіп, ұзақ мерзімді нәтижелерін зерделеу қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. https://egi.kz/wp-content/uploads/ 2020/ 12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

3. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Social and Emotional Skills for Better Lives: Findings from the OECD Survey on Social and Emotional Skills 2023. *Paris: OECD Publishing, 2024. - 127 p. https://www.oecd.org/content/dam/ oecd/en/ publications/reports/2024/04/social-and-emotional-skills-for-better-lives_7af2f463/35ca7b7c-en.pdf*

4. UNESCO. What You Need to Know about Social and Emotional Learning. *Paris: UNESCO, 2024. https://www.unesco.org/en/articles/what-you-need-know-about-social-and-emotional-learning*

5. World Health Organization (WHO). Mental Health. *Geneva: WHO, 2020. https://www.who.int/health-topics/mental-health*

6. Hattie J. Visible Learning: Feedback. – London: Routledge, 2020. https://www.routledge.com/Visible-Learning-Feedback/Hattie-Clarke/p/book/9781138599895

7. Ryan R.M., Deci E.L. Intrinsic and Extrinsic Motivation from a Self-Determination Theory Perspective: Definitions, Theory, Practices, and Future Directions / Contemporary Educational Psychology. - 2020. - Vol. 61. - Article 101860. - doi:10.1016/j.cedpsych.2020. 101860. https://selfdeterminationtheory.org /wp-content/uploads/2020/04/2020RyanDeciCEPPrePrint.pdf? utmsource

8. Bailey C.S. et al. Social and Emotional Learning and Early Literacy Skills // Education Sciences. - 2023. - Vol. 13. - № 4. - Article 397. - DOI: https://doi.org/10.3390/educsci13040397

9. Илаева Р.А., Масалимова А.Р. Эффективные педагогическиепрактики развития гибких компетенций младшихшкольниковвсотрудничестве: учебно-методическое пособие /Р.А. Илаева, А.Р.Масалимова. – Казань:

«Печать-Сервис-XXI век», 2022. – 67 с. https://kpfu.ru/stafffiles/F1140596990/IlaevaMasalimovaUChEBNOMETODPOSOBIE2022.pdf?utm_source

10. Амирова А.С., Шарипходжаева Ж.Б. *Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлігін дамыту мәселелері // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. – Павлодар, 2021. – № Х. – Б. 71–78. https://tou.edu.kz/images/february2019/esimovadd/EDD kc4.pdf?utm_source*

11. Санатбай П.А., Шалғынбаева Қ.Қ., Тауекелова А.Е. Әлеуметтік педагогты кәсіби даярлауда Soft Skills дағдыларын дамыту мүмкіндіктері // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – № 2(143). – 273–284 б. https://bulpedps.enu.kz

References:

1. Қazaқstan Respublikasynyң «Bilim turaly» Zaңy. https://egi.kz/wp-content/uploads/2020/ 12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf

2. Қazaқstan Respublikasy Oқi-aғartu ministrinің 2022 zhylғy 3 tamyzdaғy № 348 bұjryғy «Mektepke dejingi tərbie men oқytudyң, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyқ zhəne kəsiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudің memlekettik zhalpyға mindetti standarttaryn bekitu turaly» // Қazaқstan Respublikasy Ədilet ministrliginde 2022 zhylғy 5 tamyzda № 29031 bolyp tirkelgen. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

3. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Social and Emotional Skills for Better Lives: Findings from the OECD Survey on Social and Emotional Skills 2023. Paris: OECD Publishing, 2024. - 127 p. https://www.oecd.org/content/dam/ oecd/en/ publications/reports/2024/04/social-and-emotional-skills-for-better-lives_7af2f463/35ca7b7c-en.pdf

4. UNESCO. What You Need to Know about Social and Emotional Learning. Paris: UNESCO, 2024. https://www.unesco.org/en/articles/what-you-need-know-about-social-and-emotional-learning

5. World Health Organization (WHO). Mental Health. *Geneva: WHO, 2020. https://www.who.int/health-topics/mental-health*

6. Hattie J. Visible Learning: Feedback. – London: Routledge, 2020. https://www.routledge.com/Visible-Learning-Feedback/Hattie-Clarke/p/book/9781138599895

7. Ryan R. M., Deci E. L. Intrinsic and Extrinsic Motivation from a Self-Determination Theory Perspective: Definitions, Theory, Practices, and Future Directions / Contemporary Educational Psychology. - 2020. - Vol. 61. - Article 101860. - doi:10.1016/j.cedpsych.2020. 101860. https://selfdeterminationtheory.org/wp-content/uploads/2020/04/2020RyanDeciCEPPrePrint.pdf? utmsource

8. Bailey C.S. et al. Social and Emotional Learning and Early Literacy Skills // Education Sciences. - 2023. - Vol. 13. - № 4. - Article 397. - DOI: https://doi.org/10.3390/educsci13040397

9. Ilaeva R.A., Masalimova A.R. Jeffektivnye pedagogicheskiepraktiki razvitija gibkih kompetencij mladshihshkol'nikovvsotrudnichestve: uchebno-metodicheskoe posobie /R.A. Ilaeva, A.R.Masalimova. – Kazan': «Pechat'-Servis-XXI vek», 2022. – 67 s. https://kpfu.ru/stafffiles/F1140596990/IlaevaMasalimovaUChEBNOMETODPOSOBIE2022.pdf?utm_source

10. Amirova A.S., Shariphodzhaeva Zh.B. Bastauysh synyp oқushylarynyң zijatkerligin damytu məseleleri // Torajғyrov universitetinің habarshysy. Pedagogikalyқ serija. – Pavlodar, 2021. – №X. –B.71–78. https://tou.edu.kz/images/february2019/esimova_dd/EDD_kc4.pdf?utm_source

11. Sanatbaj P.A., Shalғynbaeva Қ.Қ., Tauekelova A.E. Əleumettik pedagogty kəsibi dajarlauda Soft Skills daғdylaryn damytu mүmkindikteri // L.N. Gumilev atyndaғy EҰU Habarshysy. Pedagogika. Psihologija. Sociologija serijasy. – 2023. – № 2(143). – 273–284 b. https://bulpedps.enu.kz

ҒТАХР 14.35.09 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.037

Г.Б.Қамза, [1*] *А.Е.Жумабаева* [1]

[1] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,*
Алматы қ., Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл зерттеуде дәстүрлі музыканың бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу мақсаты – дәстүрлі музыка арқылы ұлттық мәдени мұраны жас ұрпақтың бойына сіңірудің тиімді жолдарын анықтау. Зерттеу әдістеріне педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу және эксперимент енгізілді. Эксперимент Алматы қаласындағы №175 Жаңа Ғасыр мектеп-гимназиясының 3–4-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Музыка сабағы мен сыныптан тыс жұмыстарда дәстүрлі музыканы жүйелі қолдану оқушылардың ұлттық өнерге қызығушылығын, патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын арттырды. Нәтижелер эксперимент және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтар арқылы сандық және сапалық тұрғыда дәлелденді. Зерттеу қорытындысы ретінде дәстүрлі музыканы оқу-тәрбие процесіне кешенді және жүйелі түрде енгізу бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, дамытуда маңызды құрал екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: дәстүрлі музыка, ұлттық құндылықтар, музыка сабақтары, патриоттық тәрбие, ұлттық аспаптарда ойнауға үйрету.

Қамза Г.Б.,[1*] *Жумабаева А.Е.*[1]

[1]*Казахский национальный педагогический университет им. Абая*
г.Алматы, Казахстан

ТРАДИЦИОННАЯ МУЗЫКА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данном исследовании рассматривается роль традиционной музыки в формировании национальных ценностей у младших школьников. Цель исследования-определить эффективные способы передачи национального культурного наследия подрастающему поколению через музыку. В методы исследования были включены педагогическое наблюдение, анкетирование, беседа и эксперимент. Эксперимент проводился среди учащихся 3-4 классов школы - гимназии Жаңа Ғасыр №175 г. Алматы. Систематическое использование традиционной музыки на уроках музыки и внеурочной деятельности повысило интерес учащихся к национальному искусству, чувство патриотизма, национальной гордости. Результаты были количественно и качественно подтверждены различиями между экспериментальной и контрольной группами. Итогом исследования стало то, что комплексное и систематическое внедрение традиционной музыки в учебно-воспитательный процесс является важным инструментом в формировании, развитии национального самосознания младших школьников.

Ключевые слова: традиционная музыка, национальные ценности, уроки музыки, патриотическое воспитание, обучение игре на национальных инструментах.

Kamza G.,[1*] *Zhumabayeva A.*[1]
[1] *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

TRADITIONAL MUSIC AS A MEANS OF FORMING NATIONAL VALUES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This study examines the role of traditional music in the formation of national values among younger schoolchildren. The purpose of the study is to identify effective ways of transmitting national cultural heritage to the younger generation through music. The research methods included pedagogical observation, questionnaires, conversation and experiment. The experiment was conducted among students of grades 3-4 of the Zhana Gasyr Gymnasium No. 175 in Almaty. The systematic use of traditional music in music lessons and extracurricular activities has increased students' interest in national art, a sense of patriotism, and national pride. The results were quantitatively and qualitatively confirmed by differences between the experimental and control groups. The result of the study was that the comprehensive and systematic introduction of traditional music into the educational process is an important tool in the formation and development of national identity of younger schoolchildren.

Keywords: traditional music, national values, music lessons, patriotic education, learning to play national instruments.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Ұлттың болашағы саналатын жастардың өз халқының тарихына, мәдениетіне, тілі мен өнеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселе екені көптеген зерттеулерде аталып келеді [1, б.52]. Бастауыш мектеп – балалардың тұлғалық негіздері қалыптасатын, дүниетанымы мен құндылықтары орныға бастайтын маңызды кезең. Сондықтан дәл осы кезеңде оқушылардың бойына елдік сана, отансүйгіштік, туған жерге құрмет секілді ұлттық құндылықтарды сіңіру ерекше мәнге ие. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – этнопедагогика құралдарын оқу-тәрбие процесіне енгізу. Этнопедагогикадағы жетекші компоненттердің бірі – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлттық дәстүрлерді жеткізу және сол арқылы өскелең буынды тәрбиелеу . Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесінде музыка өнері айрықша орын алған: бабаларымыз ән мен күйді тек көңіл көтеру үшін ғана емес, тәрбие беру құралы ретінде де кеңінен пайдаланғаны тарихтан белгілі. Дәстүрлі музыка – халықтың тіршілік философиясы мен дүниетанымын бейнелейтін рухани қазына. Мысалы, қазақтың аспаптық музыкасы – күйлер – халықтың философиялық ой-танымын толық қамтыған өнер түрі, тіпті “күй” сөзінің өзі бүкіл түркі халықтарына ортақ ұғым болып, “көңіл күй, хәл-ахуал” мағынасын береді. Демек, дәстүрлі музыканың танымдық-тағылымдық мәні терең, оны бастауыш сынып білім бағдарламасында пайдалану оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы мен құрметін арттырады деп күтіледі. Зерттеуші Л.В.Добровольская қазақ халық музыкасының бастауыш сыныптағы оқу мазмұнына ену ерекшеліктерін қарастырып, бастауыш оқушыларының ұлттық музыкалық дәстүрге қызығушылығын дамытудың ғылыми негіздерін жасаған . Оның зерттеуінде бірінші сыныптан бастап музыка сабақтарында халық ән-күйлерін қабылдау, диалогтық музыка жасау (айтыс түрінде) және қазақ халық аспаптарында импровизация жасау секілді үш модульді кіріктіру арқылы оқушыларды ұлттық музыкалық мәдениетке баулудың тиімділігі көрсетілген. Алайда автор еліміздің әртүрлі өңірлеріндегі музыка мұғалімдері халық музыкасы элементтерін сабақта пайдалануға ұмтылғанымен, қажетті әдістемелік дайындықтың болмауынан балалардың қазақ халық аспаптарында ойнауын ұйымдастырмайтынын атап өтті. Бұл жалпы білім беретін мектептерде дәстүрлі музыканы жүйелі пайдалануға кедергі келтіретін бір фактор ретінде қарастырылған [2, б. 43].

Бастауыш мектептегі музыкалық тәрбиенің жаңартылған бағдарламаларына этномәдени компонентті енгізу соңғы жылдары білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі болып отыр. 2017 жылы қабылданған жаңа мемлекеттік оқу бағдарламасында “Музыка” пәні аясында

қосалқы тақырыптар арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізу көзделді . Зерттеушілер К.Г.Гаркуша мен С.А.Одинцова бастауыш сыныптарға арналған музыка бағдарламасына этномәдени компонентті қосу оқушылардың ұлттық өзіндік санасын қалыптастырып, оларды ұлттық және әлемдік мәдениет жүйесіне кіріктіру үшін маңызды екендігін атап көрсетті [3]. Музыка сабақтарында ұлттық фольклорды пайдалану тек ұлттық мәдениетке деген толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеуге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың өнер арқылы қоршаған әлемді тұтас қабылдауына мүмкіндік беретінін де осы еңбекте негізделген.

Дәстүрлі музыка арқылы ұлттық тәрбие беру мәселесі отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. С.А.Ұзақбаева еңбектерінде халық педагогикасы материалдарын оқу процесінде қолданудың теориялық-әдіснамалық негіздері баяндалған [4]. Этнопедагогика саласындағы басқа да зерттеушілер ұлттық өнерді мектепте оқытудың маңыздылығын, оның тәрбиелік ықпалын ғылыми негіздеген. Мәселен, Е.А.Хожахметов дәстүрлі музыканы халықтық педагогика негізінде оқыту ерекшеліктерін зерделей отырып, қазақтың музыкалық дәстүрлері ғасырлар бойы вокалдық және аспаптық екі басты арнада дамығанын көрсетеді: терме, толғау сияқты кең тынысты әндер арқылы ақыл-нақыл беру дәстүрі және домбыра, қобыз сияқты аспаптарда орындалатын күй өнері арқылы оқиға баяндау дәстүрі қатар қалыптасқанын атап өтеді [5]. Сондай-ақ, автор кеңестік кезеңге дейінгі қазақ қоғамында ақындар, жыршы-жыраулар, әншілер, күйшілер тәрізді халық музыкасының кәсіби өкілдері көп болғанын, олардың өнері сол заманның өзінде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің басты құралы қызметін атқарғанын тарихи деректермен сипаттайды . Бұл ғылыми тұжырымдар дәстүрлі музыканың тәрбиелік әлеуеті өте жоғары екенін айғақтайды. Шетелдік зерттеушілер де музыка білімінің мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін атап көрсетеді. Мысалы, музыка тәрбиесі тұлғаның дамуына, оның ішінде ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал ететінін қазіргі зерттеулер растап отыр. Балаларды халық музыкасына баулу олардың өз мәдениетіне жататындығын сезіндіреді, ұлттық бірегейлігін қалыптастырады деп саналады . Оған қоса, халық әндерін үйрену арқылы балалар өз елінің мәдени мұрасымен танысып, ұлттық би қимылдарын меңгеріп, жалпы музыкалық қабілеттерін дамытады [6]. Бұл – дәстүрлі музыка мен би арқылы берілетін кешенді тәрбиенің маңызды бөлігі, жас ұрпақтың бойына мәдени мұраның дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамытуға негіз қалайды.

Негізгі ережелер. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда дәстүрлі музыканы жүйелі түрде қолданудың маңыздылығы айқындалды. Дәстүрлі музыканың тәрбиелік, танымдық және тұлғалық дамуға әсер ететін кешенді мүмкіндіктері зерттеу нәтижелерімен дәлелденді. Эксперименттік жұмыстың құрылымы мен мазмұны оқушылардың ұлттық өнерге қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімдерін нығайту және музыкалық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, музыка пәні мұғалімдерінің этнопедагогикалық дайындығы ұлттық тәрбиенің тиімді жүзеге асуына тікелей әсер ететіні байқалды. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі музыканы оқу-тәрбие процесіне кешенді енгізу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен мәдени сәйкестігінің қалыптасуын қамтамасыз етуге болатынын көрсетті. Бұл ережелер алдағы уақытта білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды оқытуда қолдануға болатын педагогикалық үлгі қалыптастыруға негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы педагогикадағы тәжірибелік әдістерге сүйене отырып жүзеге асырылды. Эксперимент Алматы қаласындағы №175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясының 3–4-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Таңдау барысында қазақ тілінде оқытылатын параллель сыныптар қамтылып, жалпы 60 оқушы екі топқа – эксперимент және бақылау топтарына – теңдей бөлінді. Зерттеу 2024–2025 оқу жылының алғашқы жартыжылдығында ұйымдастырылды.

Эксперимент жұмысы үш құрылымдық кезеңді қамтыды: констатациялық, қалыптастыру және бақылау. Алғашқы кезеңде оқушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізілді. Бұл үшін бірқатар өлшемдер мен

көрсеткіштер белгіленді. Олар: оқушылардың ұлттық музыкалық мұра туралы білім деңгейі, атап айтқанда халықтық музыкалық аспаптарды, белгілі күйшілер мен әншілерді тануы, әндер мен күйлердің мазмұнын түсіну қабілеті; ұлттық өнерге деген танымдық қызығушылығы, яғни музыка сабақтарында дәстүрлі шығармаларды ынтамен тыңдауы, бірге орындауға ұмтылысы; ұлттық мақтаныш пен патриоттық сезімнің көрініс беруі, соның ішінде туған жер, халық мәдениеті туралы пікірлері мен сахналық белсенділігі. Бұл көрсеткіштер бойынша мәліметтер сауалнама, әңгімелесу және бақылау әдістері арқылы жинақталды. Оқушыларға ұлттық аспаптар мен әндерге қатысты сұрақтар қойылып, жауаптары сараптамаға алынды. Музыка сабағындағы белсенділік деңгейі мұғалім тарапынан бағаланып, балдық жүйе арқылы тіркелді. Алғашқы диагностика нәтижесінде екі топ оқушыларының білімі мен қызығушылығы деңгейі ұқсас, көбіне үстірт екені анықталды. Қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топқа арналған мақсатты педагогикалық ықпал ұйымдастырылды. Бұл жұмыс мектептің білім беру бағдарламасы аясындағы музыка пәнінде және сыныптан тыс тәрбие іс-шаралары арқылы жүзеге асырылды. Сабақтарда қазақтың дәстүрлі музыкасына жүйелі түрде орын беріліп, әрбір сабақ басында ұлттық аспаптық шығармалар тыңдатылды. Негізгі бөлімде оқушыларға халық әндері үйретілді, ал сабақ соңында музыка тарихы мен белгілі композиторлардың шығармашылығы туралы мағлұматтар ұсынылды. Сабақ материалы ретінде ресми оқулықпен қатар, арнайы әзірленген әдістемелік жинақ пайдаланылды. Бұл жинақта халық әндерінің ноталық нұсқалары мен домбыра күйлерінің қарапайым аудиожазбалары енгізілді.

Сыныптан тыс іс-шаралар қатарында “Домбыра үйрену” үйірмесі ұйымдастырылды. Аптасына бір рет өткізілетін бұл үйірмеде балалар домбыраның сүйемелдеуімен ән орындауды және күй тартудың бастапқы элементтерін меңгерді. Үйірмені дәстүрлі музыка бойынша алдын ала біліктілік арттыру курсынан өткен музыка пәні мұғалімі жүргізді. Сонымен қатар, Тәуелсіздік күніне орай “Ән-шашу” сайысы, “Ұлы дала сазы” тақырыбындағы сынып сағаттары, Құрманғазы, Дина, Нұрғиса сынды әйгілі күйшілер туралы бейнематериалдар көрсету сияқты тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, үй жағдайында ұлттық музыка тыңдау бойынша ұсыныстар берілді. Бақылау тобында дәстүрлі оқыту жалғасып, музыка пәні қосымша ұлттық компоненттерсіз өткізілді.

Бақылау кезеңінде бастапқы және соңғы нәтижелер салыстырылып, оқушылардың даму серпіні талданды. Сауалнама мен бақылау нәтижелері екі бағытта өңделді: сандық тұрғыда – пайыздық көрсеткіштер мен статистикалық критерийлер арқылы; сапалық тұрғыда – оқушылардың іс-әрекеті, қызығушылығы, мінез-құлқы және эмоционалдық көзқарастары мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан жинақталған пікірлер негізінде бағаланды. Сонымен қатар, эксперименттік топтың шығармашылық деңгейін бағалау мақсатында оқушылардың қатысуымен шағын концерт ұйымдастырылып, онда хормен ән айту мен жеке күй орындау ұсынылды.

Жалпы зерттеу барысында педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу, тестілеу, педагогикалық эксперимент және салыстырмалы талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Сауалнама сұрақтары оқушылардың ұлттық мәдениетке деген білімін, қызығушылығын және эмоционалдық қарым-қатынасын анықтауға бағытталды. Әңгімелесу оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл сапалық деректер зерттеу нәтижелерінің терең интерпретациясына және оқушылардың ішкі уәжін, дүниетанымын бағалауға негіз болды.

Нәтижелер. Бастапқы диагностика бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы 3–4-сынып оқушыларының қазақтың дәстүрлі музыкасы жөніндегі білім деңгейі мен қызығушылық көріністері ұқсас болды. Мысалы, “Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын атаңыз” деген сұраққа екі топтағы оқушылардың 60%-ы домбыраны атап, одан басқа аспап білмейтіндерін көрсетті; 25%-ы ғана домбырамен қоса қобызды атады, ал 15%-ы мүлдем жауап бере алмады. Оқушылардың ешбірі жетіген, шертер сияқты аспаптарды атаған жоқ. Халық әндерін білу деңгейі де төмен болып шықты: оқушылардың шамамен 30%-ы ғана екі-үш қазақ халық әнінің

атын жаза алды (көбіне “Балапан қаз”, “Әлқиса”, “Елім-ай” деген жауаптар кездесті), қалғандары нақты атау айта алмаған немесе қазіргі эстрадалық әндерді (мысалы, “Атамекен”) көрсеткен. Бұл нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының өз халқының музыкалық мұрасы туралы білімдері мардымсыз екенін аңғартты.

Ұлттық өнерге қызығушылық көрсеткіші де аса жоғары емес. Музыка мұғалімдерінің сабақтағы бақылауына қарағанда, халық әндерін тыңдауға балалардың ықыласы классикалық музыка тыңдауымен деңгейлес, бейтарап күйде болған. Сыныптан тыс уақытта өз бетінше күй немесе ән тыңдайтын оқушылар өте аз (екі топта да 10% шамасында ғана ата-аналарының айтуына қарай кейбірі үйде күйтабақ не аудио арқылы халық музыкасын тыңдап тұратыны белгілі болды). Оқушылардың көбіне (70%) “Қандай әнді жиі тыңдайсың?” деген сауалға жауаптары қазіргі заманауи әндер, мультфильм әндері болды, ұлттық ән-күйді атағандары сирек.

Патриоттық сезім мен ұлттық мақтаныш бағытындағы бастапқы бағалау да жанама түрде жүргізілді. Мысалы, “Мектебіңде ұлттық музыка бұрышын (музыкалық аспаптар, күйтабақтар) жасап қойса қалай қарайсың?” деген сұраққа эксперименттік топтың 50% және бақылау тобының 47% оң көзқарас білдірсе (“қызық болар еді” сияқты), қалғандары бейтарап немесе нақты жауабы болмады. “Мектеп мерекесінде қазақтың халық әнін айтқың келе ме?” деген сұраққа екі топта да оқушылардың тек 20–25%-ы ғана “иә, орындағым келеді” деп жауап берді, басым көпшілігі өзіне сенімсіз немесе ниеті жоқ екендігін байқатты. Бұл көрсеткіштер оқушылардың ұлттық өнерді өз ортасында насихаттауға аса құлшынысы жоқтығын, яғни ұлттық өнегені бойына сіңіру деңгейі онша жоғары еместігін көрсетеді.

Жалпы, бастапқы кезең нәтижелері зерттеу проблемасының өзектілігін тағы айқындады: қазіргі бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңіруде дәстүрлі музыканы пайдалану қажеттігі бар екені байқалды. Констатациялық кезең деректері кесте 1-де жинақтап берілген.

Кесте 1– Оқушылардың ұлттық музыка бойынша бастапқы дайындық деңгейі

Көрсеткіштер	*Эксперименттік топ (N=30)*	*Бақылау тобы (N=30)*
Ұлттық аспаптарды білуі (домбырадан басқа)	26%	24%
2 және одан көп халық әнін атай алуы	33%	30%
Халық музыкасын тыңдауға қызығушылығы жоғары	15%	12%
Мектепте халық әнін орындауға ниеттілігі	22%	20%

Кесте 1 деректерінен көрінгендей, екі топ көрсеткіштері арасында бастапқыда айтарлықтай айырмашылық жоқ (өзгермелер арасындағы айырманы статистикалық критерийлер де растады: $p>0.05$).

Қалыптастыру кезеңінің нәтижелеріне келетін болсақ, үш ай бойы эксперимент тобында жүргізілген дәстүрлі музыкаға негізделген тәрбие жұмысының әсері оқушылардың мінез-құлқы мен қызығушылығында біртіндеп байқала бастады. Мұғалімдердің күнделік жазбалары мен бақылаулары бойынша, эксперимент сыныптарының музыка сабақтарында ерекше жандану орын алды. Оқушылар қазақтың халық әндерін зор ықыласпен үйрене бастады, тіпті кейбір бұған дейін музыкаға енжар балалардың өзі ән айтуға, домбыра үйренуге құлшыныс білдірді. Мысалы, 4-сыныптағы Ержан есімді оқушы бұрын музыка сабағында белсенділік танытпайтын, ал эксперимент барысында оған домбырада бір күйдің жеңілдетілген нұсқасын ойнау өте қызық болғаны сонша – ата-анасы баласының үйде де домбыраны қолынан тастамайтын болғанын айтты. Сол сияқты, 3-сынып оқушылары “Бесік жыры” мен “Әлқиса” әндерін үйренгенде әрқайсысы өз әжесінен тағы басқа бесік жырларын сұрап-біліп келуге талпынды. Осылайша,

қалыптастыру кезеңінде эксперимент тобының оқушылары арасында ұлттық музыкаға деген оң көзқарас қалыптасып, қызығушылық деңгейі едәуір өсті.

Бақылау кезеңіндегі қорытынды диагностика эксперимент тобы мен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтарды айқын көрсетті. Сауалнама және тест сұрақтарына берілген жауаптарды талдау нәтижелері 2-кестеде келтірілді.

Кесте 2– Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер салыстырмасы

Көрсеткіштер	*Эксперименттік топ*	*Бақылау тобы*
Қазақтың кемінде 3 ұлттық аспабын атай алу	80%	30%
Кемінде 5 халық әнінің атын білу	70%	25%
Халық музыкасын сүйіп тыңдайтын болды	60%	18%
Мектепте ұлттық ән орындауға ынталы	65%	27%
Ұлттық мәдениетке жалпылама көзқарасы	Өте жоғары	Орташа

Кестеден көрсетілгендей, эксперимент тобында ұлттық музыка туралы білім деңгейі мен қызығушылық көрсеткіштері едәуір артты. Атап айтқанда, эксперимент тобы оқушыларының 80%-ы қазақтың үш немесе одан да көп музыкалық аспабын дұрыс атап бере алатын болды (домбыра, қобыз, жетіген, шаңқобыз т.б. атағандар). Бақылау тобында бұл көрсеткіш 30% шамасында ғана қалды (негізінен домбыра мен қобызды ғана атап өтті, жетігенді тек 2 оқушы білді). Халық әндерін тану көрсеткіші де эксперимент тобында айтарлықтай жоғарылады: осы топтағы оқушылардың 70%-ы бес немесе одан көп қазақ халқының әнін атай алды. Салыстырмалы түрде, бақылау тобында 25% ғана бес әннің атын білді, көпшілігі бұрынғыша 1-2 әнмен шектелді.

Эксперимент тобы оқушыларының ұлттық өнерге қызығушылығы анық артқанын олардың іс-әрекеттерінен де байқадық. Сауалнамада “Өзіңнің сүйікті әндерің қандай?” деген сұраққа эксперимент тобының 60% жуық оқушысы тізіміне халық әндерін қосты (кейбірі тікелей халық әндерін ең сүйікті деп атады). Бақылау тобында небәрі 18% ғана жауаптарында қазақтың халық әнін атап өткен. Эксперимент тобындағы балалардың көбі “Домбыра үйрену” үйірмесіне қуана қатысты, тіпті эксперимент біткен соң да бұл үйірмені жалғастыруды сұрағандар болды.

Патриоттық тәрбие көрсеткіштері бойынша да эксперименттік топта оң өзгеріс байқалды. Мектеп ұйымдастырған Тәуелсіздік мерекесіндегі концертте осы топтан көптеген оқушылар ерікті түрде ән айтуға, күй орындауға шығуға тілек білдірді. Сұрау салу нәтижесінде 65% шәкірттің сахнада ұлттық ән орындауға ынтасы бар екені анықталды, бұл бастапқыдағы 22%-дан бірнеше есе артық. Ал бақылау тобында да аздап өсім болғанымен (20%-дан 27%-ға), айтарлықтай емес; көп баланың қызығушылық деңгейі өзгеріссіз қалды. Одан бөлек, эксперимент тобы оқушылары әнұран мен Қазақстан, туған жер тақырыбындағы патриоттық әндерді орындауға құлшыныспен қатысты. Сабақтан тыс әңгімелерде олар қазақ мәдениеті жайлы бұрынғыдан жиі айтып, өз білгендерімен бөлісуге тырысатыны мұғалімдер тарапынан атап өтілді.

Жалпы алғанда, нәтижелер эксперимент жұмысы гипотезасын толық растады: бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесіне дәстүрлі музыканы жүйелі енгізу оқушыларда ұлттық құндылықтардың қалыптасуын мүмкін етті. Эксперимент тобының көрсеткіштері барлық бағыт бойынша бақылау тобынан айқын жоғары болды. Статистикалық өңдеу де айырмашылық-тардың маңыздылығын көрсетті (мысалы, аспаптарды білу көрсеткіші бойынша χ^2 критерийі есептеліп, эмпирикалық мәні 15.2 болып, критикалық мәннен асып түсті, $p<0.01$ деңгейінде сенімді; басқа көрсеткіштер бойынша да ұқсас нәтижелер).

Сонымен бірге, сапалық бақылау нәтижесінде дәстүрлі музыкамен тәрбие беру үрдісі балалардың жалпы сабаққа ынтасын, эмоционалдық көңіл-күйін жақсартқаны тіркелді. Эксперимент тобы мұғалімдері оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, бір-бірімен қарым-қатынасы сияқты жанама көрсеткіштерде де позитивті өзгерістер болғанын ауызша айтты. Бұл дәстүрлі музыканың тек ұлттық санаға ғана емес, оқушылардың тұлғалық дамуына кешенді әсер ететінін меңзейді.

Талқылау. Алынған нәтижелерді бұрын жүргізілген зерттеулермен салыстырар болсақ, біздің жұмыстың қорытындылары отандық және шетелдік ғалымдардың пайымдарына сай келетіні байқалады. Эксперимент нәтижесі бойынша дәлелденген басты тұжырым – дәстүрлі музыка бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың тиімді құралы бола алады – бұрын теориялық деңгейде айтылып келген пікірлерді нақтылады. Мысалы, Д.Оспанова мен Г.Беккадамның еңбегінде бастауыш мектепте халық педагогикасын пайдалану арқылы оқушылардың ұлттық мінез-құлық қасиеттерін дамыту мақсаты қойылғаны айтылған [1, б. 54]. Біз жүргізген тәжірибе осы мақсаттың жүзеге асу мүмкіндігін көрсетті: дәстүрлі ән-күйді жүйелі үйрету нәтижесінде балалардың ұлттық болмысты қастерлеу сезімі мен мінез-құлық сипаттарында оң өзгерістер болды.

Л.В.Добровольская өз зерттеуінде бірінші сынып оқушыларына қазақтың музыкалық дәстүрлерін үш модуль арқылы (тыңдату, диалогтық музицирование, аспапта ойнау) енгізу жолдарын ұсынған болатын [2, б. 46]. Алайда ол жұмыс негізінен теориялық-әдіснамалық деңгейде қалып, эксперимент тек шағын пилоттық көлемде өткен еді . Біздің зерттеуімізде 3–4-сыныптарға арнап дәстүрлі музыканы оқу бағдарламасына толыққанды кіріктіру жолдары іс жүзінде тексерілді. Нәтижелер алғашқы сыныптан жоғары сыныптарға қарай (оқушылар ересектеу болған сайын) дәстүрлі музыка элементтерін қабылдау жеңілдей түсетінін байқатты: біздің тәжірибеде 4-сыныптар 3-сыныптарға қарағанда домбыра үйренуде жылдам ілесті, әндердің мәтінін тез жаттады. Бұл да Л. Добровольская ұсынған үздіксіздік принципін қолдай түседі – яғни, ұлттық музыкамен тәрбие беру ісі мектепалды мекемеден бастау алып, бастауышта және әрі қарай сабақтас жүргізілсе, тиімділігі артады деп санауға болады .

Дәстүрлі музыка арқылы тәрбие беруде музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындығы шешуші рөл атқарады. Эксперимент барысында байқалғандай, егер мұғалімнің өзі домбыраны еркін тартып, халық әндерін шебер орындай алса, оқушылар да соған еліктеп, қызығушылығы еселене түседі. Алайда көпшілік жалпы білім беретін мектептерде музыка пәні мұғалімдерінің халық аспаптарын меңгеру деңгейі әркелкі. Бұл проблемаға зерттеуші С. Узакбаева және т.б. да назар аударған: болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінде этнопедагогикалық құзыреттілікті дамыту қажеттігі атап көрсетіледі [7]. Біздің тәжірибемізде музыка мұғалімі алдын ала дәстүрлі музыка бойынша қысқамерзімді курс өткендіктен, эксперимент сәтті шықты. Яғни, мұғалімдердің өзін этно-музыкалық дайындау – басты шарттың бірі. Осы тұрғыда, К. Ибраева және әріптестерінің инклюзивті білім беру жағдайында музыка мұғалімдерін даярлау туралы зерттеуін еске алуға болады [8]. Олар арнайы білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін музыкант-педагогтардың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруды ұсынған . Сол сияқты, жалпы мектеп мұғалімдерін де ұлттық мәдениет материалдарымен жұмыс істей алатындай жан-жақты даярлау қажет.

Эксперимент қорытындылары көрсеткен тағы бір жайт – ата-аналардың қолдауының маңыздылығы. Біздің жұмысымызда ата-аналарға балалармен бірге үйде күй тыңдау, ұлттық әндерді үйретуге қатысу туралы кеңес берілген еді. Нәтижесінде кейбір отбасыларда бала мен ата-ана бірге домбыра тартып, ортақ қызығушылық тапқаны байқалды. Отбасылық орта ұлттық тәрбиені нығайтуда үлкен рөл атқаратыны белгілі , сондықтан мектеп пен ата-ана арасында осы бағытта ынтымақтастық қажет.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, кейбір қиындықтар да анықталды. Мәселен, бірқатар оқушылар домбырада ойнауды үйренуге қызыққанымен, мектепте немесе үйде қосымша аспап-

тардың жетіспеушілігі кедергі келтірді. Барлық балаға бірдей домбыра жеткіліксіз болды, бұл олардың толыққанды тәжірибе алуына шектеу қойды. Сондай-ақ, бастапқы кезеңде кейбір оқушылар халық әндерінің әуендік ерекшеліктеріне аса ықылас танытпай, қазіргі заманғы жеңіл әуендерге тартылды. Бұл жерде мұғалімнің шеберлігі маңызды болды – түрлі педтехнологиялар (ойын, жарыс элементтері) арқылы балалардың қызығушылығын оятуға тура келді. Мысалы, ұлттық әндерді хормен айтқанда ең жақсы орындаған сыныпқа шағын сыйлықтар беру, күй тыңдағанда көздерін жұмғызып, елестету ойынын ойнату секілді тәсілдер қолданылды.

Алынған деректерді шетелдік тәжірибемен салыстыру да қызықты нәтижелер береді. Мәселен, Словения ғалымдарының мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық музыка арқылы тәрбие беру тәжірибесінде де балалардың ұлттық биге, әнге деген қабілеті мен мәдени сәйкестігі артқаны байқалған. АҚШ мектептерінде көпмәдениетті музыка бағдарламаларын енгізу оқушылардың өз мәдениеті мен өзге мәдениеттерге сыйластықпен қарауын дамытуға көмектескені туралы мәліметтер бар [9]. Бұл біздің зерттеуіміздің жалпыәлемдік үрдістерге сай екендігін көрсетеді – дәстүрлі музыка тек қазақ балалары үшін емес, әлемнің барлық елдеріндегі жас ұрпақтың ұлттық және адамзаттық құндылықтарын тәрбиелеуде маңызды құрал. Музыка – эмоционалдық өнер болғандықтан, ол идеологиялық немесе құрғақ уағызға қарағанда, баланың жүрегіне тез жол табады [10]. Сондықтан оны тәрбиелік ықпалда пайдаланудың әлеуеті әрдайым жоғары болмақ.

Заманауи зерттеулер бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар мен мәдени сәйкестігін қалыптастыруда дәстүрлі музыка құралдарының тиімділігін дәлелдеп отыр. Осыған орай Guan, Liu және Luo Қытай бастауыш мектептерінде ұлттық оркестрде оқитын оқушылардың мәдени сәйкестігінің өзгерісін зерттеген ғылыми жұмысында дәстүрлі музыкалық білімнің жас ұрпақтың ұлттық болмысына оң әсер ететінін көрсеткен. Авторлардың пайымдауынша, оркестр сабақтарына қатысқан оқушыларда мәдени мұраға деген қызығушылық артып, дәстүрлі музыкалық шығармаларды орындау арқылы өз тамырларына жақындау үрдісі байқалған. Бұл оқушыларда ұлттық құндылықтарды сезініп, өз мәдениетіне құрметпен қарау сияқты рухани өзгерістерге алып келді. Зерттеу қорытындысы бойынша, дәстүрлі музыка – бастауыш сынып оқушыларының ұлттық болмысын дамытуда қуатты құрал, әрі тұлғалық сәйкестіктің маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс [11].

Қазіргі кезде ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу мәселесі әлемдік білім кеңістігінде маңызды орынға ие болуда. Әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарасын, ұлттық болмысқа деген құрметін қалыптастыруда мәдениет пен өнердің, соның ішінде дәстүрлі музыканың тәрбиелік рөлі ерекше аталады. Халық музыкасы – ұлттық сана мен тарихи жадыны ұрпақ санасына сіңірудің пәрменді тетігі ретінде танылып отыр. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық мұраның білім беру процесіндегі орнын айқындауға, дәстүрлі өнер арқылы жас ұрпақтың мәдени сәйкестігін дамытуға бағытталған. Осы орайда, М.Кусаинова және оның әріптестері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық құндылықтар негізінде кәсіби дамуын қарастырған еңбегінде жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде құндылықтық-бағдарлы көзқарастың орны ерекше екенін атап көрсетеді. Авторлар ұлттық тәрбиенің тиімді жүзеге асуы үшін педагог кадрлардың құндылықтық әлеуетін қалыптастыратын әдістемелік жағдайларды қамту қажеттігін дәлелдейді [12]. Бұл тұжырым дәстүрлі музыка арқылы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды үйретуде мұғалімнің кәсіби дайындық деңгейінің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Осыған байланысты зерттеуімізде бастауыш білім беру мазмұнына дәстүрлі музыканы енгізуде мұғалімнің этнопедагогикалық құзыреттілігі басты фактор ретінде алынды.

Практикалық тұрғыдағы ұсыныстар: зерттеу нәтижелері негізінде жалпы білім беретін мектептерге келесі ұсыныстарды беруге болады: 1) Бастауыш сыныптың жылдық тәрбие жоспарына “Ұлттық музыка апталығы” сияқты шараларды енгізу, бұл аптада күн сайын әнкүйге 5-10 минут уақыт бөлініп, мектеп радиосынан күй ойнату, үлкен үзілістерде балалардың

ұлттық билер билеуіне мүмкіндік жасау. 2) Әр мектепте мүмкіндігінше шағын "Ұлт аспаптары бұрышын" жасақтау – домбыра, қобыз секілді аспаптарды көрнекі қойып, олар туралы ақпарат ілу. Бұл балалардың көзбен көріп, қолмен ұстауы арқылы қызығушылықтарын арттырады. 3) Музыка пәні мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстарында дәстүрлі музыка бойынша арнайы модуль қосу, әсіресе, домбыра, қобыз сияқты аспаптарды негізгі деңгей ретінде үйрету. 4) Ата-аналарды мектептің ұлттық тәрбие шараларына тарту. Мысалы, "Отбасымен ән айту" конкурстарын ұйымдастыру, отбасылық ансамбльдер фестивалін өткізу. Осындай кешенді жұмыстар мектепте ұлттық құндылықтарды нығайтуға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Зерттеу барысында анықталған шектеулерге тоқталсақ: біріншіден, эксперимент тек бір мектептің аясында өткізілді, сондықтан нәтижелерді бүкіл республикаға тікелей жабу (экстраполяция) белгілі бір сақтықты талап етеді. Әртүрлі өңірлердегі мектептерде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін (мысалы, батыс Қазақстан күй дәстүрі, оңтүстікте терме дәстүрі басымырақ болуы ықтимал). Екіншіден, уақыт шектеулі болды – үш ай ішінде қол жеткізілген өзгерістердің тұрақтылығын ұзақ мерзімде байқау мүмкін болмады. Болашақта осы балаларды әрі қарай бақылап, орта буында да ұлттық музыкамен тәрбиелеу жалғасса, оның нәтижелілігін зерттеу қызықты болар еді. Үшіншіден, біздің жұмыс тек 3–4-сыныптарды қамтыды, ал 1–2-сыныптағы жағдай бөлек қарастыруды қажет етеді. Өйткені жастағы айырмашылықтарға байланысты тәсілдер де соған сәйкес болуы шарт. Дегенмен, бұл шектеулер зерттеу нәтижелерінің негізгі түйіндеріне едәуір әсер ете қоймайды деп санаймыз, тек келешектегі зерттеулер бағыттарына негіз болады. Алынған мәліметтер жалпы білім беретін мектептерде дәстүрлі музыка арқылы ұлттық тәрбие берудің тиімділігін дәлелдеп отыр.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда дәстүрлі музыканың зор тәрбиелік мүмкіндігін тәжірибе жүзінде растады. Эксперимент қорытындылары бойынша төмендегідей негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Дәстүрлі музыканың ұлттық сана қалыптастыру құралы ретіндегі тиімділігі дәлелденді. Қазақтың халық ән-күйлерін жүйелі түрде тыңдап-үйренген бастауыш сынып оқушыларының өз халқының мәдениетіне қызығушылығы мен құрметі едәуір артты, ұлттық болмысына деген мақтаныш сезімі қалыптасты. Мәселен, эксперимент тобындағы оқушылардың 70%-дан астамы бірнеше ұлттық ән мен аспапты танып-біліп, оларды күнделікті өмірде ықыласпен тыңдайтын болды. Оқушылар ұлттық дәстүр мен өнерді құрметтеу керек екенін жүрекпен түсініп, патриоттық сезімдері нығайды.

1. Музыка пәніне дәстүрлі музыка элементтерін кіріктіру оқушылардың жалпы дамуына оң ықпал етті. Халық музыкасын үйрену барысында балалардың эстетикалық талғамы, есту қабілеті, ырғақтық сезімі сияқты музыкалық қабілеттері жетілді, сонымен бірге ұжымдық ән айту, ортаға шығып өнер көрсету арқылы олардың әлеуметтік дағдылары (өзін-өзі көрсету, ынтымақтастық) дамыды. Бұл нәтижелер дәстүрлі музыканың тәрбие ғана емес, оқу тиімділігін де арттыратынын көрсетеді.

2. Мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы ұлттық тәрбие беру ісінің шешуші факторы екені анықталды. Эксперимент жұмысының нәтижелілігі көп жағдайда музыка мұғалімінің халық ән-күйін өзі жақсы көруі әрі орындай білуіне байланысты болды. Мұндай мұғалім балаларды да ұлттық өнерді сүюге оңай баули алады. Сондықтан педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдерінің дәстүрлі музыкаға байланысты кәсіби біліктілігін көтеру қажет. Жалпы, мектептерде этнопедагогикаға бейім мамандар көбейсе, ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді ендіруге мүмкіндік артары сөзсіз (Ұзақбаева және Қожахметова, 1998).

3. Мектепте, отбасында және қоғамда бірлескен ортақ жұмыс қана ұрпақ тәрбиесінде нәтижеге жеткізеді. Біз қарастырған дәстүрлі музыка – ұлттық тәрбие құралының бір бөлігі ғана. Оны басқа тәрбиелік ықпалдармен (тіл, әдебиет, тарих, ұлттық ойындар, т.б.) ұштастыру керек.

Мектепте музыка арқылы ұлттық тәрбие беру ата-аналардың қолдауымен жалғасса және жалпы қоғамда ұлттық өнер насихаты күшейсе, ықпалы еселенетін болады .

Қорыта айтқанда, дәстүрлі музыканы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда пайдалану – тиімді әрі өміршең тәсіл. Ол өскелең ұрпақты өз халқының мәдениетіне жақындатып, елжанды, рухы берік тұлға етіп тәрбиелеуге септігін тигізеді. Зерттеу мақсатына қол жеткізілді: теориялық талдаумен де, тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен де дәстүрлі музыка бастауыш мектепте ұлттық құндылықтар қалыптастырудың қуатты педагогикалық құралы екені негізделді. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды кеңейте түсу (әртүрлі өңір, жас және жағдайларда зерделеу) ұлт болашағы үшін аса маңызды болмақ.

Алғыс білдіру. Зерттеу жұмысына қолдау көрсеткен Алматы қаласы №175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясының әкімшілігі мен музыка пәні мұғалімдеріне терең алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, экспериментке қатысқан оқушылар мен ата-аналарына ынтымақтастығы үшін ризашылығымызды айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Оспанова Г.У., Беккадам Г.А. Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді қалыптастыру // Молодой учёный. – 2015. – №7 (87), ч.2. – С. 52–54.*

2. *Добровольская Л.В. Приобщение младших школьников к музыкальным традициям казахского народа. – Екатеринбург, 2013. – 200 б. (Пед. ғыл. канд. дисс.).*

3. *Гаркуша К.Г., Одинцова С.А. Реализация этнокультурного компонента программы «Музыка» для 1–4 классов уровня начального образования Республики Казахстан // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2020. – №1(64). – С. 384–390.* DOI: *10.51889/2020-1.1728-5496.69*

4. *Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану. – Алматы: Өнер, 1998. – 64 б.*

5. *Хожахметов Е.А. Дәстүрлі музыканың халықтық педагогика негізінде құрылуы // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнер білім беру» сериясы. – 2016. – №2(47). – Б. 37–40.*

6. *Koval T., Kaniuka L., Neboha O., Kovtiukh L., Kalinichenko N. The Role of Music Education in the Formation of Cultural Identity in the Modern World // Journal of Curriculum and Teaching. – 2025. – Vol. 14, No. 1. – P. 349–358.*

7. *Uzakbayeva S., Sarkanbaeva G. Болашақ шетел тілі мұғалімінің этнопедагогикалық даярлығының негізгі бағыттары //Pedagogy and Psychology. – 2023. – Т. 55. – №. 2. – С. 31-44.*

8. *Ибраева К.Е., Махметова Б.Т., Уразалиева М.А., Бейсембаева А.А. Вопросы подготовки педагогов-музыкантов в условиях инклюзивного образовательного процесса // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2023. – №1(77). – Б. 188–197.* DOI: *10.51889/1728-5496.2023.1.76.020*

9. *Volk T.M. Music, Education, and Multiculturalism: Foundations and Principles. – New York: Oxford University Press, 1998. – 288 p.*

10. *Campbell P.S. Songs in Their Heads: Music and Its Meaning in Children's Lives. 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2010. – 336 p.*

11. *Guan T., Liu J., Luo N. Exploring the changes in cultural identity of primary school students in a Chinese orchestra // International Journal of Music Education. – 2025. – Vol. 43, № 1. – P. 22–38. – DOI: 10.1177/02557614241228626.*

12. *Kussainova M., Kenesbekova S., Alshynbayeva Z., Nugman B., Tleugabylova K. Self-Education of Future Teachers in Education of Primary School Children Through National Values // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics. – 2024. – № 55. – P. 704–711. – DOI: 10.54919/physics/55.2024.70jr4.*

References:

1. *Ospanova G.U., Bekkadam G.A. "Bastauysh mektep oqūshylaryna ūlttyq tárbie berudi qalyptastyru" [Formation of national education for primary school pupils]. Molodoy uchyony (Young Scientist), 2015, No.7(87) Part 2, pp. 52–54.*

2. *Dobrovol'skaya L.V. Priobshchenie mladshikh shkol'nikov k muzykal'nym traditsiyam kazakhskogo naroda [Engaging primary schoolchildren in the musical traditions of the Kazakh people]. Yekaterinburg, 2013.*

3. *Garkusha K.G., Odintsova S.A. "Realizatsiya étnokul'turnogo komponenta programmy 'Muzyka' dlya 1–4 klassov urovnya nachal'nogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan" [Implementation of the ethnocultural component of the "Music" curriculum for grades 1–4 of primary education of RK]. Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki" 2020, No.1(64), pp. 384–390.* DOI: *10.51889/2020-1.1728-5496.69*

4. *Uzakbaeva S.A., Kozhahmetova K.Zh. Qazaq étnopedagogikasy materialdaryn pedagogikalyq pánderdi oqytuda paidalanu [Using Kazakh ethnopedagogy materials in teaching pedagogical disciplines]. Almaty: Öner, 1998.*

5. *Khozhakhmetov E.A. "Dástúrli muzykanyn halkytyk pedagogika negizinde qúrylui" [Formation of traditional music on the basis of folk pedagogy]. Abai Univ. Bulletin, "Art Education" series, 2016, No.2(47), pp. 37–40.*

6. *Koval T., Kaniuka L., Neboha O., Kovtiukh L., Kalinichenko N. "The Role of Music Education in the Formation of Cultural Identity in the Modern World." Journal of Curriculum and Teaching, 2025, Vol.14(1), pp. 349–358.*

7. Uzakbayeva S., Sarkanbaeva G. Bolaşaq şetel tılı mūğalımınıŋ etnopedagogikalyq dayarlyğynyŋ negızgı bağyttary //Pedagogy and Psychology. – 2023. – T. 55. – №. 2. – C. 31-44.

8. Ibraeva K.E., Makhmetova B.T., Urazaliyeva M.A., Beysembayeva A.A. "Voprosy podgotovki pedagogov-muzykantov v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovatel'nogo processa" [Issues of preparing music teacher-pedagogues in an inclusive educational process]. Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki", 2023, No.1(77), pp. 188–197. DOI: *10.51889/1728-5496.2023.1.76.020*

9. *Volk T.M. Music, Education, and Multiculturalism: Foundations and Principles. New York: Oxford Univ. Press, 1998.*

10. *Campbell P.S. Songs in Their Heads: Music and Its Meaning in Children's Lives. 2nd ed. Oxford: Oxford Univ. Press, 2010.*

11. *Guan T., Liu J., Luo N. Exploring the changes in cultural identity of primary school students in a Chinese orchestra // International Journal of Music Education. – 2025. – Vol. 43, № 1. – P. 22–38. – DOI: 10.1177/02557614241228626.*

12. Kussainova M., Kenesbekova S., Alshynbayeva Z., Nugman B., Tleugabylova K. Self-Education of Future Teachers in Education of Primary School Children Through National Values // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics. – 2024. – № 55. – P. 704–711. – DOI: 10.54919/physics/55.2024.70jr4.

ҒТАХР 14.21.07 https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.038

Ж.Сержанқызы,[1] Н.Ильясова,[1] О.Сапашев [2]*

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
[2]Стамбул университет, Стамбул қ., Түркия

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН МЕДИАРЕСУРСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық технологиялар мен медиаресурстардың қазақ тілін оқытудағы лингводидактикалық әлеуеті жан-жақты қарастырылады. Қазіргі цифрландырылған білім беру жағдайында тіл үйретудің мазмұны мен әдістемесін жаңғырту қажеттілігі туындап отыр. Зерттеу барысында онлайн білім беру платформалары, мультимедиалық оқу материалдары, мобильді қосымшалар және әлеуметтік желілердің қазақ тілін меңгертудегі тиімділігі талданады. Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін және тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту мүмкіндіктері айқындалады.

Сонымен қатар цифрлық технологияларды пайдаланудың білім алушылардың оқу уәжіне, танымдық белсенділігіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетіне әсері сарапталады. Қазақ тілін оқыту үдерісінде медиаресурстарды мақсатты әрі жүйелі қолданудың тиімді модельдері ұсынылады. Цифрлық ортада тілдік материалды іріктеу мен ұсынудың дидактикалық талаптары негізделеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге және цифрлық білім беру ресурстарын тәжірибеде тиімді пайдалануға әдістемелік негіз бола алады.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, медиаресурстар, лингводидактика, цифрлық білім беру, тілдік дағдылар, коммуникативтік құзыреттілік.

Сержанкызы Ж., [1] Ильясова Н., [1] Сапашев О.[2]*
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан
[2]Стамбульский университет, г.Стамбул, Турция

ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕДИАРЕСУРСОВ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается лингводидактический потенциал цифровых технологий и медиаресурсов в обучении казахскому языку. В условиях цифровизации современного образования возрастает необходимость обновления содержания и методики языкового обучения. В ходе исследования анализируется эффективность онлайн-образовательных платформ, мультимедийных учебных материалов, мобильных приложений и социальных сетей в процессе овладения казахским языком. Определяются возможности развития коммуникативной компетенции

и языковых навыков обучающихся (аудирование, говорение, чтение, письмо) посредством использования цифровых ресурсов.

Кроме того, рассматривается влияние цифровых технологий на учебную мотивацию, познавательную активность и способность обучающихся к самостоятельной работе. Предлагаются эффективные модели целенаправленного и системного использования медиаресурсов в процессе обучения казахскому языку. Обосновываются дидактические требования к отбору и представлению языкового материала в цифровой образовательной среде. Результаты исследования могут служить методической основой для совершенствования методики обучения казахскому языку и эффективного использования цифровых образовательных ресурсов в образовательной практике.

Ключевые слова: цифровые технологии, медиаресурсы, лингводидактика, цифровое образование, языковые навыки, коммуникативная компетенция.

Serzhankyzy Zh., [1*] *Ilyasova N.,*[1] *Sapashev O.*[2]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Istanbul university, Istanbul, Turkey*

LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF DIGITAL TECHNOLOGIES AND MEDIA RESOURCES IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the linguodidactic potential of digital technologies and media resources in teaching the Kazakh language. In the context of the digitalization of modern education, there is an increasing need to update the content and methodology of language instruction. The study examines the effectiveness of online educational platforms, multimedia learning materials, mobile applications, and social networks in the process of acquiring the Kazakh language. The possibilities of developing learners' communicative competence and language skills (listening, speaking, reading, and writing) through the use of digital resources are identified.

In addition, the impact of digital technologies on learners' academic motivation, cognitive activity, and ability for independent learning is analyzed. Effective models for the purposeful and systematic use of media resources in teaching the Kazakh language are proposed. The didactic requirements for the selection and presentation of language material in a digital educational environment are substantiated. The research findings may serve as a methodological basis for improving the methodology of teaching the Kazakh language and for the effective use of digital educational resources in educational practice.

Keywords: digital technologies, media resources, linguodidactics, digital education, language skills, communicative competence.

Кіріспе. Қазіргі уақытта цифрлық білім беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағытының бірі. Цифрлық технологиялар адам өмірінің барлық саласына, әсіресе білім беру, ғылым және экономика жүйесіне терең еніп, айтарлықтай өзгеріске ұшыратып жатыр. Осы құбылыс жай ғана технологиялық жаңалық емес, бұл – қоғамның, еңбек нарығының және білім саласының түбегейлі өзгеруіне бағытталған цифрлық трансформация деп аталатын жаһандық үдеріс. Яғни озық технологияларды дамыту арқылы еліміздің барлық саласының, әсіресе білім беру саласының әлеуетін арттыруға серпін берілмек.

Жаһандану және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы әлемде медиасауаттылық, медиамәдениет, медиабілім және тағы басқа ұғымдар пайда болып, олардың көкейкестілігі жылдан-жылға артып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласындағы қазіргі пандемия кезіндегі өзекті проблемалардың бірі есебінде онлайн білім беру платформасын атап өткен болатын [1].

Білім беру ұйымдарында медиа білім беруді дамыту қоғамның барлық салалары үшін маңызды. XXI ғасыр жай ғана »Ақпараттық технологиялар ғасырына» емес, »жаһандық ақпараттық ашықтық дәуіріне» айналғаны ешкімге құпия емес. Қазіргі әлемді бұқаралық байланыс құралдарынсыз елестету қиын. Медиа бүгінде ғаламшар тұрғындары өмірінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша 75 жыл өмір сүрген «өркениетті адамның» 50 жылы белсенді түрде өтеді. Және оның тура тоғыз жылын, яғни белсенді өмірінің

төрттен бірін теледидар көруге жұмсайды екен. Орташа есеппен қазіргі оқушылар күніне 6 сағат уақытын медиамен қарым-қатынасқа арнайды. XXI ғасырда кез келген ұлт барлық салада медиасыз әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамуы мүмкін емес.

«Медиабілім беру» түсінігі 1973 жылы ЮНЕСКО мен Кино және телеарнаның халықаралық кеңесінің ақпарат секторының бірлескен кеңесінде тұжырымдалғанына қарамастан, ғалымдар әлі де болса осы күрделі пәнаралық құбылыстың анықтамасын зерделеуде.

ЮНЕСКО-ның бастамаларына сәйкес, медиабілім беру (media education) астарында педагогикалық теория мен практикада ерекшелік және автономдық білім беру салаларының бір бөлігі ретінде қаралатын қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат коммуникацияларын меңгеруде теория мен практика дағдыларына оқыту деп түсіну керек.

Ал медиабілім XX ғасырдың 60-жылдарында Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Канада сияқты әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінде пайда болып, жаңа ғасырдың басында өрістей түсті. Медиабілімнің басты мақсаты – жас ұрпақты медиамәдениетке бейімделуге, бұқаралық ақпарат құралдарының тілін игеруге, медиамәтіндерді талдай білуге үйрету [2].

Медиабілім - бұқаралық коммуникация заңдылықтарын зерттейтін педагогиканың саласы. Жоғарыда аты аталған елдердің мектептерінде медиабілімді міндетті пән ретінде оқыту жолға қойылған. Мысалы, 1987 жылы Канаданың кейбір жерлерінде «Медиабілім» арнайы пән ретінде оқытыла бастаса, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Австралияның мектептерінде де міндетті пән ретінде енгізілді. Ресей мен Украинада өткен ғасырдың соңғы жиырма жылдығында медиабілім жекелеген пәндермен интеграциялау арқылы жүзеге асырыла бастады.

Соңғы уақытта Қазақстанда да ақпарат таратушы құралдар көбейе бастады және олардың өнімін пайдалануға сұраныстың жоғары екені жаңалық емес. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды, медиабілімді тиімді меңгеру үшін медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Білімді ақпараттандыру жағдайында білім парадигмасының өзгеруі (О.З.Имангожина, С.А.Жданов, И.А.Заинчковский, Г.К.Тұрғанова, Д.М.Жүсібалиева, т.б.) қазіргі жалпы білім беретін жоғары оқу орындарының дамуының негізі ретінде ақпараттық технологиялары (В.А.Корвяков, Р.О.Джеренова, С.Д.Муканова, т.б) мәселелері ретінде зерттелуде.

Медиабілім – педагогика ғылымдары саласындағы ақпараттық-коммуникациядық құралдарды меңгеруге үйрететін жаңа бағыт. Педагогикалық-психологиялық сөздікте медиа-білім беру оқушыларға бұқаралық қатынас заңдылықтарын үйрететін педагогикалық бағдар. Оның негізгі міндеті болашақ ұрпақты ақпараттық жағдай өміріне, оны түсіне білуге, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана білуге үйрету [3].

Елімізде педагогикалық білім саласында қолданыла бастаған медиабілімді игеру қарқынды жүзеге асырылуда. Мектептердегі медиабілім беру технологиясын жобалау және қолдану: интеграцияланған медиабілім беру негізінде жеке пән мен медиабілім беруді интеграциялау мақсатында жеке пәндерді оқыту барысында медиамәтіндерді көрнекі қолдану негізінде сыни ойлануға мүмкіндік беру; арнайы немесе әлеуметтік мәдени негізінде заманауи медиа тәжірибесін оқыту -видео түсірілім және монтаж негіздерін үйренуге бағытталуда.

Медиа білім беру (ағылш. media education) – бұқаралық және басқа да коммуникация құралдарының (соның ішінде баспасөз, теледидар және радиохабар тарату, жарнама, кинематография, интернет) әсерін осы саладағы қызметкерлерді даярлау шеңберінде де, инфокоммуникациялық технологияларды игеру үшін барлығы білуі қажет нәрсеге қатысты зерттеуді білдіретін термин. Ол сондай-ақ »медиа сауаттылық» терминімен өрнектеледі (ағылш. media literacy) немесе «медиа құзыреттілік» (ағылш. media competence), бұл байланыс құралдарын білікті қолдана білуді білдіреді. Білім алушылардың аудиовизуалды бейнелердің мағынасын дұрыс түсінуі және ақпараттық ағындарда еркін бағдарлануы үшін ақпаратты қабылдау дағдылары болуы қажет. Мұның бәрі медиа білім беруді қамтамасыз ете алады.

Педагогикалық-психологиялық сөздікте медиа-білім беру оқушыларға бұқаралық қатынас заңдылықтарын үйретететін педагогикалық бағдар. Оның негізгі міндеті болашақ ұрпақты ақпараттық жағдай өміріне, оны түсіне білуге, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана білуге үйрету [3].

Медиа-білім беру – педагогикадағы білім алушылардың бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқуын жақтайтын бағыт. Негізгі міндеті – жас ұрпақты казіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерін білуге үйрету, байланыстың вербальдік емес формалары негізінде, техника құралдар мен қазіргі акпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынас жасау тәсілдеріне үйрету.

Материалдар мен әдістер. XXI ғасырда медиа білім беру педагогиканың басым бағыты ретінде қарастырылатындықтан бұқаралық коммуникация құралдарын сабақтарда талдау үшін материал ретінде пайдалану және жеке хабарламалар жасау (медиа мәтіндер құру) арқылы пәндік мазмұнды игеру мүмкіндігі болып табылады. Бұл жағдайда медиа білім берудің дамытушы және қалыптастырушы функциялары бар, бұл пәнді түсіну құралы және білім алушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру құралы, яғни сыни ойлау, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті.

Цифрлы кеңістіктегі мол ақпаратты, мәтін деректерін талдау мен өңдеу саласындағы жаңа лингвистикалық және компьютерлік әдіс-тәсілдерді меңгерген қазақ тілін зерттеуші, заманауи ақпаратты өңдеу құралдарының кең мүмкіндіктерін өз жұмысында пайдалана алатын маман даярлау үлкен мәселе. Қазір филологиялық білімі терең, цифрлық құралдарды жетік меңгерген мамандар тапшы. IT-мамандар компьютерлік бағдарламаларды жақсы меңгергенмен, ақпаратты сауатты, қызықты және нанымды етіп жеткізе алмайды. Филологтер мұны істей алады, бірақ өз жұмысын мінсіз атқару үшін цифрлық технологиялардың ерекшеліктерін түсінуі керек. Бұл – қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттырумен қатар, ұлттық тіл саясатының цифрлық трансформацияға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Медиа білім берудің негізгі міндеттері [4]:

- өскелең ұрпақты ақпараттық кеңістік жағдайында өмір сүруге және оны қабылдауға дайындау;
- алынған ақпаратты түсінуді және оны дұрыс түсіндіруді үйрену;
- алынған ақпарат ағынының психикаға әсерін түсіну;
- техникалық құралдар мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, вербалды емес байланыс формаларына негізделген қарым-қатынас тәсілдерін игеру.

Медиа білім беруді педагогикалық мамандықтар мен педагогикалық бағыттар тұрғысынан қарастырған кезде оның мынандай ерекшеліктерін ажыратуға болады:

1. Бұқаралық ақпарат құралдарын қабылдау мен түсіндіруде педагогикалық қажеттілік ретінде пайда болады;
2. Ақпаратты алу бойынша педагог пен білім алушының мүмкіндігі тең, педагог білім алушы үшін ақпараттық кеңістікте нұсқау беруші ретінде әрекет етеді, алынған ақпаратты түсінудің әртүрлі деңгейлерінде талдауға көмектеседі;
3. Педагог заманауи мультимедиялық оқыту құралдарын пайдаланудың жоғары мәдениетіне ие болуы керек;
4. Білім алушы заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының техникалық аспектілерін білуде педагогтен озып кетуі мүмкін және педагогке көмекші бола алады [5].

Медиа білім беру - бұл оқумен немесе кез келген басқа дағдымен шектелмейтін, кеңкөз-қарасты қажет ететін медиа сауаттылыққа жету жолы. Кең перспектива білімнің дамыған-құрылымына негізделген. Біз бұл білім құрылымын ақпаратты таңдау және оны синтездеу қабілетімізді пайдалана отырып құрастырамыз. Біз сауаттылық деңгейін үнемі арттыра аламыз. Медиа сауаттылық көп өлшемді. Біз кең танымдық, эмоционалдық, эстетикалық және моральдық ақпаратты алуымыз керек.Медиа сауатты адамдар белгілі бір хабарламадан әлдеқайда көп

нәрсені көре алады. Олармедиамәтіндерді жасау және таңдау процестерін және олардың мағынасын жақсы түсінеді. Медиасауатты адамдар медиамәтіндерден қалаған нәрсені алу ықтималдығы жоғары. Осылайша, медиа-сауаттылық деңгейі жоғары аудиторияның медиа әлемді түсіну, басқару және бағалау деңгейі жоғары болады.

Медиа білім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады. Медиа білім оқушыларға өздерінің ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді.

Дидактика тұрғысынан алғанда медиабілім беруді қолдану тұлғаның сыни ойлауын дамытатын және шығармашылық потенциалын арттыратын икемді және әмбебап үрдіс. Біріншіден, педагогтың қызметі мейлінше күрделілене түседі. Ол мультимедия технологиясын меңгеруде арнайы даярлығының болуымен қатар, оқытудың техникалық құралдарын қолданудың мәдениетімен байланысты педагогиканың әдістерін белсенді қолдана білуі тиіс. Екіншіден, оқыту мен тәрбие беру процесінің белгілі бір бөлігі оқушылардың өзіне жүктеледі де, тікелей олардың белсенділігін тәуелді және бұл жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік береді. Мұнда оқу материалын түсіндіру педагог пен оқушының мейіленше белсенді және интенсивті жұмыс істеуін қажет етеді.

Ең беделді медиапедагогтардың және медиатеоретиктердің бірегейі Л.Мастерман (L.Masterman) қазіргі әлемдегі медиабілімнің маңыздылығы мен басымдығын айқындайтын жеті себебін негіздеп берді [6]:

1. Медианы тұтынудың жоғары деңгейі және қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі.
2. Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы.
3. Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі.
4. Негізгі демократиялық процестерге медианың ену интенсивтілігі.
5. Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы.
6. Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды оқытудың қажеттілігі.
7. Ақпаратты жекешелендіруде ұлттық және халықаралық процестердің ұлғаюы.

Медиаресурстар – оқу процесін көрнекі, интерактивті және қызықты етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы.

Оларға:

• Видеосабақтар (YouTube, Daryn.online, Khan Academy)
• Аудиоматериалдар (подкасттар, аудиокітаптар, жаңалықтар)
• Интерактивті платформалар (Quizizz, Kahoot, LearningApps)
• Электронды оқулықтар мен мультимедиялық презентациялар
• Әлеуметтік желілер мен блогтар Бұл ресурстар қазақ тілін үйренушілерге тілдік ортаны қалыптастыруға, жаңа ақпаратты жеңіл қабылдауға және оны күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі.

Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақ мақсатына жетуі үшін ең алдымен тиімді әрі дұрыс жоспарланып, сол жоспарға сай ұтымды әдіс-тәсілдердің, ресурстардың таңдалғаны жөн. Әсіресе қазіргі жаңа инновациялық технологиялар кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділі зор.

Білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың негізгі әдістеріне тоқталып өтсек:

Біріншіден, жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР–ды пайдаланған дұрыс.

Екіншіден, оқушының өзіндік оқу іс–әрекетін ұйымдастырғанда. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, цифрлық білім беру ресурстарында әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастырғанда. Мұнда бақылау–диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі.

Төртіншіден, мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР–ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс.

Бесіншіден, оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздері теориялық материалдармен танысып, тәжірибелік тапсырмаларды орындағаннан соң, соңында бағалауда ыңғайлы.

Қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды қолдану әдістемесі [7].

1. Тыңдалым дағдыларын дамыту Медиаресурстар арқылы оқушылардың тыңдау қабілетін жақсартуға болады. Ол үшін:

• Аудиожазбалар мен подкасттар пайдаланылады (мысалы, Қазақ радиосының бағдарламалары, TEDx Talks).

• Оқушыларға бейнежазбалар тыңдатып, негізгі ойды түсіну тапсырмалары беріледі.

• Сұхбаттар мен әңгімелерді тыңдап, олар бойынша сұрақтарға жауап беру ұсынылады. 2. Айтылым дағдыларын жетілдіру Қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Ол үшін:

• Видеоматериалдардан кейін оқушыларға қысқаша мазмұндама жасату.

• TikTok, Instagram Reels секілді қысқа видео форматтарын пайдаланып, оқушыларға қазақ тілінде шағын видео түсіру тапсырмаларын беру.

• Телебағдарламалардан үзінді көрсетіп, оқушылардың пікір білдіруін сұрау.

3. Оқылым дағдыларын дамыту

• Электронды оқулықтар мен жаңалық сайттарынан мақалалар оқыту.

• Оқушыларға мәтін бойынша тесттер мен тапсырмалар беру (Google Forms арқылы).

• Оқушыларға блог жазуды үйрету және олардың посттарын сыныпта талқылау.

4. Жазылым дағдыларын қалыптастыру

• Оқушылардан видеосабақтар мен подкасттар негізінде эссе немесе қысқа әңгіме жазуын сұрау.

• Интерактивті тапсырмалар (LearningApps, Padlet) арқылы жазу дағдыларын дамыту.

• Оқушыларға өз блогтарын жүргізуге мүмкіндік беру. Медиаресурстарды қолданудың тиімді әдістері

1. Геймификация (ойын арқылы оқыту) – Kahoot, Quizizz платформалары арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

2. Жобалық оқыту – оқушыларға медиаресурстарды пайдалана отырып, шағын деректі фильмдер, презентациялар жасауға тапсырма беру.

3. Флиппед классрум (төңкерілген сынып) – оқушыларға алдын ала видеосабақтар мен мақалаларды үйде қарауға тапсырма беру, ал сабақта талқылау жүргізу.

4. Визуалды оқыту – инфографикалар, слайд-презентациялар арқылы ақпаратты ұсыну.

Нәтижелер мен талқылау. Тәжірибе көрсеткендей, бала барлық ақпаратты сырттан алады: пайдалы ақпаратты да, зиянды ақпаратты да. Бұл жағдайда ақпараттық ағындар мен білім алушылар арасындағы медиатор, медиа әлеміндегі бағдар болып табылатын педагогке үлкен жауапкершілік жүктеледі: оның көмегімен келіп түскен ақпарат дұрыс қабылданады және түсіндіріледі.

Қазіргі цифрлық қоғамның негізгі ерекшеліктері:

1) Ақпарат пен білім – қоғамның негізгі трансформациялық күші, ал ақпараттық ресурстар – қоғамның стратегиялық ресурстары;

2) Жаһандық ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы – адамзаттың жаңа цифрлық білімді игерудің алдыңғы шарты;

3) Ақпараттар ағыны, өтпелі кезең, жеделдету – цифрлы қоғамның басты белгілері;

4) Өндірістік және әлеуметтік технологиялардың жаңару циклдері кемінде 6-8 жылды құрайды, ал бұл өз кезегінде ұрпақтардың сапалық ауысу қарқынынан асып түседі;

5) Үздіксіз білім беру және мамандарды қайта даярлау – жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін сақтаудың ажырамас бөлігі;

6) Әрбір адамның тағдыры жаңа ақпаратты дер кезінде табу, өзіне қажеттісін ғана алу, санада қабылдау, ой қорыту, сындарлы ойлау және оны практикада тиімді пайдалана алу қабілетіне байланысты [8].

Медиа білім беру білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады, ақпаратты бір тілден екінші тілге аудару, анықтамалық әдебиеттен, интернеттен алынған жаңа ақпаратты пайдалану, оны хабарламалар, баяндамалар, ауызша және жазбаша хабарламалар, презентациялар, жобалар, бейнероликтер жасау нысанына аудару қабілетін дамытады.

Кейбір жағдайда «медиа білім беру» және «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымдарын шатастырып, оларды қате анықтап, бір ұғымды екіншісіне ауыстырады. АКТ құралдары мен медиа құралдарының арасындағы айырмашылықты ажыратып, екеуінің құралдарын пайдалануды игерудіңбір уақытта жүргізілуі керек екенін түсіну маңызды.

Мектепте медиа білім беру технологияларын қолдану келесі бағыттар бойынша жүргізілу қажет [9]:

- медиа білім беруді интеграциялау мақсатында жекелеген пәндерді оқытуда медиа мәтіндерді көрнекі пайдалану негізінде сыни ойлауды қалыптастыру. Бұл бағыт «интеграцияланған медиа білім беру» деп аталады;

- білім беру ұйымында медиа орталықтар (медиа қызметтер, медианүктелер) құру - мектептің баспа басылымдарымен жұмыс істеу негізінде балалар мен ересектердің күш-жігерін біріктіру, мектептің кино және телестудияларында бейнетүсірілім мен монтаждау негіздерін зерделеу, әлеуметтік желілерде ресми топтар жүргізу, мектеп кеңістігінде ақпарат орталақытарын жабдықтау.

Жоғарыда айтылғандай, оқу процесінде заманауи медиа материалдарын пайдалану кезінде ақпаратты жинау және тексеру қабілеттерінен басқа, сыни ойлауды дамыту қажет. Яғни, талдау, қателіктерді бөліп көрсету және қорытынды жасау, ақпаратқа жеке сенім дәрежесін дамыту, ақпараттық хабарламаның жасырын мағынасымен жұмыс істеуді ең бірінші орынға қою керек. Бұл білім алушылардыңсыни ойлауын дамыту процесіндегі белсенділік тәсілінің рөлін анықтайды.

Білім беру үрдісінің дидактикасы тұрғысынан медиа білім беру технологияларын қолдану сыни ойлауды дамытуға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың да, педагогтердің де шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

Алайда, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны дәстүрлі білім беру үрдісіненайтарлықтай ерекшеленетінін ескеру қажет. Бұл жағдайда оқу материалын түсіндіру педагог пен білім алушы арасындағы әлдеқайда белсенді және қарқынды өзара әрекеттесуді қажет етеді. Педагог бір мезгілде материалды баяндауы, оқытудың мультимедиялық (ақпараттық) құралдарын қолдануды бақылауы және тиімді кері байланысты ұйымдастыру үшін аудитория жағдайының кез келген өзгерісіне сезімтал жауап беруі тиіс.

Атап айтқанда, оқу және сабақтан тыс іс-шараларда бейнелерді (фильмдер, олардың фрагменттері, фотосуреттер, мұрағаттық құжаттар, медиа мәтіндер) қабылдау кезінде қабылдаудың келесі деңгейлерін ажыратуға болады:

1. Қабылдаудың күнделікті деңгейі (сюжеттің, кейіпкерлердің күнделікті мотивтерімен шектелген);
2. Қоғамдық деңгейі (кейіпкерлердің терең сипаттамалары және іс-әрекеттің психологиялық мотивтері берілген);
3. Көркем образ деңгейі (экрандық образдың, оның құрамдас бөліктерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы; экрандық көріністі мәтін түрі ретінде баяндаудың семантикалық бірліктерін бөліп

көрсету, олардың өзара әрекеттесу сипаттамасы; актерлерді таңдауға, кадрға, түсірілім сипатына, жарықтандыруға, түс схемасына, монтажға және т. б. назар аудару);

4. Авторлық тұжырымдаманы түсіну деңгейі (автордың осы шығарманың көркемдік бейнесінің нақты жүйесіне сүйене отырып, қандай идеяны білдіргісі келетіні туралы қорытынды жасай білу);

5. Автордың қозғаған мәселеге қатысты өзіндік тұжырымдардың пайда болу деңгейі.

Сабақта педагог үшін иллюстрациялық бейне - фотоматериалдарды таңдау дәлдігі үлкен маңызға ие. Материал білім алушылардың қызығушылығын тудыруы керек (мысалы, білім алушылар әлі көрмеген немесе ұмытып кеткен фильм, картинаның сюжеті фильмнің қазіргі және бір кездері өмір сүрген прототипін құрудың нақты негізіне ие немесе бұл оқиға жастар арасында айтылып жүрген мәселеге қатысты болуы және т.б).

Қабылдауды орнатудың екі негізгі мақсаты бар: тыңдаушыларды көркемдік қабылдауға бейімдеу (мүмкін болған жағдайда қабылдауды тұрмыстық жоспардан эстетикалық жоспарға аудару) және болашақ көріністе белгілі бір контекст беру - білім алушыда шығармашылық тапсырманы орындауға мотивация болуы керек (мысалы, медиа мәтінді құру).Қабылдаумен байланысты медиа білім беру технологияларымен жұмыс істейтін педагог білім алушылардың қабылдау деңгейі әртүрлі екенін және ең алдымен коммуникациялық кедергілерді жеңумен байланысты екенін түсінуі керек. Е. А. Бондаренко кедергілердің мынадай түрлерін бөліп көрсетеді [10]:

- қабылдау кедергісі (зейінді ауыстыру жылдамдығы мен дәлдігі, қабылдаудың жылдамдығы мен дәлдігі, зейіннің шоғырлану ұзақтығы). Бұл кедергіні физиологиялық көңілкүй (жұмылдыру күйі және толық »жауынгерлік дайындық») арқылы жеңуге болады.

- түсіну кедергісі (қиял, ойлау, қабылдау, зейіннің қатысуымен ақпаратты өңдеу). Бұл кедергіні аналогиялық әрекеттер мен тәуелсіз шығармашылық әрекеттердің көмегімен жеңуге болады (тану және салыстыру дағдыларын пысықтау, тәжірибе жинақтау, аналогиялық әрекеттен шығармашылық әрекетке көшу белгілі бір білім көлемі болған кезде ғана мүмкін болады).

- тұлғааралық қарым-қатынастағы кедергі (педагогтің презентациясындағы шығармашылық тапсырманың мәнін, қойылатын талаптар кешенін және т.б. түсінбеу). Бұл кедергіні коммуникацияны бақылау, ақпаратты түрлендірудің әртүрлі тәсілдерін пысықтау кезінде жеңуге болады.

Қабылдау нәтижелерін талдау білім алушылардымедиа мәтінді түсінуге, өз тұжырымдамасын жасауға жетелейді.

Медиа білім берудің міндетті шарты - ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту эпизодтық сипатта болмауы керек, дегенмен ол білімнің әр түрлі салаларына қатысты әр түрлі формада болуы мүмкін. Бұл бастауыш және орта мектепте ақпаратты қабылдау, өңдеу, арақатынас жүйесі құрылған кезде өте маңызды. Ақпараттық мәдениетті толыққанды қалыптастыру үшін сабақта да, сабақтан тыс уақытта да ақпаратты қабылдау және талдау жүйесін қалыптастыруға көмектесетін арнайы сабақтар немесе қызмет түрлері қажет. Мәселен, БАҚ-тың тілі мен экспрессивті құралдарын (экрандық мәдениет негіздері, балалар журналистикасы, соның ішінде телевизиялық арнайы курстар) зерттеу, жобалық қызмет ретінде – шығармашылық жобаны жүзеге асыру жасөспірімдерді әртүрлі ақпараттық дағдыларды игеру қажеттілігіне қояды - ақпаратты іріктеуден, жинақтаудан, өңдеуден және оны басқа нысанда баяндаудан бастап таза технологиялық (бейнемонтаж немесе компьютерлік макет) дағдыларға дейін. Және бұл жерде ақпаратты талдау және іріктеу, оның маңыздылық дәрежесін бағалау, өз пікірін білдіру секілді сыни ойлау дағдыларынсыз нәтижеге жету мүмкін емес.

Цифрлық білім беру ресурстарын сабақта қолдану нәтижелері:

-студенттердің грамматикалық сауаттылығы артты;

-жазбаша және ауызша сөйлеу сапасы жақсарды;

-сабаққа қызығушылық пен белсенділік өсті;

-өздігінен жұмыс істеу дағдысы қалыптасты;

Практикалық маңыздылығы:

-студент арасындағы кері байланыс жеделдеді.

-сабақта тұрақты қолдануға болады;

-қосымша уақыт пен ресурсты қажет етпейді;

- қысқа мерзімде нақты нәтиже береді.

Демек, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану арқылы біз оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың жеке тұлғасын дамытуға, шығармашылық ойлауын ынталандыруға, тілге деген сүйіспеншілігін арттыруға жол ашамыз.

Цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады деген ойдамыз.

Қорытынды. Цифрлық технологиялар мен медиаресурстарды қазақ тілін оқытуда қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға көмектеседі. Дұрыс таңдалған әдістер арқылы медиаресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың коммуникативтік қабілетін жақсартып, қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді. Болашақта қазақ тілі сабақтарында цифрлық технологиялар мен медиаресурстарды кеңінен пайдалану – білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Медианың қазақ тілін үйренуге әсерін талдау бізге тілдік оқытудың мәдени аспектілерін түсінуге және осы саладағы заманауи үрдістерді анықтауға көмектеседі. Зерттеу сонымен қатар медиа және білім беру теорияларын қолдану аясын кеңейтеді, медиа-ресурстарды пайдалануға бағытталған тілдік оқытудың жаңа трендтерін қалыптастыруға үлес қосады.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында ақпараттық қоғамның дамуы жаңашыл білім беру парадигмасының қалыптасуымен байланысты. Оның негізінде білім беру арқылы тұлғаның дамуы жатыр. Жаңа білім беру парадигмасында кез келген жеке тұлға – педагогикалық ықпал ету объектісі ғана емес, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары арқылы қарапайым репродукциядан алшақ оқытушымен диалогқа тартылған таным іс-әрекетінің белсенді субъектісі екенін ұмытпағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Мемлекет басшысы ҚасымЖомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. tengrinews.kz/kazakhstan_news

2. Смагулов, Е. Ж. Медиа білім берудің педагогикалық негіздері / Е. Ж. Смагулов. //Молодой ученый. -2016.-№ 5.2 (109.2). -С. 9-10.

3. Психолого-педагогичесий словарь/ Сост В.А. Мижериков. Ред. П.И.Пидкасистый. Ростов: Феникс, 1998. С.241.

4. Дзялошинский И.М. Медиа и социальная активность молодежи //Медиаобразование: от теории - к практике. Сб. материалов III Всеросс. науч.-практ. конф. «Медиаобразование молодежной аудитории». - Томск, 2009.

5. Медиаобразование в школе / Вартанова Е. Л., Смирнова О. В. и др.. –Сборник программ для преподавания дисциплин.-М.: МедиаМир, 2010.-320 с.

6. Федоров А.В. Медиаобразование и медиаграмотность.-Таганрог, 2004.-С.56-57.

7. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды пайдалану әдістері//Қарағанды университетінің хабаршысы. - №2(102). - 2021. – Б.26-30.

8. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. Астана, 2008. – 30 б.

9. Фёдоров А. В.Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. — Монография. — М.: МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. — 616 с. — ISBN 978–5-98517–064–1.

10. Медиаобразование в школе / Вартанова Е. Л., Смирнова О. В. и др.. — Сборник программ для преподавания дисциплин. — М.: МедиаМир, 2010. — 320 с. — ISBN 978–5-91832–025–0

References:

1. «Jaña jağdaydağı Qazaqstan: is-qimyl kezeñi» atty Memleket basshysy Qasym Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy. 2020 jylğı 1 qyrküyek. tengrinews.kz/kazakhstan_news

2. Psihologo-pedagogichesiy slovar' / Sost. V.A. Mizherikov. Red. P.I. Pidkasistyy. Rostov: Feniks, 1998. S.241.

3. Smagulov, E. Zh. Media bilim berudiñ pedagogikalyq negizderi / E. Zh. Smagulov. // Molodoy uchenyy. -2016.-№ 5.2 (109.2). -S. 9-10.

4. Dzyaloshinskiy I.M. Media i sotsial'naya aktivnost' molodezhi // Mediaobrazovanie: ot teorii - k praktike. Sb. materialov III Vseross. nauch.-prakt. konf. «Mediaobrazovanie molodezhnoy auditorii». - Tomsk, 2009.

5. Mediaobrazovanie v shkole / Vartanova E. L., Smirnova O. V. i dr. - Sbornik programm dlya prepodavaniya distsiplin. - M.: MediaMir, 2010. - 320 s.

6. Fedorov A.V. Mediaobrazovanie i mediagramotnost'. - Taganrog, 2004. - S.56-57.

7. Töleubekova R.K., Mausumbaev R.S. Bilim beru jüiesinde cifrlyq tehnologïyalardy paýdalanu ädisteri // Qaraǵandy universitetiniñ habarşysy. – №2(102). – 2021. – B. 26–30.

8. Qurman N.J. Qazaq tilin oqytudyñ ädisnamalyq negizderi: Monografiya. – Astana, 2008. – 30 b.

9. Fiodorov A.V. Razvitie mediakompetentnosti i kriticheskogo myshleniia studentov pedagogicheskogo vuza. – Monografiya. – M.: MOO VPP IUNESKO «Informatsiia dlia vsekh», 2007. – 616 s. – ISBN 978-5-98517-064-1.

10. Mediaobrazovanie v shkole / Vartanova E.L., Smirnova O.V. jäne t.b. – Sbornik programm dlia prepodavaniia distsiplin. – M.: MediaMir, 2010. – 320 s. – ISBN 978-5-91832-025-0.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Шаһарман Гүлжиян Пішенбайқызы – Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес» университеті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана қ., Қазақстан, shaharman-gp@mail.ru
Хасенова Гульмира Абдрахмановна – Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес» университеті, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор, Астана қ., Қазақстан, khassenova_gulmira@mail.ru
Ешниязова Заира Абдыкалыковна – Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес» университеті, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор, Астана қ., Қазақстан, zaira-ospanova@mail.ru
Жантлеева Мадина Тулегеновна - Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, докторант, Алматы қ., Қазақстан, madinatulegenovna9@gmail.com
Ахметова Маделиет Кадесовна - Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Алматы қ., Қазақстан, east2419@gmail.com
Ибраимова Жанар Кажибаевна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қ., Қазақстан, ranazh@mail.ru
Колумбаева Шолпан Жаксыбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан, kolumb_09@mail.ru
Мырзабекова Гулимжан Каржаубаевна- Астана Халықаралық университеті, докторант, Астана қ., Қазақстан, Gulimmirza@gmail.com
Ulutas Ilkay - Гази Университеті, PhD доктор, профессор, Анкара қ., Түркия Ilkayulutas@gmail.com
Мейрбекова Гульмира Пернебаевна - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің қауым.профессоры, PhD, Түркістан қ., Қазақстан, Guma0711@mail.ru
Тукенова Капиза Тукеновна - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Алматы қ., Қазақстан, tukenova.k@qyzpu.edu.kz
Исабаева Даража Нагашыбаевна – AlmaU, педагогика ғылымдарының кандидаты, асс.профессор, Алматы қ., Қазақстан, daraja_78@mail.ru
Рахимжанова Ляззат Болтабаевна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қ., Қазақстан, lyazzat_r@kaznu.kz
Авдарсоль Сайлаугуль – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD доктор, Алматы қ., Қазақстан, sailau-abai@mail.ru
Баймаханова Айгуль Бекмолдаевна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Информатика педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан, aigul.b@internet.ru
Утемгалиева Насихат Адайхановна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD, доцент міндетін атқарушы, Алматы қ., Қазақстан, nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com
Мухаметрахимова Әлмира Жанболатқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы қ., Қазақстан, iklasova170595@mail.ru
Bhaskar Upadhyay – Миннесота Университеті, Миннесота Университетінің профессоры, АҚШ, bhaskar@umn.edu
Рысбаева Ардак Куанышовна – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,аға оқытушы, PhD, Ақтөбе қ., Қазақстан, lll_86@mail.ru
Кабекеева Кымбат Калиевна – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, аға оқытушы, PhD, Түркістан қ., Қазақстан, lll_86@mail.ru
Токкулова Гулсара Толебековна – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, аға оқытушы, Ғылым кандидаты, Түркістан қ., Қазақстан, lll_86@mail.ru
Джаздыкбаева Мария Ботаевна – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Түркістан қ., Қазақстан, lll_86@mail.ru
Егизбаева Лаззат Ержановна – М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, аға оқытушы, PhD, Ақтөбе қ., Қазақстан, lll_86@mail.ru
Баймахан Сәуле Нұрланқызы –Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 8D01103-«Педагогика және психология» ББ докторанты, Астана қ., Қазақстан, saul_bn@mail.ru
Албытова Назымгуль Пышакбайқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Астана қ., Қазақстан, nalbytova@mail.ru
Баймаханова Гульнар Қалдыбайқызы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік унивкрситеті, педагогика ғылымдарының магистрі, Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасының аға оқытушысы, Ақтөбе қ., Қазақстан, b.gulnara_69@mail.ru
Сабитова Диана Сайрановна – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Көкшетау қ., Қазақстан, dianasabitova@yahoo.com
Оразбаева Кульдархан Оналбековна – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Көкшетау қ., Қазақстан, guldarhan-771@mail.ru

Айдархан Бақыт – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қ., Қазақстан, bakyt2006@mail.ru
Ракиш Калжан Пазылбекқызы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Екі шетел тілі кафедрасы, докторант, Алматы қ., Қазақстан, rakishkalzhan@gmail.com
Шаяхметова Дана Бексұлтанқызы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, педагогикалық ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Алматы қ., Қазақстан, dana.shayakhmet@mail.ru
Өмірзақ Гүлназ Ерланқызы – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты, Талдықорған қ., Қазақстан E-mail: jan naz@mail.ru
Хасанова Инкар Утебаевна - Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Орал қ., Қазақстан, Khassanova.inkar@mail.ru
Исаев Абдінәбі Исаұлы - Халықаралық туризм және меймандостық университеті, PhD, Түркістан қ., Қазақстан, Abdi.kz.2014@mail.ru
Зұлпыхарова Меруерт Мұсабекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан, meruertmusabek@gmail.com
Тұралбаева Алмаш Тұрғанбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті PhD докторы, қауымд.профессор м.а. Алматы қ., Қазақстан, aturalbaeva@gmail.com
Берікқызы Қаншайым -Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Педагогика ғылымдарының магистрі, Тіл мектебінің оқытушысы, Түркістан қ.,Қазақстан, khanshaiym.berikkyzy@iuth.edu.kz
Исаев Ғани Исаұлы - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Техника ғылымдарының кандидаты, Биология кафедрасының профессор міндетін атқарушы, Түркістан қ.,Қазақстан, gani.isayev@ayu.edu.kz
Махамбетжанова Айгүл Төлегенқызы - Азаматтық авиация академиясы, «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасының сеньор лекторы, Алматы қ., Қазақстан, aigul_81_81@mail.ru
Какарова Тұршақыз Еркібайқызы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 6D010300-"Педагогика және психология" мамандығының/ББ 3 курс докторанты, Шымкент қ., Қазақстан, Turshakiz84@mail.ru
Тусеев Мухамеджан Умирзахович - Орталық Азия инновациялық университеті, доктор PhD, Шымкент қ., Қазақстан, tuseev-m@mail.ru
Трапицын Сергей Юрьевич - А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербург қ. Ресей Федерациясы, trapitsin@gmail.com
Токбергенова Индира Абдикадировна - Орталық Азия инновациялық университеті, “Педагогика” кафедрасының оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан, itokbergenova@ mail.ru
Туякова Улбосын Жусиповна - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, философия докторы PhD, Ақтөбе қ., Қазақстан, utuyakova@zhubanov.edu.kz
Тлегенов Дархан Қалдымұратұлы – Алихан Бөкейхан университеті, докторант, Семей қ, Қазақстан, ddddarhan@bk.ru
Кадирсизова Шынар Болатбековна – Семей медициналық университеті PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Семей қ, Қазақстан, shynarrr1982@mail.ru
Ізтілеуова Жанна Бақытжанқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Қызылорда қ., Қазақстан, E-mail: zhanna_iztleuova@mail.ru
Асылбаева Женискүл Умарбекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, докторант, Алматы қ., Қазақстан, a_jeniskul@mail.ru
Нуржанова Сажила Абдисадыковна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Алматы қ., Қазақстан, sajila@mail.ru
Жарикбаева Дарига Рахимжановна – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан, Dariga-77@mail.ru
Ыбышова Салтанат Тургынбековна – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан, ybyshova.s@qyzpu.edu.kz
Умбеталиева Айнагуль Дуйсеновна - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының магистры, аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан, umbetalieva.a@qyzpu.edu.kz
Измагамбетова Раи са Кудайбергеновна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, постдокторант, Алматы қ., Қазақстан, izmagambetova1988@mail.ru
Тоқтарбекова Құралай Тоқтарбекқызы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3 курс докторанты, магистр, Алматы қ., Қазақстан kurash1983@mail.ru.
Смаилова Жанар Өтегенқызы - С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, магистр, сениор-лектор, Өскемен қ., Қазақстан, ganara008@mail.ru ORCID:
Барабанова Елена Ивановна - С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Өскемен қ., Қазақстан, anb777@yandex.ru
Токишкадиров Ботабек Бейбитбекович - «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Тарих кафедрасының меңгерушісі, Семей қ, Қазақстан, botabek87@mail.ru

Ботабекова Айжан Рымбековна - «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Тарих кафедрасының оқытушысы, Семей қ, Қазақстан, *a.botabekova@shakarim.kz*
Садыков Дарын Каукенович - «Шәкәрім университеті» КеАҚ, докторант, Семей қ, Қазақстан, sadykov.daryn@mail.ru
Алдабергенова Айгуль Оналбековна – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕАҚ, Физика-математика факультеті, Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Талдықорған қ., Қазақстан, aigul_ao@mail.ru
Есейқызы Ұлжалғас – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕАҚ, Физика-математика факультеті, Информатика және білімді цифрландыру кафедрасының докторанты, Талдықорған қ., Қазақстан, yesseikyzy@gmail.com
Есенгабылов Ильяс Жансеркенович – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕАҚ, Физика-математика факультеті, Информатика және білімді цифрландыру кафедрасы**,** Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Талдықорған қ., Қазақстан, ilias_e@mail.ru
Есейқызы Айым – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕАҚ, Физика-математика факультеті, Информатика және білімді цифрландыру кафедрасының оқытушы-дәріскері, Педагогика ғылымдарының магистрі, Талдықорған қ., Қазақстан, aiym.yesseykyzyy@gmail.com
Еркинова Асем Есейқызы – Swiss Innovators Club Коммерциялық емес Білім беру Қауымдастығының Академиялық директоры, Педагогикалық ғылымдар магистрі, IT ғылымдарының магистрі (Software Systems), Лейзин, Швейцария, assem.yerkinova@swissinnovatorsclub.ch
Болатхан Назымгүл – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, докторант, Алматы қ., Қазақстан, bolatxanova2015@mail.ru
Кошербаев Жанболат Асетович – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Алматы қ., Қазақстан, kosherbayev.zhanbolat@conservatoire.edu.kz
Дарменова Асылгүл Елеуовна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс докторанты, Педагогика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, asto1977@mail.ru
Турарбеков Дулат Мұратбекұлы – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мұғалім-зерттеушісі, Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Астана қ., Қазақстан, mr.turarbekov@gmail.com
Жұмағұл Ділдәш Әбілқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс докторанты, Педагогика кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, dildash_zh@mail.ru
Нұрғали Айдана Қуанышбайқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 2-курс докторанты, Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Астана қ., Қазақстан, Nurgali.aidana9@gmail.com
Каймулдинова Күләш Дүйсенбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, география ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ., Қазақстан, *kaimuldinovakulyash@gmail.com*
Алиаскаров Думан Тоқтарұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD, география және экология кафедрасының меңгерушісі, Алматы қ., Қазақстан, *dumanaliaskarov@gmail.com*
Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлы – Халықаралық білім беру корпорациясының ғылым және инновациялар департаментінің директоры, PhD, Алматы қ., Қазақстан, *laiskhanov@gmail.com*
Barbaros Gönençgil – доктор, профессор, Стамбул университеті, Стамбул қ., Түркия, *barbaros@istanbul.edu.tr*
Нұрмағамбетұлы Жанболат – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, докторант, Алматы қ., Қазақстан, *zhanbo_87@mail.ru*
Алиев Дүйсенұлы Мұратбек – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан, muratbek_tegenbolat@mail.ru
Шуиншина Шолпан Мырзакасымовна - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Астана қ., Қазақстан, sholpan200264@mail.ru
